

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 811.612.122 (075)

Қолжазба құқығында

БӨГЕНБАЕВА ӘЙГЕРІМ БЕКТҰРҒАНҚЫЗЫ

**Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-
әдістемелік негіздері (10-11-сынып)**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
пед. ғыл. докт., проф.
Оразбаева Ф.Ш.

Шетелдік кеңесші
PhD докт., проф.
Незир Темур
Гази университеті

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ДАМУТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	13
1.1 Оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың лингвофилософиялық негіздері.....	13
1.2 Жеткіншектердің креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері.....	32
1.3 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық шарттары мен ұстанымдары.....	51
2 «ҚАЗАҚ ТІЛ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ДАМУТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	72
2.1 Бейіндік мектепте оқушылардың креативті ойлауына негізделген тілдік қатынас әдістемесін талдау (анықтау эксперименті).....	72
2.2 Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға арналған тапсырма түрлері мен инновациялық әдіс-тәсілдер (қалыптастырушы эксперимент).....	86
2.3 Білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың нәтижелері эксперимент нәтижелері (қорытынды эксперимент).....	132
ҚОРЫТЫНДЫ.....	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	149
ҚОСЫМША А - Оқулыққа талдау.....	157
ҚОСЫМША Б - «Өзіңді бағала» сауалнамасы.....	160
ҚОСЫМША В – Оқушыларға берілген мәтін.....	162
ҚОСЫМША Г - Эссені бағалау критерийлері.....	163

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424/history>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №545 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015982>

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде N 3058. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста қолданылған терминдердің анықтамалары:

Креативтілік – тың идеялар туғызатын, дәстүрлі, қалыптасқан ойлау жүйесінен бөлек, проблемалық жағдайларды тез шешетін қабілеттілік; креативтілік қабілеттің қалыптасуы үшін қажетті шығармашылық ойлау мен тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Шығармашылық – қоғамдық-әлеуметтік мәні бар, жоғары сападағы талантты аңғартатын, жаңа іске бағыт-бағдар беретін тың әрекет.

Ойлау - психиканың ең жоғарғы көрінісі, тұлғаның танымдық бейнесі., сана арқылы сыртқы ортаны қабылдау процесі: талдау, синтездеу, әр түрлі жағдайларды шешу жолындағы пайымдық ізденіс.

Конвергентті ойлау – проблеманың бір типінің шешімін анықтауға бағытталған ойлау.

Дивергентті ойлау – қиялдауға сүйене отырып, көптеген мүмкін болатын шешімдерді біріктіру.

Креативті ойлау – қандай да бір жаңалықты тәжірибеге енгізетін, жаңа проблемаларды шешу және қою жағдайында өзіндік идея туғызатын, кемшіліктер мен қайшылықтарды сезініп, жағдайдың жетіспейтін элементтерін салыстырмалы түрде болжауды қалыптастыратын ойлау түрі.

Рефлексия – өзіндік ойлау өзін-өзі бақылау мен тану, адам санасының өзінің ішкі әлеміне, психологиялық сапасы мен жағдайына қарай бағытталуы, өзін-өзі талдау мен тануға бейімділік.

Шығармашылық әрекет – жоғары, қоғамдық құндылығы бар өзіндік, жаңа өнім беретін әрекет

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Заманауи білім философиясы қым-қиғаш қайшылықтарға толы ХХІ ғасырда жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Онда білім алушылардың жылдам өзгермелі дүниеге бейімділігін арттыруға, интеллектуалдық әлеуетін дамытуға, ізгілік сезімдерін қалыптастыруға басымдық берілді. Бұл білім беру үдерісінің мәдени сапасын көтеруге, ал оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен жасампаздық қасиеттерін дамытуға қарай бетбұрыс жасауды талап етуде. Әлемдік педагогикада жаңа дәуірдің талаптарына жауап беретін тұлғаны «үйренуге үйретудің» (А.Байтұрсынұлы), жаңаша оқытудың трендтері айқындалды. Олар: «тануға үйрену», «әрекет етуге үйрену», «әлеуметтенуге үйрену», «өмір сүруге үйрену» [1]. Зерттеушілер айқындаған бұл төрт таған «жұмсақ дағдылар» деп аталатын қатысымдық құзіреттіліктермен белгілі бір нүктелерде тоғысып жатыр. Аталған өмірлік дағдыларды қалыптастыру үшін білім алушының бойында креативті ойлау қабілеттерін дамыта отырып, олардың тілдік қатынас мәдениеті деңгейін көтеру – басты шарт. Сондықтан тіл мен сананың тұтасымы – табиғи заңдылық. Бұл сөйлеу мен ойлаудың бірлігін де айғақтайды. Адам тілді неғұрлым жақсы меңгерген сайын, солғұрлым оның ойлау қабілеті де ширайды, жетіледі, Шығармашылықтың биігіне ұмтылдырады. Сондықтан адамның танымдық қабілеттері мен тілді жұмсау дағдыларының сабақтастықта қаралуы зерттеу жұмысының көкейкестілігін көрсетеді.

Креативтілікті когнитивтік аспектіде қарастырған зерттеулер адамның танымдық қабілетін зерделеуге айрықша мән береді. Өйткені танымдық қабілет арқылы креативті ойлау дамытылады, шыңдалады. Сол үдерістің нәтижесі, яғни танымда жинақталған білім қоры тілдік қатынас арқылы көрініс табады. Бұл орайда Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тілдің міндетін «ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» - деп айқын көрсеткен болатын [2]. Ғалымның тұжырымдауынша, таным мен сөздің, сезім мен сөздің тұтастығы дәл сараланған: ақылға жүгінген сөз – ойландырады, қиялға ерік берген сөз қиянға ұмтылдырады, шынайы көңілден шыққан сөз сезімді тербейді. Осындағы ақыл да, қиял да, көңіл де адамның креативті ойлауымен тығыз бірліктегі ұғымдар. Жалпы, тілдік қатынас деңгейі – адамның мәнін, оның сана-сезімін, әлеуметтік ортамен байланысын танытатын өлшем. Олай болса, өзінің ерекше, ұтқыр, тапқыр, жасампаз ойларымен, көркем, бай, терең мазмұнды тілімен тілдік қатынасқа түсе алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің міндеті болуы керек. Бұл креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты, яғни сөйлесім әрекетінің барлық компоненттерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) кешенді меңгертуге бағытталған диссертациялық жұмыстың көкейкестілігін одан әрі айқындай түседі.

Тілді «рухтың әрекеті» (Гумбольдт) деген түйінді пікір білім алушылардың тілдік қатынасын дамытудағы креативті ойлаудың қаншалықты маңызға ие

бола алатынын пайымдауға жол ашады. Жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін арнайы жұмыстар мен тапсырмаларды қолдана отырып қалыптастыру оқушы бойындағы өзге де қабілеттерді дамытып, олардың рухани күшін нығайтуға, өзін-өзі дамытуына көмектеседі. Себебі креативтілік – тұлғаның шығармашылық әлемімен тығыз ұштасып жатқан қабілеттің бірі. Шығармашылық биік рухтан туындайды. Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметтің сапасын анықтайды, жаңаны табу мен жасауға бейімделуге бағыттайтын, жеке тұлғаға тән интеллектуалдық әрекет ретінде сипатталады. Оқушының өзіне деген ішкі сенімі, әрекетке итермелейтін мықты мотиві, нәтижеге жетуге деген ынта мен жігері, ыстық қайраты болу үшін де оның рухы күшті болуы шарт. «Креативтік», «креативті тұлға», «креативті ойлау» ұғымдары бүгінгі өзгермелі дүние жағдайындағы қоғамның барлық саласында кең қолданысқа ие болып, тұлға қалыптастырудың орталық тініне айналуының мәні де осында. Жаһанданудың ықпалы күшейген сайын білім беру саласында болашақ қоғам мүшелерінің креативтілігін қалыптастыру да жалпы адамзаттық феномендік сипатқа ие бола бастады. Сонымен қатар, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың эмоциялық жағымды әсерінің жоғарылығы, әдістемелік тұрғыдан оқыту үдерісіне серпін беруге оңтайлылығы да пән сабақтарында жайлы атмосфера қалыптастыруға, оқушылардың оқуға саналы қатынасын арттыруға оң ықпал ететіні сөзсіз.

«Рухани жаңғыру» идеясымен байланысты отандық білім беру саласында «креативтілік» ұғымы мәнінің тереңдеп, мағынасының кеңеюі заңды. Өзінің түпкі міндеті болашақ қоғам мүшелерін дайындау болғандықтан, білім саласы келешектегі бүгіннен де күрделі ортада өмір сүруге бейім субъектіні қалыптастыру жолдарын іздеуі, оны оңтайлы шешудің жолдарын арнайы зерделеп, зерттеудің қажеттігі арта түсуде. Бұл тұрғыдан да білім философиясының жаңа бағыттары мен жоғары сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқыту әдістемесінде оқушының креативті ойлау қабілеттерін жетілдірумен байланысты туындайтын жаңа қағидаларды нақтылау зерттеу жұмысының өзектілігін бекіте түседі.

Ішкі мүмкіндіктеріне қарай саралай келгенде, креативті тұлға қабілеттерінің ең түпкі негізінде адамның интеллектуалдық әлеуетіне қойылатын талаптар жатыр. Креативті ойлау – табысты ойлау. Креативтілік шығармашылық ойлаудың жоғары деңгейі, сондықтан онда адам нақты бір кеңістік пен уақыт арасында еш кедергісіз, өзі мақсат еткен түпкі нәтижеге қол жеткізе алады. Креативті тұлға – кез келген заттан, мәліметтен, құбылыстан тың идея көре білетін адам. Онда тұлғаның ойлауы мен сөйлеуі жоғары деңгейде көрініс табады. Әйтсе де, бүгінгі таңда қазақ тілін оқыту үдерісінде осы мәселені шешуге кедергі келтіріп отырған қайшылықтар да бар. Атап айтқанда: дамудың жаңа сатысына көтерілген «Жаңа Қазақстан» құру идеясын жүзеге асыру үшін қоғам талап етіп отырған креативті тұлға қалыптастыру міндеті мен мектептегі қазақ тілін оқыту жүйесінде бұл мәселенің шешімін табуға ықпал ететін механизмдердің жүйесіздігі арасындағы; креативті ойлау

арқылы тілдік қатынасты дамытудың қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың нақты әдіснамалық және әдістемелік негіздерінің арнайы қарастырылмауы арасындағы; креативтілік пен тілдік қатынасты дамытуға орасан зор ықпал ететін дәстүр мен инновацияның тоғысын жүзеге асырудың қажеттілігі мен оны оқыту үдерісінде оңтайлы шешуі тиіс әдістемелік жүйенің арасындағы қайшылықтарды шешуге арналғандықтан да зерттеу жұмысынан күтілетін нәтижелер өзекті болып саналады. Сонымен, жоғары сыныпта қазақ тілін оқыту үдерісінде әрбір тұлғаның өз «Мен»-ін қалыптастыруға мән бере отырып, әрі ұлттық, әрі жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірудің, жаңаша ойлай алатын, шығармашыл адам етіп тәрбиелеудің бір жолы ретінде жас буынды креативті ойлауға баулу арқылы тілдік қатынас мәдениетін дамыту мәселесі зерттеу жұмысының өзетілігін дәлелдейді.

Зерттеу нысаны: жалпы білім беретін бейіндік мектептің 10-11-сыныптарында қазақ тілін оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: бейіндік мектептің «Қазақ тілі» сабақтарында оқушылардың креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын дамытудың әдістемесі.

Зерттеу жұмысының болжамы: Егер біріншіден, қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың креативтік ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері ұлттық психология, педагогика, лингводидактика ілімдерінің тоғысында жүйеленсе; екіншіден, оқушыларды креативтілікке бейімдеу мәселесі философиялық тұрғыдан тіл мен ойлаудың бірлігінде айқындалса; үшіншіден, тілдік қатынастың әртүрлі типтері арқылы оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін когнитивті психологиядағы интеллект мәселесі методологиялық тұғыр етіп алынса, **онда** оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытуға бағытталған білім мазмұнын құрайтын тілдік материалдардың функционалды-коммуникативті аспектісі күшейтіліп, ойлау мен сөйлеу әрекеттерінің сабақтастықта жүзеге асуына оң ықпал етеді. **Өйткені** осындай кешенді шаралар қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың жаңаша шешімін табуға, тілді қолданудағы шығармашылық жетістіктерге қол жеткізуге, қазақ тілін оқытуға байланысты мемлекеттік оқу-нормативтік құжаттарда көрсетілген коммуникативтік талаптарды жүзеге асыруға қызмет етеді.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ тілін оқыту үдерісінде бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың әдіснамалық негіздерін анықтау, креативті ойлау арқылы тілді оқытудың тиімді әдістемесін ұсыну, тілдік қатынасты меңгеруге бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін эксперимент арқылы дәйектеу.

Зерттеудің міндеті. Зерттеу мақсатына сай мынадай міндеттер алға шығарылды:

- 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың лингвофилософиялық, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық негіздерін айқындау;

- 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты қалыптастырудың дидактикалық шарттары мен ұстанымдарын анықтау;

- 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың кешенді әдістемелік жүйесін ұсыну, оны меңгертуде қолданылатын дәстүрлі әдістер мен инновацияны тоғыстырған амал-тәсілдерді көрсету;

- зерттеу мақсатына сай әзірленген әдістемелік жүйенің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру және дәлелдеу.

Зерттеу әдістері. Жұмыста жалпыдидактикалық және лингводидактикаға қатысты зерттеу әдістері қолданылды. Жалпыдидактикалық әдістердің ішінен бақылау, дәлелдеу, педагогикалық эксперимент, статистикалық талдау әдістері қолданылса, лингводидактикалық әдістерден проблеманы теориялық талдау әдісі басшылыққа алынып, оның ішінде логикалық операция, синтез, индукция, дедукция тәсілдері және эксперимент әдісі жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысының жетекші идеясы – заманауи білім беру талаптарына сай қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамыту үшін әлемдік білім трендтерімен толық үндесетін оқу әрекетін ұйымдастырудың жаңаша шешімдерін табу қажет. Онда басты бағыт ретінде оқушының ойлауы мен сөйлесім әрекетін ұлттық сананы, ұлттық ділді қалыптастырумен сабақтастықта жүзеге асыруға мән берілуі тиіс.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық дереккөздері. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін психологиялық, педагогикалық, лингводидактикалық, лингвистикалық, зерттеулер құрайды. Олардың қатарында Ұлы Дала ойшылдарының: әл-Фараби, Ж.Баласағұни, С.Сараи, Қ.А.Йассауи, Абай, Ы. Алтынсариннің; Алаш арыстары – А.Байтұрыңұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Қ.Жұбановтың; ұлттық тілдің жаңа кезеңдегі теориясын зерделеген К.Аханов, М.Балақаев, М.Оразов, Н.Уәли, Ж.Мәнкеева, Б.Қапалбек, Н.Ильясованың; тілді оқытудың заманауи мәселелерін зерттеген: Ф.Оразбаева, Ә.С.Әлметова, Ж.Т.Дәулетбекова, А.А.Сәтбекова, Г.Б.Бақауова, Ш.Қ.Құрманбаева, Р.С.Рахметованың; оқытудың әдіснамалық-дидактикалық аспектілерін қарастырған Ш.Т.Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берикханова, Е.Жұматаева, А.Әлімов, Ә.Мұханбетжанованың және т.б. еңбектері бар. Сонымен қатар, шетелдік зерттеушілер: К.А.Торшина, С.Н.Дегтярев, А.В.Морозов, Н.М.Нургазиева, А.Грецов, Р. Солсо, Д.С.Брунер, А.Х.Маслоу, Е.Н. Ильин т.б. сынды ғалымдардың психологиялық зерттеу еңбектері; Е.Я.Коган, А.Г.Бермус, Е.Е. Щербакова, Л.С. Выготский, т.б. сияқты ғалымдардың педагогикалық зерттеулері, Л.В. Шерба, Т.В. Парменова, Н.Ю.Шведова, Е.А. Медведева, сынды ғалымдардың лингводидактикалық зерттеулері арқау болса, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту мәселесінің ғылыми-теориялық білім мазмұнын анықтауда Л.О.Резников, М.Д.Степанова, К.И. Белаусов, В.А., Герман, В.А. Пищальникова, А.Ю. Корбут секілді ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Аталған еңбектердің ішінде профессор Ф.Ш. Оразбаеваның коммуникативтік лингвистика және оны оқыту әдістемесін зерттеген еңбектері диссертацияның басты ғылыми-теориялық және әдістемелік тұғырларын дәйектеуге негіз болды. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әдіснамасын философиялық, педагогикалық, лингвистикалық, дидактикалық тұрғыдан

негіздеуге және интеллектуалды тұлға қалыптастыруға қатысты тұжырымдар мен қағидаларды, ұстанымдар мен заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының кезеңдері. Тақырыпты зерттеу 3 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде (2015-2016 ж) зерттеу тақырыбының ғылыми-әдіснамалық негіздерін анықтау мақсатында іргел еңбектерге: философиялық, лингвистикалық, лингводидактикалық бағыттағы монографияларға, оқулықтарға, оқу құралдарына, ғылыми мақалаларға талдау жасалды. Тақырыпқа қатысты ғылыми тұжырымдар нақтыланды. Креативті ойлау мәселесіне қатысты психологиялық, педагогикалық еңбектерге шолу жасалып, оның тілмен байланысты қырлары анықталды. Ойлау мен сөйлеудің бірлігінен –тұратын танымдық зерттеулерге баса мән беріліп, психология, тіл білімі саласындағы зерттеулер салыстырыла зерделенді. Анықтау эксперименті ұйымдастырылды.

Зерттеу жұмысының екінші кезеңінде (2017-2019 ж.) креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың бағыттарын, ұстанымдары мен әдістемелік жүйесінің құрауыштарын анықтауға арналды. Тілдік қатынастың әртүрлі мақсаттары мен тактикасын қамтуға мүмкіндік туғызатын, проблемалық оқытуға сай талаптарға жауап беретін әр типтегі мәтіндер жинақталды, тапсырма түрлері сараланды. Олар қалыптастырушы эксперимент талаптарына сай іріктеліп, дайындалды. Осы кезеңде қалыптастырушы эксперимент жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмысының үшінші кезеңі (2020-2022 ж.) оқушының креативті ойлау мен тілдік қатынасын дамытудың танымдық-коммуникативтік әдісіне сай іріктелген оқу материалдарын меңгерту жалғастырылды, осы кезеңнің екінші жартысында эксперимент нәтижелеріне сандық және сапалық тұрғыдан талдау жасалып, қорытындылар шығарылды; дидактикалық тәсілдер мен интерактивті әдістердің ұтымдылығы дәйектелді.

Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сай рәсімделіп, жазылды.

Зерттеу жұмысының эксперименттік базасы. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысы Жамбыл облысы, Тараз қаласында Жамбыл атындағы № 5 мектеп-гимназиясының және №23 орта мектепте 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен жүргізілген.

Зерттеудің негізгі жаңалығы мен нәтижелерінің сипаттамасы

- креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту мәселесінің әлемдік білім трендтерімен сабақтастығы айқындалды;

- оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты жетілдірудің тұғыры ретінде ұлттық және заманауи білім философиясындағы ілімдер негізге алынып, олардың тілдік қатынасты жүзеге асыратын креативтік білім когнитивтік, функционалды-коммуникативтік теорияларын негізге алатындығы дәйектелді;

- диссертацияда тілдік коммуникацияны дамыту үшін когнитивті психология мен коммуникативті лингвистика және лингвофилософия заңдылықтары интеграцияланып, оларды байланыстыратын амал семантикалық тілдік айналым екені анықталды;

- жұмыста ұсынылған тілдік қатынасты дамытатын «Креативті тапсырмалар шоғыры» атты әдістемелік жүйе «Ой күмбезі», «Қиялға қанат бітіру», «Әуенді өрімдер», «Ғажайып көрме» әдістері мен «Сөздің ұлттық-мәдени кодын тап», «Аукцион», «Буриме» тапсырмалары бір-бірімен сабақтастықта орындалып, олардың тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

- «Қазақ тілі» пәнінде бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамыту мәселесі заманауи білім трендтерімен: «тануға үйрену», «әрекет етуге үйрену», «әлеуметтенуге үйрену», «өмір сүруге үйрену» бағыттарымен толық үндеседі. Өйткені ойлау мен сөйлеу әрекеттерінің шығармашылық синтезінде тіл басты құралы қызметін атқарады. Сондықтан пәнді оқытуда «Тіл – Ойлау – Сөз» ұштағанының тұтастығын ұстану оқушының ойлау және сөйлеу қабілеттерін өзара сабақтастықта шындайды, жетілдіреді, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеттерін көтереді.

- креативті ойлау мен коммуникативті лингвистиканың интеграциясы тіл мен ойлаудың философиялық деңгейін айқындайтын танымдық, логикалық, психологиялық ұстанымдар негізінде логикалық-грамматикалық категорияға, сөйлеу (речь) мен ойлау бірлігі категориясына, рефлект категориясына (сезімдік таным немесе көру арқылы қабылдау); логикалық-психологиялық пайымдау категориясына және т.б. сүйенеді. Сол себепті семантикалық тілдік айналым арқылы ассоциацияланатын ұғымдарды пайдалана отырып, тілдік қатынастың мақсатына сай оқушылардың сөйлеу тілін, шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға болады;

- тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативтік аспектідегі зерттелуі негізінде ғылыми айналымға енген тұжырымдар мен ережелер когнитивтік психологиядағы тіл және танымды дамытудың ұлттық қағидаларымен сабақтасады. Мысалы, Абай ілімі креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың өзегін құрайды;

- тіл мен ойлауды бірлікте қарастыратын лингвофилософиялық тұжырымдар мен функционалды-коммуникативтік категорияларға негізделген «мағынадан формаға қарай», функционалды-синергетикалық категорияларға негізделген «сөйлеуді ұйымдастыру» ұстанымдарын басшылыққа алу – тілдік білім, тілдік мәдениет, тілдік тұлға қалыптастырудың кепілі;

- креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға әрбір сөзді таңдап ұтымды қолдану, шешендікті дамыту, сөйлемнің коммуникативтілігі, мәтін имплициттілігі, ауызша сөйлесу немесе тіке қатынас қағидалары арқау бола алады. Оқушылардың процессуалдық ойлануына, шешімдерді табуға, өз ойын дұрыс жеткізуге, қызығушылығын оятуға ықпал ететін тапсырмаларды шоғырландырып сөйлесім әрекеті түрлері бойынша кешенді түрде ұйымдастыру тиімді болады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер қазақ тілін коммуникативтік-функционалдық аспектіде оқытудың теориясына және когнитивті психология, педагогика, лингвистика

ілімінің сабақтастығынан туындайтын интегративті зерттеулердің ары қарай дамуына ғылыми-теориялық жақтан да, практикалық жақтан да үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңызы. Ғылыми зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерді әртүрлі жанрлар мен стильдердегі мәтіндерді талдауда кеңінен қолдануға болады. Балалар танымына сай келетін мәтіндерді іріктеу, талдау, қолдану тұрғысындағы шығармашылық ізденіс нәтижелерін жалпы білім беретін мектептегі, жоғары оқу орнындағы қазақ тілін оқыту үдерістерінде кеңінен қолдануға болады. Сондай-ақ оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуде үлгі ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі: зерттеу негізі етіп алынған теориялық тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан сараланып талдануымен бекітіледі. Жұмыстың мақсатына, міндеттеріне сәйкес шешімін тапқан зерттеу әдістері мен көрсетілген нәтижелердің бейіндік мектептің 10-11 сыныптарында жүргізілген сабақтарда дәйектелуі зерттеудің сенімділігіне кепілдік етеді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеудің жетекші идеясы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңын, «Бейіндік білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын және ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларын жүзеге асыруға бағыттталып, Қазақ тілі пәнін оқыту үрдісінде қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдамалары мен нәтижелері халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық, облыстық семинарларда жасалған баяндамаларда талқыланған. Диссертация тақырыбы бойынша 12 ғылыми мақала жарияланды. Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда 4 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 2 мақала және басқа да басылымдарда 2 мақала жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшадан тұрады.

Жұмыстың кіріспе бөлімінде жұмыстың мазмұнын жалпы сипаттама беріліп, тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен мідеттері, нысаны, пәні, зерттеу әдістері, жетекші идеясы, әдіснамасы, зерттелу кезеңдері, ғылыми болжамы, эксперименттік базасы, ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, зерттеудің теориялық және практикалық мәні мен зерттеу мазмұнына сай жарық көрген ғылыми жарияланымдар тізімі беріледі.

Ғылыми-зерттеу жұмысының бірінші тарауы «Білім алушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың әдіснамалық негіздері» деп аталады. Бұл тарауда тұлғаның креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың лингвофилософиялық негіздері, жеткіншектердің креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың педагогикалық шарттары мен ұстанымдары айқындалады. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың дидактикалық құндылығын айқындайтын лингводидактикалық факторлар философиялық, когнитивтік, педагогикалық, психологиялық, семантикалық, коммуникативтік аспектіде зерделенеді.

Жұмыстың екінші тарауы «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың әдістемесі» деп аталады. Бұл бөлімде бақылау эксперименті талаптарына сай бейіндік мектепте оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамыту мәселесінің қазіргі жайына талдау жасалады. Қалыптастырушы экспериментте ұсынылған жеткіншектердің креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуға арналған тапсырма түрлері мен инновациялық әдіс-тәсілдер жүйеленіп ұсынылады. Тарау соңында білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың эксперимент нәтижелері сандық және сапалық тұрғыдан талданып, эксперимент қорытындысы түрінде рәсімделді.

Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер сұрыпталып, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негізін құрайтын теориялық мәселелер тұжырымдалып беріледі.

1 БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың лингвофилософиялық негіздері

Философия – даналық туралы ілім. Ал, даналықтың өлшемі – шегенді ой мен шебер сөздің, ұтымды тұжырым мен ұтқыр пікірдің үндесімі. Кез келген адамның өз миссиясына сай өмір сүру деңгейі оның ойлау әрекеті мен сөйлеу әрекетінің ажырамас бірлігінен айқын көрінеді. Әлеуметтік тұлға – интегративті жүйе, ұйысқан тұтастық. Оның маңызды белгілері: саналылығы, білімі, еркіндігі, мәдени өресі. Тіл мен сана, ойлау мен сөйлеу өзара тығыз байланыста дами отырып, адамның осындай деңгейдегі әлеуметтенуінің негізгі алғышарты ретінде қызмет атқарады. Сондықтан ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Тіл – адамның адамдық қасиетінің зоры» [2,3]. Ғалым тұжырымында, әрине, тілдік қатынастың мазмұны тереңдетіліп, әсері айқын көрсетілген. Тілдік қатынасқа қатысатын субъектілердің - баяншы мен қабылдаушының бірін-бірі ұғынуы тілді осы міндеттеріне сай жұмсай алу шеберлігімен шектесіп жатыр.

«Ойлау – танымның ең жоғарғы сатысы, нақтылы болмысты бейнелеу процесі. Түсінік, пайымдау, категория, пікір, теория арқылы ойлау процесі жүзеге асады. Адамзаттың әлеуметтік-тарихи және танымдық тәжірибесі түрлі ұғымдарда, түсініктерде, теорияларда сақталады. Ойлау процесі үш жағдайдан тұрады: тәжірибелік-әлеуметтік, бейнелілік-көріністік және сөздік-қисындық. Тіл және басқа да белгі-жүйелер ойлаудың құралы болып табылады. Тілдің таңбалық қызметі – ойлаудың материалды көрінісі. Сондықтан тіл мен ойлаудың байланысы туралы проблема – теориялық тіл біліміндегі және тіл философиясындағы ең маңызды мәселе болып табылады» [4]. Олай болса, тілді оқыту үдерісіндегі басты мақсат білім алушының ойлауы мен сөйлеуін өзара тығыз бірлікте дамыту арқылы оның тұлғалық-интеллектуалдық қабілеттерін, адами қасиеттерін жетілдіру болатыны сөзсіз. Бұл мәселенің әдіснамалық негіздерін анықтау үшін тіл мен сананың, ойлау мен сөйлеудің, болмыс пен ділдің тұлғаның тілдік қатынас мәдениетімен бірлігін ашып алу қажет деп танылды. Зерттеу тақырыбына орай оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың іргелі тұжырымдары тіл философиясы тұрғысынан дәйектелуі тиіс деген байлам жасалды.

Бүгінгі философиялық парадигмалардың аясында «көне» мен «жаңаның» бірлігінен туындаған ізгілендіру, тұлғалық-бағдарлылық, мәдени-диалектикалық, бихевористикалық, прагматикалық, постмодернистік бағыттардың кең өріс алуы кездейсоқ емес. Оқыту үнемі адам тәрбиелеу міндетімен тығыз бірлікте жүретіндіктен, білім беру үдерісінде тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастырудың мәні артпаса, кемімейтіні анық. Бұл тұжырымды жас ұрпақты креативті ойлауға үйрету арқылы тілдік қатынас қабілеттерін дамытумен сабақтастықта қарастырғанда, өзгеше шешім жасай білу іскерлігіне қол жеткізе алуы сол адамның жеке басына ғана емес, бүкіл

қоғамға пайда әкелуімен бағалы болатыны анық. Ал, құндылықтар туралы, оның ішінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі тілдік қатынастың, өзгермелі қоғамдық ортаның талабына лайық креативті тұлға даярлаудың маңызына байланысты тұжырымдарды зерделегенде, білім философиясының жаңа көкжиектері де ашыла түсетіні сөзсіз.

Креативтілік адамның жаңа идеяларды ойлап табуы, ерекше шешімдер қабылдауы мен қалыпты, таптаурын ойлау жүйесінен алшақтауы, бір сөзбен айтқанда, шығармашылық іс-әрекетке бейімділік сипатында түсіндіріледі. Ішкі мүмкіндіктеріне қарай саралай келгенде, креативті тұлға қабілеттерінің ең түпкі негізінде адамның интеллектуалдық әлеуетіне қойылатын талаптар жатыр. Креативті ойлау – табысты ойлау. Креативтілік шығармашылық ойлаудың жоғары деңгейі болып саналатындықтан, онда адам нақты бір кеңістік пен уақыт арасында еш кедергісіз, өзі мақсат еткен түпкі нәтижеге қол жеткізе алады. Креативті тұлға – кез келген заттан, мәліметтен, құбылыстан тың идея көре білетін адам. Онда тұлғаның ойлауы мен сөйлеуі жоғары деңгейде көрініс табады. Сондықтан мәселенің философиялық, лингвистикалық негіздерін ашу үшін, алдымен, зерттеу тақырыбына сәйкес екі тірек ұғымның: «креативті ойлау» мен «тілдік қатынас» ұғымдарының мәні мен маңызын саралап алу қажет.

Креативтілік туралы ғылыми тұжырымдар Дж.Гилфорд пен Э.П.Торренстің еңбектерінен бастау алады. XX ғасырдың 50-60 жылдары Дж. Гилфорд ойлауды екіге бөліп қарастырды. Оның біріншісіне шығармашылық ойлауды, ал екіншісіне креативті ойлауды жатқызады да, өз пікірін былайша дәйектейді: «Креативтілік интеллектуалдық жаңашылдық пен тосын, өзгеше идеяларға ұмтылыс, семантикалық өзгерістерге икемділік (мәселені басқа қырынан көре алу), бейнелік-адаптацияға икемділік (жасырын сырын тануға қабілеттілік), семантикалық стихиялық икемділік (осы мақсатқа бағытталмаған жағдайдың өзінде жаңа идеяларды шығару мүмкіндігі). Ғалым креативтілікке тән мынадай сипаттарды жүйелеп көрсетеді:

- проблемаларды таба білу және қою қабілеті;
- еркін сөйлеу – көптеген идеяларды тудыра білу;
- икемділік – әртүрлі идеяларды шығару мүмкіндігі;
- өзіндік ерекшелігі – стандарттан тыс, дара ойлау қабілеті;
- объектінің бөлшектерін түрлендіру, жетілдіру мүмкіндігі;
- талдау және синтездеу қабілеті [5].

Осы аталған сипаттардың қай-қайсысы да тілдік қатынастың дамуын қамтамасыз етеді. Сөз – ойдың сыртқа шыққан көрінісі болғандықтан, ол адамдар арасындағы тілдік қатынастың сапасына да тікелей әсер етеді. Тілдік қатынасты жүзеге асыратын – сөйлесім әрекеті» болса, оның тиімділігін қамтамасыз ететін бірден-бір шарт – тұлғаның дара ойлауы, жаңа идеяларды тудыра алуы, проблеманың өзгеше шешімін таба білуі, кез келген мәселені басқа қырынан көре алуы екені де даусыз [6].

Дж.Гилфордтың бұл идеясын оның шәкірті Э.П.Торренс ары қарай дамытып, «егер шығармашылықты ойлаумен байланысты процесс ретінде

қарастырсақ, онда шығармашылықпен ойлайтын тұлға болу үшін не істеу керек, қандай ортада өмір сүру қажет, оның түпкі нәтижесі қандай болады деген сұрақтарды, яғни шығармашылыққа жетудің барлық жолын біріктіріп қарауымыз қажет» деп тұжырымдайды. Ол креативтіліктің төрт критерийін анықтап берді:

- ойдың еркіндігі (уақыт бірлігінде пайда болатын идеялар саны);
- ойдың икемділігі (бір идеядан екіншісіне ауысу мүмкіндігі);
- даралық (жалпы қабылданған көзқарастардан ерекшеленетін идеяларды шығару мүмкіндігі);
- дамытушылық (идеяларды, қосымша детальдарды тұжырымдау) [7].

Бұл пікірлерден шығатын қорытынды: креативтілік шығармашылыққа апаратын тұлғаның ішкі әлеуеті мен қабілеті, ал шығармашылық тұлғаның жаңаны ойлап табу қабілеті көрінетін процесс (үдеріс) болып табылады. Әрине, мұның бәрі адамдар арасындағы тілдік қатынасты, яғни сөйлесім әрекетін жандандыра түседі. Ол өз кезегінде қоғам дамуына алғышарт қалыптастырады. Адамдар ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттарды алмасу, бір-бірімен пікір бөлісу нәтижесінде игіліктерге қол жеткізеді. Олай болса, креативтілікке негізделген ойлау арқылы тіл «адамдар қатынасының ғана емес, жалпы адамзат өркениетінің түп қазығы болып саналады» [8].

Дж.Гилфорд пен Э.П.Торренстің тұлғаның креативтілігін анықтау үшін ұсынған тестері мен критерийлерін Д.Б.Богоявленская, В.Н.Дружинин, А.Н.Воронин, Е.Г.Алиева және т.б. ғалымдар креативтілікті анықтауға мүмкіндік бермейді деп есептейді. Олардың пікірінше, адамның өзгеше ойлау қабілеті мен өзіндік ерекшелігі ғана креативтілікке жатады. Біздің пайымдауымызша, екі тұжырымда да адамның ойлау даралығы мен жылдам өзгермелі жағдайға бейімділігінің тоғысуы оның креативтілігін анықтайтыны туралы пікірлер өзара ұштасып жатыр. Сонымен қатар, олардың екеуі де зерттеу тақырыбындағы ойлау мен сөйлеудің бірлігін танытуға негіз бола алады. Ғалымдардың бұл тұжырымдары кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде ары қарай дамып, жетіле түскен.

К.Спирмен креативтілікті адамзат ойының күші деп санайды. Симпсон креативті ойлау үдерісіндегі идеялар қатарының жалпы қабылданған қатарының бұзылуы ретінде сипаттаған. К.Спирменнің пікірінше, «креативтік – өнімді ойлау, интеллектуалдыққа, жеке сипаттарға жүгінетін жалпы қабілет». Ол «шығармашылық үдеріс мәселені қабылдау, шешім қабылдау, болжамды құру, түрлендіру, шешімін табумен сипатталады», - дейді [9]. Креативтілік жеке пән аясындағы білімдер өзара тоғыстырылған жағдайда ғылыми таным деңгейіне көтеріледі де, шығармашылыққа ұласады.

С.Н. Дегтярев: «Креативтілік білімдерді, субъектінің жеке тәжірибесінің элементтерін түрлендіруде жүзеге асатын, күрделі әрі кешенді шығармашылық жеке қабілеттердің спектрімен өлшенеді. Оларға проблемалық жағдайды және оның қарама-қайшылықтарын көре білу, ойлау процесінде туындайтын қиындықтарды сезіну, жаңа байланыстарды, ассоциацияларды табу, идеяларды тасымалдауды жүзеге асыру, болжам жасау, жағдайды түрлендіру, оның

дамуын болжау, пайымдау барысын қайта құру, оның инерциясын жеңу және т.б. жатады», -деп, бірнеше қабілеттерді атап көрсетеді [10].

А.В.Морозов креативтілікті индивидтің интеллектуалды-эвристикалық сапасы, оның кешенді интеллектуалдық және жеке тұлғалық қабілеттерінің қызметінің көрінісі екенін айта келіп, «Креативті өнім дегеніміз: 1) идеалды немесе материалдық нысандағы объективті әлеуметтік маңызды жаңа нәтиже (ересек адамдар үшін – ғылым үшін жаңа нәрсені ашу, студенттер үшін – «өзіне» белгілі нәрсені ашу) және 2) прогрессивті жеке тұлғаның рефлексияға және субъективті өзін-өзі бағалауға негізделген маңызды жаңа сапалық деңгейі», -деп екіге бөледі [11]. Бұл жердегі жаңашылдық автордың креативтіліктің белгісі ретінде «жаңа сапалық деңгейді» енгізгені ұтымды шыққан. Өйткені тілдік қатынас та креативті ойлаудың нәтижесінде жаңа сапаға ие болатыны сөзсіз. Тілдік қатынас, мейлі, ауызша немесе жазбаша түрде жүзеге асын, бәрібір ол тіл мен сананың, ойлау мен сөйлеудің бірлігіне негізделеді де, тұлғаның әлеуметтенуіне қызмет етеді. Адамның қоғамдық ортадағы өз орын иемденуіне мүмкіндік жасайды.

Кейбір ғалымдар креативтілікті талантпен және дарынмен байланыстырады. Мәселен, Р.Стернбергің ойынша, дарынды тұлға «идеяны арзанға сатып алады да, қымбатқа сатады». Ол дарынды аналитикалық, синтетикалық, практикалық көпфакторлы психометриялық модель деп санайды. Ғалымның тұжырымдауынша, «нақты бір пайда табуды ойлаған шығармашыл тұлға пайдасы бар идеяны сатып алуда өзінің аналитикалық дарынын, осы идеяның құндылығын басқаларға дәлелдеуде практикалық дарынын, ал белгісіз, арзан идеяны ең жоғары идеяға айналдыруда синтетикалық дарынын пайдаланады» [11,с. 41].

Зерттеушілер креативтілік туралы әр қилы пікір айтқанымен, олардың адамның шығармашылық қабілетімен де, дарынымен де, талантымен де, зияткерлік қабілетімен де байланысты болатыны туралы ойлары бір нүктеде тоғысып жатыр. Креативтіліктің деңгейіне адамның интелектісі, білімі, ерекше қабілеті, мотивациясы және ортасы да әсер етеді.

Адамның ойлауы мен сөйлеуі ажырамас бірлікте танылады. Адамның сөйлеу тіліндегі ерекшелік – оның ойлауындағы ерекшеліктің айқын көрінісі. Тұлғаның тілдік қарым-қатынас қабілетінің маңыздылығын ғалым С.Г.Тер-Минасова былай деп атап көрсетеді: «Тіл – тұлғаны қалыптастырушы қару әрі құрал. ...Осы бір баға жетпес байлыққа ие бола отырып, ішкі – алып әлемді өз дүниетанымына сіңіріп, адам ең басты мәселе – өзге жандармен қарым-қатынасқа, коммуникацияға түседі. Алып әрі шағын әлемдегі бүгінгі және болашақ өміріміз – қаншалықты дұрыс, тиімді әрі жақсы қарым-қатынас жасай алатындығымызға тікелей тәуелді» [12]. Олай болса, өзінің ерекше, ұтқыр, тапқыр, жасампаз ойларымен, көркем, бай, терең мазмұнды тілімен тілдік қатынасқа түсе алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің міндеті болуы керек. Бұл тілдік қатынаста, яғни сөйлесім әрекетінің барлық компоненттерін (тыңдалым, оқылым, айылым, жазылым, тілдесім) кешенді меңгерудің маңыздылығын да көрсетеді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тілдік қатынас мәселесін тұңғыш зерттеп, оның терминдерін ғылыми айналымға түсірген Ф.Ш.Оразбаеваның пайымдауында бұл байланыс терең ашылады. Ғалым: «Қарым-қатынасқа түскен адамдардың тілді, сөзді қолдануында өз ерекшеліктері бар. Әр адамның сөйлеу мәнері, стилі басқа адамға ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән сөйлеу үлгісімен ерекшеленеді. Осының өзінен сөйлеудің жекелік мәні, даралық ерекшелігі келіп шығады. ...Сөйлесімнің жекелік, даралық мәнін көрсететін тағы бір жай қарым-қатынас процесінде сөйлеу жеке адамға тән бола келіп, нақты бір адамның атынан айтылады не жазылады. Содан барып сөйлеу жеке авторға тән процесс болып саналады, себебі сөздің белгілі бір авторы бар» [13]. Олай болса, білімалушының креативті ойлауын дамытуда оның биологиялық, психофизиологиялық ерекшеліктеріне назар аудару қажет.

Креативтілікті когнитивтік аспектіде қарастырған зерттеулер адамның танымдық қабілетін зерделеуге айрықша мән береді. Тұлғаның танымдық қабілеті арқылы креативті ойлауы дамытылады, шыңдалады. Яғни ол өзінің танымында жинақталған білімін тілдік қатынас барысында таныта алады. Осымен байланысты қазіргі таңда «жаңа білімнің тууы» деген термин жиі қолданыла бастағаны мәлім. Сөз дегеніміз, академик Р.Сыздық атап кеткендей, «тіл ғимаратын қалайтын негізгі кірпіш» [14]. Сөз – адам ойының жемісі, хабар алмасудың құралы. Сөз заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің атын, сынын, сапасын, қимылын және т.б. білдіру арқылы номинативті қызмет атқарса, коммуникация үдерісінде тілдік қатынастың жүзеге асуына, дамуына арқау болатын коммуникатция құралы.

Қазақ ғылымының негізін салған Қ.Жұбанов «сөз ауызекі сөйленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, шағын бір хат болуы да, тек бір кісінің аты болуы да, тіпті бір ғана әріп болуы да мүмкін» дей келіп, оның «сөз бөлшектерінен» тұратынын айтады. Ғалым «сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты. Ағаш, тас, кірпіш, балшықтарды қалай болса, солай құрастырып, үйе салса, үй болмайды, тек үйіншік болады. Үй болу үшін қиынын тауып қалап, байлауын тауып ұстатып, адам тұратын бөлме ме, мал қамайтын қора ма, астық жинайтын сарай ма? қайсы екеніне керегіне қарай тиісті түр беру керек» деп есептейді. Ғалымның тұжырымы бойынша, «қиынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз не тіпті сөз болмай шығады да немесе адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөзің болмай, басқа бір сөз болып шығады» [15]. Ғалымның бұл пікірінен сөздер тілдік қатынастың сәтті өтуіне негіз болатынын көреміз. Сөздің коммуникация құралы ретінде өмір сүруі адамдардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани баюына септігін тигізеді. Сөздің коммуникация кезінде іріктеліп, таңдалып қолданылуы қазақ танымында бұрыннан бар нәрсе. Тек осыны оқыту процесіне енгізу арқылы білімалушылардың креативті ойлау қабілетін дамытып, коммуникативтік құзіреттілігін арттыруға пайдалануға болады.

Философиялық тұрғыдан зерделегенде, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты меңгертуде тілдің танымдық мәніне басымдылық беріледі. Тілді оқытуда тілдік және қатысымдық бірліктер сабақтастықта алынып, бұл бірліктердің оқушы танымын жетілдіруге қалай ықпал ететіні назарда болуы тиіс. Өйткені тілдік қатынас кемінде екі адамның сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асады. «Сөйлесім – айтылған немесе жазылған хабардың тыңдаушы/оқушы тарапынан қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуын білдіретін, тек адамзатқа тән әрекет. Мәселен, оқушы сөйлесім әрекетінде сөзді пайдаланады. Ол өз ойын екінші біреумен бөлісуде сөздің мағынасына, айтар ойын дәл жеткізе білуіне қажетті сөздерді таңдап алады. Айтар ойын таным елегінен өткізіп, оны сөйлесім әрекетінде іске асырады. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева бұл туралы былай дейді: «Тілдік қарым-қатынаста жұмсалып, қатысымдық байланысқа түскен сөз айтылар ойға қатысты нақтылы мағынаны білдіреді және басқа тұлғалармен біртұтас жұмсала келіп, тиянақты ойды, мазмұнды көрсетеді. ... Сөздің дұрыс тіркесуі, басқа сөзбен жымдасуы, айтылар ырғағы мен мәнері баяншының (айтушының) өзіндік ойлау ерекшелігі мен сөйлеу қабілетін көрсетеді» [13,б. 118]. Ғалымның тұжырымынша, білім алушының тілдік қатысымда қажетті сөздерді іріктеп, таңдап қолдануы оның ойлау және сөйлеу қабілеттерімен тығыз байланысты. Сөздік қоры бай оқушы кез келген жағдаятта сөздерді ұтымды әрі дәл қолдануға тырысады. Ол білім алушының тілді жұмсай алу қабілетін де көрсетеді.

Танымдық құрылымдар пәнді меңгеру барысында әртүрлі тілдік құралдар арқылы сипатталып, әркелкі деңгейде қабылданады. Тілді жалпы танымдық механизм ретінде қолдану тілдік бірліктерді терең игеруге септігін тигізеді [13, б. 118]. Креативтілік бірнеше танымдық процесті бойына жинақтайды. Оны адам қажет кезінде жаңа өнім ретінде ұсынады. Яғни креативтілік интеллект ұғымымен ұштасады. Бұның бәрі білімалушының танымымен байланысты бола келіп, оның қатысымдағы сөйлеу қабілетін көрсетеді. Тілдік қатынаста білімалушының эмоциясы да басты рөл атқарады. Креативтілікті эмоциямен байланыста зерттеген ғалымдар адамның дарыны мен шығармашылық қабілетінде эмоция ерекше мәнге ие деп есептейді.

Профессор М.Балақаев баяншы өз сөйлеу тіліне аса жауакершілікпен қарауы керек деп санайды. Ғалымның ойынша, «сөйлеушінің даусы құбылмалы, әрі жайдары болуы тиіс. Сенің әуеніңнен байсалдылық, сенім, табандылық, қайрат сезілетін болсын. Сондықтан сөйлеген сөзің дәмді болсын десең, сөздерді дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлу керек» [16]. Олай болса, креативтілікте адамның сөйлеу мәнерінің де алатын орны айрықша. Бұл тілдік қатынастағы сөздің экспрессивтік қызметінің маңызын көрсетеді. Зерттеушілер «тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің: баяншы мен қабылдаушының берілген хабарды түсініп қана қоймай, оның айрықша мәнін, күшейту реңкін толық сезінуінің нәтижесіне» орындалатынын, сондықтан баяншы өз сөзінде қандай ойға ерекше көңіл бөлу керектігін, өзінің көңіл-күй, сезімін, көзқарасын да жеткізуге» тиіс екенін айтады [13,б. 237].

Креативтілікті жеке тұлғалық тұрғыдан қарастырған зерттеулерде адамның жеке бас қасиеттеріне, шығармашылық тұлғасына, өмірлік дағдыларына, мотивациясына назар аударылады. Ғалымдардың пікірінше, білім алушының шығармашылық тұлғасы оның балалық кезінен бастап, бірте-бірте дамып отырады. Оған өмірдегі түрлі жағдайлар әсер етіп, өзіндік «Менін» қалыптастырады. Бұл оның креативті ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді. Білім алушының «Мені» оның шығармашылық қабілетінің жетілуі нәтижесінде жанданып, оның әлеуметтік белсенділігін арттырады.

«Білім алушының белсенділігі іс-әрекеттің алуан түрінде көрінеді. Өмірдегі қарым-қатынас, таным, өзін-өзі жетілдіру, айналаны өзгерту бағытындағы түрлі белсенділіктері дамиды. Айналасымен қарым-қатынас – бала белсенділігінің ең алғашқы белгісі. Мектептегі оқыту арқылы баланың таным белсенділігінің қалыптасуы мен дамуына кең мүмкіндік жасалады. Оқушы жеке тұлға ретінде қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен игеріп, қоғамдық қатынастар жүйесіне еркін енуге үйренеді. Осылайша тұлға өзінің іс-әрекеті мен қарым-қатынас нәтижелері арқылы өзін әлеуметтік ортада таныта алады» [17]. Қоғамдық қатынастарда тұлға тек субъект қана емес, объект де бола алады. Тұлғаның креативтілігі оның «Мен» жүйесі арқылы көрінеді. Оны басқалардан ерекшелеп тұратын да осы – «Мені». Креативтілік білім алушының жаңа ой немесе жаңа өнімді ұсынуы арқылы көрінетінін ескерсек, сол әрекеттерде «Мен» жүйесі алдыңғы орынға шығады.

Креативтілікті прагматикалық тұрғыдан қарастырған зерттеулерде шығармашылықтың әлеуметтік, экономикалық, практикалық, қолданбалы жағына назар аударылады. Бұл зерттеулерде «адамның креативтілігі арзан идеяларды қымбатқа сата алуынан байқалады» деп санайды. Кез келген адам арзан идеяны қымбатқа сата алмайды. Ол үшін адамда иетеллектуалдық әлеует, терең білім, тұлғалық ерекшелік, ойлау стилі, мотивация және соны түсінетін ортасы болуы шарт. Оқушы проблеманы шешудің жолдарын жаңа қырынан көріп, оны өзгелерге жеткізе алуы тиіс. Ғалымдардың пайымдауынша, «адам сөйлескенде, әр алуан мәселелер жайында баспасөз, радио... арқылы қилы-қилы ой-пікірді баяндағанда, алдымен айтатын ойының түсінікті болуын көздейді. Оның әр жағында ойдың белгілі мақсатқа лайық әрі әсерлі болуы көзделеді. Мақсатты ойды түсінікті әрі әсерлі айту үшін тілде барды дәл тауып, өз орнында дұрыс пайдалану оңай міндет емес. Адам ойының ұшы-қиыры жоқ. Сондай-ақ тіл байлықтары да ұшан-теңіз. Сол теңіз дүниесіне сүңгіп, ой өрнектеріне керекті тілдік материалдар мен грамматикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана білу үлкен шеберлікті керек етеді» [16,б. 95]. Олай болса, сөздің мағынасын түсінгенімен, оны орынды пайдалана алу оңай емес. Сондықтан оқушы өзі ұсынған идеяның дұрыстығын дәлелдеп, басқаларды иландыра алуы үшін ең ұтымды, ең сәтті сөз нұсқаларын талғай білуі керек. Осы жерде креативтіліктің тілдік қатысымдағы рөлі анық байқалады. Оқушы өзінің идеясының дұрыстығын түрлі тілдік амал-тәсілдермен дәлелдеу арқылы ғана креативтілігін көрсетеді. Сондықтан мұғалім оқушыға берілетін

тапсырмаларды іріктеуде оның сөйлеу тілін дамытуға, өз ойын дәлелдеп жеткізуге көмектесетін жұмыстарды іріктеп алғаны тиімді.

Зерттеушілер тілдік қабілетті қарым-қатынас үстінде қалыптасатын әлеуметтік құбылыс деп санайды. «Тіл қызметі тілдің негізгі мәні, қоғамдағы міндеттері мен атқаратын жұмысы, табиғаты сияқты күрделі ұғымдарды камтиды. Бұлар сонымен қатар оның жаратылысының ең маңызды қасиеттері болып саналады. Тілдің коммуникативтік қызметіне байланыс орнату (фатикалық), конативтік (меңгеру), волонтиативтік (ықпал ету) және ұлттық танымды, мәдени дәстүрді, тарихты сақтау және тағы басқа қызметтер жатады» деген пікір креативтіліктің ең үздік үлгілері қазақтың шешендік сөздерінде жатыр деген тұжырымға жетелейді [18].

Адамның ойлау қабілеті жетілген сайын оның сөйлеу шеберлігі де арта түсетіні даусыз. Бұл – ойлау қабілеті мен шеберлікпен құралған сөздің сәтті тоғысында туатын бірегей құбылыс. Құнарлы ой мен құнды сөздің бірлігі туралы тұжырымдар қазақтың ұлттық дүниетанымын айғақтайтын мақал-мәтелдер мен даналық мұраларында молынан кездеседі. Тілді бүкіл өнердің алды деп санаған халқымыздың адам баласы үшін ең маңызды құндылық ретінде тілді бағалағанын көреміз. Олардың қай-қайсысында да тіл мен ойлау ажырамас бірлікте танылады да, айтылған сөз өз иесінің адами қасиетінің өлшемі ретінде бағаланады. «Сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің» деп адамның санасы мен сөзінің, тілі мен ділінің, білімі мен болмысының бірлігін бір ауыз сөзге сыйдырған жұртымыздың бұл тұжырымы әлемдік ғылымда қалыптасқан іргелі теориялармен тығыз ұштасып жатыр. Мәселен, көне дәуір ойшылы Р.Декарт: «Өмір сүретін нәрсе ғана ойлана алады. Яғни, мына нәрсе күмәнсіз: мен ойлаймын, демек, мен өмір сүремін. Ойлауды тоқтатсам, мүмкін мен өмір сүруді де тоқтатармын» [19]. Зерде мен ақылдың көрсеткіші – ой, ойдың көрінісі – сөз. Олай болса, адам өмірінің мәні оның сөзімен тығыз сабақтасып жатыр. Қазақ мақалындағы «қадір» сөзі «өмір сүру» ұғымымен барабар. Бұл жердегі ұлттық код – «саналы өмір сүру үшін сөзіңді тереңнен толғап, ойланып айт, сонда ғана жүрген ортаңда қадірің артады».

Өзінің қызметі жағынан тіл – адамзат қоғамының ішкі тұтастығы мен руханилығын сақтайтын әлеуметтік феномен. Себебі тіл, бір жағынан, субъективті: әр адам өз сөзіне өзі қожа. Екінші жағынан, объективті: қоғамның мәдени өресі мен интеллектуалдық әлеуеті адамдар арасындағы түсіністік пен тілдік қатынас деңгейіне тәуелді. Философиялық қағида бойынша, тіл – қоғамдық-тарихи прогрестің нәтижесінде пайда болған табиғи-әлеуметтік құбылыс. Себебі, бір жағынан, адамзат қоғамы бар жерде ғана сөйлеу тілі қажеттікке айналады. Екінші жағынан, егер тіл болмаса, қоғам да, прогресс те болмайды. Тіл – адамдардың рухани және материалдық игіліктер жасау мақсатында бірлесе отырып, өзара пікір алысып, түсінісіп әрекет етуінің құралы. Жалпы алғанда, адам баласы өзінің тіршілік жағдайларын жақсартып, жетілдіруге мүдделі болғандықтан, сонымен қатар, қоғамның дамуына саналы түрде әсер етуді көздегендіктен, қарым-қатынас жасап, ой-пікір алмасу

құралын, яғни сөйлеу тілін қажетсінді. Осы қажеттілік, өз кезегінде тілді тудырғаны – толық орныққан аксиома. Ал, дана Абайдың: «Адам баласын ... бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе?» деген тұжырымы тілдің адам тіршілігіндегі маңызын, тілдік қатынастың рөлін жаңа деңгейге көтерген байлам деуге болады [20]. Өйткені Ұлы ойшыл осы пікірінде сөзді адамдар арасындағы байланыс құралы дегеннен де терең пайымдайды. Тіл – Жаратушының адамға деген шексіз махаббатының көрсеткіші, ұлы мүмкіндігі, ерекше қасиеті деп түйіндейді. Сондықтан зерттеу тақырыбына орай тұлғаның креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын қалыптастырудың басты ұстанымы ретінде білім алушыларға адам табиғатындағы, жаратылысындағы сөздің мәнін түйсіндіруге, оның әлеуметтік рөлін сезіндіруге басымдылық берілді.

Тілдің өз өміріндегі мәні туралы мұндай дұрыс түсінік оқушының санасын жетілдіреді. Философияда сана адамға тән ішкі қасиет және бойдағы қабілеттің тұтастығы ретінде қарастырылады. «Сана – өзіне қатысты кез келген нәрсеге бағыттталып, оны қайта бейнелей алатын, өз-өзіне айқын менталды феномендерді (mental phenomena) әйгілейтін түрлі қабілеттер кешені. Мұндай қабілеттерге ойлау, қиял, жады, ерік және сезім арқылы жатады. Олар түйсіну, ауырсыну тәжірибесі, сенім, аңсар, ниет және эмоция секілді түрлі рухани феномендерді әйгілейді» [4, б. 152]. Сезіну, ойлау, логика және т.б сана атрибуттары деп саналады. Олай болса, сана рационалды ойлау мен эмоционалды ойлаудың бірлігі нәтижесінде ғана дұрыс қалыптасады. Сондықтан креативті ойлай отырып өзінің тілдік қатынасын жетілдіруге деген мүдделілік білім алушының шебер сөйлеу үшін тіл заңдылықтарын білуімен және сөз өнерінің қадір-қасиетін сезінуімен бірлікте дамытылуы шарт. Бұл жерде тіл оқушы үшін сыртқы объект ретінде ойын дамытудың, сезіміне әсер етудің басты факторы ретінде қызмет атқарады. Халық мақалында айтылғандай, «қызыл тіл – жанның мияты» болу үшін де тілдік қатынас туралы мұндай идеалды түсінік оқушының санасында өмір сүруі тиіс. Сонда ол жеткіншектің ойына қозғау салып, өзіндік көзқарасын қалыптастырып, ішкі сезімдерін тәрбиелейді, рухани әлемін жетілдіреді. Руханилық – абстрактылы дүниелердің қосындысы емес, өзіндік ерекшелігі мол реалдылықпен сабақтасатын ерекше әлем. Шындығында, ол көзге көрінбейді, қолға ұсталмайды, бірақ адам әрекетінде айқын аңғарылып отырады. Руханилық – жекелеген адамдардың әртүрлі іс-әрекеттерінде көрініс табатын сезім мен идеялардың, эмоция мен образдардың, ұғымдар мен түсініктердің негізінде жатқан қоғамдық және индивидуалдық сананың бірлігі. Білім алушының тіл мен ойдың маңызы туралы мұндай саналы түсінігі мақсатқа жетудің мүмкіндігін кеңейтіп, креативті ойлау мен тілдік қатынасты дамытудың тиімді жолын жақындата түсетіні кәміл.

Антикалық дәуір даналарының өзі де шығармашылық жасампаздыққа тірек болатын адам бойындағы өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыстың себептері мен негіздерін зерттеуге айрықша назар аударған. Гераклит,

Демокрит, Платон және т.б. ойшылдар адамның шығармашылық қабілетке бейім болуының сырын тануға, танытуға ден қойды. Бұл кезең философтары шығармашылықты екі топқа бөліп қарастырды: «Жаратушылық (ғарыштың жаралуы, адамның өмірге келуі) және адами (материалдық және рухани мәдениет: қолөнер, өнер туындылары). Алғашқысы «Құдайлық шығармашылық» деп аталды. Ал, екінші адами шығармашылықты Құдайдың ықпалымен жасалатын «ақылды пайымдау нәтижесі» деп бағалап, оны «адам қол жеткізетін жетістік» деп санады [21]. Аристотель интеллектуалдық ізгіліктер қатарында «ғылымды, өнерді үйрену, саналылық, пайымдаушы ақылды меңгеру, теориялық даналықты» атады. Креативтілікке іргетас болатын саналылықты адамның ішкі сезімталдығымен барабар бағалады. Ол: «Саналылық – интуиция, дұрысы болжалсыз жағдайларды түйсіну қабілеті. Адамның қалауы мен мүмкіндігін үйлестіре алатын, тең ортаны жазбай танитын ізгі ниеттің қасиеті», - деп анықтама береді [22]. Ұлы философ айтып отырған «болжалсыз жағдайларды жазбай тану», «қалауы мен мүмкіндігін үйлестіре алу», «тең ортаны жазбай тану» қабілеттері тек креативті адамға тән қасиеттер екені белгілі. Мәселен, тілдік қатынас барысында әріптесінің немесе ортаның сөз ауанын алдын ала болжай алған жағдайда креативті тұлға одан ұтымды жол тауып шықпақ. Тек өз мүддесін ғана қорғап қоймай, өзгенің де тауын шақпайтын сөз орамдарын, тілдік тәсілдерді қолдану арқылы беделі артатын жолды анық болжай білу – тапқырлықтың белгісі. Оқыту үдерісінде білім алушының сөйлеу актілеріне лайық сөз әдебіне қажетті оралымдарды меңгертудің, тосын ойды тапқыр сөзбен жеткізу амалдарын игертіп отырудың қажеттігі осы мақсатты көздейді.

Одан кейінгі кезеңдегі Қайта Өрлеу дәуірінің философтары адамның рухани байлығын дамытудың тетігі ретінде ізгілік, гуманизм идеясын алға шығарды. «Этика дегеніміз – қисынды сөз, оның жүйесінің өзі жанды философия. Ол сөйлеуге де, тыңдауға да қабілетті адамдарға арналған, соларға етене жақын» немесе «Әр адам еркін, дана, қуанышты болуға және осы кемелденуге апаратын өзінің күш-жігерін танытатын жолды жүріп өтетін ержүрек болуға міндетті», - деп санаған Браух Спиноза [23]. Философ сол жолды білім жолы деп санайды. Білімді «кәміл Бақытқа ие болудың тәсілі» ретінде бағалайды. Кемелдену – өз жолын дара ете алатын тұлғаларға ғана креативтілік тән екенін ескерсек, адамның мәні мен орнын оның іс-әрекетімен, нақты өніммен байланысты бағалаудың айқындығы таныла түседі. Білім ғана шығармашылыққа бейім тұлғаларды жасампаздық деңгейге көтерді. Бұл орайда адам шығармашылығы мәселесіне баса назар аударған неміс философиясында оған негіз болатын адамның креативті ойлау, пайымдау қабілеттері жайлы тұжырымдар айқын көрінеді. ХҮІІІ ғасырда И.Кант шығармашылықтағы қиялдау қабілетіне, оның рухани өнім тудыру мүмкіндігіне назар аударды. Ол «шығармашылықтың сана құрылымының ең маңызды компоненті» екені, адам жаны оның танымдық іс-әрекетінің тетігі болатыны» туралы, ақыл-ой дербестігінің ерекшелігі жайлы ой тұжырымдады [24]. Олай болса, осы

тұжырымдағы ақыл-ой дербестігі де креативті тұлғаға тән қабілеттің бірінен саналады.

Тілдік қатынас деңгейі – адамның мәнін, оның сана-сезімін, әлеуметтік ортамен байланысын танытатын өлшем. Ғылым философиясы сөз бен сананың бірлігінде тіл қолданысын логикалық тұрғыдан талдаудың жолын ашты. «Леви-Стросс дәуірінен бастаған антропология мен этнографияда, Фрейд психоанализі дәуірінен бастап психологияда білім мен тілдің сабақтастығын зерттеу қолға алынып, олардың қоғам мен мәдениеттің дамуына әсері туралы тұжырымдар жасалды. Онда кез-келген өнер түрі тілмен байланыста қарастырылды. Қазіргі заманғы адамгершілік пайымдаулары үшін де диалог, өзара араласу, коммуникация басты мәселе болып табылады» [25].

Зерттеу жұмысында тілдік қатынас үдерісінде тұлғаның креативті ойлауын дамытудың ұлттық философиялық негіздері орта ғасырлардағы түркі даналарының еңбектеріне сүйене отырып анықталды. Әбу Насыр әл-Фараби «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты адам мен ғылымның, адами қатынас пен ізгіліктің бірлігіне бағытталған сындарлы философиялық еңбектер жазды. Ұлы ғалым «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» өзгелермен тілдік қатынас жасау үдерісінде креативті ойлауға бейім тұлғаға тән қайырымдылық, ізгілік, ар-ождан, даналық, кішіпейілділік секілді қасиеттерге философиялық тұрғыдан өз көзқарасын білдірді. Ғалым бақытқа жетудің жолдарын зерделеді. «Адам өмірінің мақсаты бақытқа жету болғандықтан, ең алдымен, оның не екенін ұғынуы және сол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін білуі қажет» - дейді [26]. Адамзат қоғамының дұрыс бағытта дамуы әлеуметтік тәртіпке, әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Ақыл-парасат күшінің адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш екенін дәйектейді. Адамның бойындағы креативтіліктің бастауы адамның білімді өздігінен игеруі ғана емес, сол білімді өзінің өмірінде дұрыс әрі сәтті пайдалана алуына қатысты байламды ойлар ғалымның мына пікірінде айқын берілген: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым... Қандай ғылым болса да, ол адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды» [26,б. 96]. Әрине, белгісіз нәрсені ашу қабілеті адам бойында өздігінен туындамайды. Ол үшін, алдымен, адам өзінің бойындағы қабілеттерін жұмылдыра отырып жаңа білімдерді жүйелі және саналы түрде игереді. Мысалы, тілді қолданудың алуан түрлі тілдік, коммуникативтік тәсілдерін, диалогтік, полилогтік сөз түрлерінде өзгелермен ұтқыр қатынас жасау амалдарын оқып үйренген соң ғана оқушы оны өз бетімен жетілдіруге, өзінің қабілет-қарымына қарай дамытып қолдануға төселеді. Ал, нақты бір өмір жағдаяттарында тың ой, сарабдал пікір білдіру үшін оның бойында жылдам ойлау, тосын пікір айта алу қабілеті дамуы тиіс. Тілдік қабілеттің бір деңгейі өз ойын тыңдаушының ойына орнықты, сыпайы етіп жеткізе алу дағдысымен өлшенсе, оны парасаттылықтың белгісі деп

санауға болады. Өйткені адамның парасаттылығы оның білімі мен мінезінің үйлесімінен айқын көрінеді. Бұл тұжырымды әл-Фарабидің: «Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында», -деген сөзі растайды [26,б. 101]. Себебі тілдік қатынастағы креативтіліктің бір өлшемі адамдарға ізгілікті қатынас жасауы болып саналады. Сонымен қатар, креативтілікте мәселені дәл анықтай алу, бір ойдың айналасына бірнеше идеяларды үйіре білу тән болады. Яғни баяншының жағдаятқа сай жылдам шешім қабылдап, өзгерістерге бейімделе алуын талап етеді. Ғалым атаған «адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертуге» деген қабілеттілігі осы креативтілікпен ұштасып жатыр. Мәселен тілдік қатынастағы шиеленісті жағдайларды дұрыс бағытқа бұра алу, шешімді сәттерде шешуші сөз айту да осындай тапқырлықты қажет етеді.

Тұлға интеллектісінің басты көрсеткіші тіл мен ділдің, тіл мен білімнің өзара сабақтастығы жөнінде Жүсіп Баласағұнның атақты «Құдатғу білік» атты еңбегінде де ой-пікірлер молынан кездеседі.

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі – тіл, бірі – ділдің жүректегі, -дей отырып, адамның бүкіл өміріне азық болатын тіл мен болмысын қалыптап шығаратын ділдің рөлін жоғары қоюы заңдылық [27]. Зерттеу нысанына алынып отырған тілдік қатынастағы баяншының абыройын арттырып, беделін асқақтатын, сол арқылы оның ой даралығын айқындауға негіз болатын философиялық маңызы бөлек екі тұғырды (тіл мен ділді) поэтикалық байламмен дәл шендестіріп жеткізген.

Тұлға креативтілігінің бір шарты – адамның ақыл деңгейінің айқын танылуы. Ал, сол ақылды қалыптастыратын да, оны танытатын да тіл, анығырақ айтқанда, тілдік қатынас екені белгілі. Бұл мәселенің түйінін аңғартуда ғалымның «ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деген пікірінің мәні зор. Бұл ой тілдік қатынаста білімалушының креативті ойлау қабілетін дамытудың жүйесін айқын танытады. Тіл – ойды дамытуға қызмет ететін негізгі қор болса, сөз – сол қордағы ең басты құрал, ал сөйлеу – сол құралды қолдану әрекеті. Адамның креативтілігі дәл осы сөйлеу үдерісінде, тілдік қатынаста танылады, сол жерде дамытылады десек, энциклопедист ғалым осы үдерістің міндеті мен нәтижесін бір ауыз сөзге сыйдырып тұр. Бұл жерде дара тұлғаның санасы мен тілінің, ойлауы мен сөйлеуінің бірлігі негізделген.

Түркі халықтарының бай мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, пәлсапашы Қожа Ахмет Яссауидің көлемді шығармасы – «Диуани хикмет» кітабы. Бұл еңбектегі хикметтердің мәні, философиясының өзегі – адам. Ал автор адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек және өзін-өзі тануы қажет дейді. Бүгінгі ұрпаққа мол мұра болып қалған ой орамдарында ғұлама адам табиғатының алуан түрлі қырларын сөз етеді. Олардың зерттеу тақырыбына байланысты тіл мен тұлға арақатынасына, адамның ойлау қабілетіне қатысты байламдар назар аударарлық. Ол өзінің 36-хикметінде:

Сапар шекпе жол мәнісін түсінбей,

Жолға түскен мұратына жетер, достар,- дейді. Бұл жердегі «жол» сөзінің мәнісін адамның бет алған барлық мақсатты іс-әрекеті деп қабылдауға болады. Адамдардың өзгелермен тілдік қатынас жасай алуы да – әрекет, сөйлеу әрекеті. Сол әрекетте оның өзі көздеген мақсатына жетуі өз әрекетінің түпкі нәтижесін дәл айқындап алу қабілетіне байланысты. Ал, оны алдын-ала болжап, оған жеткізетін әрекет баспалдақтарын нақты белгілеу үшін оған тапқырлық, шешімділік тән. Сөз қадірін жетік білген, оны уағыздап, насихаттаған Қ.Йассауи 47-хикметінде: «Сөз өнерін меңгеріп, өмір іліміне жетіндер» - дейді [28]. Бұл байлам қазақтың «Өнер алды – қызыл тіл» деген мақалымен үндес. Онда адам өмірінің мәні өз тілін жетілдіріп, оны өнер деңгейінде меңгеру қажеттігі пайымдалған. Сөзді өнер деңгейінде қолдану – креативтіліктің басты көрсеткіші. Өйткені креативтілік тапқырлықпен барабар болса, сөзге тапқырлық – сол қабілеттің басты өлшеуіші.

Кез келген адамның дүниеге қатынасының негізінде қандай құндылық жатса да, оның түп негізі болмысқа барып тіреледі. Адам болмысы оның мәдениетінің айнасы. Өйткені тән мен рухтың, табиғилық пен әлеуметтіктің бірлігінен тұратын ерекше тіршілік иесі - адам. Жеке адам болмысы мен қоғамдық болмыс бір-бірімен тығыз бірлікте дамиды да, өзара әрекеттесіп отырады. Қоғам адамның ойы мен еркі тіршілік ететін орта болғандықтан, өз кезегінде оған ерекше тыныс береді. Бұл жерде жеке тұлға мен халық арасындағы тілдің қызметі ерекше мәнге ие болады.

В.Гумбольдтың пікірінше, «тіл – адам рухының Тілде қызметі, адам жанының тереңінен шығатын және оның бүкіл болмысына тарайтын халық энергиясы. рухани өмірдің нәтижелері ғана емес, өмірдің өзі де көрініс табады. Адам өзінің тілдік қабілетін оята отырып, басқалармен тілдік қарым-қатынас жасай отырып, әр уақытта өз күшімен өзінің тілін жасайды. Тіл – өлі жеміс емес, ол тудырушы процесс, туынды [29]. Зерттеу тақырыбына орайластыра қарағанда, Гумбольдтың «тіл – ой тудырушы құрал. Ойлау қабілеті тілге тәуелді ғана емес, нақты тілдің ықпалында болады... Ал, сөз – заттың тек таңбасы ғана емес, ол осы заттың әсерінен адамның ішкі дүниесінде пайда болған сезімдердің бейнелік таңбасы» деген пікірі креативті ойлау мен тілдік қатынасты дамытудың негізгі бағдары етіп алынуы тиіс деп саналды.

Ғалымдардың айтуынша, «халықтың тілі – оның рухы, халықтың рухы – оның тілі». Тіл жеке адамдардың сөйлеуі арқылы керінгенмен, ол – жеке адамның табысы емес, халықтың табысы» [30]. Тілді «рухтың әрекеті» деген түйінді пікір білім алушылардың тілдік қатынасын дамытудағы креативті ойлаудың қаншалықты маңызға ие бола алатынын пайымдауға жол ашты. Жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін арнайы жұмыстар мен тапсырмаларды қолдана отырып қалыптастыру оқушы бойындағы өзге де қабілеттерді дамытып, олардың рухани күшін нығайтуға, өзін-өзі дамытуына көмектеседі. Себебі креативтілік – тұлғаның шығармашылық әлемімен тығыз ұштасып жатқан қабілеттің бірі. Шығармашылық биік рухтан туындайды. Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметтің сапасын анықтайды, жаңаны табу мен жасауға

бейімделуге бағыттайтын, жеке тұлғаға тән интеллектуалдық әрекет ретінде сипатталады. Оқушының өзіне деген ішкі сенімі, әрекетке итермелейтін мықты мотиві, нәтижеге жетуге деген ынта мен жігері, ыстық қайраты болу үшін де оның рухы күшті болуы шарт. Ұлы Абайдың 14-қара сөзінде креативті тұлғаға тән мінез бен болмыс айқын сипатталады. Онда адамның ыстық қайрат пен өз бойындағы ерік-жігеріне сүйене білетін қайсар рух бірлігі шебер түйінделеді: «Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық» [31]. Абай негіздеген осы байламдар Ұлы Ұстаз Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ой-тұжырымдарымен үндестік тауып жатыр. Ғалым: «Қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң қолыңызды жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға ерік беріңіз», -деген болатын [32]. Адамның өз еркімен, ықыласынан бастау алатын үйрену үдерісінің нәтижесі әрдайым жоғары. Бұл пікірде де өрелі ой мен тілдің байланысындағы креативтіліктің маңызы ашылған.

Креативті ойлауды дамыту жолымен тілдік қатынас дағдыларын қалыптастыруда да лингвистер айқындаған бірқатар қарама-қарсылықтарды ескеру қажеттігі анықталды. Олар: әрекет пен зат, жекелік пен бұқаралық, қажеттілік пен еркіндік, сөйлеу мен түсіну, сөйлеу мен тіл, тіл мен ойлау (адам рухы), тұрақтану мен қозғалу, логикалық пен стихиялық, объективті мен субъективті. Оқыту үдерісінде бұл қайшылықтарды дұрыс қолданып, сөйлеуге көбірек көңіл бөлудің; тілді ұлттық мұра деп танытудың; тілді адамның басқа да рухани әрекеттерімен, ең алдымен, сөз өнерімен байланыстыра меңгерудің артықшылықтарын сезіндіру көзделді. Өйткені ұтымды сөз, өтімді пікір – дүниені ойға айналдырудағы жалпы адами тілдік қабілет болумен қатар, тіл қолданушының мәдениетін де танытатын көрсеткіш.

Леви-Стросс тіл мен мәдениет арасындағы күрделі қарым-қатынасты анықтады. Зерттеуші: «Біріншіден, тіл мәдениеттің өнімі ретінде қарастырылады. Себебі қоғамда қолданылатын тіл адамдардың жалпы мәдениетін көрсетеді. Екіншіден, тіл мәдениеттің шарты ретінде қарастырылады» - деді [33]. Жалпы, даму – кез келген нәрсенің, оның ішінде тілдің де, өмір сүруінің формасы. Тіл — ойлау әрекетінің творчестволық синтезі, бірақ сонымен бірге ол ойлау әрекетінің құралы да. Тіл мен сананың бірлігі – табиғи бірлік. Бұл сөйлеу мен ойдың бірлігіне де тән. Адам тілді неғұрлым жақсы меңгерген болса, солғұрлым тіл оның ойлауына оң әсерін тигізеді, сөз мәдениетін жетілдіреді. Өйткені «мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз, тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің ара қатынасы ерекше де маңызды, кез-келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» [34].

«Тіл – адамның жұмсайтын қаруының бірі» - деп түйіндеген А.Байтұрсынұлы да тіл мен ділдің, тіл бен мәдениеттің бірлігіндегі сөйлеу қызметінің мәнін паш етіп отыр [3,б. 141]. Онда тілдің ақпараттық, эпистемиялық, танымдық немесе когнитивті; коммуникативтік, экспрессивтік, конструктивтік, аккумулятивтік және т.б. қызметтері толық қамтылған. Себебі тұлғаның қасиеті тілді танымдық, экспрессивтік пен конструктивтік тұрғыдан дұрыс ымыраластыруынан көрінсе, қабілеті сөз жұмсаудағы коммуникативтік, ақпараттық және аккумулятивтік қызметтерін ескере қолдана алуынан байқалады.

Тілді философиялық тұрғыдан зерттеген ғалым Д.Локк «Адам ой-санасы туралы тәжірибе» атты ғылыми еңбегінде объективті дүние заттарын адам түйсіну, сезім арқылы таниды деп айтап кеткен. «Сөздің қызметі ойды жеткізу, бірақ ойды түйсінуге болмайды, ойды жеткізу үшін оны түйсіну мүшелері арқылы қабылданатын таңбаларға (белгілерге) айналдыру керек. Мұндай белгі – сөз. Сөз – ойдың түйсікте қабылданатын белгісі, ал сөздің мағынасы – таным және түсініктің, яғни ойдың орнын ауыстыру қабілеті» [34,б. 12]. Сондықтан тілдік қатынастың ұтымды болуы оған қатысушы адресант пен адресаттың білімі мен мәдениетіне де тікелей қатысты. Белгілі бір тілде қарым-қатынасқа түсуші; ақпарат беруші, ақпараттық эмотивтік немесе допативтік әрекет субъектісі, ой-көзқарасын білдіруші баяншы мен оның қарым-қатынастағы әріптесі: тыңдаушы, әңгімелесуші; ақпараттық эмотивтік немесе допативтік әрекет қаратыла айтылған қабылдаушы арасындағы дискурстың сәтті болуының бірнеше шарты бар.

«Менің тілімнің шекарасы - менің әлемімнің шекарасын білдіреді», - деген Л.Витгенштейннің тұжырымына сүйене айтқанда, тілдік қатынас субъектілерінің осы екі шекарадағы рухани-мәдени және тілдік-коммуникативтік, ділдік-когнитивтік деңгейлері шешуші рөл атқаратыны ескерілді [35]. Бұл жерде ділдің атқаратын рөлі жоғары. Сондықтан тілдік қатынаста сөйлеу тілімен қатар, ым тілін қолдануда да оны ескеріп отыру маңызды болып саналады. Олардың барлығы да білім алушының тілдік қабілеттерін дамытуға тікелей байланысты. Себебі тілдік қабілет аясына «адамның тілді ішкі когнитивтік құрылымы ретінде, белгілі бір ережелер бойынша әрекет ететін психофизикалық қызметтік тетік ретінде, иерархиялық қағидат бойынша ұйымдасқан және қарым-қатынасты қамтамасыз ететін қызметтік жүйе ретінде білуі» енеді [4,б. 154].

Қалай десек те, тілдік қабілет білім алушының когнитивтік дамуының негізінде қалыптасады да, ұштала келе тілдік, коммуникативтік, мәдени-танымдық күзіреттілікке ұласады.

Бұл білім беру үдерісінде тұлғаның мәдени сапасын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға қарай бетбұрыс жасауды талап етуде. Жаңа дәуірдің жаңашыл ғалымы Жак Делор бастаған ғалымдар оқушы игеруі тиіс күзіреттіліктерге тірек ретінде алынатын мынадай төрт бағытты көрсетті:

- «тануға үйрену»;
- «әрекет етуге үйрену»;

- «әлеуметтенуге үйрену»;
- «өмір сүруге үйрену» [1,б. 5].

Зерттеушілер айқындаған бұл негіздер «жұмсақ дағдылар» деген атпен танылып жүрген өмірлік дағдылармен де сәйкес келеді. Бір айта кететін жайт – дәл осы «жұмсақ дағды» ұғымына қатысты тұжырымдар А.Байтұрсынұлының «Баулу мектеп» деп аталатын мақаласында өте тереңдікпен ашылған. Онда білім алушыларды оқыту арқылы өмірге баулу жолдары айқындалған. Ғалымның: «Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек» деген сөзі осы пікірді айғақтайды [36].

Ұлт ұстазының «тірі білім» теориясын талдаған Ж.Дәулетбекова: «Біздің пайымдауымызда, ғалым атап отырған «мәніс білім» - тілді дүниетанымдық деңгейде ұғыну, ал «әдіс білім» - сол ұғынған дүниенің (тілді жұмсау қағидаларының) «сырын» сезініп, оны дұрыс әрі сауатты қолдану» - деп тұжырымдайды [37]. Түйінді ой: білім беру үдерісінде оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынасын дамыту үшін оқытудың философиялық аспектісін күшейтуге, білімнің дүниетанымдық сипатын арттыруға, оқушының ойлау мен сөйлеу туралы нақты білімдері мен функционалдық сауаттылығын тығыз сабақтастықта дамытуға назар бөлінуі керек. «Ойлау – Білім – Сөйлеу» ұштағанында ең маңызды мәселе адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынас, сөз әдебі мен қатысым мәдениеті екенін есте тұтқан абзал. Бұл заманауи білім берудің басты трендіне айналған Soft skills, яғни «жұмсақ дағдыларды» қалыптастырудың ең басты идеясына айналуы шарт.

Дәл қазіргі уақыт – сыны мен сынағы күрделі, көзқарастар мен өмір салты мүлде кереғар танымдардың қақтығыстарына толы, жаһанданудың қауіп-қатері ерекше асқынып тұрған уақыт. «Экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістер адамның қоғамдық құндылықтар негізінде қалыптасқан ішкі дүниесінде қайшылықтар туғызады. Бұл қайшылықтар тұлғаның бірлігі мен тұтастығына, адамгершілік келбетіне, жеке адамның ғана емес, ол арқылы бүкіл қоғамның өзіне қауіп төндіруі мүмкін, себебі тұлға өзінің өмірмәндік ізденісінде өзіндік құндылықтарды жалпы қабылданған құндылықтармен ұштастыруға ұмтылады, қоғамдық құндылықтарды көбіне басты бағдар ретінде ұстанады», - дейді философ ғалым Г. Нұрышева [38]. Осы қайшылықтар болашақ бағдарын толық айқындап болмаған жеткіншектер санасында алуан түрлі толқулар тудырады. Осы орайда білімалушының дамуына тірек болатын ұстанымдар өз халқының тамырын тереңнен тартып жатқан ұлттық рухани құндылықтары болуы керек те, оларды жалпыадамзаттық өмірмәндік қағидалармен ұштастыра алатын ойлау, креативті ойлау қабілеті арқылы саналы түсінікке жетуіне алғышарт қалыптастыратын мәселелер шешім табуы маңызды. К.Ясперс «рухани регреске душар болып отырған қазіргі адам өз табиғатын толық түсініп, нағыз адамға айналу үшін өзінің тарихына, шыққан тегіне қайта оралып, оған тереңірек үңілу қажет» екенін ескерткен [39]. Сол себепті ХХІ ғасыр басындағы білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттердің бірі әрі бірегейі – «стандартты ойлаудан алшақ» тұлға даярлауда,

білім алушының креативті ойлауын қалыптастыруда білім мазмұнын «Тарих – Білім – Мәдениет» макромоделін негізге алу.

Ендігі жерде білім арқылы оқушылардың жүрегіне сенім ұялатып, оқыту субъектісіне айналған білім алушының, ертеңгі қоғам мүшелерінің, бойында интеллектуалдық-эвристикалық сапаны дамыту, кез келген нәрсенің шешімін жасауда тәуелділіктен арылу, тәуелсіздікке жету, одан әрі өзара тәуелділікке құрылған бірлескен әрекетке жету мүмкіндіктерін жетілдіру талабы қойылып отыр. Оған қол жеткізу үшін заманауи білім беру жүйесіндегі жаңа бағыттарды зерделеудің маңызы зор. Интеллектуал тұлға тәрбиелеуге негіз болатын қағидаларды анықтау мақсатында әлемнің түкпір-түкпіріне миллиондаған таралыммен жеткен озық идеялар тұжырымдалған еңбектерге ден қойылды. Сондай еңбектің бірі – «Рухани жаңғыру» идеясы негізінде қолға алынып, «100 оқулық» іс-шарасы аясында қазақ тіліне аударылған Стивен Р.Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы». Осы еңбекте жаһандану заманының сынына төтеп беретін саналы ұрпақ дайындаудың жолдары дәйектеліп көрсетілген. Ғалым өзінің «Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері» ретінде бағалаған еңбегінде «Санаңызға сәл салмақ түсіріп, неғұрлым тереңірек барған сайын принципті шешімдер біздің бұқаралық мәдениетте қабылданған іс-әрекет пен ойлау машығынан түбегейлі түрде өзгеше екеніне сіздің көзіңіз соғұрлым көбірек жете түседі», - дейді [40]. Сөйтіп, адамның даралық қасиеттерін қалыптастырудың тетіктерін жүйелеп көрсетеді. Зерттеуші өзінің бүкіл саналы ғұмырын арнаған осы еңбегінің лейтмотиві етіп Абрахам Маслоудың: «Өзіңді өзекті ету – қажеттіктер иерархиясының шыңы. Бұл – өзіңді жеңу!» деген қағидасын алады [41]. Жасампаз тұлға – өзінің бақытын табуға ұмтылған және оның жолдарын өзі анықтай алатын адам. С.Кови жасампаз тұлғаның дамуына тірек болатын төрт өлшемді адам табиғатынан алады. Олар: тән, интеллект, жүрек, рух. Оларды қалай дамыту қажеттігін нұсқайды. Тәнді сақтау, қорғау және дамыту; интеллектіні ұдайы зейін қоя отырып, білім арқылы жетілдіру; жүректі өзгелермен тіл табыса жүріп, үнемі қуанышқа бөлеу; рухты өмірдің мәнін ұғынумен сабақтастырады. Жаратылыстың хақтығына деген берік сенім арқылы тұлғаның өсу жолындағы ең маңызды мәселелерге назар аудартады. Өзіне дейінгі 200 жыл ауқымында тұлғаны дамытуға арнап жазылған еңбектерге шолу жасай отырып, олардың ішінен соңғы елу жылдағыларының басым бөлігі Тұлға этикасына арналғанын айтады. Бұл еңбектің басты мақсаты – Мінез этикасын қалыптастыру арқылы тұлғаның қоғамда өз орнын иемдену бақытының құпиясын ашу. Яғни жеке адамның басқалардан қалай үстем болу я бизнесте қалай жетістіктерге жету жолын емес, адамгершілік қағидаларын сақтай отырып, Кісілік биікке көтерілудің сырын ашады. Бұл бағытта ол Тәуелділік, Тәуелсіздік, Өзара тәуелділік ұғымдарының мәнін ашады. Осы үш даму үндесімінде Тұлғаның өзін-өзі жетілдіру иерархиясының парадигмаларын анықтайды. «Сен», «Мен», «Біз» парадигмаларының адам өміріндегі өзгерістерге тірек болатынын дәлелдейді.

Физиологиялық және интеллектуалдық тұрғыдан тәуелділік пен тәуелсіздіктің белгілерін көрсетеді. Мәселен, ол «интеллектуалдық тәуелсіз

болсам, өз бетіммен ойланып, абстарктілі ойлаудың әртүрлі деңгейін меңгеремін. Шығармашыл адам ретінде қиял самғатып, сараптама жасап, ойымды қорытып, дұрыс жеткізе аламын... Алайда тиімді өмір сүрудің түпкі мақсаты бұл емес, өзара тәуелділікке құрылған қарым-қатынас, өмір... Мысалы, интеллектуалдық тұрғыдан өзара тәуелді болсам, онда санамды дамыту үшін өзгелердің артық қырларын танып-білуім керектігін ұғынамын. Өзара тәуелді тұлға болғандықтан, өзім де бойымдағы барымды басқалармен бөлісуге аянбаймын. Сол арқылы өзге адамдардың мүмкіндіктері мен шексіз ресурстарына ортақтасамын. Өзара тәуелділік – тек тәуелсіз адамдар жасай алатын таңдау,»-дейді [40,б. 61-62]. Адамның өзін-өзін жетілдіруінің нақты баспалдақтарын осы үш тұғырмен ұштастыра көрсетеді. Олар: біріншіден, Тәуелділіктен арылтатын Проактив болу, Түпкі мақсатты жол басында анықтау, Басты іске баса мән беру арқылы «Жеке жеңіске» жету жолы; екіншіден, «Ұттым/Ұттым» күйінде ойлану, Әуелі түсінуге, сосын түсінікті болуға ұмтылу, Синергияға жету арқылы «Ортақ жеңіске» ие болу. Осы жолға үнемі жарығын түсіріп, дамудың бағытын айқындайтын Принциптерді анықтауы – еңбектің басты құндылығы. Осының барлығын түйіндеп, «Мінез этикасы» концепциясын негіздейді. Мінез этикасының Тұлға этикасынан түбегейлі айырмашылығы қоршаған ортамен қарым-қатынасында адамның өз позициясын дұрыс белгілеуі екенін көрсетеді. Ең жетілген шығармашылықтың мәнді болуының да осы Мінез этикасымен байланысты екенін дәлелдейді. Стивен Кови негіздеген осы тұжырымдар Ұлы Абай түйіндеген «Мінез – ақылдың сауыты» деген қағидамен толық сай келеді.

Ғалымның «Сөз – Әрекет – Болмыс» бірлігі негізінде айқындаған адамның барша шығармашылық мүмкіндіктері арасында креативті ойлаудың маңызы көрсетіледі. Креативті ойлаудың тек өзара тәуелділік шеңберінде дұрыс дамитынын, дұрыс бағаланатынын пайымдайды. Сезімін құндылыққа бағындарған адамдардың креативті ойлауға бейім болатынын дәлелдейді. «Адам дамуының ең шыңы Синергияға жету. Синергия – адам бойындағы барлық дағдылардың мүмкіндігі ашылатын, нағыз сынға түсетін, ең жоғары тәртіптегі әрекет. Синергия – принциптерге сүйенетін көшбасшылық,» - деп анықтама береді. Осы синергияның басты көрсеткіштерінің бірі – шығармашылық пен креативті ойлау. Автор атаған принциптерінің ішінде жалпыадамзаттық құндылықтар: әділет, адалдық, ар-ождан, бостандық, еркіндік және т.б бар. «Адами қатынаста ұсақ-түйек болмайды!» деген тәртіпті қатаң ұстану арқылы ғана тұлғаның түпкі Бақытқа қол жеткізетіні философиялық тұрғыдан ашылады.

«Жұмсақ мінез мықты адамдарда ғана болады» деген Лео Роскиннің байламын өзінің Жүрек парадигмасында дәлелдеп береді. Бұл тұста да ғалым ойларының Абай айтқан «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – ойлап қой!» дейтін өмірлік ұстанымымен ұштасып жатқанын байқау қиын емес. Бұл – ұлы ойлардың Адамға қатысты ортақ нүктелерде тоғысуының дәлелі болып саналады. Және бұл жас ұрпақты сөз өнеріне, тілдік қатынас мәдениетіне

баулуда, тұлғаның шығармашылығы мен креативті ойлау қабілеттерін дамытуда басты ұстаным ретінде алынды.

Сонымен, тіл мен философия ғылымдарының тоғысында анықталған, көне дәуірден бастап күні бүгінге дейін зерттеу нысанынан бір сәт те түспеген, адамзат дамуының өзегіне айналған тұлға қалыптастыру туралы философиялық парадигмаларға сүйене келіп, бейіндік мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісінде тілдік қатынастың заңдылықтары мен креативті ойлау бірлігін қамтамасыз ететін бірқатар бағыттар айқындалды. Онда оқытудың заманауи талаптары мен білім философиясының жаңа қағидалары тоғысында мынадай жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттігі анықталды:

1) тіл мен ойлауды өзара бірлікте дамытуды көздейтін оқыту үдерісін білім алушының тұлғалық қасиеттері мен танымдық қабілеттерін бірге жетілдіруге бағыттау. Ол үшін тілді меңгерудің танымдық және практикалық бағдарларының өзара сабақтастығын күшейту;

2) білім алушының өздігінен білім алу қабілеттерін жетілдіретін әдістемеге басымдылық беру. «Дайын білімнен» өздігінен ізденіп, креативті шешім табуға ұмтылдыратын әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдануға үйрететін жағдаяттық тапсырмаларды, жоба жұмыстарын орындату;

3) оқушылардың бірлескен әрекетіне құрылған жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру. Бұл орайда сабақтың интерактивтік сипатын арттыратын, «өмірлік», яғни «жұмсақ» дағдыларды» ширататын жұмыстарды ретті қолдану;

4) оқушыны өзіндік көзқарасын, пікірін, ой тұжырымдарын жасауға баулу. Мұнда креативті ойлауды дамытуға, сол арқылы жеткіншектің сөйлеу дағдыларын жетілдіретін оқыту стратегияларын орынды қолдану. Білім алушының өзін тануына, өзін танытуына қолайлы атмосфера қалыптастыру жолымен білім берудің сапалық деңгейін көтеру;

5) оқушыны тілдік қатынас жасауға «жаңаша ойлауға», «жаңаша шешім жасауға» мотивация тудыра отырып үйрету. Білім беру үдерісінде сабақтың тосындылығын артыратын құрылымдық жүйесін түбегейлі жаңарту;

6) гештальт – білім беруді жүзеге асыру. Оқыту үдерісінде синергетикалық жүйені қолдану: жалпыадамзаттық ізгілікті басшылыққа ала отырып, тұлғаның жаңаша пайымдау, өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту жолымен олардың креативті ойлауын жетілдіру;

7) білім алушының шығармашылық, инновациялық деңгейге көтерілуін қамтамасыз ету. Білім беруді «оқулықтан өмірге қарай емес, өмірден оқулыққа қарай бағыттай отырып ұйымдастыру» (Ж.Аймауытов) арқылы білім алушының тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Қорыта айтқанда, жоғары сынып оқушыларына креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын дамыту лингвистика мен философияның заманауи қағидаларына сай, сапалы және жүйелі түрде ұйымдастырылған жағдайда өз нәтижесін береді деген тұжырым жасалды.

1.2 Жеткіншектердің креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері

Креативті ойлау мен тілдік қатынастың бірлігін негіздеген ойшылдардың тұжырымдары мен зерттеу еңбектеріндегі теориялық қағидалар жеткіншектерге қазақ тілін оқытудың әлеуметтік аспектілері мен психологиялық шарттарын айқындауда тірек етіп алынды. Психологтар креативті ойлау ақыл-ой қызметімен тығыз байланысты деп санайды. Олардың пайымдауынша, адам белгілі бір мәселе немесе факті бойынша пікір айтуда, қорытынды шығаруда өзінің ақылына жүгінеді. Креативті ойлау логикалық операциялар арқылы іске асады. Адамның креативті ойлау қабілеті аргументтер келтіру, логикалық тұрғыдан пайымдау, қиын сұрақтардың шешуін табуға ұмтылу, аргументтерін батыл жеткізе алу, нақты және айқын дәлелдер келтіру және т.б. кешенді әрекеттер арқылы көрінеді. Креативтілік бірнеше танымдық процесстерді бойына жинақтайды. Оны адам қажет кезінде жаңа өнім ретінде ұсынады. Яғни креативтілік интеллект ұғымымен ұштасады. Бұның бәрі оқушының танымымен байланысты бола келіп, оның қатысымдағы сөйлеу қабілетінен көрінеді. Тілдік қатынаста оқушының эмоциясы да басты рөл атқарады. Креативтілікті эмоциямен байланыста зерттеген ғалымдар адамның дарыны мен шығармашылық қабілетінде эмоция ерекше мәнге ие деп есептейді. Сондықтан зерттеу тақырыбының нысаны бойынша, алдымен, тілдік қатынасты қалыптастыруда ойлауға үйрету қажеттігін дәйектейтін ұлттық дүниетанымдағы бағдарларды, ғылыми зерттеулердегі түйінді қағидаларды басшылыққа алу көзделді.

Адамның өзін қоршаған ғаламды тануы қандай маңызды болса, сол таныған нәрселер мен құбылыстар туралы өз ұғымдары мен ойларын жеткізе білуі де сондай мәнді. Бұл жерде адамның ойы мен тілі сыртқы дүние мен өзінің ішкі әлемінің дәнекері бола отырып, оның әлеуметтік ортадағы орнын айқындауға да жол ашады. «Сөзім – өзім» дейтін қағиданы берік ұстанған халқымыздың ой тереңінде «Таным – Ой – Сөз – Әлеумет» тізбегіндегі Адам болмысының бүкіл мәні айқындалып тұр. «Өлеңді өсекшіге» теңейтін Абай сөзінің түпкі мәні де тілдің осы қасиетін тереңнен толғайды. Адам баласының таныған, түйсінген, түйген дүниесі сөз болып сыртқа шыққанша өзінікі. Ал, сыртқа шыққан соң сөз адамды өзіне бағынышты етеді. Өйткені тіл арқылы адамның болмысы танылады: сөз оны не зор етеді, не қор етеді. Сондықтан сөйлеуге қойылатын басты методологиялық талаптың бірі – субъектінің ақиқат дүниенің өзі нысанаға алған құбылыс я заттар туралы білетінін, көзқарасын, пікірін объективтік, субъективтік тұрғыдан тепе-теңдікте түсіндіре алу. Онсыз адамның білімі ақиқат деп саналмайды. Егер әсірелеймін деп объективті шындыққа сөйлеуші тарапынан қиянат жасалса немесе өзі көрген, білген нәрсе туралы әсерсіз, үстірт қана айта салса, яғни заттың, құбылыстың мәнін, табиғатын шындыққа сай етіп жеткізе алмаса, сауатты, дұрыс бейнелей алмаса, ол сөйлеушінің беделіне нұқсан келтіреді. Ал, керісінше, сезіп, білген дүниесін тапқырлықпен толғап, өзгелер байқамаған құнды дүниелерді сөзбен өрнектеген кісінің аузы дуалы, сөзі уәлі саналады. Сондықтан да Досбол би

тұжырымдағандай, «тауып айтқан сөз мереке қылса, таппай айтылған сөз келеке қылады» иесін. Осы «тауып айту» – зерттеу нысанына алынып отырған креативтіліктің белгісі. «Тауып айту» - тыңдаушының көкейіндегісін дәл аңдап, көңіліндегісін серпілтіп, сендіре айту. Бұдан шығатын қорытынды: креативтілік тілдік қатынасқа серпін берсе, жандандырса, тілдік қатынас адам бойындағы тапқырлықты танытуға мүмкіндік бере отырып, көкейіндегісін жүзеге асыруға жол ашады. Олар бірін-бірі толықтырады, бірін-бірі жаңа сапалық деңгейге көтеретін егіз құбылыстың бір бүтіндігін өзектендіре түседі.

Тілдік қатынастың кез келген проблемасы адамның әлеуметтенуі сияқты күрделі процеспен тығыз байланысты, өйткені тіл – қоғамдық-тарихи құбылыс. Сөйлеу тілі – әлеуметтік ортаның өзара қарым-қатынас орнатуының теңдессіз құралы, адамзаттың мәдени әлеуетін дамытудың қажетті шарты, қоғамдық ой-сананың қалыптасуының құнды қайнары. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектер бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп өте үлкен машина секілді құрал,»-дейді [3,б. 14]. Ғалымның есепсіз бөлшектер деп отырғаны – әр тілдің өзіне тән заңдылықтары мен қатысым мәдениетін, сөйлесім әдебін танытатын қырлары. Сонымен бірге олар ұлт тілінің өзіне тән ерекшелігін айғақтайтын, әлемде баламасы жоқ даралығының көрсеткіші. Сондықтан тілдің әлеуметтік және психологиялық шарттарын нақтылауда бұл маңызды фактор болып саналады. Себебі тіл мен қоғам ажырамас бірлікте болса, кез келген қоғам ұлттардан, ұлыстардан құралады. Ұлтты ұйытудың, біріктірудің ең басты құралы – ана тілі. «Ана тілі – жеке адамның ойдан шығарған туындысы емес, ұлттың төл перзенті. Сондықтан ана тілінің өзін былай қойғанда, оның әрбір дыбысы мен жұрнағына шейін бүкіл ұлт үшін танымал әлеуметтік белгі болып қалыптасқан», – деген ғалым Б.Хасанұлының тұжырымы тілдің әлеуметтік мәнін айқындай түседі [42]. Ғалым тілдің әлеуметтік мәнін тілдік қабілет деген ұғыммен байланыста қарастырады. Оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуда осы мәселеге қатысты білімнің арнайы тақырып ретінде ұсынылуы да аса маңызды шарт деп танылды. Сондықтан эксперимент барысында жеткіншекке жалпы әлеуметтенудің мәнін ұғындыру, ортамен тілдік қатынастың рөлін түсіндіру, осы үдерістегі орнықты ой мен оралымды сөздің маңызын сезіндіру басты талап ретінде қойылды. Осы талаптың орындалуын қамтамасыз ететін іргелі ойлар Абай өлеңдерінен молынан кездеседі. Сондықтан тілді бүкіл өнердің алды деп бағалаған қазақ сөзінің құдіретін, оның тілдік қатынас құралы ретіндегі рөлін, адам мен тілдің бөлінбейтін бүтіндігін әлеуметтік-психологиялық аспектіде зерделеуде Абайдың Ой мен Сөз тұтасымы туралы тұжырымдары әдіснамалық өзек етіп алынды да, басқа ғылыми ой-пікірлер соның төңірегіне топтастырылды.

Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінде тілді шеберлікпен қолдана білудің әлеуметтік мәні де, психологиялық маңызы да шендестіре отырып ашылған. Ақын баяншы мен тыңдаушы арасын жалғау үшін көркем сөзді құрай білудің әлеуметтік-психологиялық шарттарын асқан біліктілікпен санамалап көрсетеді.

Онда ой ұшқырлығы мен сөз кестесінің, терең Ой мен көрікті Сөздің байланыстары қисынды дәйектелген. Бұл зерттеу тақырыбындағы креативті ойлау мен тілдік қатынастың өзара бірлігін баяншы мен тыңдаушының, жазарман мен оқырманның арасындағы психологиялық ахуалдармен сабақтастықта бекітілетін байламдарға өзек болды.

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған —
Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл, - деп басталатын өлеңнің алғашқы шумағында Тілдің өнер деңгейіне көтерілуінің бірінші шарты көрсетілген [43]. Ол – айтылатын ойдың өзгеше қисынды сөзбен өрнектелуі. Қисынды сөз қалыпты нұсқадан бөлекше, ойды кестелеудің айрықша амалдарын ұтымды қолданудың нәтижесінде ғана туады. Ол – автордың дара ойлау қабілетінің сөзбен көмкерілген көркем көрінісі. Ахмет Байтұрсынұлының тілдің міндетін ақылмен, қиялмен, көңілмен байланыстырған пікірінде Абай ойы одан әрі тереңдетіліп, тілдің тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, адамдар арасындағы тілдік қатынастың мәнін арттыратын эмотивтік, депотивтік, кумулятивтік, когнитивтік және т.б. қызметтерді толық атқарғанда өзінің адамзатқа қажетті миссиясына сай болатыны бағамдалған. Бұл, әсіресе «ана тілі» ұғымына қатысты алғанда аса маңызды рөл атқарады. Біз де сөз өнері қағидаларын талдағанда, ғалымдар айтқандай, «қазақ топырағындағы қос Алыптың: қазақ сөз өнерінің шырқау шыңына көтерілген Абай Құнанбайұлы мен сөзді өнер түрінде оқытудың сара жолын негіздеген Ахмет Байтұрсынұлының ойларындағы үндесімге назар аудару қажет деп санадық. Өйткені ол кісілер ұлттық тілдің қайталамасы жоқ қасиетін, даралығын, даналығын айқын аңғарған, асқан тереңдікпен түйсінген, сарабалдықпен саралаған. Сондықтан заманауи білім беру жүйесін, оның ішінде ұлттық тілді оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелерін шешуде Абай мен Ахмет еңбектеріндегі ой үндесіміне, пайымдамаларындағы ортақ негіздерге мән бере қарау маңызды» болды [44].

Абай көрсеткен «қиыннан қиыстырыла» өрбіген сөздің бойға «шымырлап жайылуы» – тыңдаушының қиялын қозғап, алысқа шарықтатып, жүректі тербеп тебірену мақсаты көзделгенде дүниеге келетін қызыл тілдің толғауы тоқсан түрлі құбылысының шарықтау шегі. Бұл – сөз зергерінің адам ойы неғұрлым ұшқыр болса, сөз де соғұрлым түрленіп, тыңдаушысын өзгеше күйге бөлейтінін бекіткен байламы. Ұшқыр ой – креативтіліктің басты шарты, кестелі сөз – тілдік қатынаста сол ойды жеткізу шеберлігінің «піскен жемісі». Олай болса, Ахмет Байтұрсынұлы айтқан «ақылдың аңдауы» оқушының рационалды интеллектісін, қиял мен көңілдің тоғысындағы сөзді айтуға төселдіру эмоционалды интеллектісін дамыта оқыту қажеттігін көрсетеді. Ой мен сезімді жеткізудің құралы бола алуы үшін оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік

қатынасқа, сөз қолданымға үйретуде ұлы ақын көрсеткен сөз қисынына ерекше ден қойылды.

Тосын сөз айту үшін тосын ой ауадай қажет. Осы шумақта креативті адамға тән тыңдаушының ойына қозғау салып қана қоймай, оның ой ауанын басқа арнаға бұра алатындай қасиетке - сөздің күші деп аталатын психологиялық факторға да назар аударылған. Ақын сөздің адам жан дүниесіне әсерін аша түсу үшін шебер сөзді шабысы ерек тұлпарға теңейді. Оның көсіле шапқан сайын арыны да қатты болатынын, басқа өрістен тұрақ тапқан «тағы» ойды қайыратындай қуатты иелене алатынын тұжырымдайды. Бір сатыдан келесі сатыға көтерілген сайын ашыла түсу, жаңаны табуға деген құштарлықтың артуы адам бойындағы дарынмен де байланысты. Дегенмен, оқушыны оқыту, үйрету жолымен де оның бойындағы әртүрлі қабілеттерді дамыту мүмкіндігі де кеңейе түсетіні сөзсіз. Ғалым Д.Б.Богоявленскаяның концепциясы бойынша, «дарын – адамның бүкіл өмірінде үнемі дамып отыратын психиканың жүйелі сапасы, ал креативтілік – адамның өз қалауы бойынша іске асатын жаңа ойлар мен іс-әрекеттің дамуы» [45]. Креативтілікке адамның эмоциясы мен мотивациясы да әсер етеді. Дегенмен, ғалымдардың көпшілігі адамның шығармашылық қабілетінің іс-әрекет үстінде көрініс табуын креативтілікке жатқызады.

Дамыта оқытуды ұсынған ғалымдар да креативтілікті адамның шығармашылық қабілетімен шендестіреді. Қалай болғанда да, креативтілік – дамуға бейім қабілет болғандықтан, зерттеу жұмысында оны жетілдірудің тиімді жолдарын табу маңызды болды. Осылайша, тілдік қатынас дағдыларын дамыту үшін оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге назар салу қажеттігі беки түседі. Бұл креативті ойлау мен тілдік қатынасты бірлікте дамытудың білім беру саласында рефлексияның мәні артып отырған жанаша оқыту талаптарымен толық ұштасып жатқанын көрсетеді.

Ойлау мен тілдік қатынас адам танымының өзара бірліктегі ажырамас компоненті ретінде қарастырылған зерттеулерде «іс-әрекет», «ұғынылған/ұғынылмаған бейне», «тұлға», «қарым-қатынас» ойлаудың категориялары ретінде қарастырылады. Бұларды тілді оқытудағы ойлаудың қызметін анықтайтын категориялар ретінде де тануға болады. Тіл дедукциялық, индукциялық, аналогиялық немесе логикалық, синкретикалық, алгоритмдік, дискурсивтік, эвристикалық т.б. сияқты ойлаудың түрлеріне байланысты әртүрлі қызмет атқаруы мүмкін. Біздің зерттеуіміз тілдік қатынастағы креативті ойлаудың қызметімен байланысты болғандықтан, креативті ойлау сөз шеберлігімен тығыз сабақтастықта дамытылуы тиіс деп есептелді. Сонда оқушының ойлау қабілеті де бірте-бірте өрістеп, дами түсетіні сөзсіз.

Жалпы білім беру саласында бейіндік мектепте қазақ тілін коммуникативтік-функционалды аспектіде оқытуға бағыттау тәжірибесі екі мыңыншы жылдардың басынан басталған болатын. Алғаш рет 10-11-сынып оқушылары сөз мәдениеті мен шешендік өнерді теориялық және практикалық тұрғыдан арнайы оқытудың концепциясы жасалды [46]. Соның негізінде оқу бағдарламалары дайындалды, нәтижесінде мектеп оқулықтары жарық көрді

[47]. Өкінішке орай, 2018 жылдан бастап, бұл жүйенің орнына жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары енгізіліп, қалыптасқан білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер болды [48]. Жаңартылған оқу бағдарламасында тілді функционалдық тұрғыдан оқыту мәселесінің орнын лексикалық-тақырыптық оқыту жүйесі алмастырды да, тілдік білімдер шашыраңқылықпен ұсынылды. Тілдік бірліктерді қарым-қатынас құралы, таным құралы, ақпаратты жеткізуші және сақтаушы құрал ретінде таныта келіп, оқушының креативті ойлау қабілетін оятудың басты факторына айналдыру міндеті назардан тыс қалды. Мұндай жүйесіз білім оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыруға да, тілдік қатынасты сөз мәдениеті аспектісінде жүйелі дамыту үдерісіне де кері әсер етпей қоймады. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыру үшін зерттеу жұмысында оқу тапсырмаларын оқушының ойлау өрістілігі, ой тереңдігі, ой дербестігі, ой икемділігі, ой жүйріктігі, ой сындарлылығы [49] сияқты сапалы ойлау қабілеттерін арттыруға бағыттау мақсаты көзделді. Онда жектіншектің кең ойлай алуға қабілетті болатынын ескеріп, мәселені тұтастай түсініп қабылдауын қамтамасыз ететін *ойлау өрістілігін* дамытуға мән беріледі. Сондай-ақ, 16-17 жастағы бозбаланың күрделі мәселелерді өздігінен шешуге ұмтылысының күшейе түсетін жас ерекшелігіне сай мәселені жете түсінуін талап ететін *ой тереңдігіне* керекті танымдық материалдармен жұмыс жасатуға басымдық беру қажет деп саналды. Алға қойған міндеттерді, тапсырмаларды шешуде ешкімнің көмегіне сүйенбей, оны шешудің жолдарын таба білуге құштарлығы жоғарылай түсетін жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері *ой дербестігін* танытуға арналған тапсырмаларды дұрыс жүйелеу қажеттігін көрсетті. Әрине, ой дербестігін қалайтын жоғары сынып оқушылары мәселені шешуде бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдердің құрсауынан шығып, қалыптан тыс шешім шығарудың жолдарын іздестіруге бейім келеді. Сондықтан оларға таңдау еркіндігін бере отырып, жаңаша идеялар туғызатын креативтілік талап етіледі. Бұл орайда оқушылардың *ой икемділігін* дамытатын жұмыстар көбірек қамтылады. Өзінің де, өзгенің де ой-пікірін шынайы бағалай білуінен, алға тартылған тұжырымдар мен қорытындыларды тиянақты, әрі жан-жақты саралап, тексеріп, талдай алуына бағытталған түрлі жұмыстарда жеткіншектің *ой сындарлылығы* дамыту мақсаты қойылды. Оқушы бойынан табылуы тиіс бұл қасиеттер креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға өзек болатын негізгі белгілер деп танылды.

Ғалымдардың пайымдауынша, «креативті ойлауға жеткізетін бірнеше саты бар:

1) *пайымды ойлау*. Бұл – шығармашылық ойлаудың ішіндегі алғашқы қадам, қызығушылық пен әуестену негізінде дамитын ойлау әрекеті. Ол «Неге?», «Неліктен?», «Оны басқаша қолдануға бола ма?», «Егер былай жасаса ше?» т.б. сұрақтар төңірегіндегі талқылау әрекеттерінен басталады. Бұл орайда оқушылардың ортақ мәселе жөнінде пікіралмасуына, пікір таластыруына мүмкіндік бере отырып, ортақ ой түюге үйрету көзделеді. Бұл таласа отырып шындықты табуға, оны дұрыс түсіндіре алуға үйрету үшін қажет.

2) *сыни ойлау* – нақты қойылған мақсатқа сай әр нышан, ой, қасиет, ерекшелік және басқа жан-жақты белгілерді саралап, сын тұрғысынан ой қорыту. Онда оқушы заттардың белгілері мен қасиеттерін, ол деректер мен ұғым-түсініктерді жақсы білуі және үнемі ізденуі шарт.

3) *логикалық ойлау* – ақпаратты, мәліметті дәлелдеу мен теріске шығару, әр қырынан саралай білуді қажет ететін шығармашылық ойлаудың ерекше түрі. Онда ойлаудың мынадай әдіс-тәсілдері қамтылады: салыстыру, зерделеп-зерттеу, ойлау ұшқырлығы, сөз қисыны, ойды жүйелеу кезеңдерінің бірізділігін сақтау. Бір-біріне ұқсас немесе мүлде кереғар заттар мен құбылыстарды салыстыра талдау жеткіншектердің ойлау дағдысын ширата түсумен қатар, тосын да қызықты байламдар жасауына мүмкіндік береді. Бұл жерде Абай айтқан ойды әсерлі жеткізуге қажетті қисынды сөйлеу дағдылары қалыптасады;

4) *өнімді ойлау* – табысты ойлау. Шығармашылықпен ойлаудың жоғары деңгейі болып саналатындықтан, онда адам нақты бір кеңістік пен уақыт арасында еш кедергісіз, өзі мақсат еткен түпкі нәтижеге қол жеткізе алады. Өнімді ойлау қабілеті бар адам – кез келген заттан, мәліметтен, құбылыстан тың идея көре білетін адам. Зерттеушілер осы өнімді ойлауды креативті ойлаумен барабар деп санайды. Ғалымдар ой мен ақылдың сипаты ретінде «тереңдігін, кеңдігін, икемділігін, сыншылдығын» атап көрсетеді [50]. Себебі онда тұлғаның ойлауы мен сөйлеуі жоғары деңгейде көрініс табады. Адамның ойлау қабілеті жетілген сайын оның сөйлеу шеберлігі де арта түсетіні даусыз. Бұл – ойлау қабілеті мен шеберлікпен толғанған сөздің сәтті тоғысында туатын бірегей құбылыс. Осы мақсаттағы тапсырмаларда жеткіншектің өздік жұмыстарды орындауға деген қызығушылығын дамыту мақсаты қойылады. Онда оқушылардың шығармашылық жұмыстарды, оның ішінде жоба жұмыстарын, жеке тұлғалық ой-өрісін еркін танытатын тапсырмаларды орындату тиімді.

Жеткіншектерге ұсынылатын тапсырмаларды саралауда А.Грецовтың креативтілікті әр қырынан ашатын төмендегі жіктемесі басшылыққа алынды:

- өнім түріне қарай: креативтілікті жаңаны, өзгеге ұқсамайтын даралықты танытатын өзгеше құбылысты тудыру қабілеті ретінде жетілдіру;

- процесс бойынша: креативтілікті шығармашылық ойлаудың, жоғары деңгейдегі бейнелеу қабілетінің, эстетикалық дүниетанымның ерекше тұтастығын қамтамасыз ететін қасиет ретінде дамыту;

- тұлғалық сапа бойынша: креативтілікті жеткіншек бойындағы жаңа өмірлік дағдыларды меңгеруге деген ашықтық, өзара тәуелділік – синергия, өмірге икемділік, дамуға әзірлік, «Мен» концепциясын түсіну және т.б. қасиеттерді үйлестіруші ретінде қалыптастыру;

- сыртқы жағдайлар бойынша: креативтілікті белгісіздік жағдайларда сенімді әрекет етуге бейімділік, күрделі мәселелердің оңтайлы шешімін таба алуға икемділік, сындарлы ойлауға қабілеттілік ретінде дамытылады [51]. Мұның барлығы да оқушының тілдік қатынас дағдыларын жан-жақты дамытудың жолы ретінде оқушының креативті ойлауын қалыптастырудың

қаншалықты маңызды екенін бекіте түседі. Сонымен қатар, креативтілік пен шығармашылықтың өзара бөлінбейтін біртұтас дүние екенін де танытады.

Ғалым С.Р.Яголковский тұлғаның креативтілік қабілеттерін дамытуға арналған зерттеулерді талдай келе сол еңбектердегі креативтілік пен шығармашылықтың бір-бірінен бөлінбейтін қырларын мынадай бірнеше деңгейге бөліп көрсетеді:

1) психофизиологиялық тұрғыдан жүргізілген зерттеулерде шығармашылық процесс пен креативтіліктің биологиялық және психофизиологиялық ортақ алғышарттары зерделенеді;

2) когнитивті-эмоционалдық зерттеулерде шығармашылық қызмет пен креативтілік танымдық және эмоционалдық аспектіде қатар қарастырылады;

3) жеке тұлғалық зерттеуде шығармашыл тұлғаның креативтілігінің өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты мән беріледі;

4) нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы шығармашылық процестің өзіндік ерекшеліктері мен оның нәтижелері креативтік-прагматикалық-экономикалық тұрғыдан үндестікте зерделенеді;

5) адамның шығармашылығы мен креативтілігін оның әлеуметтік-мәдени ортасымен, шығармашылық қызметін жүзеге асыруға ықпал ететін креативтілік қабілетті дамыту мәселелерімен бірлікте қарастырылады [52]. Мұндай жіктеулер жеткіншектердің креативтілігі мен тілдік қатынасын тығыз байланыста дамыту жолдарын анықтауда басшылыққа алынып отырды.

Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас.

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар бәһра ала алмас.

Қиналма бекер, тіл мен жақ,

Көңілсіз құлақ – ойға олақ, - деп қайырылатын «Сегіз аяқ» өлеңінің екінші шумағында Абай сөздің өнер ретінде қабылдануына қажетті шарт ретінде тұлғаға тән сапалық деңгейлерді атап көрсетеді [43,с. 35]. Бұл жерде ақын деңгейлік сапаны екі аспектіде қарастырады. Олар айтушы мен тыңдаушының өре деңгейіне, санасы мен ішкі әлеуетіне, мәселеге қатынасына қатысты сөз болады. Бірінші шарт – әңгімелесушілердің сөз парқын түсіну деңгейін ескеру. Айтылған сөз қандай көркем, мазмұнды болса да, егер тыңдаушысының қабылдауы оған сай келмей, тосырқап жатса, сөздің әсері де дұрыс болмайды. Уәли «автордың «нені айтсам», «қалай айтсам», «кімге айтсам» деген мәтіндік құрылымға дейінгі ой жүзіндегі сөзі яғни «коммуникацияның» бірінші кезеңі тілдік таңбалар арқылы объективтеніп, мәтін түзіледі, бірақ коммуникация аяқталмайды деп, мәтінді талдап-түсіну үшін оқырманда тілдік білім болуы тиіс екенін айтса [53] қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасын қарастырған Қ.Есенова «мәтінде автордың да, адресаттың да іс-әрекеті, бағыт-бағдары сығымдалған, жинақталған күйде көрініс табады. Онда автор сөйлеу әрекетінің бөлігі ашық көрсетіледі: яғни реципиентке жеткізілу үшін қандай ақпарат

таңдалып алынғандығы (мәтіннің тақырыбы, логикалық схемасы, оның баяндалу реті(композиция), оны жеткізу үшін пайдаланылған тілдік құралдар, мәтіннің аталған жақтарының бәрінде міндетті түрде оның авторының қолтаңбасы, автордың түпкі ойы-ниетін жүзеге асыруға қолданған құралдар мен іріктеу барысында саналы түрде немесе санадан тыс қамтылған, іске қосылған субъективтілік жатады)» деп, мәтіндегі барлық тілдік бірліктердің оқырманға тигізетін ықпалын саралап көрсетеді [53]. Мәтін автордың (баяншының) ойын қабылдаушыға (оқырманға) жеткізіп, оған тікелей немесе жанама түрде әсер етіп қатысымдық қызмет атқарады. Мағыналық және құрылымдық жағынан тиянақталып, өңделіп, сұрыпталған мәтін түрлі коммуникативтік жағдаяттарға байланысты әртүрлі қатысымдық сипатқа ие болып отырады. Бұл қағидалар жеткіншектерді креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасқа үйреткенде есте болатын маңызды талап ретінде сақталуы тиіс деген қорытынды жасалды.

Шынын айту керек, эксперимент барысында диалогтің түрлері бойынша жұптық жұмыстар орындалды. Сол кезде балалардың кейбірі дәл осы шарттың сақталмауы салдарынан әңгімені дұрыс өрбіте алмай қалған жағдайлар кездесті. Әрине, тауып сөйлеуге үйрету қандай маңызды болса, оны мұқият тыңдау да сондай қажет екені үнемі айтылып отырды. Десе де, жеткіншектер арасында тілді түсіну деңгейі төмен балалар да кездесті. Олармен даралық формада қосымша тапсырмалар беріліп, жаттығу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, баланы бастауыш сыныптан бастап-ақ дұрыс, сауатты сөйлеуге үйрткен кезде, сынып жоғарылаған сайын креативті ойлауға және шебер сөйлеуге үйрету табиғи түрде жетілдірілетіні бағамдалды. Арнайы мақала жазылып толығырақ талданды [54]. Табиғат берген дарынына сүйеніп қана қоймай, бүгінде он бір жыл мектеп партасында тіл сабақтарын арнайы пән етіп оқытатын заманауи білім беру жүйесінде оқушыны ойлауға да, сөйлеуге де үйрету ісі оны қалай ұйымдастыруға, білім мазмұнына, оқыту формалары мен амал-тәсілдерге тікелей байланысты екені дау тудырмайды. Осы мәселелер кешенді шешім тапқан кезде «өткірді жүзі» сала алмайтын өрнекті кестелеген қызыл тілдің тереңіндегі маржан ойларды түсінбейтін, одан баһра ала алмайтын оқығандардың азаятыны сөзсіз.

Жеткіншек санасында тілді өз өмірінің ажырамас бөлігі, оны сәтті құрудың басты факторы деген түсініктің қалыптасуы тілді қолданудағы креативтілікті дамытудың алғышарты саналады. Егер креативтілік тұлғаның шығармашылық қабілеті, интелектісі, таланты мен дарыны арқылы қалыптасатын, іс-әрекет үстінде жетілетін қабілет десек, онда қазақ тілі сабақтарында оны оқушының тілдік қатынасы мен сөйлеу шеберлігінен тыс қарау мүмкін емес. Өйткені креативтілік – адамның өзгеше идеялар ұсынуға, проблемалық жағдаятты шеше алуға, қалыпты ойлаудан бөлек шешімдер қабылдауға қажетті жеке қасиеттері арқылы шығармашылыққа қол жеткізетін айрықша қабілеттілік. Креативтілік білімалушының бәсекеге қабілеттілігімен де айқындалады. Шебер сөйлеу, шешендік сөзді айта алу – ерекше сөз саптауды қажет ететін интеллектуалдық сайысты ұйымдастырудың бір тетігі. Сондықтан жеке

тұлғаның шығармашылық қабілеті, креативті ойлауы – үнемі дамытуды қалайтын құбылыс. Креативтілікті жетілдіру тұлғаның жеке қабілеттерімен, әлеуметтік-тұлғалық қызметімен сабақтас. Креативтілік білім алушының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Дегенмен, ол оқушының басқа адамдармен тіл табысып, өз идеясын ұсына алу қабілетіне де тәуелді. Идея әрқашан жаңа бола бермеуі де мүмкін, бұрынғы идеяны қазіргі заман талабына сай өзгертіп, ұтымды пайдалану да креативтілікті білдіреді. Қазіргі таңда креативтілік инновациялық дамудың алғышарты, жаңа қоғам оны экономика мен ғылымды, білімді дамытудың, табыстың көзі ретінде танылып отыр.

Білім беру үдерісінде креативтілік жеке тұлғаның, яғни білім алушының танымдық, мотивациялық, құндылық бағдары тұрғысынан бағамдалады. Өркениетті мемлекеттер өздерінің білім беру жүйесінде креативті тұлға дайындауға басымдылық беруде. Өйткені жұмыс беруші компаниялар өздеріне келетін жұмысшылардың кез келген жағдаяттан шыға алатын, басқа адамдармен тіл табыса білетін, өзіндік ойлау қабілеті жоғары, тың идеялар ұсына алатын тұлға болуын талап етіп отыр. Қоғамдағы бәсекелестіктің артуы креативті ойлай алатын тұлғаға деген сұранысты арттыра бастады.

Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың методологиялық негізін құрайтын бағыттың бірі – құзіреттілік қалыптастыра оқыту. Құзіреттілік бірнеше компоненттерден тұрады. Мотивациялық компонентте оқушының түрлі мәселелерді шешуге деген ынтасы арқылы көрініс табады. Білім алушының алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолындағы түрлі тапсырмаларды шеше алу қабілетінен мақсаттық компонентті көруге болады. Бағдарлық компонент оның ішкі және сыртқы қызметінің деңгейімен анықталады. Білім алушының өзінің жеке іс-әрекетін қалыптастыруы, мәселелерді шешуде білім, білік, қабілетін қолдана алуы, ақпараттық сауаттылығын ұтымды пайдалануы құзіреттіліктің функционалдық компоненті арқылы танылады. Істеген іс-әрекеттерін бағалап, оның түпкі нәтижесін анықтай алуы бақылау компоненті арқылы көрінеді. Ал бағалау компоненті өзінің іс-әрекетін талдай алуы, нақты бағалай білуі арқылы байқалады. Құзіреттіліктің бұл компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болып, оқушының коммуникативтік, яғни тілдік-қатысымдық құзіреттілігін дамытуға әсер етеді. Қатысымдық құзіреттілігін жетілдіру екі жақты байланыс арқылы жүзеге асады. Оқытушы мен оқушы арасындағы өзара түсінушілік, бірлесіп жұмыс жасауға деген ынта құзіреттілікті қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Ғалымдардың пікіріне жүгінер болсақ, «оқушының дара тұлға ретінде кез келген жағдаятта, кез келген тақырыпта өз ойын еркін, жүйелі жеткізіп, бір ойдан екінші ойға бірден көшіп, кез келген адаммен еркін, ортақ тіл табыса алса, оның қатысымдық құзіреттілігінің деңгейі байқалады [55].

Білім алушының құзіреттіліктері оқушының зерттеу, ойлау, іздеу, серіктес болу, үйрену, бейімделу, іске асыру және т.б. сапалық қасиеттері арқылы танылады. Әлемдік білім кеңістігінде білім алушының өз бетімен білім алуына басымдылық беріледі. Яғни білім алушы өзінің оқу-танымдық қызметін өзі жоспарлай алады немесе оқытушыдан тапсырмалар алады; өзінің атқаратын

жұмыстарын жоспарлайды; түпкі нәтижеге жетудің жолдарын анықтайды; алған білімін өңдеуден өткізіп, түрлі мәселелерді шеше алу қабілетін айқындайды; алған білімі бұл мәселелерді шешуге жеткіліксіз болса, өздігінен білімін толықтыруға тырысады; білімін бағалау мен талдаудан өткізеді. Біздің ойымызша, білім алуды оқушының өзіне жоспарлатып үйрету жоғары нәтижеге жеткізуге көмектеседі. Сондықтан білімді құзіреттілік тұрғысынан ұйымдастыруда өзіндік жұмыстарға басымдылық берілуі қажет.

Әдіскер Д.А.Ивановтың пікірінше, «білімді құзіреттілік тұрғысынан ұйымдастыруда жалпы білім беретін мектептердегі білімнің сапасының артуына, білім нәтижесін жоғарлатуға, білім сапасының көрсеткіші ретінде ақпаратты қабылдаудың санына емес, оны жүзеге асыра алатын оқушының қабілетіне мән беріледі» [56]. Бұл жердегі басты мәселе – білім алушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын қалыптастыру тіл туралы теориялық білімдерін өмірде қолдана алуына, оқушылардың «жұмсақ дағдыларын» жетілдіруге қарай бағыттау жолын табу. О.Е.Лебедевтің тұжырымынша, «мұндай жүйе білім берудің нақты мақсатын жүзеге асыруға ықпал ете отырып, білім мазмұнын айқындауға, түпкі нәтижені жаңаша бағамдауға әсер етеді». Ғалымның ойынша, бұл өз кезегінде оқытудың бірнеше мәселелерін қатар жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, білім беру оқушының өзіндік қабілетін дамытуға, өмірдің түрлі салаларында кездесетін жағдаяттарды өзінің әлеуметтік тәжірибесін қолдану арқылы шешуді үйретуге бағытталады; «білім мазмұнында танымдық, әлеуметтік-құқықтық, дүниетанымдық, тәрбиелік материалдар қамтылады; білім беруде оқушының коммуникативтік, ұйымдастырушылық қабілетін дамытуға, түрлі проблемалық мәселелерді өздігінен шешуді үйретуге басымдылық беріледі; білім нәтижесін бағалау білім деңгейі бойынша жүргізілген талдауларға, оқушының белгілі бір кезеңде қол жеткізген табысына негізделеді» [57]. Жеткіншектердің тілдік қатынасын дамытуда осы процестің толық әрі кешенді қамтылуына мән беріліп отырады.

Е.Я.Коган «білім беруді құзіреттілік тұрғысынан ұйымдастыруда оқушы мен мұғалімнің арақатынасы басқа қырынан құрылатынын айта келіп, бұл жүйенің білім алушының санасына әсер ететін әдістемелік жүйені де тұтастай өзгертуге септігін тигізетініне» тоқталады [58]. Ал, А.Г.Бермус «пәнді оқытуды құзіреттілік тұрғысынан ұйымдастыру білім берудегі дәстүрлі мәдени, ғылыми, дидактикалық, функционалды-коммуникативтік аспектілерді негізге алатынын» айтады [59]. Бұл пайымдаулар жеткіншектердің сөз шеберлігін шындауда оқушылардың танымдық және коммуникативтік құзіреттіліктерін бір деңгейде, қатар қалыптастыруға көңіл аудару қажеттігін бекіте түсті. Тақырыбымызға сай қай әдіс түрі қандай құзыреттілікке жеткізетіні жайлы толығырақ біз өзіміздің «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың құзіреттіліктері» - атты мақаламызда толығырақ тоқталамыз. Мәселен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыруда «Кинометафора» әдісі арқылы айтыс көрсетілді. Айтыстың қалай аяқталғанын оқушылардың өздері анықтауы тиіс. Бұл әдіс оқушылардың креативті ойлауын

дамытады. Олар да өздерін айтыс ақындары тәрізді сезініп, түрлі өлең жолдарын құрастыруға талпынады [60].

«Сегіз аяқ» туындысының осы екінші шумағындағы келесі шарт баяншы мен тыңдаушының тақырып ретінде алынып отырған мәселеге қатынасына, мотивациясына қатысты. Ол шарт: әңгімелесушілердің мүдделерінің ортақ болуы, сол нәрсеге екі жақтың да қызығушылық танытуы, білуге деген құмарлықтың тууы. Мотиві берік оқушылар креативті қабілетінің көмегімен ақпараттарды өңдеуде, білім, білік, дағдысын бір мақсатқа шоғырландыруда, өздерінің ішкі интуициясына сүйеніп, олардың арасындағы байланысты нығайта түседі, сол арқылы шығармашылыққа жетуге талпынады.

Креативті ойлау білім алушының алдында тұрған мәселенің нақты шешімін іздеудегі икемділігі мен ізенімпаздығын көрсетеді. С.Л.Буковскийдің пайымдауынша, кез келген тұлғаның креативтілігі үш компоненттің өзара әрекеттесуінен тұрады: қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттілік, шығармашылық ойлау қабілеті және мотивация. «Коммуникативтік құзыреттілік, креативті ойлау (шығармашылық ойлау қабілеті) және мотивация үшеуі бір-біріне тәуелді. Олар өзара әрекеттеседі бір-бірімен және диалектикалық бірлікте болады. Креативті ойлаусыз коммуникативтік құзыреттілік болуы мүмкін емес. Қатысымдық құзыреттілік иесі болу үшін лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды ғана біліп қою жеткіліксіз, өз тілдік білімін пайдалана білу қажет. Бұл дағдылар тек креативті ойлауды, шығармашылық ойлау қабілетін дамытқан кезде ғана қалыптасады. Қатысымдық құзыреттілік тәрізді креативті ойлау да мотивацияны талап етеді» [61]. Білім алушының оқу-танымдық мотивациясын мұғалім түрлі әдіс-тәсілдер мен технологияларды шеберлікпен қолдану арқылы арттыра алады. «Тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын танымдық-қатысымдық бағдарлы әдістерді таңдап алып, білімалушының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыпқа сай қолдану арқылы білім алушының қатысымдық әрекеті мен жасампаздық, шығармашылық тұрғыдан ойлауына түрткі жасауға болады» [62].

Тілдік қатынас жасаушылардың арасындағы айтылым мен тыңдалым немесе жазылым мен оқылым жұмыстарында осындай мотив туындату ескеріліп отырды. Өйткені мүдделестік бар жерде, Дулат ақын айтқандай, «айтушысы судай төгілген, тыңдаушысы бордай езілген» сұқбаттар өрбитіні, құнды ойдан құралған құнды сөздің нысанаға дәл тиіп, жаңа ойлардың, жаңа пікірлердің тууына ықпал ететіні сөзсіз. Ал, баяншы қалай толғаса да, егер ол «құлықсыз құлаққа» жолықса, ешқандай нәтиже бермейтіні Абайдың 31-қарасөзінде жан-жақты ашылған. Онда естіген сөзді ұмытпасқа қажетті төрт себеп (көкірегі байлаулы болу, тұщынып қабылдай алу, қайталай отырып, көңілге бекіту, ой кеселдерінен аулақ болу) өте тереңдікпен дәйектелген. Сондықтан эксперимент барысындағы диалогтік, полилогтік сипаттағы жұмыстарды ұйымдастыруда, алдымен, оқушылардың мүдделері мен қызығушылықтарын ескеруге, негізінен, олардың өздеріне қызықты тақырыптарды өзі таңдай алуына мүмкіндік беріліп отырды. Себебі өздері

таңдаған тақырыпта сөйлеу, іздену арқылы оқушылар жоғары нәтиже көрсетуге ыждағаттылық танытты. Бұл жеткіншектерді таптаурындылықтан арылтуға септесетіні анықталды. «Тұлға креативтілігінің дамуы оның бойында өзін қоршаған шындықты шығармашылық тұрғыдан тануы үшін қажетті сапалардың қалыптасуымен байланысты. Ондай қасиеттер тек жеке тұлғаның қоршаған қоғаммен өзара қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасуы мүмкін» [63].

Креативті ойлау білімалушының алдында тұрған мәселенің нақты шешімін іздеудегі икемділігі мен шығармашылығын көрсетеді. С.Л.Буковскийдің пайымдауынша, кез келген тұлғаның креативтілігі үш компоненттің өзара әрекеттесуінен тұрады: қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттілік, шығармашылық ойлау қабілеті және мотивация. «Коммуникативтік құзыреттілік, креативті ойлау (шығармашылық ойлау қабілеті) және мотивация үшеуі бір-біріне тәуелді. Олар өзара әрекеттеседі бір-бірімен және диалектикалық бірлікте болады. Креативті ойлаусыз коммуникативтік құзыреттілік болуы мүмкін емес» [61, с. 137]. Демек, қатысымдық құзыреттілік пен шығармашылық ойлау – тұлғаның іскерлік қарым-қатынасы үшін қажетті стратегиялық құралы, оның табиғи байлығы. Адамның осы ресурсты қалай пайдалануы үшінші фактор мотивацияға байланысты жүзеге асады.

Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуда оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін мәдени-танымдық, ақпараттық, лингвомәдени құзыреттіліктермен сабақтастықта жетілдіру көзделді. Жеткіншек кезеңде оқушының құзыреттіліктер базасы оның креативтілік қабілеттерін дамытатын бірнеше компоненттердің бірлігінен құралады. Атап айтқанда: мәдени-танымдық компонентте нақты нәтижеге жету үшін мақсат қоя алу, сол мақсатқа жетудің жолдарын ұйымдастыра білу; өзінің әрекеттерін жоспарлап, талдау жасап, бағалауынан; танымдық тапсырмаларды шешіп, оның гипотезасын ұсынуынан; тәжірибе жүргізу және қажетті құрылғыларды іріктеп, ережелер мен дағдыларды меңгеруінен; танымдық-статистикалық әдістерді қолданып, нәтиже мен қорытынды шығаруынан; компьютерлік технология мен құралдарды пайдаланып, зерттеу жұмысының нәтижелерін ауызша және жазбаша тұсаукесер түрінде жеткізуінен байқалады. И.Г. Липатникова мен Т.Ю. Паршина «танымдық құзыреттілікті оқушының өздігінен білім алуымен, тұлғалық және интеллектуалдық деңгейінің өсуімен байланыста қарастырып, оның құрылымы мотивациялық, ақпараттық, операциялық, бағалау компоненттерінен тұратынын» айтады [62].

Ғылымда танымдық құзыреттілікті әр қырынан қарастырған ғалымдардың еңбектеріне талдау жасаған Ю.Г.Кублицкая оларды ғылыми ұстанымдары бойынша төмендегіше жіктейді:

- оқушының өз бетімен орындайтын танымдық іс-әрекетінің жиынтығы (А.В. Хуторской);
- продуктивті және репродуктивті танымы, зерттеушілік, интеллектуалдық іс-әрекеті (И.А. Зимняя);

- оқу-танымдық проблемаларды шешуге қажетті ақпараттар мен мәліметтерді іздеп, табуы және оны ұтымды қолдана алуы (С.Г.Воровщиков);

- оқушының танымдық іс-әрекетін өзін-өзі басқару тәжірибесі (В.Н.Пустовойтов);

- танымдық іс-әрекет дағдысы, дүние туралы аялық білімінің болуы, өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге қажетті ақпараттарды білуі (С.В. Власенко)» [63]. Біздіңше, осы аталған сипаттамалардың барлығы да бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бір толықтыратын өмірлік дағдылар түрінде өзара ұштасып жатыр. Сондықтан олар да зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін белгілеуде елеулі рөл атқарды.

Білім алушының әлеуметтік-мәдени құзіреттілік компоненттері әлеуметтік ортада өмір сүруге қажетті «жұмсақ дағдыларды» игеруінен; күнделікті өмірде кездесетін әлеуметтік, отбасылық және т.б. жағдаяттарды шеше алуынан; өзінің өмірдегі орнын (ұжымдағы, отбасындағы, қоғамдағы) нақты айқындай білуінен; мәдени нормалар мен салт-дәстүрлерді меңгеруінен; өзінің бос уақытын жүйелі, ұтымды жоспарлауынан; өзі тұрып жатқан мемлекеттің әлеуметтік нормалары мен құндылықтарын білуінен; азаматтық және еңбек кодекстерін игеруінен көрінеді. А.Сәтбекованың тұжырымынша, «әлеуметтік-мәдени құзіреттілік – жаңа заман сұранымына сай, адами болмысты жетілдіру, мәдени әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстар нәтижесінде қол жеткізілетін ерекше құзіреттілік. Онда елжандылық рух қалыптастыру, өз елін сүйуге, мемлекеттік тіл иесі болып отырған халықты құрметтеуге үйрету мақсаты көзделеді» [64]. Бұл тұжырым жеткіншектің елжандылық рухын қалыптастыратын тәрбиелік сипаты айқын тапсырмалар арқылы мотивтерді күшейтудің, креативті ойлауға үйретудің тиімділігін көрсетеді.

Ғалым-әдіскер Ә.Әлметова лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік ерекше мәнге ие болатынын айтады. Ғалым оны қалыптастырудың шешуші факторы ретінде үш бағытты көрсетеді:

1) Лингвокултуремаларды жеке тұлғаның түсініп қолдануынан бастап әлеуметтік маңызы бар мәселе ретіндегі лингвомәдениеттанулық құзіреттілікке қол жеткізу немесе айтушы мен тыңдаушыда лингвомәдениеттанулық білімнің толық көрінуі.

2) Жекелеген лингвокултуремаларды жаттап алу арқылы емес, оның құрылымын интерпретациялауға жүйелі функционалды тұрғыдан келуі.

3) Лингвомәдениеттанулық ұғымдарға танымдық тұрғыдан талдау жасай алуы» [65].

Ал, креативтілікті дамытуда шешуші мәнге ие ақпараттық құзіреттілік түрлі дереккөздермен (кітап, оқулық, карта, энциклопедия, сөздік, интернет және т.б.) жұмыс істеп, қажетті мәліметтерді іріктеп алуынан; ақпаратты өз бетінше іздеп, талдап, іріктеп, өңдеп, жүйелеп, сақтап, басқаға жеткізуінен; мәліметтердегі негізгі және қосалқы ақпаратты анықтауынан; бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәліметтерді саналы түрде ой елегінен өткізіп, пайдалана алуынан; түрлі техникалық құралдар мен жабдықтармен (компьютер, принтер, интерактивті тақта, магнитофон, телефон, факс, модем және т.б.)

жұмыс істей алуынан; оқу тапсырмаларын шешуге қажетті ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануынан көрінеді.

Р.С.Исмагулова құзіреттілік туралы пікірлерге тоқтала келіп, коммуникативтік құзіреттілікке коммуникативтік икемділік, яғни түсіне білу, оны жеткізе білу (белгілі бір сферада, тақырыпта, ситуацияда); ауызша және жазбаша түрде байланыс жасай білу, түрлі көлемдегі мәліметтерді хабарлай білу, мәнді-мағыналы, жүйелі жауап қайтара білу, ойын жеткізе білу, мағлұмат ала білу, қатынас жасаушының ойын түсіне білу; түрлі мәліметтерді дыбысталған немесе жазылған мәтіндерден әртүрлі тәсілдермен ала білуде қолдана білу және талдауды жатқызады [66].

Арнайы ұйымдастырылған эксперимент жұмыстарында жеткіншектің сауалнама, түйіндеме, хат, құттықтау хат, өтінішті және т.б. ауызша және жазбаша жеткізуінен; мәдениаралық, күнделікті қарым-қатынаста өзінің сыныбын, мектебін, елін түрлі жағдаяттарда таныстыруынан; түрлі сұхбаттарға қатысып, өзін дұрыс ұстай алуынан; сөйлеудің түрлеріне (монолог, диалог, полилог) қажетті лингвистикалық және тілдік құзіреттіліктері болуынан; топта, ұжымда бірігіп жұмыс істей алу қабілетінің болып, түрлі жағдаяттардан шығудың жолын білуінен; тілдесімде түрлі тарихи, мәдени, этикалық құндылықтарды ұтымды қолдануынан білім алушының коммуникативтік құзіреттілігінің деңгейі анықталды.

Әдіскер Р.С.Рахметова қатысымдық құзіреттілікке жан-жақты талдау жасай келіп, креативтілікті білім алушының көшбасшылық-ұйымдастырушылық қабілетімен байланыстырады. Әдіскер білім алушының ұйымдастырушылық қабілеті оның қатысымдық іскерлігі арқылы қалыптасатынын дәйектеп, оған «өз пікірін, құқығын қарым-қатынасты бұзбай қорғауын; жаңа идея және жоспар арқылы іс-әрекетке ынталандыра білуін; дұрыс сұрақтар қоя білу және әңгімелесушінің эмоционалды және интеллектуалды деңгейін анықтауын; екіжақты коммуникация бағытын құра білуін; өзге адамдарды дұрыс сынап білу мен қолдауын; келіссөз жүргізе білу іскерлігін; аудиторияның қызығушылығын анықтай алуын; тыңдаушыны сендіре білу және шешендік дағдыларға ие болуын; қиын сұрақтарға дәлелді түрде жауап беріп, келіспеушілікті жеңе алуын; пікірталасты мәдени түрде жүргізе білуін; талдай алу, ұсыну, жүргізе білу іскерлігін; «қиын» топ мүшесімен қарым-қатынас кезінде әңгімелесуді ұтымды жүргізуін; тыңдаушымен жағымды қарым-қатынас орнатып, кеңес бере білуін» жатқызады [67]. Әдіскер-ғалымдар оқушының құзіреттіліктерін кешенді қалыптастыруға айрықша мән беру керектігін айта келіп, оқушы түрлі тапсырмаларды орындау арқылы «жекелеген сөздердің ғана емес, алуан түрлі стильдерде берілген мәтіндердің, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің астарындағы ойды аршуға талпыныс жасайды. Олар сол сөздің мағынасын ғана емес, оның тәрбиелік қуатын таниды, ұсынылып отырған тапсырмаға орай өз қажетіне жаратады, пайдаланады. Өзгелермен пікірлесу, пікірталастыру барысында алған білімі мен дағдысын құрал етіп жұмсауға төселеді. Сөздің

мағынасын түсіну қабілеті енді өз пікірін дәйектеу, дәлелдеу, тұжырымдау мақсаттарына қызмет ететін болады», - деп қорытады [67,б. 210].

Осындай ғылыми тұжырымдар ақын меңзеген адамның сөз шеберлігін жаңа заман талабына сай дамытуда оқу мотивтерін қалыптастыру, оқушы игеруі тиіс кешенді күзиреттіліктермен сабақтастыра жүргізу арқылы тұлғаның креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын жетілдіруге болатынын бекіте түсті.

Ақын өлеңінің келесі шумағында жеткіншектерді креативтілікке үйретудің, сол арқылы сөз шеберлігіне төселдірудің тағы бір психологиялық шарты көрсетілген. Ол – «Мен» концепциясының аясында адамның өзіндік көзқарасының, тиянақты пікірінің болуы.

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды —
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз,- дейді ақын.

Ойшыл атап көрсеткен келісімпаздық, көнгіштік – даралық қасиеттерді сақтауға кері әсер ететін факторлар. Ол, көбінде, тек білімнің таяздығынан емес, адамның жеке көзқарасының дұрыс қалыптаспауының салдарынан болатын психикалық әлсіздік. Абай кердеңдік пен надандықтың белгісі санайтын көнбістікті қайрат пен жігердің, көкіректе ой көзінің болмауының салдарынан деп санайды. Себебі өз сөзінде тұру, өз пікірін қорғау – батылдардың үлесіне тиесілі жақсы қасиет. Батылдық білімді адамда болады, өйткені білімі бар адам өзіне де, сөзіне де сенімді келетіні сөзсіз. Сол сенімділік креативтілікті қалыптастырудың ең басты алғышарты болып та саналады.

Креативтілік адамның жаңа идеяларды ойлап табуы, ерекше шешімдер қабылдауы мен қалыпты, таптаурын ойлау жүйесінен алшақтауы, бір сөзбен айтқанда шығармашылық іс-әрекетке бейімділігі оның бойында өзіне деген сенімін қалыптастыратыны сөзсіз. Сондықтан оқыту үдерісінде жеткіншектердің өзін-өзі бағалауына, тануына мүмкіндік беретін амал-тәсілдерді дамыту маңызды рөл атқарады.

Ішкі мүмкіндіктеріне қарай саралай келгенде, креативті тұлға қабілеттерінің ең түпкі негізінде адамның интеллектуалдық әлеуетіне қойылатын талаптар жатыр. Сөздікте: «интеллект – ақыл, зерде, ой өрісі, парасат» - деп анықтама беріледі [68,б. 124]. Осындағы төрт көрсеткіш те адамның ойлау, сөйлеу даралығымен сабақтасып, тұлғаның өзгеше пайымдау, жаңаша ойлау, тапқыр шешім жасау қабілеттерімен ұштасып жатыр. Нәтижесінде тұлғаның интеллектуалдық әлеуеті сол адамның саналы ойлау әрекеті арқылы өз мүмкіндігін жетілдіру, шыңдау арқылы пайда болатын қабілеті деп тұжырымдауға болады.

Білім алушылардың қоршаған әлем туралы жеке көзқарасы қалыптасқанда, өзіндік «Мені» оянып, өзін тұлға ретінде сезінді. Бұл олардың білімге деген құштарлығын, ниетін оятып, ең жоғарғы мотивацияның тууына ықпал етеді. Маслоу пирамидасындағы «өзін таныту қажеттілігі» мотивациясы [69] жүзеге асады. Адамның даму психологиясының барлық кезеңдерін зерделеген Грэйс Крайг та «жеткіншек жастағы балаларда даралану, ортадан бөлініп, өзін көрсетуге құмарлық басым болатынын» айтады [70]. Бірақ зерттеу тақырыбына сай білім алушылардың өзіндік дара болмысын сақтауға деген мүдделілігіне нұқсан келтірмей, жастыққа тән жігерлілігін жани отырып, олардың арасында түсіністіктің орнауына, өзара тіл табысуына қажетті жағдайлар тудырылды. Бұл олардың әлеуметтік ортада өз орнын көрсетуге деген ықыласын одан әрі арттыра түсті. Сөйтіп, жеткіншек жастағы оқушылармен жұмыс барысында креативтілік ойлау қабілетінің даралықты, ал тілдік қатынастың субъектаралық байланысты қажет ететінін ескеріп, оқыту үдерісінде дербестік пен ұжымдықтың үйлесімде қамтылуына көңіл бөлініп отырды.

Америкалық психолог-ғалым А.Х.Маслоу адамға тән қажеттілік иерархиясын анықтап, оларды физиологиялық, қауіпсіздік, әлеуметтік, абыройлық, рухани деп беске бөлгені баршаға белгілі. Оның ең жоғарғы нәтижесі – рухани қажеттілікті «өзін-өзі тану, өзін сипаттау, өз орнын табу» деп түсіндіреді. Оқыту үдерісінде шығармашылық сипаттағы жұмыстарды саралауда ғалым атап көрсеткен рухани мотивацияның орны ескеріліп отырды. Бұл талаптың орындалуы білім алушының өзін-өзі тануына, өзін көрсете білуіне, өз орнын табуына мүмкіндік берді, өзіндік «менін» оятуға, оның тұлға ретінде қалыптасуына жол ашты.

Креативтілікті қалыптастыра оқыту, сөз шеберлігін жетілдіру білім алушылардың жасырын әлеуетін сыртқа шығаруды мақсат етеді. Бұл «өзін-өзі танытуды» немесе рухани мотивацияны жүзеге асыруға, әрі психологиялық, әрі интеллектуалдық іс-әрекетті сабақтастыруды талап етеді. Оны жүзеге асырудың басты тетігі психология мен теорияның тоғысуынан көрініс табады. Дәлірек айтқанда, оқыту процесінде зейін, түйсіну, қабылдау, ес, ойлау деп аталатын жеткіншектердің ең жоғарғы танымдық (когнициялық) қасиеттеріне түрткі болатын білім мазмұны іріктеліп және олардың сыртқа шығуына мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер қолданылуы керектігі өзектеніп түседі.

Интеллект мәселесін арнайы зерделеген ғалымдардың бірі С.Сәрсенов интеллектуалдық әлеует ұғымына мынадай анықтама берген: «Интеллектуалдық әлеует – қоғамдағы сұраныс үдесінен шығуға даяр әлеуметтік субъектінің уақыт пен орта алға тартқан міндеттерден, қиыншылықтардан, ұсыныс пен қажеттіліктен биік тұрып, ілгерілеу динамикасы мен заңдылығына кіріге, бейімделе алу, соны өз мүддесіне, ел мүддесіне жегу арқылы бойындағы қабілеті мен мүмкіндігін ашу өресі» [71]. Осы анықтамадағы әлеуметтік субъектінің өзі өмір сүріп отырған ортадағы қоғамдық талаптардан биік тұруы мен өзінің бойындағы қабілет пен мүмкіндіктерін дамытуға бейім болуы тұлғаның креативті болуының да басты шарты деп қарауға болады. Креативтілікті зерттеуге байланысты теориялық

және практикалық тұрғыдан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізген материалдардың көптігіне қарамастан, осы уақытқа дейін оның көпшілік қабылдаған нақты анықтамасының болмауының себебі жеткілікті. Соның бірі адам бойындағы өзгеше ойлау, дара жол табу, оны өзгелермен тілдік қатынаста орынды қолдана білу секілді көшбасшылыққа тән, креативтілікке барабар қасиетті танудың күрделілігінде жатыр.

Зерттеушілер білім алушының шығармашылық қабілетін сабақ үрдісінде түрлі тапсырмалар беру арқылы дамытып, оның креативті ойлауын жетілдіруге болады деген қағиданы жиі ұстанады. Оған ең алдымен, білім алушының ортасының әсер ететінін дәйек етеді. Шын мәнінде, оқушыны орта тәрбиелейді. Бала айналасындағы басқа балалардың іс-әрекетін көру арқылы өзі де солар тәрізді жұмыс істеуге талпынады. Қазіргі әлеуметтік жағдайлар, түрлі экономикалық өзгерістер, мәдениаралық коммуникацияның дамуы, мәдени ортадағы құндылықтардың өзгеруі – бәрі білімалушының дамуына әсер етпей қоймайды. Кей жағдайда өмірдің өзі баладан тіпті қарапайым формада болса да креативтілікті талап етеді. Тез шешім қабылдай алу, өз ойын жедел жүзеге асыру баланың әлеуметтенуіне игі әсер етеді. Себебі қазіргі таңда ақша адам өмірінде бірінші құндылыққа айналғаны жасырын емес. Жеткіншектер арасында іске асырылып жатқан түрлі стартап жобалар – осының дәлелі. Ғалымдар стартап жобаны «жастар ойлап тапқан шикі идея, тек соны іске асырудың жолдарын жақсы игеру керек» деп санайды. Әлемде осы стартап жобалар арқылы өмірге келіп, қазір үлкен табыс көзіне айналып отырған әлеуметтік желілер (Facebook, Википедия, YouTube, Flickr, Twitter) экономиканың дамуына, ал оны ойлап тапқандар үшін табыстың көзіне айналып отырғаны белгілі. Бұл оқушыны оның айналасында болып жатқан құбылыстарды бағамдап, өзіндік идея ұсынуға жетелейді. Әдетте, стартап жобалар интернет арқылы дамып, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар көмегімен іске асырылады.

Қазіргі таңда тұлғаның интеллектуалдық белсенділігін, креативтілік шеберлігін шыңдауда кешенді ойлай білудің (масштабность) өзектілігіне баса назар аударылуда. Міне осы жаңашыл талап тұрғысынан Жамбыл өлеңдерін әдебиет пен физика пәндері сабақтастығында, дуэт сабақ үлгісінде оқытудың тиімділігі даусыз. Бұл пайымдауымыздың да негізсіз емес екендігін бірқатар мысалдар келтіре отырып дәлелдей аламыз. «Москва – менің қамалым» атты өлеңінде:

Көкті *бұлт* торласа,
Көктен нөсер төкпес пе?
Торлаған *бұлтты найзағай*
Сорғалай тіліп сөкпес пе?
Төгілген нөсер толастап,
Өткінші болып өтпес пе?
Жел аңқылдап, күн шықса,
Қара *бұлт* көшіп кетпес пе?
Қастасқан жаудың түбіне

Қаһарлы халық жетпес пе? - деген өлең жолдарындағы ойға ілмек ретінде үстін үстін қайталанып келіп отырған «бұлт» пен «найзағай» түріндегі сөз образдарының астарлы мағынасына герменевтикалық әдіс тұрғысынан ой жүгіртіп, шығарманың поэтикалық көркемдігі мен мағыналық тереңдігін аңғаруға болады. Ал келесі шумақта су мен будың арақатынасы негізгі орында қолданылады. Енді сол бу мен бұлттың қалай пайда болатындығы, көк жүзін бұлт құрсаған шақтағы найзағайдың от ойнатуына байланысты «Жылулық құбылыс», «Табиғаттағы жылулық құбылыс», «Заттың агрегаттық күйлері» тақырыптары аясындағы физикалық заңдылықтар желісінде ізденісті одан әрі ширата түсудің ойлаудағы дағдыны дамытуға әсері игі. Бұл жерде студенттер су текті бола тұрғанмен, табиғаттағы қозғалыстың әсерінен өзге күйге енетін будың өзіндік белгілері мен оның түзілу жолдарына физикалық заңдылықтар тұрғысынан ой жүгіртеді. Заттың бір күйден екінші күйге өзгеруі, яғни заттың агрегаттық күйіне қатысты ой жарысы, будың, яғни газ молекулалары мен су молекулаларының арасындағы жылдамдыққа байланысты алшақтыққа төңірегінде ой сабақтаумен жалғастырылады [72].

Адам өміріндегі басты екі әрекет – ойлау және сөйлеу дихотомиясын бір арнада тоғыстырып, өзара байланыста дамыту білім алушының тілдік тұлғасын қалыптастырып, болашақ үлкен өмірге дайындаудың басты шарты болады. Тілдік тұлғаны болашақ өміріндегі тілдік қарым-қатынасқа жан-жақты дайындаудың маңыздылығын ғалым С.Г.Тер-Минасова былай деп атап көрсетеді: «Тіл – тұлғаны қалыптастырушы қару әрі құрал. ...Осы бір баға жетпес байлыққа ие бола отырып, алып әлемді өз дүниетанымына сіңіріп, адам ең басты мәселе – өзге жандармен қарым-қатынасқа, коммуникацияға түседі. Өйткені адам әлеуметтік құбылыс және көпшілік арасында өмір сүреді. Алып әрі шағын әлемдегі бүгінгі және болашақ өміріміз – қаншалықты дұрыс, тиімді әрі жақсы қарым-қатынас жасай алатындығымызға тікелей тәуелді» [12,б. 317]. Олай болса, өзінің ерекше, ұтқыр, тапқыр, жасампаз ойларымен, көркем, бай, терең мазмұнды тілімен тілдік қатынасқа түсе алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің міндеті. Өзі креативті ойлайтын дарынды ұстаз, көркем тіл байлығының иесі ғана оқушыларын шығармашылық әрекетке, ерікті ойлауға, шебер сөйлеуге тәрбиелей алады. Педагогикалық қызмет ең бір динамикалық, тіпті оқыту мазмұны өзгеріссіз болса да, оқу үдерісіндегі әрбір сәт қайталанбас, ерекше. «Сабаққа бей-жай кірмей, бірден елең еткізе кіріп келіп», әрбір сәтті білім алушының есінде қалатындай әсерлі, жанды, қызықты етіп ұйымдастыру, эмоционалды атмосфера жасау арқылы, креативті ойлауға, еркін тілдік қарым-қатынасқа жағдай қолайлы жағдай туғызу өз ісіне берілген, жаңалықтарға жаны ашық, инноватор мұғалімнің ғана қолынан келеді.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанда мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылып, өткізіле бастаған стартап жобалар бәйгесі олардың креативтілігін дамытуға әсер ететіні сөзсіз. Тек мұндай жарыстарды жүйелі өткізу жолға қойылуы керек. Сонымен қатар, стартап жоба жасаушылардың өз өнертабысын өтімді ете алуы үшін креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас

дағдыларын жетілдірудің маңызын нақты практикалық тұрғыдан түсінуіне мүмкіндік молаяды. Сондықтан эксперимент барысында рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, баспасөз конференцияларын ұйымдастырып, оқушылардың тілдік қатынас дағдыларын дамытуға көңіл бөлініп отырды. Креативтілікті білімалушының шығармашылығымен сабақтастықта қарап, оны оқу үрдісінде жүйелі түрде іске асырып, дамытудың жолдарын қарастыру зерттеу барысындағы практикалық жұмыстардың басты бағыты ретінде белгіленді.

Аулаққа шықпай,
Сыбырлап бұқпай,
Мейірленбес еш сөзге.
Пайдасыз тақыл —
Байлаусыз ақыл,
Атадан бала ойы өзге.
Санасыз, ойсыз, жарым ес,
Өз ойында ар емес.
Сүйеніп күлкі тоқтыққа,

Тартыпты өнер жоқтыққа,-деп қорытындыланатын Ұлы ақынның «Сегіз аяқ» өлеңінде сөйлеу шеберлігіне жеткізетін тағы бір психологиялық шарт – адамның өз сөзіне деген жауапкершілігін қалыптастыратын, сөз қадірін білуден, сол арқылы өз қадірі артатынын түйсінуден туатын өзгеше психикалық күйге бөлену, сөзге мейірлену. Осы тұста айта кететін жайт: данышпан бүкіл шығармашылығында Адамның харекетіне ерекше көңіл аударады. Ақынның пайымдауынша, өлеңге арқау болып отырған сөз сөйлеу де – адамға ғана бұйырған ерекше әрекет. Олай болса, әрекеттің нәтижесі сөз иесінің оған деген махаббаты мен мейіріміне тәуелді. Әуел бастан Сөзге ерекше ден қойған, өз әрекетінің мәнін парықтай алған адам оны жеткізудің ең тиімді деген амал-тәсілдерін табуға мүдделі болатыны сөзсіз. Оқушыларды креативті ойлау арқылы тілдік қатынасқа үйренуге мотивация тудыру үшін Сөздің, Тілдің адам өміріндегі орны мен мәні туралы білім беру көзделіп отырды. Бұл бағытта қазақ даналарының, ақын-жыраулардың сөзге қатысты ой-тұжырымдары оқу мәтіндері түрінде ұсынылды, осы тақырыпта эссе жазу үшін өзіндік ізденіс тапсырмалары берілді. Бұл оқушылардың тіл туралы дүниетанымын кеңейтумен қатар, мотивациясын, сөзге деген саналы қатынасын тудыруға оң ықпал етті. Оны эксперимент сыныптары мен бақылау сыныптарының білім деңгейін, тапсырмаларды орындау бойынша сапалық және сандық көрсеткіштердің талдаулары айқын көрсетті. Нәтижесінде білім мен ізденіс қана жаңа да тосын ой тудыруға игі ықпалын тигізетінін, құрғақ сөз, дәлелсіз пікір, дәйексіз байлам үстірттіктен туатынын да саналы түсінетін болады. «Шалқыған ойы жоқ адамның лепірме сөзге үйір келуінің» (Ларошфуко) де басты себебі білімсіздіктен, ізденістің жоқтығынан екенін сезіндіретін тапсырмалар орындатылды.

Қорыта айтқанда, жеткіншектерге тілді оқыту үдерісінде креативті ойлау мен шығармашылық сипаттағы тілдік қатынасты сабақтастырудың өзіндік артықшылықтары бар. Себебі «креативтілік субъективті-маңызды

жаңашылдықты сипаттаса, шығармашылық – креативтілікті біріктіретін әлеуметтік-мәдени жаңашылдықты қамтиды. Яғни креативтілік шығармашыл тұлғаның дамуындағы ең жоғары баспалдақ болса, шығармашылық тұлғаны өз ортасынан даралап, аса жоғары тұлғалық деңгейге көтереді» [73]. Тілдің өзі – танымның механизмін реттеп отыратын ерекше құбылыс. Сондықтан әрбір тілдік бірліктерге танымдық талдау жасау арқылы білім алушының креативті ойлауын да, сауатты тілдік қарым-қатынасқа түсуін де қамтамасыз етуге болады. Креативтілік те, тіл де – адам санасындағы, ойлауындағы, өзіндік шешіміндегі даралықты қалыптастыратын тегеурінді күш. Сондықтан ол жеке адамның табиғатынан, болмысынан, қабілеті мен қасиетінен тыс қаралмайды. Ал, істегі даралық ойдағы даралықты, ойдағы даралық сөздегі, қарым-қатынастағы, тілдік қатысымдағы даралықты туғызады. Олай болса, зерттеу нысанына алынып отырған оқушыны креативті тілдік қатынас жасауға үйрету мәселесі де әлеуметтік және психологиялық аспектіден тыс қаралмайды деген сөз.

Тілдің, қоғамдық сананың, болмыс пен танымның негізгі ұстанымдары жайлы, адамның дүниеге көзқарасы мен оны жеткізу жолдары туралы мәселелерді зерделейтін ғылымның басты қағидалары адамның ойлаумен, тілдік қатынас құрудың жалпы заңдарымен байланыста қарастырылды. Әлемдік білім кеңістігіне енген отандық білім беру жүйесін жетілдіруді көздейтін жаңа дәуірдегі жаңа міндеттерді жүзеге асыруда оқытудың жаңа парадигмаларына сай әлеуметтану мен психология ғылымындағы іргелі тұжырымдарды ескерудің қажеттігі арта түсті. Себебі тұлғаның креативтілік ойлауының дамуына, сол арқылы коммуникативтік құзіреттіліктерінің қалыптасуына оның жеке басына тән ерекшеліктері ықпал ететіні сөзсіз. Оқыту үдерісін жеке тұлға бағдарлау да бұл мәселеде басты рөл атқарады. Мұғалім тілдік қатынасты меңгерту арқылы білім алушының креативті ойлауын дамытуда, ең алдымен, оның жеке қасиеттеріне, білімінің тереңдігіне, тез әрі жылдам ойлап, идея ұсына алу қабілеттеріне мән береді. Жеке тұлғаға бағдарлап оқытуда білім алушының ойлау қабілетін, сөйлеу, пайымдау әрекеттерін жетілдіру арқылы оның өмірден өз орнын табуына көмектесу басты назарда болады. Ол үшін мұғалім әр білім алушының бойындағы бейімділік пен қабілетті дер кезінде байқап, оны түрлі шығармашылық жұмыстар жасату арқылы жетілдіріп отырса, түпкі нәтижесі де айқын көрінеді. «Креативтілік – тұлғалық категория, мінез-құлық ерекшелігі» деген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, білім алушының белсенділігі мейлі ол танымдық не тілдік немесе жеке тұлғалық болсын, бәрібір, білім алушының креативті ойлауы мен сөз шеберлігін дамытуға көп септігін тигізетіні сөзсіз [74].

1.3 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық шарттары мен ұстанымдары

Заманауи білім беру жүйесін жаңартуға антропоэзектік парадигма негіз болып отыр. Оның жүзеге асырылуы өмір бойы білім алу трендінің маңызын терең түсінуге жол ашты. Бұл білімнің сапалық мәнін өзгертті: оқушының

деңгейі білім қорымен емес, оның өмірлік дағдыларды меңгеруімен, күзiретiлiктерiмен өлшене бастады. Меңгерiлетiн бiлiмнiң құндылықтық сипаты қоршаған бiлiм алушының табиғатқа, әлеуметтiк ортаға, сонымен қатар өзiне қатынасы бойынша айқындалады. Осы мақсатты көздей отырып ұйымдастырылатын педагогикалық үдерiсте тұлғаның, яғни мектеп тұлғаның «Мен» концепциясы тұрғысынан аксиологиялық, әлеуметтiк, қоғамдық, саяси, экономикалық, құқықтық, экологиялық және т.б. дүниетанымының қалыптасуына, сонымен қатар, оның эмоционалды интеллектiсi мен рухани-адамгершiлiк қасиеттерiнiң дамытылуына мүмкiндiк берiледi. Е.Е.Щербакова педагогикалық парадигманың үш түрiн бөлiп көрсетедi. «Олар: елiктеуге негiзделген табиғи педагогикалық парадигма, тәрбиелеу мен бiлiм беру өлшемдерiне қойылған жалпы қабылданған талаптарды қабылдай отырып жүзеге асатын репродуктивтi педагогикалық парадигма және iзгiлiк өлшемдерi бойынша бiлiм беру модельдерiн қайта қарастыру арқылы жаңашылдыққа ұмтылатын креативтi педагогикалық парадигма» [75]. Соңғы педагогикалық парадигма бойынша бiлiм алушылардың санасында ғалам мен адамзат бiртұтас деп танылып, оған деген гуманистiк қатынасының қалыптасуы маңызды. Соның басты бiр бағыты тұлғаның тiлдiк қатынас мәдениетiн жетiлдiре оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Тiлдiк қатынастағы өзектi мәселенiң бiрi – креативтi ойлауды дамыту арқылы тұлғаның рационалды және эмоционалды интеллектiсiн қалыптастыра оқыту. Рационалдылық оқушының логикалық ойлауы мен зерделiлiк қабiлеттерiн дамытумен, ал эмоционалдылық оқушы бойындағы сезiмталдық қабiлетпен тiкелей байланысты. Оқу үдерiсiнде субъектiлердiң өзара қатысым мәдениетiн қалыптастырудан бастау алатын «жұмсақ» дағдылар өркениеттi елдер тәжрибесiнде кең өрiстеп отыр. Себебi тiлдiң адам өмiрiндегi басты рөлi оның әлеуметтенуiнiң құралы болу қызметiмен шектесiп жатыр. Сондықтан зерттеу жұмысының педагогикалық-әдiснамалық негiздерiн зерделеуде осы бағыттағы отандық және әлемдiк бiлiм кеңiстiгiндегi жаңа трендтердi саралау мақсаты қойылды. Жак Делор айқындаған жаңа тренд – «бiлiм алушылар бойындағы жасырылған қабiлет қазынасын ашу» аясындағы төрт таған: «тануға үйрену», «әрекет етуге үйрену», «әлеуметтенуге үйрену», «өмiр сүруге үйрену» - барлығы да зерттеу тақырыбының педагогикалық-әдiснамалық негiзiне арқау етiп алынды. Өйткенi бұлардың қай-қайсысы да ойлаусыз, тiлдiк қатынассыз жүзеге аспақ емес. Соңғы жылдары тренд деп аталып жүрген бағыттардың барлығын да осы төрт тағанның айналасына толық шоғырландыруға болады.

Әлемдiк бiлiм жүйесiндегi жаңалықтарды саралап, сараптап, таратып отыру мақсатында Ұлыбританияның Ашық университетi Бiлiм беру технологиялары институтының ғалымдары мен Пекиндегi Онлайн-бiлiм институтының Жасанды интеллект және адам тiлдерi лабораториясының зерттеушiлерiнiң бiрлескен жобалары негiзiнде жыл сайын Innovative Pedagogy саласында зерттеу нәтижелерi жарияланып отырады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша олар «әлемдiк бiлiм кеңiстiгiнде өзгерiстер жасауға ықпал етiп отырған 10 негiзгi трендтi» анықтады [73].

Олардың ішінде зерттеу тақырыбына қатысты деп іріктеліп алынғандары:

1. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін білім алушының көңіл-күйіне жағымды әсер ету. Сабақтың позитивті болуы, эмоциялық әсерлілігі оқушының білімді жылдам әрі сапалы меңгеруіне ықпал етеді. «Оқытудың ең әсерлі сәттеріне» қатысты талдау жасайтын педагогтер мен білім беру дизайнерлері әртүрлі пәндерді меңгерудің ең тиімді жолдарын анықтай алады. Жалпы педагогика заңы бойынша оқыту, үйрету жағымды жағдайда өтуі тиістілігі туралы тұжырымдар антикалық дәуір ойшылдарының еңбектерінде де, отандық педагогтер мен дидактардың зерттеулерінде де ежелден-ақ айтылып келеді. Біздің пайымдауымызша, бұл жердегі ең маңызды мәселе: сабақтың позитивтілігін қалыптастырудың жолдарын кешенді түрде жүзеге асыру болып саналады. Онда сабақтың позитивтілігін арттыруда білім мазмұнының оқушыға түсініктілігі, танымдық жағынан ойлауға жетелей алуы, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуі, практикалық тұрғыдан оның ішкі мүддесімен сәйкес келуі, формалық тұрғыда оқушының өз сыныптастарымен интерактивті байланысты нығайтуы, бір-біріне деген сыйласымдылықты қалыптастыруға бағытталуы маңызды деп санаймыз. Осы мәселелер бірінен-бірі туындап, оқыту үдерісі Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген «білім баланың өзіне де, мемлекетке де пайдалы болуы тиіс» деген қағидасына сай кешенді сипатта ұйымдастырылуы қажет [3,б. 59]. Зерттеу тақырыбына алынып отырған креативті ойлау мен тілдік қатынас мәдениетін меңгеруді де табиғи жолмен осы кешенділік тұрғысында жүргізу тиімді болмақ. Зерттеу барысында оған мүмкіндік беретін педагогикалық шарттар анықталып, әр тапсырмадан күтілетін нәтижелер нақтыланды.

2. Ықылас таныту – педагогикалық тәсіл. Бұл оқушылардың құрдастарымен және мұғаліммен қатынасын жақсартады, өзінің ортасындағы рөлін дұрыс бағамдауына, білімге шынайы қызығуына әсер етеді, сыныпта жағымды атмосфера қалыптастыруға ерекше ықпал етеді. Мұғалімнің тұлғалық мәдениетінің көрсеткіштерінің бірі оқушыларымен педагогикалық ынтымақтастықты шынайы ететін харизмасы екені даусыз. Сабақтың нәтижелілігін қамтамасыз етуде «күш (power) пен жылылықтың (warmth) тұтастығынан тұратын мұғалім харизмасының рөлі қашан да жоғары» [76]. Оқушымен қатынаста оны тең тұта сөйлесу, орайын келтіріп, ортақ мәселелерді ақылдасу, жоба жұмыстарын бірге жоспарлау ісін сенімді жүргізе алатын мұғалімнің харизмасы күшейе түсетіні сөзсіз. Қолындағы бағалау, тапсырмалардың орындалуын талап ету секілді билікті ашық көрсетпей, білім алушылармен жайдары, ашық, таза ниетпен қарым-қатынас жасау шәкіртке ерекше әсер етеді. Ең бастысы – сол қатынастың шынайы болуы, баланы өзіне сендіруі. Оқыту үдерісінің маңызын философиялық-педагогикалық тұрғыда жіті қарастырған ғалым Алма Қыраубайқызының: «Сабақ – ұстаз бен шәкірттің адами қарым-қатынасы» -деген пікірі мұғалімнің шәкіртіне ықылас танытуы табиғи талап екенін бекіте түседі [77].

Шындығында да, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын жетілдіру үшін оқушының бойындағы интеллектуалдық ресурстарды анықтау оңай емес. Бұл

үдерісте білім алушының ішкі сезімдерінде болып жатқан елеусіз өзгерістердің өзін байқау мұғалімнен ерекше сезімталдықты талап етеді. Мұғалімнің басты міндеті «жеткізу», «түсіндіру», және «көрсету» емес, алдында пайда болған тапсырманың шешімін бірлесе іздеуді ұйымдастыру болып табылады [78]. Осы әрекеті арқылы мұғалім оқушының дамуына сүйене отырып әрекет ететін зерттеушілік қызметін де мүлтіксіз атқаратыны сөзсіз. «Мұғалімнің фасилитаторлық қызметі оның эмпатиясы мен шынайылығына негізделген, оқушылар тарапынан жағымды қабылданған «мұғалім – оқушы» қатынасының сапасынан айқын көрінеді. «Фасилитация» және «фасилитатор» ұғымдары ағылшын тілінен аударғанда *fasilitate* – «жеңілдету, көмектесу, демеу» дегенді білдіреді. Оқушыны қабылдай алу – балаға толық сенім білдіру мен оның адами мүмкіндіктеріне үміт арту. «Эмпатиялық түсінік мұғалімнің бала әрекетіндегі реакцияны байқау, сезіну қабілеті мен оқудың әрбір бала үшін маңызын бағалауынан тұрады. Жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырыла бастаған оқытудың жаңа педагогикалық парадигмасы негізінде туған осы жаңа педагогикалық ұғым сабақ үстіндегі Субъект – Субъект қатынасының шынайы түрде жүзеге асуының негізі саналады. Бұл процестегі педагогтің міндеті – оқушының білімді өздігінен меңгеруіне, оның жеке бас қабілеттерінің дамуына қажетті алғышартты қалыптастыру» [79]. Мұғалімнің мұндай қабілеттерге ие болуы үшін оған базалық жоғары біліммен бірге өзін-өзі жетілдіруге деген мотивация, «өмір бойы оқуға» құлшыныс, шығармашылық ізденіс, креативтілік пен сөз шеберлігі қажет. Ол ішкі мәдениеті жоғары, қажет жерінде қатал, қажет жерінде әзілге бейім, әділ, адал, демократияшыл педагогтің қолынан келеді. Табиғи мінез мұғалімді даралай түседі. Сондықтан да болса керек, Ұлы Ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Мұғалім – мектептің жүрегі» - дейді [80]. Сол жүректен мейірім күтетін бала бағбанның қолындағы жеміс ағашы секілді. Бабы келіссе, ашылмайтын қабілет жоқ, танылмайтын дарын жоқ. Бұл, әсіресе, өзін ересек сезінетін, өзіндік «Мені» қалыптаса бастаған жеткіншектер үшін аса маңызды. Олар мұғалімнен мадақты емес, ісіне лайық марапатты күтеді.

Эксперимент барысында мұғалімдерге бұл бағытта арнайы әңгіме өткізілді. Олардан ұсынылған тапсырмаларды орындату кезінде оқушылардың өз шешіміне ерекше мән беруіне, қарым-қатынас үстінде өзін-өзі шыңдауына мүдделілік таныту қажеттігі ескертілді. Жалпы пәннен сабақ беретін педагог маманның кәсіби ойлау мүмкіндігі заманауи талаптармен сәйкес болуы үшін бүгінгі уақытта кең қолданысқа еніп отырған креативті тұлға деген ұғымға байланысты креативтілік, креативті ойлау және креативті педагогика туралы түсінік бере кеткен жөн деп саналды. Ол үшін пән мұғалімдеріне эксперимент жүргізудің нақты мақсаты мен нәтижесін айқан түсінуі үшін креативтілік ұғымына қатысты тұжырымдар кесте түрінде ұсынылды (кесте 1). Бұл мұғалімдердің қызығушылығын тудырды. Әрі білімдік, әрі танымдық сипаттағы әңгімелесу барысында мұғалімдер кестедегі негізгі тірек ұғымдардың мағынасын талдап, оларға қатысты өз ойларымен бөлісті.

Кесте 1

№	«Креативтілік» ұғымының сипаттамасы
1	«Креативтілік» (creatio) латын тілінен тікелей аудармасы – жасап шығару; жасырын күш; жасап шығаруға қабілеттілік. Кретивтілік – өнімді әрекет етуге дайын болу, жаңалық ашуға дайындығын көрсететін индивидтің тұлғалық сапасы. Индивидтің жоғары нәтижелерге жетуге деген тұрақты мотивтерінің болуы [81,с. 152]
2	Креативтілік:шығармашылыққа қабілеттілік, жаңаша ойлау; тұлғаны сипаттайтын шығармашылық қабілеттердің деңгейі; адамның қалыптан тыс ойлауы; индивидтің жаңа идеяларды ашуға қабілеттілігі; шығармашылық, дарындылық деңгейі; тез арада тапқыр шешім қабылдай алу; интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейі;жаңаны қабылдай, түсіне алуға қабілеттілік; қалыптан тыс жағдаяттарды шеше алу [82,с. 78]
3	Креативтілік –шығармашылық, жаңаны ашу, қалыптан тыс ойлау, тапқыр шешімдерді туғызуға қабілеттілік анықтайтын тұлғаның дара, тұрақты кіріктірілген сапасы [83,с. 79]
4	Креативтілік – Creatio – ойлап табу, жасап шығару. Ойлап табу қабілеттілігі, проблема мен жағдаятты жаңа өзгеше көзқараспен қарайтын шығармашылық қабілет. [84,с. 256]

Креативтіліктің кейбір анықтамалары іс-әрекет нәтижесі мен өнім ұғымында жүйеленсе, кейбіреулері тұлғалық құрал үдерісінің ұғымында жүйеленеді. Тағы бір автор креативтілікті сирек кездесетін қабілеттің арнайы түрімен, екіншісі, барлық дені сау тұлғалардың белгілі бір деңгейде иемденетін жалпы креативті қабілеттілігін назарға алады [85]. Біз жоғарыда кестеде көрсетілген анықтамаларға сүйене отырып, «креативті тұлға деген кім?» - деген сауалға жауап беруге тырыстыстық. Креативті тұлға – Ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген және сауатты сөйлей алатын, ойлауы мен сөйлеуі жоғары деңгейде көрініс беретін кез келген жағдайдан тың мәлімет таба алатын тілдік қатынас мәдениеті дамыған шығармашыл тұлға.

Мұғалімдер өз байламдарын ортаға салып, талқылау жұмыстары жүргізілді. Бұл қалыптастырушы эксперимент кезінде мұғалімнің оқушыларға берілетін оқу материалдарының мәнін терең ұғынуға ықпал етті.

В.Оклендердің: «Жалпы өз ісін сүйетін нағыз педагогтердің бәріне ортақ қасиет – олардың оқыту процесінде шәкіртті субъект деп бағалай отырып, олардың шығармашылық қабілетін шыңдауды өзінің кәсіби парызы санайтындығында», - деген пікірі осы байламдармен сай келеді [86].

3. Ғылыми деректерге негізделген педагогика. Ғылыми зерттеулерге арқа сүйеген мұғалімдердің сабақтарының тиімділігі артады. Мәселен, үй тапсырмасын берудің өзгерген талаптарын білген мұғалім өзінің оқыту әдісін басқаша құра бастайды. Ол тапсырмасының көлемін азайтып беру керегін және ол жұмысты оқушыны жазалау үшін емес, өтілген тақырыпқа жылдам кері байланыс жасау қабілеттерін дамыту үшін қолданады. Оқушы тарапынан өзіне сенімділік тудыру үшін мұғалім де олардың сұрақтарына жылдам жауап қайтару маңызды екенін түсініп жұмыс істейтін болады. Бұл бағыттағы жұмыстарда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану шеберлігі

үлкен рөл атқарады. Кешегідей тосыннан келген пандемия сынағы мектеп мұғалімдері мен оқушыларға өте үлкен сын болды. Оған оқу ісіне кедергі келтіретін қаржылық-әлеуметтік қиындықтарды айтпағанда, технологияларды оқу үдерісінде сауатты қолдана білу де көп түсініспеушіліктің тууына әкелді.

4. Хип-хоп арқылы мәдени-мәнді оқыту. Хип-хоп (ННВЕ) негізінде оқытудың педагогикалық тиімділігі сол: оны мектепте де, мектептен тыс жерлерде де қолдануға болады. Себебі бұл дұрыс қолданылған жағдайда оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, сондай-ақ, пәнге қызығушылық тудыруға ықпал етеді. Хип-хоп біздің мәдениетімізге тән емес десек те, бүгінгі жастар үшін оны өз бетінше іздендірудің бір тосын тәсілі ретінде қолдануға болады. Мұндай тапсырмалар жеткіншектердің танымдық қызығушылығын арттырды.

Қайта өрлеу дәуірінің ұлы ойшылы, ХҮІ ғасырда өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтень: «Тәрбиеші баланы бастан-ақ оның бойындағы қабілеттерді еркін көрсете білуін, түрлі заттардың дәмі мен олардың ерекшеліктерін ажыратуда өз бетінше әрекет етуін, кейде оған жол көрсетіп, кейде, керісінше, өзі іздеп отыруына мүмкіндік бергенін қалаймын,»-деп, ізденіс жұмыстарының субъектінің қалыптасуында үлкен рөл атқаратынын тұжырымдайды [87]. М. Монтеньнен кейін ізденімпаздық ұғымы мен ондағы мұғалімнің рөлі туралы идеяның маңыздылығын Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Пестолоцци және т.б. ізгілік педагогикасының негізін қалаушылар ары қарай жалғастырды. Ғалымдардың пікірі «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың теориялық негіздері» атты мақаламызда толық жазылды [88]. Ойлау да, сөйлеу де жеке адамға тән қасиет болғандықтан, оның өзіндік ой қорытуына және сол ойын шеберлікпен жеткізуіне мүмкіндік беретін тапсырмаларды барынша түрлендіріп, жеткіншектердің жасына, мүддесі мен сұранымына лайықтап беріп отыру көзделді.

Эксперимент барысында оқушылардың креативті ойлауын дамыту үшін және тілдік қатынас дағдыларын дамыту үшін хип-хоп (ННВЕ) жаңа бір тәсіл ретінде қолданылды. Ол, әрине, шектеулі түрде екі сабақта ғана қолданылды. Әйтсе де, формалық жаңалық болғандықтан да шығар, оқушылардың белсенділігін арттырғаны, ізденімдік сипаттағы оқу тапсырмасын орындауға қызығушылықтарының күрт өскені байқалды. Бұл жерде әнші Ерболат Құдайбергеновтің рептері күшті әсер берді. Оның орындауындағы «Мен – қазақпын», «Жігіттер» тәрізді ерекше жанрдағы стильді әндер ұсынылды. Мәтіні де маңызды, әні де жағымды бұл туындылармен жұмыс жүйелі жүргізілді. Оқушылар оны талдай отырып, негізгі идеяларды анықтады және оған еліктеп, өз тараптарынан туындаған жаңа идеяларды әуенді, ұйқасты сөзбен жеткізуге үйренді. Бұл олардың ойы мен сөз саптау амалдарын орынды және реп жанрына сай жинақтап, саралап қолдануға бағытталды. Бұл өз кезегінде оқушының креативті ойлауы мен сөз саптаудың ерекше тәсілдерін меңгеруіне оң ықпалын тигізетініне көз жеткізілді.

5. Сөз мәдениетіне байланысты аутентті мәліметтер базасын қолдану. Бүгінгі ақпараттық-коммуникативтік технологиялар дамыған уақытта мұндай базалық қорды жасау аса қиындық тудырмайды. Десек те, оны жинақтауға,

сабақ пен тапсырма мазмұнына лайықтап, қиып өңдеуге ақпараттық-технологиялық сауаттылықпен қатар, тілдік талғам, аутентті мәтіндердегі ең басты бөліктерді таңдау үшін креативті ойлау қажет. Сонымен қатар, оқушылардың өзіне әртүрлі презентациялар жасайтын жоба жұмыстарында, көпшілік алдында сөйлеумен байланысты басқа да тапсырмаларда бейне-аудиоматериалдарды қолдану талап етілді. Бұл өз кезегінде тілді табиғи қолдануға қатысты көптеген материалдар қорын жасауға мүмкіндік берді.

Бүгінгі оқушылар қолданбалы бағдарламалармен, браузермен, электронды құралдармен еркін жұмыс жасай алады. Сабақта АКТ-ны қолдану оқушылардың ақпараттық күзіреттілігімен қатар олардың коммуникативтік-прагматикалық дағдыларын да қалыптастыруға қызмет етеді. АКТ-ны қолдану нәтижесінде оқушылардың өз бетімен ізденіс жасау мүмкіндігі артады, қызығушылығы, белсенділігі, сенімділігі күшейеді. Дәл бүгінгі заманда оқыту мен білім технологияларын интеграциялау олардың тәжірибелік машықтарын дамытуға да, сол арқылы адамдардың сыни ойлауын жетілдіруге де үлкен үлес қосады. А.С.Күшкімбаева: «Сыни ойлау техникасын меңгеруге қажеттілік әсіресе, адамзат қоғамы дағдарысқа, тұрақсыздыққа тап болған кезеңде өте керек. Сыни ойлау ұтымды ойлаудың түрі ретінде тиімсіз, құрылымсыз ойларды үндестікке, ретке келтіреді», – деп өз ойын тұжырымдайды [89]. Сол себепті бүгінгі таңда мұғалімге үлкен талап қойылып отыр.

Соған байланысты мұндай жұмыстарды орындатуда мұғалім жинақтаған материал бойынша тапсырмалар әзірлеп, оны қай тақырыптағы сабақта қолдануға болатынын, онымен жұмыстың реті қалай ұйымдастырылатынын алдын-ала дайындауы маңыздылығына арнайы мақалада талдау жасадық. Оқытушы оқушыға ескерту жасау кезінде, оны ренжітпейтіндей, сонымен қатар оның сабаққа ынтасын арттыратындай ескерту жасауға үйренуі тиіс. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту бағытындағы жұмыстарда, алдымен, оқушыларға сұрақтарды талдатып, соңынан осы мақсатта жинақталған нақты бейне-аудио материалдарды көрсетуге болады. Бұл оқушылардың өз ойын басқалармен салыстырып, оны әсерлі, мәдениетті түрде жеткізудің шынайы үлгісін көре алады.

«Бүгінде Қазақстанға «инновациялық қызметтің «жарылысы қажет», қоғамда мінез-құлықтың инновациялық, креативтік үлгісі үстемдік құру тиіс»- деген уақыт талабы да креативті ойлау мен тілдік қатынастың ғылыми әдіснамалық негізін психологиялық, педагогикалық, жалпы дидактикалық, лингвистикалық, лингводидактикалық интеграцияның негізінде зерделеуге жол ашуды қажет етті.

Оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың педагогикалық негізін айқындауға тірек болатын ойлар Абай қарасөздерінде молынан ұшырасады. Дананың «ғылым» деп танитыны – адамның дүниені тануға ұмтылысы нәтижесінде туған тұжырымдар, бойына сіңіретін білім қорының негіздері мен бастаулары. Өздігінен ізденбейінше, адамның нақты жемісті нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін емес. Әрбір креативті тұлғаны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын да осы ізденімпаздықтан туындайтын

қабілеттер. Сол қабілеттер ғана субъектінің бойындағы шығармашылыққа қуат береді, оны шыңдап, жаңа белестерге жеткізеді. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі талап оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамыту үшін оларды жүйелі ойлауға, таптаурындылықтан арылтып, алған білімдерін өзінше дұрыс «қиюластыруға» үйрету болғандықтан, маңыздысы да ойлай білуге, ойлаған дүниесін басқа тұжырымдармен сабақтастыра алуға баулу болып саналады. Осы жерде білім алушының нені білетіні емес, дүниені қалай қабылдайтыны және оны ортамен тілдік қатысымда қалай жеткізетіні маңызды. Бұл жерде қиялдың орны бөлек, А.Эйнштейн айтқандай, «елестету білімнен де маңыздырақ». Абай сол қабілеттің түп негізі ғылымда деп отыр. Себебі ғылым – қатып қалған ережелер жиынтығы емес, ғылым – дүниені танудың кілті. Ғылым – бір жаратылыстың құпияларын әр қырынан танытатын бүтін қор. Олай болса, ғылымның осы сырын түсінген оқушы қандай мәселеде болсын тілдік білімін орынды әрі ұтымды қолдануға төселеді. Ол тарихи тақырыпқа да, табиғат туралы мәселеде де, адамзатты аландатып отырған күрделі әлеуметтік-саяси сұрақтар жөнінде де өздігінен ой қорытып, пікір айтуға бейімделеді. Сондықтан Абай айтып отырған ғылым – білім алушыны ойлауға, дүние сырын тұтастықта тануға жетелейтін негіз.

К.Спирменнің пікірінше, «креативтілік – шығармашылық үдеріс, ол мәселені қабылдау, шешім қабылдау, болжамды құру, түрлендіру, шешімін табумен сипатталады», - дейді [9, б. 4]. Абай айтып отырған ғылымның мәнін осы тұрғыдан түсіну қажет. Қазақ тілі сабақтарында жеткіншектерге жеке тақырыптар мен тапсырмалар арқылы ұсынылатын білімдер мен қатысымдық дағдылар өзара тоғыстырылған жағдайда ғылыми таным деңгейіне көтеріледі де, креативтілікке ұласады.

Ұлы Абайдың 14-қара сөзінде креативті тұлғаға тән мінез бен болмыс айқын сипатталады. Оның біріншісі – адамның бойындағы ізгілік болса, екіншісі ыстық қайратпен, өз бойындағы ерік-жігеріне сүйене білетін қайсар рух екенін шебер түйіндейді [31, с. 35].

Философиялық ой-тұжырымдардың кені саналатын Абай қарасөздерінде бүгінгі рухани жаңғыру жағдайында да болашақ ұрпаққа білім берудің жаңа парадигмаларымен үндес пікірлердің кездесуі кездейсоқ емес. Өйткені қандай уақыт үстемдік құрып, заман талабы жетілдірілсе де, білім мен тәрбие берудің адамзатты әуел бастан толғандырған көкейкесті мәселелері күн тәртібінен түскен жоқ. Сондықтан өз заманында Абайды толғандырған түйткілді сұрақтар адамзаттың мәңгілік мәселесі болып қала бермек. Тарихтың ертерек кезеңінде жазылған құнды ойларды бүгінгі заманға сәйкестендіріп, одан қажетінді алу – рухани жаңғырудың басты қағидасы. Дәстүр мен жаңашылдықты байланыстырудың негізгі жолы болып саналады. Абайдың 32-қарасөзін ғылым-білімді үйренуге ұмтылған әрбір адамның мақсаты мен мүддесін үйлестіруге, сөйтіп өзі көздеген нәтижеге жетуге жол көрсететін, бағыт-бағдарын айқындайтын ережелер жүйесі деуге болады. Осы қарасөзде зерттеу тақырыбына сәйкес оқушыға қажетті тілдік қатынастың заңдылықтары мен өзінің жеке басын дамытудың ұлттық қағидасы біртұтастықта берілген. Абай:

«Ғылымды үйренгенде, *ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек*. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. ...Бахас - өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды» - дейді. Абай сөзі ізгілік педагогикасының ережелерімен толық сәйкесіп тұр. Сондықтан оқушыларды креативке үйрету бәсекелестікті қажет еткенімен, бақастықтан аулақ болудың міндеттілігін танытады.

Абайдың даналығының өзі сонда: ол өзі көтерген білім мен ғылымды үйренудің жолы мен өрісін, адамның өміріне қатысын, пайдасын санамалап қана қоймай, осы үдерістегі Адам қалыптасуымен байланысты мәселенің түп-тамырын ұлттық өлшемге сай етіп, жан-жақты қарастырып, бүге-шігесіне дейін анықтап береді. Білім игерудің талабын, мақсатын, жолын, оны сақтаудың шартын біртұтастықта көрсетеді. Абайдың айтып отырған бүкіл білім үйрену жүйесі ең соңында өзінің білімі мен білігіне сенім тудырудың, сөйтіп, оны өмірде дұрыс қолданудың педагогикалық шарттарымен толық сай келеді. Осы тұста айта кететін жайт: зерттеу тақырыбына байланысты жеткіншектің креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамыту бағытындағы өзіміз негіз етіп алған Абайдың даналық ойлары Ұлы Ұстаз Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ой-тұжырымдарымен де үндестік тауып жатқаны аңғарылады. Ы.Алтынсарин: «Қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң қолыңызды жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға ерік беріңіз», - деген болатын [32,б. 180]. Адамның өз еркі мен ықыласынан бастау алатын үйрену үдерісінің нәтижесі әрдайым жоғары болатыны сөзсіз.

Адам үнемі білім-ғылымды білуге талпыну керек. Білмеген затын білуге ұмтылып, жиған-терген білімін көкірегінде берік сақтап, қажет жерінде қатысымда қолдана білуі тиіс. Яғни адамның креативті ойлай білу қабілеті үздіксіз жүретін ізденіс арқылы дамиды. Білімі мен білгені таяз адам креативті ойлай алмайды. Шынында, адамның креативті ойлауы, ең алдымен, оның біліміне, қабілетіне тәуелді. Абайдың тұжырымы креативті ойлауға үйрету динамикалық сипатта ұйымдастырылу қажеттігін көрсетеді. Бір жаңа білімнен рахаттану, тұщыну келесі жаңа білімді меңгертуге мотивация беретіндей үнемі дамытылып отырудың тиімділігін айқындайды. Сондықтан қалыптастырушы эксперимент материалдарын дайындауда бұл педагогикалық басты шарт ретінде белгіленді.

Заманауи білім берудің жаңа талаптарына орай «креативтік», «креативті тұлға», «креативті ойлау» ұғымдары бүгінгі өзгермелі дүние жағдайындағы қоғамның барлық саласында кең қолданысқа ие болып, тұлға қалыптастырудың орталық тініне айналды. Жаһанданудың ықпалы күшейген сайын білім беру мекемелерінде болашақ қоғам мүшелерінің креативтілігін қалыптастыру да жалпыадамзаттық феномендік сипат ала бастады. Соның нақты мысалы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаладағы ел мүддесін шешуге бағытталған қағидалардан да анық байқалады. Онда: Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек.

Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп білімнің жаңа дәуірдегі орны мен рөлі айқындалған [90].

Басты идеяға айналған рухани жаңғыру бағдары отандық білім беру саласында «креативтілік» ұғымы мәнін тереңдетіп, мағынасын кеңейтіп отыр. Өзінің түпкі міндеті болашақ қоғам мүшелерін дайындау болғандықтан, білім беру саласы келешектегі бүгіннен де күрделі ортада өмір сүруге бейім субъектіні қалыптастыру жолдарын іздеуі, оны оңтайлы шешуі тиіс. Бұл миссияны орындаудың педагогикалық тағы бір шарты – жас ұрпақтың бойындағы табиғи қабілеттерді дамытуда әрбір пәнді оқыту, үйрету жолын жетілдірудің оқу-әдістемелік бағыттарын айқындау. Сол себепті заманауи білім берудің басым бағыттары мен жоғары сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқыту әдістемесінде білім алушының креативті ойлау қабілеттерін, тілдік қатынас мәдениетін жетілдіруге негіз болатын жаңа қағидаларды нақтылау зерттеу жұмысының бір міндеті болып белгіленді.

Қазіргі заманның білім философиясындағы тұғырлы парадигмаларының жаңаша сипат алуына тек білім беру үдерісінің ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде пайда болған ішкі өзгерістері ғана әсер етіп отырған жоқ. Оған бүгінгі қоғамның мәдени деңгейіндегі құбылыстар, жұртшылықтың интеллектуалдық әлеуеті, қоғамдық-әлеуметтік санадағы жаңару үдерістері, руханилық пен прагматиканың тоғысындағы жаңа талаптардың күшеюі ықпал етті. Постиндустриалды қоғамның құрылуы, соның айқын дәлел ретінде ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы, оның адам тіршілігінің барлық саласында қуатты күшке ие болуы тек тұрмыстық деңгейде ғана емес, жалпы адам дүниетанымының өзгеруіне әкелді. Бұл өз кезегінде көпсалалы құбылыс болғандықтан, білім беру саласына қатысты ғылымдардың: педагогика, психология, философия мен пәнді оқыту әдістемесі салаларының да түбегейлі жаңаруын талап етуде. Мұндай талаптар қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, коммуникативтік-ақпараттық дамуынан туындап отыр. Қазіргі адамдар техникалық төңкеріс қоғамында өмір сүріп жатыр. Ал әрбір қоғам мүшесі өз заманына сай білім алып, өзі өмір сүріп жатқан қоғамның сұранысына жауап бере алатындай болуы керек. Сондықтан білім саласы да тың өзгерістерге түсуге мәжбүр. Қазіргі білім саласы табысты білім алу/беру қажеттілігін өтей алуы тиіс. Табысты білім алуға қажетті шарттар сан түрлі. Солардың бірі – креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту мәселесі. Бұл білім алушылардың танымдық қабілетін дамытуды мақсат етеді. Танымдық қабілетті дамыту – жастардың функционалды білім алуына, мәдени-рухани дамуына, әлеуметтік-саяси көзқарасының қалыптасуына, кәсіби іске бейімделуіне, қоршаған әлемді танып-біліп, оны зерттеуіне т.б. мол мүмкіндік береді.

Ойлау да, тілдік қатынас жасау да адамға тән әрекет болғандықтан, оның дидактикадағы орны ерекше. Креативті ойлау мен тілдік қатынастың сабақтастығы білімге деген қызығушылықты арттыратын, ғылымды дамытуға

әсер ететін оқытудың танымдық функциясын айқындайды. Креативті ойлау мен тілдік қатынастың сабақтастығы тіл мен ойлаудың бірлігі негізінде дамып қалыптасады. Тіл мен ойлаудың арасындағы байланысты зерттеген ғалымдардың тұжырымына назар аударсақ, оларды байланыстыратын нәрсе негізінен, семантика, синтаксис екеніне көз жеткізуге болады. Атақты психолог Бенджамин Ли Уорф тіл мен ойлаудың байланысын семантикалық тілдік айналым арқылы зерттесе [91] Е.Сепир ең алғаш рет тілдің синтаксистік саласының көмегімен ойлаудың қалыптасу жолдарын анықтаған [92]. Сол себепті креативті ойлау мен тілдік қатынасты сабақтастырудың ғылыми негізі ХХ ғасырдың І жартысынан бастау алады деуге негіз бар. Оқыту процесінде креативті ойлау мен тілдік қатынасты сабақтастырып, оны «оқытудың танымдық функциясын құрайтын компонент» ретінде тануымызға бүгінгі білім парадигмасындағы жаңа талаптар арқау болып отыр. Қазір тек бір пәннің аясындағы теориялық ғылыми білім емес, сол біліммен бірге аялық білімді қоса беру қажеттілігі туындап отыр. Сонымен бірге, адамзаттық құндылықтар мен өмірлік ұстанымдарды да білім беру барысында қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Осы талаптардың мүддесінен шығудың бірден-бір жолы креативті ойлау мен тілдік қатынасты сабақтастыра отырып, тілдік білім беру.

Білім алушылардың креативті ойлау қабілетінің дамуына арқау болатын үш педагогикалық бағдар анықталған. Олар мұғалімнің жетекшілігі, бағыт-бағдары арқылы және дидактикалық заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады. Е.Жұматаева «оқытудың үш түрлі қызметі дидактиканың біртұтас жүйесін құрайды» деген тұжырым жасап, оларды былайша жіктейді: «1. Біліми-ғылыми қызмет; 2. Дамымалы қызмет; 3. Ізгілікті тәлім қызметі. Ғалым біліми-ғылыми қызметті субъектінің біліктілік қабілетін ғылыми негізде кемелдендіретін қызмет деп таниды. Бұл қызмет оқушының икемін, дағдысын ширатуға, ішкі бақылауының жетілуіне, шығармашыл бағамға жеткізетін өнімді еңбек жасауға, рухани қуаттануға мүмкіндік беретінін айтады. Біліми-ғылыми қызмет дұрыс жүзеге асса, оқушылар шаршап-шалдықпай, керісінше, құлпырып, жанданып, рухтанып, шабыттанып, нұрланып кететінін дәлелдейді. Ғалым: «Педагогикада біліктілік түсінісу деңгейінде ажарланады. Жиған білігі мен ғылымының ең ұтымдысын жадына бернелеп орнықтырады, тұрақтандырады. Ол қажет болса, жұлма жадының нәтижесінде қайыра айтып береді (өсімімен)» дей келе, ғылым жетістіктерін дәйектілік дәрежесінде жіктеп, ұғымдарға түсініктемелер беріп, теориялық пайым жасап, заңдылықтар мен қағидаларды фактілерге сүйеніп дәлелдей алады басты меже етеді.

Зерттеуші біліми-ғылыми қызметтің басты артықшылығын көрсетуде мына мәселелерге баса назар аударады: оқушылардың меңгерген ұғым-түсініктері мен тұжырым-пайымдары ғалымдардың қорытынды пайымдарымен үндесетінін реттейтін кемелденген ішкі бақылауы (интериоризация); өзінің іс-қимылын саналы деңгейде жүзеге асыру; негізгі ғылым салаларынан ынтымақтастық оқыту қажеттіліктерін фундаментальды мағлұмнамалармен қанағаттандыру; берілген және айқындалған жүйенің үнемі реттеліп (алгоритмге түсіп), оқытылатын материалдардың көлемін, шартын, біліктілік

пен ғылыми қабілеттілігін, құрайтын іскерлігін алдын ала Sit - жағдайларға үйлестіріп отыру; білімі - ғылыми ілімді жүйелі де ауқымды тұрғыда жинақтай алу.

Ғалымның бағамдауынша, дамымалы қызмет оқытудың даму белестерін айқындайтын қызметке жатқызылады. Ол мынадай фактілер арқылы жүзеге асатынын көрсетеді: тілді дамыту, сөз өнерін ыңғайына қарай ширата алу, ойлау қабілетін деңгейлік сапада макроиерархия дәрежесіне бағыттай білу, ішкі суретке салар ой сезімдерін әдейі іске қосу (сенсорлы), мұның өзін аффектілі қалыпта жүзеге асыру, оқушылардың психологиясын табиғи жағдайында қалдырмай, дәріс процесінде экспериментальды байқау амалдарымен ішкі болмысына оңтайлы, жағымды ықпал ету.

«Ізгілікті тәлім білімі-ғылым мен даму процесінің нысанынан шығатын қызмет. Бұл оқыту және даму процесі сияқты жұптық сапаның көрсеткішіне, қоғамдық дамудың нәтижесіне байланысты өзгеріп отыратын қызмет ретінде танылатынын» айтады [93]. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуда осы үш қызмет біртұтастықта жүреді де, оны ұйымдастыруда мынадай педагогикалық шарттардың орындалуына назар аударылуы тиіс:

1. Оқушылардың өз өміріне қатысты ең маңызды мәселені проблема етіп қою. Бұл бағдарда «білімалушылардың заттар мен құбылыстарға қатынасы» басшылыққа алынады.

2. Ерекше идея туғызатын тапсырмаларды құрастыру. Онда «адам мен әлемнің бірлігі идеясы» басшылыққа алынады.

3. Жеткіншекті өзіндік көзқарасын, идеясын айтуға, жазуға, қорғауға үйрету. Бұл педагогикалық үдерісте рефлексиялық көзқарас басшылыққа алынады. Бұл Жан-Жак Руссо атап кеткен «баланы өмір сүруге үйрету керек» деген қағидаға сай келеді. Дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлғаны қалыптастырып, креативті интеллектіні дамытатын кешенді жұмыстарды «білім алушылардың заттар мен құбылыстарға қатынасы – адам мен әлемнің бірлігі идеясы – рефлексиялық көзқарас» үштігі аясында ұйымдастырудың маңызы ерекше. Бұл бір құбылысқа әртүрлі көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік туғызады, білім алушылардың ақиқат әлемді тануына, әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына жағдай жасалады.

Жалпы алғанда, креативтілік интеллектінің қалыптасуындағы мәдениеттің рөліне, білім алушының зерде қорын барынша толық қолдана алуына жол ашады. Ғалым А.Әлімов: «Шәкірт оқу орнының табылдырығынан қандай да бір ғылым иемденіп қана емес, бірінші кезекте адам болып шығуы қажет [94]. Білімалушылардың заттар мен құбылыстарға қатынасы тұрғысында берілетін білім қиял мен елестің функционалды жүйесіне негізделеді. Қиял мен елестің функционалды жүйесін Д.С.Брунер «адам жадын (есінде) өмірлік тәжірибенің, бастан кешкен әртүрлі оқиғаның нәтижелері сақталатын белгілі бір ережелер жиынтығы» деп таниды [95]. Басқаша айтқанда, адамның өмірде көрген-білген, ойына түйген нәрсесінің жадыда сақталуы деп түсінуге болады. Жадыда сақталған нәрсені білім беру ісінде пайдалану – креативті интеллектіні дамытудың бірден-бір жолы. Білім беру процесінде креативті интеллектіні

немесе кез келген ойлау түрін дамыту үшін, жалпы білім беру үшін белгілі бір теориялық тұжырымдарға сүйенетінміз белгілі. Теориялық тұжырымдар білім мазмұнын құрайды. Білім мазмұны білімнің функционалдық жүйесіне сай келсе ғана креативті интеллектіні дамыту жұмыстары жүзеге асады.

Креативті ойлау мен тілдік қатынасты сабақтастырудың жалпығылыми деңгейі функционалды тіл білімі мен коммуникативтік тіл білімінің ғылыми теориялық жиынтығынан көрініс табады. Сондықтан зерттеу тақырыбының педагогикалық және әдістемелік негіздерін айқындауда тілді функционалдық тұрғыдан оқыту жолдары да назарда болуы тиіс деп саналды. Өйткені педагогикалық шарттар тілдің оқытылу жүйесінде сақталған жағдайда білімнің құндылықтық мәні тереңдей түседі. Тіл білімінде тілдік бірліктердің семантикасы зерделеніп, соның негізінде олардың жұмсалымдық қызметі қарастырылатыны белгілі. Сондықтан қазақ тіл білімінде жұмсалымды грамматика, жұмсалымды тіл білімі деп те аталады. Сөздің жұмсалымдық қызметі өз кезегінде тілдік қатынаспен де, ойлау әрекетімен де тікелей байланысты. Себебі бұл ғылымның құрылымдық, салыстырмалы-тарихи, антропоцентристік тіл білімінен өзіндік ерекшелігі бар. Құрылымдық лингвистиканың зерттеу бағыты «формадан мағынаға қарай» принципіне, салыстырмалы-тарихи тіл білімі «тілдік бірліктердің басқа тілдердегі ұқсастығын салыстыру» принципіне, антропоцентристік лингвистика «тіл арқылы адам факторын анықтау» принципіне бағытталса, функционалды тіл білімі «мағынадан формаға қарай» принципін басшылыққа алады. Функционалды тіл білімі өз ішінде бірнеше бағытта зерттелген. Оларды функционалды-генеративті грамматика немесе функционалды синтаксис, функционалды грамматика жүйесі, лексикалық функционалды грамматика, функционалды аспектология, функционалды-семантикалық концепция, функционалды лингвистикалық концепция, функционалды-семантикалық өріс т.б. түрінде жіктеуге болады. Бұл бағыттағы зерттеулер Прага мектебінің өкілдері Ф.Данеш, Е.Беличова-Крижжикова, Г.Адамец, П.Сгаллдың және А.Мартине бастаған француз мектебінің өкілдері, В.Шмид пен В.Бек сияқты неміс ғалымдары мен ресей ғалымдары Ю.Маслов, Д.Н.Шмелев, Н.А.Слюсарева, В.Г.Адмони, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, М.М.Гухман, А.В.Бондарко т.б. еңбектерінен бастау алады. Олардың жалғасы интеграциялық аспектіде жан-жақты дамып, бүгінгі күні синергетикалық зерттеулерге ұласты. К.И.Белаусовтың [96], В.А.Герман, В.А.Пищальникованың, [97], А.Ю.Корбуттың [98], Г.Г. Москальчуктың, [99], А.Ф.Саттарованың [100], Г.Хакеннің [101] Э.Мореннің [102] еңбектерінде жаңа білім, жаңа теория, жаңа концепциялар көрініс тапқан. Мұнда негізгі түйінді мәселені басшылыққа алып, бүтінді бөлшектеу, бөлшекті бүтіндеу идеясы арқылы талдау жасау мақсат етіледі. Бұл әрқашан да процессуалды ойлауға мүмкіндік беретін заңдылықтарға негізделеді. Процессуалды ойлауда нәтиже бір сызықтың бойынан көрініс таппайтын ұстанымға сүйенеді.

Дидактикалық тұрғыда қарастыратын болсақ, білім алушылар тарапынан алынған білімнің нәтижесі сан түрлі болып келеді. Әркім өзінің ойын,

тұжырымын айтуға мүмкіндік алады. Бұл креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытатын ең негізгі құндылық бағдар болып табылады. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға функционалды-синергетикалық, функционалды-коммуникативтік тіл білімі заңдылықтарын оқыту нәтижесінде қол жеткізуге болады. Оған дыбыстың мағына ажыратушылық қызметінен бастап, мәтінге дейін интерпретация жасауға мүмкіндік беретін заңдылықтары және «ұғыну – сөйлеу – тілді қолдану» үштігі интеграциясында кешенді түрде зерттелуі негіз болады. Ресей ғалымдары мектепте функционалды грамматиканы оқыту қажеттігін айтады. Ғалым М.Т.Барановтың 10-11 сыныпқа арналған «Логико-предметные категории и способы их выражения в языке и речи» атты білім бағдарламасы тілді логика және философиямен байланыстырып оқытуға арналған [103]. Т.В.Парменованың «Функциональный подход к изучению грамматики в школе (Об одном из путей модернизации)» [104] «Практическая функциональная грамматика русского языка» [105] атты мақаласында мағына – категория – функция; тіл мен сөйлеу бірлігі; түсінік өрісі мәселесі қарастырылып, жаңаша білім берудің лингвистикалық, методикалық негіздемесіне талдау жасалады. Сандық семантика, (количественная семантика), атрибут өрісі (поле атрибутивности), айтылым әлеміндегі есімдіктер (местоимения в мире говорящего), етістік, етістік формалары мен үстеуді функционалдық тұрғыда оқыту т.б. түрінде тілді оқытудың жаңа дидактикалық типтерін ұсынады. Ғалым «Тілді оқытуда дәстүрлі жүйеден бас тартудың қажеттілігі жоқ, алайда функционалды және грамматика саласындағы қазіргі жаңа теориялық зерттеулердің нәтижелері тілдік білім мен тәрбие жүйесіне қарқындылық беріп, олардың жетілуіне ықпал етеді» деп тұжырымдайды [106,б. 42]. Бұл пікірлер қазақ тілін оқыту үдерісінде де нақты бір педагогикалық талап ретінде қойылуы тиіс. Өйткені тілдік қатынас – сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асса, оны ұтымды құру үшін міндетті түрде сөз жұмсау дағдыларына мән берілуі керек.

Н.Ю.Шведованың «Местоимения и смысл. Класс русских местоимений и открываемые ими смысловые пространства» атты ғылыми мақаласында есімдіктердің функционалдық талдау жасаудағы орны ерекше екені көрсетіледі. Есімдіктер тілдің әмбебап мәні мен жалпы және жеке категорияларын ұйымдастыратын, сонымен бірге, қатысушыларды мағыналық категорияны құрастырушылардың қатарына енгізуге мағыналық кеңістіктің қалыптасуына мол мүмкіндік беретін лингвистикалық жүйе ретінде бағалайды [107].

Тілді коммуникативтік бағытта оқытудың басты қағидасы коммуникативтік және функционалдық тіл білімімен тығыз байланысты екенін ресейлік лингвист-әдіскерлер жан-жақты дәлелдегені туралы ғалым Е.А.Медведева да атап көрсетті [106,б. 42]. Тілді функционалдық аспектіде оқыту мәселесі Л.В.Шербаның «О трояком аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознаний» [108] және «Троякий аспект языковых явлений и методические выводы отсюда» [109] атты мақалаларында қарастырылған. Сөйлеу ойлаумен бірлікте жүретін процесс болғандықтан, ғалым қарастырған мәселені сөйлеу мен ойлаудың интеграциясынан шыққан категориялар ретінде

тануға болады. Оның да астарында функционалды-коммуникативтік талдаулар бар екенін байқау қиын емес. Н.И.Жинкин «сөздіктердегі семантикалық қатар деп аталатын сөздер тобы сөздіктің көлемінде ғана көрініс табатын нәрсе емес, адамның жадынан шығып, ақыл-ой арқылы жүзеге асатын құрылым» деген тұжырым жасаған [110].

Функционалды-коммуникативті тіл білімі заңдылықтарын оқу нысаны етіп алудың басты бағдары – тілдік білім, тілдік, мәдениет, тілдік тұлға қалыптастыру үшін, алдымен, функционалды сауаттылыққа жол ашу. Олай болатын себебі, функционалды-коммуникативті тіл білімі әрбір тілдік бірліктің белгілі бір семантикалық қызметті орындау қызметін айқындайды және айтылуға тиісті ойдың сөйлеу ағымында жүзеге асу жолдарын қарастырады. Ғалым Б.Қапалбек «Семантикалық функция – мағынаға қарағанда кең ұғым. Мағына тілдік бірліктердің тіл жүйесіндегі мазмұндық қыры болса, семантикалық функция – тілдік бірліктер кешенінің (сөйленімнің) сөйлеудегі мазмұны» деп тұжырымдайды [111]. Семантикалық функция сөйленімдердің тұтас мағыналық мазмұнын анықтайды деген қорытынды шығарады, тіл бірліктерінің мағынасын «тілдің жүйелі категориялық аспектісі» ретінде бағалайды. «Мағына сөйлеу ағымына түскенде сөйлеу ортасы немесе сөйлеу жағдаятына, мәнмәтінге байланысты түрленіп отыратыны рас. Осыған байланысты мағынаның функционалдық өрісі, қызметі айқындала» [112]. беретінін айтады. Тілдік бірліктердің функционалдық қызметінен креативті ойлау мен тілдік қатынастың сабақтастығын танытатын нақты ғылыми деңгейді анықтауға болады. Оған коммуникативті-танымдық деңгейдегі эмпирикалық талдауларды атасақ та жеткілікті.

Қазақ тіл ғылымында сөйлеу ағымындағы тілдік бірліктердің коммуникативтік мағынасы болатынын, сөйлеу ағымында әрбір тілдік бірліктің қатысымдық бірлікке айналып, белгілі бір ақпараттық мән беретінін анықтаған тілші-ғалым – Нағима Ильясова. Ғалымның бір ғана шақ категориясына жасаған эмпирикалық талдауларына қарасақ, оның коммуникативтік мәнін екі түрлі семантикалық топқа бөлгенін көреміз: 1.Сөйлемдегі істің, оқиғаның сөйлеп тұрған уақытқа қатысты семантикасы; 2. Модальдылық семантикасы.

Зерттеуші «қазақ тіліндегі шақ категориясының коммуникативті мәнін тұтас мағыналық мазмұнды білдіретін жүйе» ретінде қарастырады [113]. Ғалым осылайша, өткен шақтың 14 түрлі осы шақтың 14 түрлі, келер шақтың 10 түрлі коммуникативті мағынасы бар екенін анықтайды. Сонымен бірге, жақ, рай, модальділік, интонациялық категориялардың да коммуникативті мәніне талдаулар жасайды. Осындай коммуникативті-функционалды мақсаттағы талдаулардың астарында таным процесі жатыр. Бұлардың қызметін түсініп қолдану оқушыға мәтінді интерпретациялауға, сөйлеу мазмұнын анықтауға мол мүмкіндік береді. Сондықтан да тілді оқыту мазмұнына функционалды-коммуникативтік білімді міндетті түрде енгізу қажеттілігі көрініп отыр. Өйткені ойлау да, сөйлеу де сөздің жұмсалым табиғатын дұрыс танымай дамуы мүмкін емес.

Креативті ойлау мен тілдік қатынасты оқыту процесінде пайдалана отырып, білім алушының сөйлеу тілін дамыту, тілдік қатынасқа түсу заңдылықтарын меңгерудің келесі деңгейі – технологиялық деңгей. Технологиялық деңгейде оқу-танымдық іс-әрекеттердің генезистік процестері басшылыққа алынады. Мұнда эксперименттер арқылы оқушының тілдік материалды түсінуін, сол арқылы тілдік қатынасқа түсуін бағамдайтын нақты операциялық құрылымдар зерделенеді. Сонымен бірге, оқушылардың өзара әрекеттестігін көрсететін бірлескен әрекет түрлерін ұйымдастыру мәселесі басты орында тұрады. Бұл оқушыларда ғылыми ұғым-түсініктердің қалыптасып, шығармашылық тұрғыда ойланып, ғылыми тілде, көркем тілде, шаршы топ алдында сөйлеу тілін дамытуға бағытталады.

Оқыту үдерісінде тілдік және қатысымдық бірліктерді педагогикамен байланыстыруға синергетикалық амалдар арқау болады. Синергия гректің “syn” – бірге, “ergeia” – іс-әрекет деген сөзінен қалыптасқан термин. Бұл сөздің терминдік мәнін «қандай нәрселер бірлікте болып, іс-әрекетке түскенде жақсы өнім алынатыны туралы мәлімет беретін сөз» деп танимыз. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың синергетикалық амалы – логика-грамматикалық категориялар мен танымдық процестерді, тіл мен ойлау категорияларын, функционалды-коммуникативтік теориялар мен коммуникативті-танымдық талдауларды өзара бірлікте жүйелеп, білімалушылардың қабілетіне қарай педагогикалық іс-әрекетке деңгейлеп қосу деп білеміз.

Философиялық, логикалық, грамматикалық, когнитивтік категорияларды тоғыстырып, креативті ойлау мен тілдік қарым-қатынасты дамытуды эффектілік интеграция деп танимыз. Бұл оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына зор үлес қосады. Тілді өз мақсатына сәйкес пайдалана алу оқушының құзіреттілік деңгейіне қол жеткізу, яғни теориясы мен практикасы тең түсетін білім мен білікті біртұтастықта игеру – бүгінгі білім беру жүйесінің түпкі мақсаты мен күтілетін нәтижесі. Оған жету үшін «оқушының дүниетанымын кеңейту, сол арқылы тілдік, қатысымдық сауаттылығын қалыптастыру – салауатты өмір салтын игерген болашақ тұлғаны дамытудың кепілі» [114].

Е.Е. Щербакова өз ғылыми зерттеуінде педагогикалық парадигманың үш түрін бөліп көрсетеді. Олар – еліктеуге негізделген табиғи педагогикалық парадигма, тәрбиелеу мен білім беру өлшемдеріне қойылған жалпы қабылданған талаптарды қабылдай отырып жүзеге асатын репродуктивті педагогикалық парадигма және ізгілік өлшемдері бойынша білім беру модельдерін қайта қарастыру арқылы жаңашылдыққа ұмтылатын креативті педагогикалық парадигма [75,б. 5]. Осыған орай креативті педагогикалық парадигманы ұстанатын мұғалім білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге құлақ түріп, оқу бағдарламаларының жүзеге асырылу әдіс-тәсілдерін саралап, талдап, өз тәжірибесіне керегін алып отыруға тырысады. Креативті педагог таныс жағдаяттың өзінен жаңа проблемаларды байқап, оны шешу жолдарын алдын-ала болжай алады, көпке белгілі, дәстүрлі тәсілдердің

өзін өз бетімен жаңаша қиыстырып, стандартты емес, айырықша етіп түрлендіріп отырады.

Оқушылардың креативті ойлауы ортақ тілдік қарым-қатынастың позитивті эмоционалдық нәтижелеріне қол жеткізуді көздейтін жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдері мен технологияларын, әдістер кешенін қамти отырып жүзеге асырылған кезде тиімді болады. Егер мұғалім оқытудың түпкі мақсатын айқындап алмай, тек оқушыларды сергіту, бір ғана сабақты түрлендіріп өткізу сынды жеке міндеттер жетегінде жұмыс істесе, ол жұмыс дұрыс нәтиже бермейді. Мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдердің түпкі мақсатын айқындап, мән-маңызын түсініп, қай кезде, не үшін, қалай жүзеге асыратынын айқын жоспарлап, оқытудың соңғы мақсатты нәтижесіне әсерін айқын болжаған кезде ғана олар өз жемісін береді.

Соған байланысты оқушылардың креативті ойлау арқылы белсенді тілдік қатынас жасай алу құзыреттіліктерін арттыруды көздей отырып, отандық білім беру жүйесінде қолданыста жүрген және жаңадан енгізіліп жатқан әдіс-тәсілдер мен инновациялық-педагогикалық технологиялардың ішінен ең тиімді дегендерін саралап, оқу үдерісінде қолдану мақсат етілді.

Зерттеу барысында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасай отырып, жеткіншектердің креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас мәдениетін дамытудың бірқатар ұстанымдары анықталды. Алдымен, көңіл бөлетін бір мәселе - дидактикада барлық пәнді оқытуға негізделген басты ұстанымдар болатыны. Ол ұстанымдар – жылдар бойы жүргізілген тәжірибелер арқылы білім беру жүйесінде орнығып, практикалық тұрғыдан нәтижеге жетуге ықпал етеді. Бұл ұстанымдар білім беру үдерісінде жылдар бойы өзінің мәнін жоғалтпай келеді.

«Педагогика» оқулығында білім беру жүйесіндегі заңдылықтары былайша дәйектелген: «Оқушыларға ойдағыдай теориялық білім, практикалық дағды, қабілет және тәрбие беру міндеттерін толық жүзеге асыру үшін оқытушы әрбір сабағын мынандай дидактикалық принциптер негізінде өткізуі қажет: оқу материалы, оның орналасуы мен оқытылуы ғылыми негізде жүйелі болуы; оқу материалы және оны түсіндіріп айту, көрнекті, ұғынықты болуы; теория мен практиканың тығыз байланыстылығын ашып көрсете білуі; оқушылар оқу материалын саналы және белсенді ұғынуы; оқушылардың алған білімі мен дағдылары берік болуы» [17,б. 223]. Сонымен, жоғары сынып оқушыларының креативтік ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуда білім беру үдерісіндегі дәстүрлі ұстанымдар мен зерттеу тақырыбын оқытуға бағытталған арнайы ұстанымдар басшылыққа алынды.

Ғылымилық ұстанымы. Бұл ұстаным бойынша оқушыларға қатысымдық бірліктердің қызметі оқу тапсырмалары арқылы үйретіледі. Оларға қазақ тілі пәніне қатысты білімді сауатты меңгерту үшін, мұғалім мынандай екі мәселені ескеруі қажет. Біріншісі – жаңа материалды оқушылар мұғалімнің баяндауынан даяр күйінде қабылдамай, өздері ойланып, оқу материалдарын талдауға белсенді қатысып үйренуі тиімді. Екіншісі – «тіл адамдардың бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысатын қатынас құралы екенін, сөз және тілдің

грамматикалық құбылыстары қоғам мүшелерінің ғасырлар бойы сөйлеу, пікір алысу процесінде біртіндеп, жүйелі қалыпқа енетіндігін аңғарсын» [115]. Бұл білім оқушының тіл жүйесін, заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан дұрыс түсініп игеруіне мүмкіндік береді.

Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы оқушылардың теория жүзінде алған білімдерін практикада дұрыс қолдана білуге үйретуде басшылыққа алынады. Бұл ұстаным бойынша оқушылар теориялық білімдерін түрлі жағдаяттарда қолдануға үйретілуі тиіс. Өздерінің ойларын мен көзқарастарын сөйлем, мәтін түрінде тиянақтап білдіре алуға дағдыланулары шарт. «Сөйлемнің прагматикалық әлеуеті сөз тіркесіне қарағанда жоғары. Сөйлем біршама тиянақты ойды білдіретіндіктен де қатысымдық бірлік болып табылады. Сөйлем – адамның дүниетанымы арқылы қалыптасқан, өмірлік тәжірибесінің негізінде қатысымдық мақсатқа байланысты құрастырылып шығарылған, белгілі бір ой мен пікір-тұжырымы және интонациясы бар синтаксистік түзілім болып есептеледі,- дейді ғалым Р.Рахметова [67,б. 35]. Ол хабарды жеткізуші және хабарға жауап беруші қызметін орындайтындықтан қатысымда ерекше рөл атқарады. Бұл ұстаным оқушының сөз қызметі мен қолданылу ерекшелігін тануға жетелейді. Сөз өнерін зерттеген З. Қабдоловтың айтуынша, «ең алдымен, әр сөз өз орнында ғана тұруға тиіс. Сонда бір сөйлемдегі бірнеше сөз өзара бір-біріне сәуле түсіріседі де, әр сөздің бұрынғы мағынасына жаңадан тың мағына қосылып, бәрі бірігіп танытар шындық та су жаңа сұлу шыраймен мөлдірей қалады. Ал мағына тың, мазмұн мөлдір болса, оның оқырманға етер әсері де өзгеше» деген пікірі зерттеу жұмысының мақсатымен толық сай келеді [116]. Себебі адам көрген, білгенін, естігенін көкейіне сөз арқылы түйіп сақтайды, сөз арқылы ойлайды, сөзсіз ой жоқ. «Заттың, құбылыстың, әралуан белгілері мен қозғалыстарының адам санасына түйінделген сыртқы формасы – сөз. Сөз – тілдік бүтін» [117]. Олай болса, сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оның қатысымдық қызметін игерту – басты міндет.

Жүйелілік ұстанымы оқушыға берілетін білімнің бірізділігі мен сабақтастығын қамтамасыз етеді. Қазақ тілі сабақтарында оқушыларға тілдік қатынасты меңгерту үшін ең бірінші, тілдік қатынас ұғымы туралы түсінік беріледі. Адам өмірінде тілдік қатынастың атқаратын рөлі түсіндіріледі. Тілдік қатынастың түрлері туралы ақпаратпен танысады. Одан кейін барып, тілдік қатынасқа қатысатын тұлғалар (баяншы, қабылдаушы) және қатысымдық бірліктер (сөз, фразеологиялық тіркес, сөйлем, мәтін) туралы айтылады. Сол сияқты оқушыларға тапсырма беру кезінде де тапсырманың мақсатына, шартына, оның орындалу деңгейіне және оның қандай нәтиже беретініне назар аударылды.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы бойынша оқушыға берілетін білім мен дағдының олардың есінде берік сақталуына мән беріледі. Бұл ұстаным бойынша оқушыға материалды меңгертуде оның танымдық белсендігін, өздігінен білім алу қабілетін арттыру мақсат етіледі. Оқушы білімді саналы түрде меңгеруі, өзінің жұмысын жоспарлап және ұйымдастыра алуы тиіс.

Өздерінің білімін бағалап, қорыта алуға және алдына қойылған міндеттерді шеше білуге дағдылануы шарт. Егер оқушы білімді өзі саналы түрде игеруге ұмтылмаса, оны үйрету мүмкін емес. Шынында да, оқушы өзінің белсенді қызметі мен танымының арқасында ғана білімді игеріп, оны жетілдіре түседі. Сондықтан оқушының саналығы мен белсенділігін арттыруда мына мәселелерді ескерген жөн:

- оқушының қызығушылығы мен оқу мотивтерін қалыптастыруға назар аудару, оның танымдық қызығушылығы мен қабілетіне мән беру;

- оқушыларды ғылыми және практикалық, жағдаяттық мәселелерді шешуге, тұжырымдар шығаруға, пікір айтуға тарту;

- оқу үрдісінде түрлі жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, пікірталас, ойталқы және т.б. жұмыстарды қолдану;

- сабақ үрдісінде топтық, ұжымдық жұмыстарды жиі ұйымдастыру [118].

Көрнекілік ұстанымы дидактикадағы өте көне және негізгі ұстаным болып саналады. Бұл ұстаным бойынша оқу материалын оқушының сезім мүшелеріне әсер ету арқылы меңгерту көзделеді. Ғалымдар адамдардың айналадағы ақпараттардың 80% көзбен көру арқылы қабылдайтынын айтады. Орыс педагогі К.Д.Ушинский «адамның сезім мүшелері неғұрлым ақпаратты көбірек қабылдаса, оның соғұрлым оқушының есінде берік сақталатынын» дәйектеген болатын [119]. Педагог оқушыларға сөздің құдіретін сезіндіруде көрнекі құралдың мәні айрықша екенін айтқан. Оқу үрдісінде оқушыға бақылауға, өлшеуге, сызуға, тәжірибелер жасауға және т.б. мүмкіндіктер беріледі. Дәстүрлі жүйеде кесте, сызба, сурет, магнитофон және т.б. көрнекіліктер қолданылып келсе, қазіргі кезде техниканың дамуына байланысты көптеген мүмкіндіктерге жол ашылды. Ақпараттық технологиялар оқушыға жаңа материалды сапалы меңгертуге көмектесіп отыр. Зерттеу барысында бейнеороликтерді пайдалану, оқушыларға кластерлер құрғызу, диаграмма сызғызу, модельдер дайындату үшін көрнекі құралдар кеңінен қолданылды.

Жоғары сыныптарда көрнекілікті шамадан тыс пайдалану материалды меңгеруге кері әсерін тигізуі де мүмкін. Мұғалім сабақ үрдісінде көрнекіліктің әр түрін қолдануға дағдыланғаны дұрыс. Көрнекі құралды оқушы өзі дайындаған жағдайда мұғалім оған қандай талаптар қойылатынын нақты көрсеткені дұрыс. Мәселен, тұсаукесер, постер, кластер және т.б. көрнекіліктерге қойылатын талаптардың айқын, нақты көрсетілгені жөн.

Тұтастық ұстанымы бойынша ғалым Ф.Оразбаева негіздегендей, «бірнеше мәселелерді бір-бірімен жымдастыра отырып, бір жүйеге бағындыру, сол арқылы қазақ тілінің қатысымдық бірліктерін қамти келіп, негізінен, сөйлей білуге, пікірлесуге, әңгімелесуге үйрету» мақсат етілді [13,с. 305]. Бұл орайда тілдік қатынастың жүзеге асуының бір шарты ретінде сөйлесім әрекетінің компоненттерін тұтастай жүзеге асыруға көңіл бөлінді. Тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым және тілдесім әрекеттері бір тақырыпты игертуде тұтас қолданудың тиімділігі артты.

Тіке байланыс ұстанымы диалог сөздің типтері бойынша жүргізілген жұмыстарда басшылыққа алынды. Зерттеушілер «диалогтің мақсаты мен

міндетіне, қатына жағдаятына қарай әлеуметтік-тұрмыстық, іскерлік әңгіме, сұхбат (интервью) деп аталатын типтерге бөліп, олардың әрқайсының өзіндік белгісін былайша таратады: Әлеуметтік-тұрмыстық диалог – бейресми жағдаяттағы екі адамның тілдесуі. Ол алдын-ала жоспарланбайды...

Іскерлік әңгіме – алдын ала жоспарланып, нақты бір мақсатты көздейтін, мотиві айқын, сөйлеушілердің өзара әрекет етуіне қатысты тілдік және тілдік емес құралдар мен сан түрлі сөз орамдары қолданылатын, тұлғааралық қатынас сипатында жүзеге асатын диалогтің түрі. Сұхбат – екі немесе бірнеше адамның бір өзекті мәселе жөнінде өзара ой-пікір бөлісе отырып, көпшілік алдында ауызша немесе жазбаша түрде пікірлесуі» [120].

Танымдық ұстаным. Оқушыға берілетін білімді оны қоршаған әлемімен, танымымен сабақтастықта игерту – қазіргі әдістеме саласындағы басты қағидалардың бірі. Таным – күрделі құбылыс. «Әрбір тілдік бірліктердің (сөз, сөйлем, мәтін, фразеологиялық тіркес) қатысымдық мағынасы арқылы адамның ой-өрісінің, ақыл-парасатының, рухани байлығының қандай екенін білуге болады. Адам ақыл-парасат, сана-сезім иесі ретінде айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білуге, олардың ішкі құпиясын тануға ұмтылады. Демек, адам таным иесі ретінде шындық болмысты түйсінеді, қабылдайды, елестетеді, шындық болмысты ұғынады, пайымдайды, қабылдай отырып, санада жинақталған ақпаратын тілдік бірліктердің көмегімен сыртқа шығарады, яғни баяндайды. Нәтижесінде адамның қоршаған ортаға деген көзқарасы сезімдік санасымен, ойлау жүйесімен тығыз бірлікте келіп, тіл арқылы көрініс табады» [118,б. 46].

Функционалдық ұстанымы бойынша қатысымдық бірліктердің сөйлесімдегі қызметі, ойды жарыққа шығарудағы рөлі, қолданылу ерекшелігі, қабылдаушыға тигізетін әсері назарға алынып меңгертіледі. Функционалдық ұстаным әдістеме ғылымында дәстүрлі оқыту жүйесінде тілді құрылымдық грамматика тұрғысынан қарастыру мен қазіргі жаңа білім беру жүйесінде тілді коммуникативтік грамматика тұрғысынан оқытуды өзара байланыстыратын көпір болып саналады. Функционалды грамматика, аты айтып тұрғандай, сөйлеу деңгейінде болатын құбылыс. Ол тіл бірліктерінің сөйлеудегі амал-әрекеттерін анықтайды. «Функционалды грамматика «функцияны» жеке тіл бірліктерінің қызметі тұрғысынан емес, тұтас сөйленім қызметі тұрғысынан сипаттайды» [121]. Бұл жерде ерекше ескеретін бір мәселе: тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың мәдени коды. Сөздердің бойында адам баласының өмірлік тәжірибесінен туындаған ұғымдар жинақталады. Бұл жөнінде ғалым Н. Уәли: «Тілдік санада концепт форматына түскен құрылым лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концепт пайда болуы мүмкін», - деп жазады [51,б. 18]. Ол, әрине, мәтін деңгейінде анық көрінеді. И.Р.Гальпериннің тұжырымынша, «мәтін дегеніміз – белгілі бір прагматикалық құрылымы мен нақты бағыты бар, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстарды біріктірген, тақырыбы мен бірнеше ерекше бірліктерге ие, сөйлеу үдерісінің өңделіп, аяқталған жазбаша туындысы» [120]. Автор мен тыңдарман/оқырман

арасындағы қатысымдық үдеріс сөздің қатысымдық қызметтеріне тәуелді деуге болады. Өйткені «мәтін оқырманның жас ерекшелігі, дүниетанымы, әлеуметтік деңгейі, аялық білімі тұрғысынан әр түрлі қабылданады» [122].

Экстралингвистикалық ұстаным. Ғалымдар коммуникацияның жүзеге асуына көп жағдайда экстралингвистикалық, яғни тілден тыс факторлардың әсер ететінін айтады. Оған сөйлесуге деген қажеттілікті, тыңдаушы мен сөйлеушінің жақындығын, қабылдаушының көңіл-күйін, этикеттік нормаларды білу деңгейін және т.б. жатқызады. Яғни «сөйлесім нәтижелі болу үшін тек қажетті қатысымдық бірліктерді таңдап қолдану жеткіліксіз, оған тілден тыс экстралингвистикалық факторлар да әсер етіп отырады» [122]. Сондықтан мұғалім сабақ үрдісінде әр баланың білім, білігіне де емес, оның сол кездегі көңіл-күйіне, ортасына да назар аударғаны ұтымды саналады.

Прагматикалық ұстаным. Баяншы мен қабылдаушы арасындағы сөйлесімді жүзеге асыру үшін қатысымдық бірліктерді ұтымды таңдап алуға дағдыландыру жұмыстарын орындатуда басшылыққа алынады. Баяншы өз сөзін тілді қабылдаушыға әсер ететіндей жеткізу үшін, белгілі бір тілдік бірліктерді өз мақсатына, қатысымдық(коммуникативтік) қызметіне орай әртүрлі формада, әртүрлі мағынада (тура, ауыс, астарлы, бейнелі) қолданады. Ал қабылдаушы адресант тілдік бірліктерді қалай қолданса, оны солай қабылдайды. Яғни, тілді қолданушы (адресант) тілді жақсы білсе, тілдік бірліктерді дұрыс, өз орнына қолданса, оның әсері де ойдағыдай болады. «Тілді қабылдаушы (адресат) тілді қолданушының айтпақ ойын дәл және жақсы түсінеді. Сөйтіп, екі адам арасында жағымды тілдік қатынас орнайды, түсіністік қалыптасады» [117,б. 216].

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісі өзінің мақсатына толық жету үшін жоғарыда аталған педагогикалық шарттар сақталып, олар нақты көрсетілген білім беру қағидалары бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Бұл талап оқытудың тиімді әдістері мен технологияларын сауатты қолдана алу, сабақ тақырыбы мен күтілетін нәтижелерге бағытталған оқыту формаларын саралай білуге жол ашады. Бұл орайда оқыту ұстанымдарын талғай білудің де мәні ерекше. Мәселен, оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің заман дамыған сайын жаңарып, жаңғырып отыруы – уақыт талабы. Сондықтан қазіргі тілдің дамуы мен оны оқыту жүйесіне қойылып отырған талаптарға жауап беру үшін функционалдық, экстралингвистикалық және прагматикалық ұстанымдарға басымдылық беріледі.

Дәстүрлі және арнайы ұстанымдар жоғары сынып оқушыларына креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту әдістемесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне, түпкі нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Бұл ұстанымдардың әрқайсысының педагогикада маңызды орны бар, олардың бірі негізгі, енді бірі қосалқы қызметтер атқара келіп, бірін-бірі толықтырып отырады. Оқытудың нақты бір түріне қатысты осы ұстанымдардың ішінен тиімдісін ажыратып, оны дұрыс қолданудың жолын анықтау үлкен сын.

2 «ҚАЗАҚ ТІЛІ «ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Бейіндік мектепте оқушылардың креативті ойлауына негізделген тілдік қатынас әдістемесін талдау (анықтау эксперименті)

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сай жалпы білім беретін бейіндік мектептердің 10-11 сыныптарында оқушылардың креативті ойлауын дамыту арқылы тілдік қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытындағы өзекті мәселелерді анықтау, осы бағыттағы жұмыстардың оқу бағдарламалары мен оқулықтардағы қамтылу жайына талдау жасау мақсатында эксперимент жұмыстары жүргізілді. Өйткені проблемаларды анықтап алу диссертацияда негізделген тұжырымдар мен оларды жүзеге асырудың нақты бағытын айқындауға тірек болатыны ескерілді. Сол себепті зерттеу жұмысының эксперимент материалдары бойынша ұйымдастырылған сынақ жұмыстары анықтау, қалыптастырушы, қорытынды кезеңдерге бөлініп жүргізілді. Әр кезеңдегі эксперимент жұмысының мақсаты, міндеттері мен ұйымдастырылу жолы белгіленді.

Талап бойынша анықтау экспериментінде оқушылардың креативті ойлау, тілдік қатынас, сөйлесім әрекеті, бүгінгі таңдағы білім алушылардың сөз мәдениеті, пікірлесім әдебі туралы ойларын анықтау, ондағы проблемаларды зерттеу, диссертацияда көтеріліп отырған ойлау мен сөйлеуге қатар үйрету жұмысына байланысты қайшылықтарды айқындау міндеттелді. Сол арқылы зерттеу еңбегіндегі жетекші идеяны практикада жүзеге асырудың мүмкіндіктерін анықтау көзделді.

Анықтау экспериментінде, алдымен, оқу бағдарламалары мен оқулықтардағы оқушының креативті ойлауын дамыту арқылы тілдік қатынасқа төселдіру жайы талданды. Осы жерде бір мәселеге назар аудартқымыз келеді. Эксперименттік зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұнының түбегейлі өзгеруіне орай 2016 жылдан бастап 2020 оқу жылдарына дейінгі аралықты қамтыды. Біздің зерттеу жұмысымыз басталған алғашқы кезеңдерде, яғни 2016-2017, 2017-2018, 2018-2019 оқу жылдарында отандық жалпы білім беретін орта мектептерде еліміз тәуелсіздік алған алғашқы уақыттарда дайындалған оқу бағдарламалары мен оқулықтары қолданыста жүрді. Сондықтан ол еңбектерге де талдау жасалған болатын. Ал, 2019-2020 жылдан бастап бейіндік мектептер жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша білім беруге көшірілді. Сондықтан зерттеу жұмысында осы екі кезеңдегі қазақ тілін оқыту мәселесіне шолу жасалып, олардың арасындағы сабақтастық пен ерекшеліктер салыстырмалы түрде талданды.

Эксперимент базасы ретінде алған Жамбыл атындағы № 5 мектеп-гимназиясының және № 23 орта мектептерде жаратылыстану-математикалық бағытта білім береді. Сондықтан зерттеу жұмысы да осы бағытта жүргізілді. Оның үстіне, жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектептер мен гуманитарлық мектептердің білім мазмұнында алшақтық аса көп

болмағандықтан, заманауи білім беру жүйесіне сәйкес, қалыптастырушы эксперимент материалдары түгелдей жаңартылған мазмұнға сәйкес қайта жасалып, сынақтан өткізілді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде жалпы білім беретін мектептегі әрбір оқу пәнінің пәндерді оқыту тұжырымдамаларын, әр пән бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттары даярланған болатын. Тұңғыш рет қазақ тілінде оқытатын 10-11-сыныптағы бейіндік мектептерде «Сөз мәдениетін оқытудың Тұжырымдамасы» жасалған болатын [46,б. 174]. Сол тұжырымдаманың негізінде «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін бейіндік мектептерінде «Қазақ тілі» оқу пәнінің жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты [123]. даярланған. Сөйтіп, ел тарихында тұңғыш рет қазақ тілінің сөз мәдениеті мен шешендік сөздерін арнайы оқытудың жүйесі жаңаша құрылымданған нормативтік құжат жасалған еді.

Екі мыңыншы жылдардың басынан «Қазақ тілі» пәні бойынша жаңа буын оқулықтары жарық көрді, оларға қосымша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқу-әдістемелік кешендер даярланды. Оның ішінде бейіндік мектептердегі «Қазақ тілі» пәні де болды. Анықтау эксперимент кезеңінде бүгінгі мектепте қолданыста жүрген қазақ тілін оқытудың нормативтік-базалық құжаттарына да талдау жасалды.

2019-2020 оқу жылынан бастап енгізілген жаңартылған білім беру жүйесінің оқу-нормативтік құжаттарына, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 95-қосымша «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының, ұзақ мерзімді және орта мерзімді деп аталатын оқу бағдарламаларының [124] ерекшеліктері дәстүрлі мектептердегі оқытудың жайымен салыстырыла талдау нәтижесінде бірқатар мәселелер анықталды (кесте 2).

Кесте 2 - Оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамыту бағытында бейіндік мектептерге арналған «Қазақ тілінің» оқу-нормативтік құжаттарына салыстырмалы талдау

Дәстүрлі мектептегі оқу-нормативтік құжаттар бойынша	Қолданыстағы білім жүйесіндегі оқу-нормативтік құжаттар бойынша
1	2
Бейіндік мектепте «Сөз мәдениетін» оқытудың тұжырымдамасы дайындалды. Онда сөз мәдениетін оқытудың мақсаты оқушыны сауатты, өзгеше ойлауға, сол арқылы сөз мәдениетіне үйретудің ғылыми негіздері, ұстанымдары көрсетілді.	Жаңартылған оқу бағдарламасының оқу-нормативтік негізі ретінде арнайы Тұжырымдама дайындалмаған.
Бейіндік мектепте «Сөз мәдениетін» оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандарты дайындалған. Құжатта	Жаңартылған білім беру жүйесінде жалпыға міндетті білім беру стандартының орнына Ұзақ мерзімді жоспар ұсынылған. Бұл

2 – кестенің жалғасы

1	2
оқушының тілдік қатынас дағдыларын сөз мәдениетімен сабақтастықта дамытуға мүмкіндік беретін білім мазмұны жүйелі ұсынылған.	жоспарда тілдің теориялық мазмұнын көрсететін білім мазмұны қамтылмаған. Бірақ құжаттағы білім мазмұнында оқушының игеруі тиіс түпкі нәтижелер сөйлесім әрекеті компоненттері бойынша таратылып берілген.
Дәстүрлі мектептегі «Қазақ тілінің» оқу бағдарламасында 10-сыныпта «Сөз мәдениеті», ал 11-сыныптарда «Шешендік сөз» тақырыптары жүйемен берілген. Олар оқушының логикалық ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуда жүйеліліктің сақталуына мүмкіндік береді.	Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша лексикалық тақырыптар доминанттық рөл атқарып тұрғандықтан, онда тіл жүйесіне тән сөйлеу шеберлігін жетілдіруге қатысты ғылыми тұжырымдар шашыраңқы берілген. Осыған байланысты екі сыныптың арасында тақырыптық-мазмұндық сабақтастық айқын көрінбейді.

Сонымен, бейіндік мектептердегі дәстүрлі және қолданыстағы оқу жүйелері бойынша жүргізілген талдау жұмысы мынадай тұжырымдар жасауға негіз болды:

1. Қазіргі қолданыстағы тілді оқытудың ғылыми-теориялық қағидаларының нақты болмауы салдарынан оқушының тілдік қатынас мәдениеті туралы, сөз мәдениеті талаптары туралы білім алуына және практикалық дағдыларын жетілдіруді жүйелі жүргізуге айқын бағыт бере алмай отырғаны анықталды.

2. Қолданыстағы оқу жүйесінде «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны лексикалық тақырып түрінде беріліп, ал тілдік білімдер шашыраңқы түрде ұсынылғандықтан, оқушылардың ойлауы мен тілдік сауаттылығын, коммуникативтік дағдыларын жүйелі жетілдіру мүмкіндігі тарылған.

3. Дәстүрлі мектепке арналған оқу бағдарламаларында бейіндік мектептің ерекшелігі ескеріліп, жекелеген теориялық материалдар жеңілдетіліп, гуманитарлық және жаратылыстану салаларындағы болашақ мамандарға қажетті бағыттар ескерілген. Ал, жаңартылған оқу бағдарламасындағы ішкі сабақтастық теориялық тақырыптар бойынша жіктелмеген. Әйтсе де, жаңартылған мазмұнда оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі сөйлесім әрекетінің түрлері: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым бойынша сараланып берілгенін айту ләзім. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбына сәйкес келетіндіктен, біршама жеңілдіктер тудырды. Бірақ білім мазмұны айқын болмағандықтан, олардың оқулықтарда берілуі әрқилы авторлар тобының қалауына қарай түрліше өзгеріп кеткені аңғырылды. Оқулықтағы жалпы лексикалық тақырыптар ортақ болғанымен, олардың сабақтарға бөлініп берілген ішкі мазмұнында ала-құлалық бары, бірізділік сақталмағаны байқалды.

4. Дәстүрлі мектептерде тәуелсіздік алған кезеңде бейіндік мектептерде қазақ тілінің білім мазмұнын саралауда фактологиялық оқытудан бас тартып,

оқушылардың сөз мәдениетін игеруіне мүмкіндік тудырылған болатын: онда қазақ тілінің сөз мәдениеті мен шешендік өнеріне қатысты теориялық материалдар бірізге түсіріліп, жүйемен ұсынылған еді. Біздіңше, осы жүйені қолданыстағы оқу бағдарламасында сақтап, одан әрі тілдік қатынас тұрғысынан жетілдірген дұрыс болар еді.

5. Дәстүрлі бейіндік мектептердің 10-сыныбындағы «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнында:

- «Тіл- жалпыадамзаттық құбылыс»
- «Қазақ тілі қандай тіл?»
- «Әдеби тіл стильдерінің тармақтары және олардың айырым белгілері»
- «Әдеби тіл нормалары»
- «Сөз сапасы»

- «Сөз мәдениеті және қарым-қатынас» тақырыптары қамтылған. Атауы көрсетіп тұрғандай, оқу материалдары оқушының сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Мысалы, әдеби тіл стильдері мен әдеби тіл нормалары оқушының сөзді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіруге ықпал ете отырып, олардың тілдік қатынас жасау сауаттылығын қамтамасыз ететіні сөзсіз. Ал, білім алушының сөз шеберлігін дамытуға бағытталған сөз сапалары: сөз түсініктілігі, сөз анықтығы, сөз бедерлілігі, сөз дәйектілігі, сөз жүйелілігі және т.б. сапалық қырлары оқушы үшін әрі жаңа, әрі пайдалы білім болары сөзсіз. Оған қоса сөз сапасы туралы білім мен қалыптастырылуы тиіс практикалық машықтар оқушының ойлауын да, сөйлеу тілін де қатар дамытуға бағыттауға қолайлы ойластырылған.

6. Дәстүрлі бейіндік мектептердің 11-сыныбындағы «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнында:

- «Шешендік өнердің тарихы»
- «Шешендік сөздің табиғаты»
- «Шешендік сөздің түрлері»
- «Шешендікке машықтану жолдары»

- «Пікірталас мәдениеті» деген тақырыптар қамтылған. Тұлғаға бағдарланған білім мазмұнының айқын үлгісі деп тануға болатын бұл жүйе де зерттеу тақырыбындағы оқушының креативті ойлауы мен тілдік қатынасын дамытуға оң ықпал ететіні сөзсіз. Өйткені мектептегі тілді оқытудың басты мақсатының өзі – оқушының сөйлеу шеберлігін дамыту. Бұл жерде жүйемен түзілген тақырыптардың қай-қайсысы да оқушының дұрыс ойлауына, сауатты сөйлеуіне қажетті теориялық білім беруге де, практикалық дағды қалыптастыруға да өзара бірлікте қызмет ететіні сөзсіз. Өйткені ол тақырыптар білім алушының тілдік-коммуникативтік күзiреттiлiгiн қалыптастыруға бағытталған.

6. Қазіргі мектептегі қолданыстағы 10-сыныптың оқу бағдарламасындағы материалдар лексикалық тақырыптар түрінде былай түзілген:

- «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет» (Интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс. Орфографиялық нормалар)

- «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс»

- «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері» (Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясындағы сөз әдебі)

- «Адам өмірін сақтау» (Синтаксистік нормалар)

- «Адам өмірін сақтау» (Синтаксистік нормалар)

Лексикалық тақырыптар арасында да, тілдік теориялық материалдар арасында да сабақтастық пен ішкі байланыс айқын емес. Себебі лексикалық тақырыптар арасында да, теориялық тұрғыдан орфографиялық нормалардан кейін әлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясындағы сөз әдебінің берілуінде де бірізділік байқалмайды. Сол сияқты синтаксистік нормалардың, сөйлем мен мәтіндегі тыныс белгілерінің 10-сыныпта арнайы тақырып түрінде оқытылуы да түсініксіз. Негізінен, әдеби тіл нормалары тілдік салаларды оқытудың аясында негізгі мектепте қамтылғаны тиімді болар еді.

.. Қазіргі мектептерде қолданыста жүрген 11-сыныптың оқу бағдарламасындағы материалдар лексикалық тақырыптар түрінде былай түзілген:

- «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен бүгіні» (Шешендік сөз, Ойталқы, Ғылыми стиль)

- «Экология: ядролық және мұнай өндірістері» (Айтыс, Сыни пікір)

- «Қазіргі қоғам:көші-қон және зияткерлік миграция» (Сөзталас, Ресми іс-қағаздар стилі)

- «Әлемді өзгерткен өнертабыстар (Публицистикалық стиль, Пікіралмасу)

- «Туризм: экотуризм» (Әңгіме және Дөңгелек үстел, Ой айқындылығы. Сөз дәлдігі. Пікірталас мәдениетіндегі сөзқолданым).

11-сыныпа арналған оқу бағдарламасындағы тақырыптық материалдарында да жүйелілік, бірізділік принциптері сақталмағаны байқалып тұр. Теориялық тұрғыдан да тақырыптар шашыраңқы түрде қамтылған.

Атап айтатын бір мәселе: зерттеу барысында жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттары мен оқу нәтижелерінің тілдік қатынасқа, сөйлесім әрекеті түрлеріне негізделіп жасалғаны эксперимент материалдарын түзуге оң ықпал етті. Мысалы, жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша 10 және 11-сыныпқа арналған оқу бағдарламасындағы оқушының креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған төмендегідей мақсаттар эксперимент тапсырмаларын әзірлеуде басшылыққа алынуы тиіс деген тұжырым жасалды. Оқулықтағы материалдарды талдауда да бұл мақсаттардың ескерілуіне көңіл бөлінді.

Қалыптастырушы эксперимент материалдарын әзірлеуде сөйлесім әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым компоненттері бойынша оқу тапсырмаларын жетілдіру, жаңаша құрастыру арқылы оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамыту қажет деген түйін жасалды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының басым бағыты ретінде оқушылардың өзара тілдесім дағдыларын дамытуға қажетті тапсырмаларды кіріктіруге көңіл бөлінуі қажет деп саналды.

Анықтау эксперименті кезеңінде назар аударылған келесі мәселе – жаңартылған білім беру бағытында жазылған оқулықтардағы зерттеу тақырыбына қатысты оқушының креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға арналған оқу тапсырмаларының берілу жайы. Жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныпта және 11-сыныптарда оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінің оқулықтарына жан-жақты талдау жасалды. Оқулықтарға жасалған сандық және сапалық талдау нәтижелері жинақталып берілді (Қосымша А).

Бұл оқулықтарда білім алушылардың сөйлесім әрекеттерінің барлығы да қамтылған және олардың ішінде оқушының ойлауы мен сөйлеуіне қажетті қызықты, ойландыратын тапсырмалар жүйелі түрде берілген. Оларды орындау сапасын көтеру мақсатында қосымша теориялық материалдар да ұсынылып отырған. Мысалы, 10-сыныптағы «Қазақ тілінің» оқу бағдарламасында 4-бөлім «Адам өмірін сақтау» деп аталады. Бұл сабақтың 1-2-сабақтары «Адам мен табиғат» тақырыбына арналады. Авторлар ойшақыру кезеңінде сабақ тақырыбына қатысты тыңдалымға екі мәтін береді де, оған байланысты 6 тапсырма ұсынады. Бұл оқулық авторларының оқушының ойлау және тілдік қатынас дағдыларын дамытудың жүйесін анық білетінін және оны жүзеге асырудың әдістемелік жолдарын сауаттылықпен жүзеге асыру мүмкіндігін танытады. Өйткені олардың ұтымды жолдарды соншалықты ыждағаттылықпен түзгені айқын көрінеді. Бұл біздің зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарағанда, оқулықтың басты мақсаты лексикалық тақырыптарды оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытуға дұрыс бағыттау болғанын дәлелдейді. Алдымен, тыңдалған мәтіндердегі негізгі ақпараттарды санамалап жазуды, содан кейін термин сөздердің мағынасын анықтауды тапсырады. Келесі тапсырмада екі мәтіннің стилін анықтау тапсырылады, сосын мәтіндердегі тілдік құралдарды кесте түрінде жазып, оларға талдау жасау талап етіледі. Тыңдалымға байланысты 6-тапсырмада мәтіндердің мазмұнына сүйеніп, «Рахман қайнары» шипажайы туралы жарнама жазуды ұсынады. Одан соң авторлар оқушылардың логикалық ойлауы мен тілдік дағдыларын өздерінің бағалауына қатысты тапсырма береді. Оқушылар мынадай кесте түрінде өздері жазған жарнама мәтіні мен тыңдалым мәтіндеріндегі тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасайды

Кесте 3 - Жарнама мәтіні мен тыңдалым мәтіндеріндегі тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктері

1-мәтін		2-мәтін		Жарнама мәтіні	
Тілдік құралдары	Стильдік сипаты	Тілдік құралдары	Стильдік сипаты	Тілдік құралдары	Стильдік сипаты

Тыңдалымға байланысты 8-тапсырмада жағдаяттық тапсырма «Ең үздік тілдесім» түрінде берілген. «Жағдаят: «Рахман қайнары» шипажайына телефон шалып, ақпарат алуың керек. Мәтіндегі мәліметтер шеберлікпен қиюласатындай қысқа да нұсқа (10-12 үнқатымнан тұратын) хабарламалық

диалог құрындар. Сынып оқушылары ең үздік диалог иелерін анықтасын. Жарнама тілі мен ауызекі сөйлеудегі тілдік құралдардың қолданысына мән беріндер» [125].

Жалпы алғанда, тапсырмалар мазмұндық жағынан дұрыс құрылымданған, соңғы тапсырмадағы креативті ойлауға дейін жетелейтін, соған қызмет ететін жұмыстар мынадай А жүйемен берілген:

- тапсырмалар тілдік қатынас түрлерін түгелдей дерлік қамти отырып, кешенді түрде қамтылған;

- тапсырмалар арасында нақты бір рет пен бірзділік сақталған;

- негізгі ақпараттарды анықтау мәселесіне назар аударылған;

- термин сөздердің мағынасын анықтау арқылы оқушының сөздік қорын толықтыру көзделген;

- екі мәтіннің стилін анықтау нәтижесінде алда орындалатын өзіндік шешім жасалатын жұмыстың тілдік жағын болжай алуға мүмкіндік берілген;

- тілдік құралдарды кесте түрінде жазып, оларға талдау жасау арқылы оқушылардың тілдік талғамын жетілдіру міндеті орындалған;

- жарнама жазу үшін қажетті теориялық материал да берілген;

- оқушылардың креативті ойлауын дамыту көзделген;

олардың тілдік қатынастағы жазылым дағдыларын жетілдіруге көңіл бөлінген. Осындай кешенділіктің нәтижесінде оқушыларға «Рахман қайнары» шипажайы туралы жарнама жазу да, шипажайға телефон шалып, өзіне қажет мәліметтерді анықтау да қиындық келтірмейді. Оқулықтағы басты міндет – оқушыны үйренген тілдік дағдыларын өмірде қолдануға үйрету мәселесі шешімін тапқан. Мұндай кешенді тапсырмалар 11-сыныптың қазақ тілі оқулығында да жақсы жалғасып жатыр [126].

Дегенмен, осындай тапсырмаларға оқушылардың креативті ойлауын дамытатын нақты тапсырмаларды қосу керек деген байлам жасалды.

Зерттеу жұмысында қолданыстағы оқу бағдарламасына қатысты айтылған мәселелерді оңтайлы шешу үшін бейіндік мектептегі қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын сақтай отырып, оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуға қатысты оқу тапсырмаларын жетілдіру қажет деген тұжырым жасалды. Ол үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың креативті ойлауы мен сөйлеу амалдарын дамытуға қатысты бірқатар материалдарды саралап жүргізу керек деп байлам жасалды.

Бұл жерде профессор Ф.Оразбаеваның тілдік қатынас теориясында енгізген жаңалығы – тілдесімге байланысты оқу тапсырмаларын жұптық, топтық, ұжымдық тұрғыдан жетілдіруге көңіл бөлінуі керек деген тұжырым жасалды.

Тілдесім сипатындағы тапсырмаларда заманауи талаптарға сай бейіндік мектеп оқушысының ана тілінің өз өмірінде атқаратын мәнін сезінуіне назар аударылуы қажет деп танылды. Жеткіншектер оқу тапсырмаларын орындау барысында тілдің өз өміріндегі рөлін тануына, оны орынды қолдана алудың сәттілік кепілі екенін түсінуіне, сонымен қатар тілдің діл қалыптастырушылық маңызын тануына, ұлтты ұйыстырушы мәйек екенін саналы түсінуіне

мүмкіндік берілуі қажеттігі көрінді. Сонда ғана оқушы тіл өзгенің ойын білу мен өз ойын сыртқа шығарудың құралы ғана емес, жалпы, адам баласы үшін маңызы терең құбылыс, ұлттық танымның айнасы екенінен хабардар болады. Сөз қадірі мен өз қадірінің ажырамас тұтастығын сезінеді. Ал, мұндай сезім тілді қолдануда жеткіншектерге үлкен жауапкершілік жүктейтіні сөзсіз. Бұл, өз кезегінде, оқушының креативті ойлауын да, тілдік қатынас мәдениетін сақтаудың қажеттігін де тануға деген ұмтылысын арттыра түседі. Сол арқылы бәсекелестіктің күшеюімен қоғамдағы тұлға сауаттылығы айрықша мәнге ие болып отырған қазіргі таңдағы қарым-қатынас жасау мәдениетін, «жұмсақ дағдыларды» игерудің де маңызын дұрыс түсінеді

Анықтау эксперименті кезеңінде оқушылардың креативтілік деңгейін анықтаумен бірге оны бағалаудың гипотезасы нақтыланып, тексерілді, оқушылардың креативті ойлау арқылы тілдік қатынасқа еркін түсе алу мүмкіндіктерін дамытудың шарттары анықталды. Эксперименттік зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұнының түбегейлі өзгеруіне орай 2016 жылдан бастап 2020 оқу жылдарына дейінгі аралықта Тараз қаласындағы №5 Жамбыл атындағы гимназия және № 23 орта мектептердің 10-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында психолог ғалымдардың топтағы оқушылар санының ең ыңғайлы мөлшеріне қатысты «шағын топ» ұстанымы негізге алынды. Осыған байланысты эксперименттік зерттеуге барлығы 107 оқушы қатысты, оның ішінде 10 сыныпта – 52 және 11 сыныпта – 55 оқушы болды.

Зерттеудің мақсаты – оқушылардың креативті ойлауы мен қатысымдық әлеуетінің бастапқы және қол жеткізген деңгейлерін анықтау арқылы ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер жүзеге асырылды:

1. Оқушылардың жасампаздық ойлау жүйесінің дамуын бағалаудың деңгейлері мен критерийлерін әзірлеу;
2. Зерттеу нәтижелерін талдау;
3. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық моделін әзірлеу және сынақтан өткізу;
4. Оқушылардың креативті ойлау арқылы тілдік қатынасқа түсуінің даму динамикасын талдау.


Айқындалған мақсат пен міндеттерге сәйкес таңдалып алынған сауалнамалар, әдістер мен тапсырмалар жүйесі эксперимент жұмысының ойдағыдай өтуіне мүмкіндік берді.

Анықтау тәжірибесін жүргізуде білім алушының креативтілік ойлау деңгейі әртүрлі болатыны ескерілді. Бұл жөнінде Л.С.Выготскийдің «креативті ойлау әрекетінің төменгі деңгейлі креативтіліктен жетілген креативтілікке дейін өзгереді деген пікірі басшылыққа алынды [127]. Сондықтан сабақ барысында әрбір білім алушының жеке мүмкіндігінің барынша назарда болуына көңіл бөлінді.

Оқушылардың креативтілік бағыттары мен деңгейлерін айқындау эксперименті кезінде олардың алуан түрлі креативтілік қасиеттерін айқындауда

Торренс тестін қолдану тиімді деп саналады. Алайда, бұл сауалнаманы бір топ мүшелеріне екі қайтара жүргізуге болмайды. Сондықтан Торренс тестісін қорытынды эксперимент барысында қолдану көзделді. Ал, айқындау экспериментінде осы тестке негізделген өз тарапымыздан сауалнама құрастырылды. Сауалнама «Өзінді бағала» деп аталды. Сауалнама мәтіні қосымшада ұсынылды (Қосымша Б).

Анықтау эксперименті кезінде сауалнамаға жауап берген 10 және 11-сынып оқушылары өз бойларындағы ақынжандылық, қиялшылдық, тәуекелшілдік, өз-өзіне сенушілік, ашықтық, прагматизмдік, музыканы сүйушілік, есте сақтаушылық, көпшілдік, бағдарлау мүмкіндігі, ойшылдық, әдемілікке құмарлық т.б. қасиеттерін «жоғары», «біршама», «жоққа тән» деген үш деңгей арқылы бағаланды (сурет 1).




Сурет 1 - Оқушылар креативтілігінің бастапқы деңгейі

Сауалнама нәтижелері 1 және 2-суреттерде көрсетілді 1-диаграммада сауалнамаға тартылған оқушылардың ішіндегі өз бойындағы креативтілік қасиетіне «жоғары» деп бағалаған оқушылардың сандары ғана көрсетілген.

Оқушылардың креативтілік деңгейін саралау үшін жүргізілген тест олардың шығармашылық ойлау сипаттарымен қатар жеке тұлғалық креативтілік мінездемелерін де тануға мүмкіндік берді. 2-суретте аталған қасиеттерге ие оқушылардың санына қарай жоғарыдан төменге қарай орналастырылды.

Эксперимент нәтижесі көрсетіп отырғандай, бүгінгі білім алып жатқан оқушылардың басым бөлігінде сезімталдық пен тәуекелшілдік бары анықталды. Бұл қасиеттер олардың бойындағы музыкаға құмарлықтан, әдемілікті жоғары бағалауынан, жадыларының мықтылығына деген өзінің сенімінен, кез келген нәрсені бағдарлау мүмкіндігін жете түсінуінен көрініп тұр. Зерттеу жұмысын

жүргізуде оқушылардың өздерінің ойшылдық қабілеттеріне деген сенімінің болуы да оң ықпалын тигізеді деп саналды. Ең бастысы олардың креативті, өзгеше ойлауға қабілеттелігін арттыру амал-тәсілдерін дұрыс қолдану маңызды. Оқушының дара ойлауы мен батылдығын қалыптастыруда, оқушылар өзі көрсеткен ашықтықтың, прагматизмнің, өзіне деген сенімділіктің жетіспеушілігі біршама қиындықтар туғызатыны сөзсіз. Сондықтан қалыптастырушы эксперимент кезеңінде олардың осы аталған қасиеттерін ашатындай жұмыстарды дербес, жұптық және топтық сипаттағы тапсырмалар арқылы ашу қажеттігі көрінді (сурет 2).



Сурет 2 - Оқушылардың креативтілік қасиеттерінің көрсеткіші

Осылайша, анықтау эксперименті кезеңінде жүргізілген бұл тест алдағы қалыптастыру тәжірибесі барысында ұйымдастырылатын тапсырмалар мен қолданылатын әдістердің жалпы сипатын анықтауға мүмкіндік берді. Тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымына сәйкес оқушылардың жеке психологиялық, креативтік-қатысымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, зерттеу мақсатына сай жұмыстарды қалай ұйымдастыру керектігіне байланысты нақты болжамдар жасалды.

Анықтау эксперименті кезінде оқушылардың бойында осы уақытқа дейін қалыптасқан креативтілік, коммуникативтік құзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау мақсаты қойылды. Оқушылардың креативтілік және коммуникативтік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін Вильямс тестісі негізінде кешенді диагностика жүргізілді.

Вильямс креативтілік тестісі шығармашылықты диагностикалаудың ең жақсы психодиагностикалық құралдарының бірі деп саналады, өйткені бұл тест адамдардың әртүрлі шығармашылық сипаттамаларын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Вильямс тесті 5 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен

жасөспірімдердің креативтік қабілеттерін жан-жақты диагностикалауға арналған және олардың бойындағы жасампаздық пен креативті ойлау қабілеттерімен байланысты түрлі қасиеттеріне баға береді.

Оқушылар сауалнамаға суреттер мен тақырып түрінде жауап беруі тиіс болды. Сауалнаманы жүргізу кезіндегі басты орындалатын шарт – білімалушының нақты идеясын сақтау. Тест ешқандай өзгерістер мен толықтыруларға жол бермейді, себебі тестілеу көрсеткіштерінің сенімділігі мен маңыздылығы өзгермеуі қажет.

Сауалнама жүргізер алдында оқушыларға ешқандай алдын-ала дайындық жұмысы жүргізілмеді. Тестілеу кезінде үрей, сынақ және бәсекелестік жағдайларын тудырмау мақсатында «тест», «емтихан», «тексеру» деген сөздер де қолданылмады. Оқушылар бұл сауалнаманы күнделікті жүргізіліп жүрген қызықты тапсырмалардың бірі ретінде қабылдауы маңызды.

Нәтижелердің шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында сыныпта жағымды психологиялық ахуал тудырылып, достық және сенімділік жағдайында оқушылардың қиялы мен қызығушылығын ынталандыру көзделді.

Тапсырмаларды бермес бұрын оқушылардың қызығушылығын тудыру, зейіндерін шоғырландыру, ынталандыруға бағытталған ұйымдастыру кезеңі өткізілді.

«Бұл беттерде аяқталмаған фигуралар көрсетілген. Егер оларға қосымша сызықтар қоссаңыз, қызықты нәрселер мен әңгімелер құрылуы мүмкін. Басқа ешкім ойлап таба алмайтын суреттер салуға тырысыңыз. Әр түрлі бөлшектерді қосу арқылы әр суретті анық және қызықты етіп жасаңыз. Әрбір суретке қызықты атаулар ойлап тауып, төменгі жағына жазыңыз. Тапсырманы 25 минуттың ішінде мұқият әрі жылдам істеуге тырысыңыз. Егер сұрақтар туындаса, бірден сұрап алыңыз. Суреттермен жұмысты бастаңыз», - деген сөздермен оқушыларға не істеу керек екендігі түсіндірілді.


Аталған тест бойынша оқушылар нақты уақыттың аралығында берілген сызбаларды белгілі бір пішін қалпына келтіріп, суретті аяқтап, оларға атау ойлап тауы тиіс. Тест оқушылардың жылдамдық, дәлдік, ұтқыр ойлау, ерекше пайымдау қасиеттерімен қатар тіл байлығы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың аяқтап салған суреттері мен оларға берген атауларын Вильямс критерийлері бойынша бағалай келе, оқушылардың креативті ойлауы мен тіл байлығын қолдана алу мүмкіндіктерінің бастапқы деңгейі анықталды (сурет 3).

Анықтау тестінің қорытындылары бойынша Вильямс тестінің мүмкін болатын максималды 131 ұпайынан 10 сынып оқушылары - орташа есеппен 53 ұпай, 11 сынып оқушылары – 55 ұпай жинады. Сауалнама қорытындысы бойынша орташа ұпай саны сыныптардағы барлық оқушылардың жинаған ұпайларын қосып, оқушы санына бөлу арқылы шығарылды.

Суретте көрсетілген нәтижелер бойынша оқушылардың барынша өз қолтаңбасын танытуға деген қызығушылығының жоғары екені анықталды. Мұндай қасиет олардың креативті ойлауға да қызығушылығын тудырудың аса

күрделі болмайтынын көрсетті. Сонымен қатар балалардың өңдеуге және атаулар қоюдағы тапқырлық танытуы да олардың тілдік қабілеттерінің бастапқы деңгейінің қалыптаса бастағанын дәлелдейді. Дегенмен, олардың жылдам шешім жасау, жылдам өзгерту, өңдеу секілді қабілеттерінің жетіспеушілігі де айқын көрініп тұр. Сол себепті қалыптастыру кезеңіндегі жұмыстарда бұл да ескерілуі тиіс деген шешім жасалды.



Сурет 3 - Оқушылардың креативтілік және коммуникативтік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейі


Оқушылардың креативтілік және коммуникативтік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейлері 3 және 4-суреттерде берілді

Анықтау эксперименті кезінде оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік дағдыларын дамыту шарттарын анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Өйткені білімалушының креативті ойлауы мен ауызша және/немесе жазбаша тілдік қатынаста ойын еркін жеткізе алуы үшін оның тиімді шарттары айқындалып, оған белгілі бір ыңғайлы жағдайлар жасалуы тиіс. Әлеуметтанушы ғалымдардың пікірінше, ерікті әлеуметтік оқшаулану адамдардың шығармашылық әлеуетін арттырып, креативті ойлауына, өз ой-пікірін сауатты білдіру мүмкіндігіне жол ашады. Себебі шығармашыл адамдар жеке қалуды, оңаша отырып, ойланғанды, жазу жазғанды қалайтыны олар берген сұқбаттардан, мемуарлық шығармаларынан да көрініп тұрады. Осы пікірдің дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Сауалнама сұрағы екі бөліктен тұрады. Оның біріншісінде оқушы «Сіз өзіңізді қай кезде креативті сезінесіз?», ал екіншісінде «Сіз өз ойыңызды қалай

(ауызша немесе жазбаша түрде) еркін жеткізесіз?» деген сауалдарға жауап беруі тиіс болды. Сауалнамада оқушылардың өз аты-жөнін көрсетуі міндетті деп саналмады. Өйткені бұл сұраққа олардың шынайы түрде, барынша ашық жауап беруі маңызды болды. Балалардың өзін қандай жағдайда еркін сезінетіні олардың психологиялық күйі мен темпераментін анықтауға, сол арқылы оларды ашықтыққа, әлеуметтік ортада өз ой-пікірін ашық білдіруге үйретудің жолдарын дұрыс болжауға мүмкіндік береді деп саналды.

«Жалғыздықта, жазбаша түрде» деп білімалушылардың 31%-ы; «Топ ішінде, ауызша түрде» деп 52%-ы, «Ешқашан» деп 23%-ы жауап берді (сурет 4).



Сурет 4 - Оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынаста ойын еркін жеткізе алу мүмкіндіктері

Сауалнама нәтижелері оқушылардың өз ойын көп жағдайда ауызша айтуды қалайтынын көрсетті. Оның екі жақты себебі болуы мүмкін. Біріншіден, бұл оқушылардың топ ішінде сөйлеуден қашқақтамай, еркін сөйлеу дағдысын меңгергенін көрсетеді. Ал, екінші жағынан, олардың сөйлеу сауаттылығындағы жазу машықтарының маңыздылығын түсінбеуі салдарынан болуы да мүмкін. Өйткені қолданыстағы оқу бағдарламаларындағы талаптарда да оқушылардың ауызша сөйлеуіне көп назар бөлінеді де, жазу сауаттылығын дамыту мәселесінің кемшін қалып жатқанын эксперимент кезіндегі мұғалімдермен жүргізілген сұқбаттар да көрсетті. Мұғалімдер қазіргі оқу жүйесінде диктант, мазмұндама, шығарма жаздыру секілді жазба жұмыстарына бұрынғыдай арнайы сағат бөлінбейтінін, тапсырмалардың көбі ауызша орындауға құрылатынын айтқан болатын. Сауалнама нәтижелерін қорытындылай келе, сабақ кезінде сыныпта ауызша ұйымдастырылатын оқу тапсырмаларында оқушылардың шығармашылық әлеуетін барынша танытатын жазбаша тапсырмалар беруге көп көңіл бөлу керек деген тұжырым жасалды. Өйткені жазбаша жұмыста оқушылар өз ойын жинақтап, жүйелеп, сауатты құруға төселеді. Жазбаша жасалған дайындық жұмыстары оқушылардың тілдік қатынас дағдыларын: тыңдалым, оқылым, айтылым, тілдесім секілді өзге әрекеттердің сапалы орындалуында маңызды рөл атқарады. Өйткені жазған

уақытта бала өздігінен ізденіп, оны ойда қорытып, пікірін дұрыс әрі сауатты жеткізуге дағдыланады.

Анықтау эксперименті барысында жүргізілген бақылау тестілері мен әлеуметтік сауалнама нәтижелері оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың жүйесін, түрлерін, бағдарын, күтілетін нәтижелерін, бағалау критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұлай дейтін себебіміз, жалпы тәжірибе барысында әрбір жекелеген әдісті қолдану кезінде де, әрбір жеке-жеке тапсырмаларды орындау кезінде де олардың алғашқы орындалуы мен эксперимент өткізілгеннен кейінгі кезеңдердегі көрсеткіштерді салыстыруға ықпалы болады деп саналды. Олай болса, әрбір тапсырманы қайталап орындау арқылы, әрбір әдісті қайталап қолдану арқылы оқушылардың креативтілік және қатысымдық құзыреттіліктерінің даму деңгейлерін анықтап, бақылап, болжап отыру мүмкіндігі артты.

Сөйтіп, анықтау эксперименті кезінде қолданыстағы оқу бағдарламалары мен оқулықтарға талдау жасай отырып, бейіндік мектептерде қазақ тілін оқыту үрдісіндегі жетістіктер мен олқылықтар анықталды. Олар эксперименттің келесі қалыптастырушы кезеңінде оқу тапсырмаларын әзірлеуге бағыт берді. Оқушылардың өз бойындағы қасиеттерді бағалауы, тест тапсырмаларын қызығушылықпен орындауы олардың креативті ойлауы мен сөйлесім қабілеттерін анықтауға ықпал етті. Сондай-ақ, мұғалімдермен сұқбат жүргізілді. Сабақтарға қатысу оқушылардың сабақта, сабақтан тыс уақыттардағы сөйлеу мәдениетін бақылауға мүмкіндік тудырды.

Сұраққа жауап берген мұғалімдер жоғары сыныптарда оқушыларды креативті ойлауға, сауатты сөйлеуге деген, стильдің әр түрінде өз пікірін, ойын дұрыс жеткізе білуге үйретудің маңыздылығын құптай отырып, өз пікірлерін айтты.

Сонымен, анықтау эксперименті кезеңінде жүргізілген бағдарлау жұмыстары әлемдік тәжірибе мен отандық білім беру жүйесіндегі озық идеяларды басшылыққа ала отырып, бейіндік мектептерде қазақ тілін оқытуда төмендегідей мәселелерге назар аудару қажеттігін танытты:

1. Оқушылардың креативті ойлауын дамыту үшін олардың тілдік қабілеттерін кешенді түрде қамту қажет. Өйткені оқушының тыңдалым, оқылым мәдениетін қалыптастырмайынша, олардың ойлау дағдыларын қалыптастыру мүмкін емес.

2. Оқушылардың креативті ойлауын жетілдіру үшін олардың жазылым және айтылым дағдыларын өзара бірлікте қатар ширату қажет. Өйткені сауатты жазылым дағдысы қалыптасқан кезде ғана оқушының ауызша сөйлеу сауаттылығы да артады. Жазылым барысында білім алушының зейіні тақырыпқа шоғырландырылады, оның жан-жақты ізденіс жасауға мүдделілігін арттырады.

3. Оқушының креативті ойлауын дамыту арқылы олардың тілдік қатынас мәдениетін арттыруда қазақ тілінің әдеби тіл нормаларына негізделген грамматикалық жүйесі мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған сөз мәдениеті мен пікірталас

мәдениеті талаптары өзара сабақтастықта меңгертілуі шарт. Онда оқытудың түпкі мақсаты етіп тілдің грамматикалық заңдылықтарын оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдірудің базасы ретінде игерту маңызды.

4. Оқушының креативті ойлауы арқылы олардың тілдік қатынас дағдыларын жетілдіруде тілдің құндылық ретінде танылуына басымдық беріп отыру қажет. Бұл өз кезегінде оқушылардың тілдің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени мәнін біртұтастықта ұғынуына және жауапкершілігінің артуына ықпал етеді.

5. Қалыптастырушы эксперимент барысында ұсынылатын тапсырмаларды білім алушының логикалық ойлауын, жалпы жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолданумен қатар олардың оқушының тілдік қатынас біліктіліктерін дамытудың базасы ретінде пайдалануға назар аудару.

6. Креативті педагог таныс жағдаяттың өзінен жаңа проблемаларды байқап, оны шешу жолдарын алдын-ала болжай алады. Сондықтан пән мұғалімінің оқыту үдерісінде дәстүрлі тәсілдер мен инновациялық технологияларды өзара қиыстырып, стандартты жүйеден бас тартып, айырықша етіп түрлендіруі шарт.

7. Оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынастың позитивті эмоционалдық нәтижелеріне қол жеткізуді көздейтін жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы тиімді бола түседі. Мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдердің түпкі мақсатын айқындап, мән-маңызын түсініп, қай кезде, не үшін, қалай жүзеге асыратынын айқын жоспарлап, оқытудың соңғы мақсатты нәтижесіне әсерін айқын болжаған кезде ғана олар өз жемісін береді. Сондықтан оқушылардың креативті ойлау арқылы белсенді тілдік қатынас жасай алу құзыреттіліктерін арттыру мақсатында инновациялық-педагогикалық технологиялардың ішінен ең тиімді дегендерін саралап, оқу үдерісінде қолдану тиімді болмақ.

2.2 Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға арналған тапсырма түрлері мен инновациялық әдіс-тәсілдер (қалыптастырушы эксперимент)

Креативтілік психологиясын зерттеуші ғалымдар «креативтілік» ұғымы шығармашылық үдеріс барысында алынған жаңа нәтижелермен эксперимент жасау идеясын жүзеге асырады деп есептейді [31,б. 339]. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылған тақырып немесе тапсырма аясында бұрын болмаған, жаңа, соны, тың нәтижелерді тудыруға негізделген креативтілік үдерісінің өзі үнемі бір жаңа эксперимент ретінде өтетінін болжауға болады.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты – зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздеріне сай және анықтау эксперименті кезінде айқындалған бірқатар факторларға сүйене отырып, оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған оқу материалдарын сынақтан өткізу, олардың ұтымдылығын ғылыми-әдістемелік тұрғыда дәйектеу.

Сынақтан өткізілетін оқу материалдары жалпы білім беретін бейіндік мектептің оқушыларына эксперимент жоспарына орай ұсынылып отырды. Олар оқу бағдарламасы мен оқулық жүйесі бойынша қосымша материалдар түрінде де және арнайы жаттығу, тапсырмалар түрінде де даярланды. 10-11-сыныптарда ұсынылатын барлық материалдардың эксперимент нысаны ретінде толық сыннан өткізілуі қадағаланды.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде зерттеу жұмысының міндеттері мен жетекші идеяға сай келетіндей етіп оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын меңгертудің әдістемелік жолдары нақтыланып, жүйеленіп берілді.

Эксперименттің осы кезеңінде қолданылған зерттеу әдістері: диагностикалық міндеттердің шешімін іздеу әдістері. Талдау әдістері.

Мектеп оқушыларына тілдік қатынас мәдениетін меңгерту үшін тіл арқылы олардың ойлау операцияларын қолдана алу, өзара пікір алмасу, пікір таластыру дағдыларын шыңдайтын материалдарға басымдық берілді.

Эксперимент барысында ұсынылатын тапсырмалар мынадай критерийлер бойынша сараланды:

- 1) зерттеу жұмысының мақсатына сай болуы;
- 2) күтілетін нәтижеге бағдарлануы;
- 3) жұмыстың мәдени-танымдық тұғыдан мәнді болуы;

4) әдістемелік шеберлікке негізделіп құрылуы. Мұнда оқытудың когнитивтік және коммуникативтік ұстанымы, сөйлеу әрекеті компоненттерін біртұтастықта қамту, ойлау мен сөйлеуге жаттықтыруға басымдылық беру ұстанымдары басшылыққа алынды.

Оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас мәдениетін жетілдіруге ықпал ететін табиғи жағдаяттарды тудыра оқытуда дербес, жұптық, топтық, ұжымдық тапсырмаларды түрлендіріп қолдануға мән берілді. Оқытудың формалық жағынан бұлай түрлендірілуі оқушылардың өздігінен әрекет етуіне де, бірлесіп шешім іздеу дағдыларын дамытуға да жол ашатыны ескерілді.

Сонымен қатар, барлық тапсырмаларда мынадай кешенді міндеттердің жүзеге асырылуы талап етілді:


- оқушының креативті ойлауын дамытуға ықпал етуі;
- тапсырма мазмұнының ұлттық сана, ұлттық діл қалыптастыруға, оқушылардың елжандылық рухын шыңдауға бағытталуы;
- ұлы ойшылдардың шығармаларын, даналық сөздерін қолдану арқылы олардың тарихи және шығармашыл тұлғаларға деген пікірін, көзқарасын қалыптастыруға, олардағы креативті ой мен сөз саптау шеберліктерінен үлгі алуға мүдделілік танытуы;
- тапсырмаларда сөйлесім әрекеттерін кешенді қамту арқылы оқушылардың тілдік қатынас дағдыларын жетілдіруі;
- оқушылардың өзіндік тұжырым жасауына, сол арқылы сөз шеберлігін қалыптастыруға жол ашуы;

- оқыту формаларын дербес, жұптық, топтық, ұжымдық түрде ұйымдастыруда олардың арасында білім алушының логикалық ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын бірге жүргізуге оңтайлы болуы;

- тапсырмалардың қазақы қарым-қатынас дәстүрі мен заманауи тілдік қатынас талаптарын ұштастыра меңгертуге бейім болуы;

- тапсырмалардың тағылымдық-тәрбиелік маңыздылығын ескеру.

Креативті ойын-тапсырмаларды орындауда қойылған басты шарт – «осы жерде және қазір» қағидасын қатаң ұстану. Американ психологы А. Маслоу қорқыныш пен әлсіздік креативтілікті болдырмайды немесе ең болмағанда, оны азайтады деп есептейді. Сондықтан «осында және қазір» синдромы күлкіге қалудан және сәтсіздіктен қорқуды, сақтықты азайтады, оқушының сыныпта өзін және басқаларды толықтай ұмытып, өзін-өзі тежемей, жасқанбай, қорғанбай, еркін болуға көмектеседі» деп есептейді ғалым [69,р. 370].



Сурет 5 - Креативті және креативсіз тапсырмалардың айырмашылықтары

Кестеден көрініп тұрғандай, креативсіз тапсырмалар, негізінен, біртекті болып келеді. Жұмыстар еліктеуіштік сипатта орындалады. Нақты белгіленген бір қалыптар мен алгоритмдер аясынан шықпай-ақ орындай беруге болады. Ал, оған керісінше, креативті тапсырмалар шынайы өмірлік жағдаятқа жақын, өнімді, яғни, жаңа өнім тудыруды қажет ететін, эвристикалық болып келеді (сурет 1).

Креативті және креативсіз тапсырмалардың осы аталған басты ерекшеліктерін ескере келе, эксперимент барысында қолданылған әрбір тапсырманың оқушылардың креативті ойлауын шыңдауға, еркін тілдік қатынасқа түсе алу мүмкіндігін арттыруға қосатын үлесі тұрғысынан жоғары талаптар қойылып отырды. Біз креативті деп таныған тапсырмаларды зерттеу барысында арнайы мақала жаздық [128].

Қалыптастырушы эксперимент барысында сынақтан өткізу үшін ұсынылған жаттығу, тапсырмалардың түрлері былайша сараланып берілді:

I. «Ойна да ойлан!» Оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынасын жетілдіруге ықпал ететін сөздік қорды дамыту тапсырмалары осылай аталды.

Білім алушының креативтілігін дамытуға бағыттталатын тапсырмалар оқушыдан автоматты түрде атқарылатын дағдылы, механикалық әрекетті талап етпейді. Керісінше, жоғары шығармашылық деңгейде жүзеге асатын, жан қуатының белсенділігін талап ететін, креативті ойлаудың нәтижесінде туындайтын саналы әрекет баспалдарымен көтерілуді талап етеді. Сондықтан оқушыларды креативтілікке баулуда сөз мағыналарын түсініп, сәтті қолдануға арналған тапсырмалар ұсынылып отырды. Бұл бағыттағы тапсырмалардың креативтілік қағидасына негізделіп құрылуы, сонымен қатар оқушылардың қызығушылығын арттыра түсу үшін ойын элементтерін жинақтай алу мүмкіндігі ескерілді. Ойын барысында білімалушының мақсатты қойылған креативті әрекеті оның қиялдау қабілетін шыңдауды, ойын сөзбен сауатты жеткізу арқылы құнды бір нәтижені бағындыру көзделді. Осыған байланысты эксперименттік тәжірибе кезінде қолданған оқушылардың креативті ойлау арқылы тілдік қатынасқа белсенді араласуына мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесі «Ойна да ойла әдісі» деп аталды. Аталған тапсырмалар білімалушының ойнай отырып, креативті ойлануына, өз ойын ауызша және жазбаша тілдік қатынаста еркін жеткізе алу дағдысын дамытуына мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік кезеңінде көптеген дәстүрлі және жаңашыл сипаттағы қатысымдық сипаттағы тапсырмалар қолданылды. Солардың ішінде көзделген мақсатқа қол жеткізуге оң әсері мол деп танылған тапсырмалар төмендегіше топтастырылды:

- «Сөздің ұлттық-мәдени кодын тап» тапсырмасы;
- ««Қазақ тілі» сайтына атау ойлап табу» тапсырмасы;
- «Дітін орындату» тапсырмасы;
- «Аукцион» тапсырмасы;
- «Ассоциациялар ойлап табу» тапсырмасы;
- «Буриме» тапсырмасы;
- «Өлеңді жалғастыр» тапсырмасы.

«Сөздің ұлттық-мәдени кодын тап» тапсырмасы

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл – ұлттың мәдени коды. Сөздердің өн бойында адам баласының өмірлік тәжірибесінен туындаған ұғымдар жинақталатыны дау тудырмайды.

Қай ұлт болмасын, сыры – тілінде, оның түп тамыры этностың мың-мыңдаған жылдар жүріп өткен тарихи жолымен, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өз қолымен, ақыл – ой, санасымен жасаған мәдениетімен, дүниетанымымен сабақтасып жатыр [129].

«Ұлттық-мәдени код» ұғымы бейіндік мектеп оқушыларына түсінікті болуы үшін ғалым Н.Уәлидің еңбегімен танысу тапсырылды. Оқушылар осы жұмыс нәтижесінде «тілдік санада концепт форматына түскен құрылым лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концепті пайда болуы мүмкіндігі» туралы ой түйді. Ол үшін пән мұғалімнің

демеуімен ғалым қолданған терминдермен жұмыс жасалып, мәселенің мән жайы жан-жақты түсіндірілді.

Тіліміздегі осындай өн бойына ұлттық-мәдени кодты жинақтаған сөздерді талқылап, меңгерту мақсатында оқушыларға бірнеше сөздерге талдау жасау тапсырмасы ұсынылды.

Тапсырманың мақсаты: оқушыларды этномәдени атаулардың сырын тануға және сол таныған сөздерді әртүрлі өмірлік жағдаяттарда өз пікірлерін ұтымды жеткізудің құралы ретінде қолдануға баулу.

Тапсырманы орындау талаптары:

- тапсырма, алдымен, жұптық жұмыс түрінде, одан әрі қарай топтық формада орындалуы тиіс;

- үлгі-кесте бойынша ұсынылған сөздердің заттық-бейнелік сипаттамасымен қатар лингвомәдени сипаттамаларын талдап, жазуы қажет.

Кесте 4 - Тапсырманы орындауға арналған үлгі-кесте

Сөздер	Заттық-бейнелік сипаттамасы	Лингвомәдени сипаттамасы
1. Қазан	Ошаққа, тасошаққа, жерошаққа т.б. құрылғының үстіне қойылатын, астына от жағылатын, беті қақпақпен жабылатын түбі қара күйе ыдыс.	Отбасының, ағайын-туыстың, ауыл-аймақтың, ел жұрттың басын біріктіретін, басын қосатын, ынтымақтастыратын қасиетті мүлік.
2. Шаңырақ		
3. Отау		
4. Домбыра		
5. Алтын адам		
6. Асық		
7. Киіз үй		
8. Қобыз		

Тапсырмадан күтілетін нәтижелер:

- оқушылар теориялық ойлауы дамиды;
- оқушылар мәтінмен жұмыс жасауға, одан конспект, тезис жазуға үйренеді;

- өзара пікір алмасу, ой бөлісу дағдылары дамиды;

- оқушылар өз пікірін өткізуге, өзгенің дұрыс пікіріне тоқтауға төселеді;

- жаңа ақпараттар ала отырып, сөздік қорын молайтады;

- таныс сөздерді ұтымды қолдануға үйренеді.

Тапсырманың орындалу реті: оқушылар үлгіге сүйене отырып, кестені толтырып шыққаннан кейін екі жұптағы төрт оқушы бірігіп, шағын топтар құрып, жазған жауаптарын шағын топ ішінде талқылады. Өздері берген заттық-бейнелік және лингвомәдени сипаттамаларын салыстыра оқып, жетпей жатқан жерлерін бір-бірлерінен алып толықтырды.

Қол жеткізілген нәтижелер: оқушылар өздері күнде естіп жүрген сөздердің маңғыналық тереңдігін түсінді, олардың ұлттық-мәдени код деп аталатын «жаңа қырларын» таныды. Ал, ұйымдастырылуы жағынан бір

тапсырма бойынша екі деңгейде (жұптық және шағын топтық) жұмыс жасалып, оқушыларға өз жауаптарын барынша толықтыра түсу мүмкіндігі туғызылды. Тапсырманы орындау барысында өзара қызу талқылау, өз ойларын ортаға салу, бір-бірінің пікірін тыңдау, пікірлерді саралау, салмақтау, сараптау әрекеттері орындалды. Сипаттамалардың барынша дұрысын, нақтысын, дәлін, толығын ажырата алу дағдылары дамытылды.

Соңында оқушыларға өздері мағынасын айқындаған сөздер қамтылған шағын диалогтер құру тапсырылды. Онда балалар алған білімдерін нақты жағдаяттарда қолдануға үйренді.

«Қазақ тілі» сайтына атау ойлап табу» тапсырмасы да оқушылардың сөз мағынасын дұрыс ажыратуға, тапқырлық танытуына қажетті шарттың орындалуын талап етті.

Аталған тапсырманы орындауда «Ой шақыру» әдісінің элементтері қолданылды.

Тапсырманың мақсаты: Оқушыларды заттың болмысына лайық және оның мәнін барынша жан-жақты таныта алатын атау-сөзді таңдай алуға үйрету.

Тапсырманың шарты: оқушылар сайтта қамтылатын барлық ақпарат мазмұнын көрсете алатын, креативті мәнге ие, қысқа да нұсқа, естіген құлаққа жағымды, айтуға, жазуға, есте сақтауға ыңғайлы сайт атауын ойлап табуы тиіс.

Тапсырманы орындау талаптары:

- сайт бағыттарын анықтап, соған сай қысқа да атау нұсқасын табуы керек;
- сайтта ұсынылатын ақпарат қазақ тілі сабағына қатысты болатыны ескерілуі керек;
- сайт қолданушылары тек қазақ ұлтының өкілдері ғана емес, әлем халықтары болатыны ескерілуі тиіс.

Оқушылар аталған тапсырманы орындауға барынша қызығушылықпен кірісті. Оқушылардың бірі керекті сөзді іздеп, қазақ тілі, әдебиет оқулықтарын ақтаруға кіріссе, енді біреулері бірден ойларына түскен атаулар тізімін қағазға түсіре бастады, ал үшінші бір топ интернет материалдарын ақтарды.

Ойлануға берілген 3 минут уақыт өткеннен кейін топ мүшелері сайт атауының «Тіл әлемі», «Тіл – қазына», «Тілші», «Шешен», «KASSAK», «TİL» деген нұсқаларын ұсынды. Келесі кезекте олар өздері ұсынатын сайт мазмұны мен құрылымы қандай болуы керектігін дәледеп, өзі таңдаған атаудың ондағы ақпараттық салаларға қызмет атқаруы тиіс екендігі жайлы мәселелерді қызу талқылады.

Оқушылардың жауаптарынан бүгінгі ақпараттық қоғам ағымына сай креативті ойлана білетіндеріне, басты ұлттық құндылық ретінде ана тілі – қазақ тілін қастерлеп, әлемдік деңгейге көтеру бағытында жұмыс істей алатын таудай талаптары бар екеніне көз жеткізілді.

«Дігін орындату» тапсырмасы 10-сынып оқулығындағы «Тіл – құндылық» тақырыбына берілген жұмыстарға кіріктіріліп берілді.

Тапсырманың мақсаты: оқушыларды қандай жағдайда да адамдар арасындағы байланыс, түсінісу құралы ретіндегі тілдің, сөздің қызметін тереңдетіп меңгерту.

Тапсырманы орындау талаптары:

- аудиомәтіннен керекті ақпараттарды саралап ала білуі тиіс;
- түсініксіз терминдермен жұмыс жасауы керек;
- қазақ сөз әдебіне тән ерекшеліктерді түсініп қолдануы қажет.

Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

- оқушылар «дітін орындау» әрекетінің қыр-сырын түсінеді;
- өз пікірін өзгенің ойын өзгертуде қолдану тәсілдерін меңгереді;
- тілді прагматикалық тұрғыдан креативті жұмсауға үйренеді.

«Дітін орындату» тапсырмасы «сөз әдебі» мәселесімен сабақтастықта орындатылды. Мәселенің мән жайын түсіну үшін оқушыларға ғалым Анар Фазылжановамен сұқбат түріндегі аудиомәтін тыңдатылды. «Қазақ тілінің сөйленіс ерекшеліктерін түсіндіруге арналған «Дұрыс сөйлейік» аудиобағдарламалар циклінде «Дұрыс сөйлеу нәтижесі – дітін орындату» екендігі жөнінде айтылған бөлік ұсынылды [130]. Осы ақпарат арқылы оқушыларға прагматика, сөз әдебі, сөз бедерлілігі жайлы ұғымдарды меңгерту көзделді.

Оқушыларға аудиомәтін арқылы ойға алған дітін орындату үшін, ең әуелі, прагматикасы күшті болуы керек екендігі, яғни өзін тыңдап тұрған адамның кім екенін, оған қандай тілдік құралдармен әсер ету арқылы көздеген дітін орындатуға болатынын алдын-ала ойланып алып барып сөйлеу керек екендігі жөнінде түсінік берілді. Оқушылар алдымен аудиобағдарламамен жұмыс істеп, берілген сөз тіркестерін түрлі стильде қолданысқа түсіру арқылы діттеген шаруасын тындыру мүмкіндіктеріне қол жеткізудің нақты мысалдарын тыңдап, түсінді.

Ұсынылған сөз тіркестері: *көрме ұйымдастыру, мұражайға бару, есебін көшіру, қолына су құйғызу, ақша алу, кітап алу, ұялы телефонын сату, сұрақтың жауабын білу*, т.б.

Келесі кезекте оқушылар кеспе қағаздарда жазылған сөз тіркестерін қолдана отырып, ауызша мәтіндер құрды. Мысалдар негізінен ауызекі сөйлеу стилінде мәтін құруға негізделгенімен, мағынасына қарай кейбір сөз тіркестерімен ауызекі және ресми стильдерде бірдей екі мәтін түзу ұсынылды.

Тапсырманың шарты бойынша оқушы кеспе қағаздарда жазылған сөз тіркестерін алып, оқи сала бірден спонтанды түрде сөйлеуді бастап кетуі керек, ойлануға уақыт берілмейді. Бұл талап білімалушының креативті ойлау шеберлігін шындай түсті.

Тапсырма жұптық оқыту технологиясына сәйкес жүргізілді. Оқушылар жұптарға бөлініп, берілген сөз тіркесін пайдаланып, бір-біріне өз ниеттерін, көздеген діттерін білдірді.

Тапсырма соңында оқушылар бір-бірлерінің жауаптарының қаншалықты шынайы болып шыққанын, қаншалықты көздеген мақсатына жете алғанын, дітін орындата алу мүмкіндігі қандай деңгейде болғанын бағалады.

«Аукцион» тапсырмасы – оқушылардың өз ойын көркемдік құралдарды, эпитет сөздерді таңдап қолдануға арналған тапсырмалар.

Бұл тапсырма «Қазыргі қоғамдағы мәдениет пен өнер құндылықтары» сабағына орай ұйымдастырылды.

Тапсырманың мақсаты: оқушылардың ұлттық құндылығы өлшеусіз саналатын жазба жәдігер – тасқа қашалған көне жазуларды танытуға сай келетін эпитет сөздерді талғап, таңдап жұмсау дағдыларын дамыту арқылы олардың креативті ойлауы мен ұтымды сөйлеу біліктіліктерін жетілдіру.

Тапсырманы орындау талаптары:

- оқушылар алдымен, ғалымдар жазған көне жазба ескерткіштер туралы ақпараттармен танысуы шарт;

- сол материалдарды таратып танытуға байланысты бағалауыш мәндегі эпитет сөздер қорын жасауы тиіс;

- аукцион кезінде сол сөздік қорындағы сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс ұсынудағы мақсатын дәйектеп жеткізе алуы тиіс.

Күтілетін нәтижелер:

- оқушылардың бойында өз ұлттық құндылықтарына деген сезім оянады;

- көне жазбалардың әлемнің өркениеттегі орнын түйсінеді;

- соларды бағалаудың маңыздылығын түсінеді;

- өз ойын дәйектеп жеткізуге машықтанады;

- креативті шешім жасауға төселеді.

Оқушылар көне түркі жазба ескерткіштері туралы ақпараттармен бөліседі. Оларды сипаттайтын эпитеттер тауып жарысады. Ойын «аукцион тәртібімен» жүргізіледі. Жүргізуші кезекпен қол көтерген оқушыларға сөз беріп тұрады. Ойын шарты бойынша сөздер қайталанбауы керек. Ең соңында өзгеше эпитет сөздерді сапалық және сандық жағынан көп тауып айтқан оқушы жеңіске жетеді.

Оқушылар ойынның шарты бойынша кезекпен: «ойма жазу, жұмбақ жазу, сыршыл таңбалар, сына жазу, тас жазу, көне жазу, ескі жазу, көне таңба, балбал тас, жазу тас», - деген эпитеттерді атай алды. Арасында қате жауаптар (эпитет емес немесе көне түркі жазба ескерткіштеріне қатысы жоқ жауап) кездескен жағдайлар да кездесті. Қате жауап берген оқушы бір айналым жауап беруден шеттетіліп, «жазаланып» отырды. Бұл оларды әр жауабында эпитет сөзге үлкен жауапкершілікпен қарауға мүдделі етті.

Тапсырманы орындау барысында оқушылардың тілдік білімдерімен қатар креативті ойлауының шапшаңдық, ұтқырлық сапалары шыңдала түсті.

«Ассоциациялар ойлап табу» тапсырмасы – оқушының креативті ойлау жүйесін дамытудың аса тиімді жолы.

Тапсырманың мақсаты: ассоциациялар іздеу жолымен оқушыларды жылдам ойлауға, шапшаң шешім қабылдауға үйрету, тілдік талғамын шыңдау.

Тапсырманы орындауда қойылатын талаптар:

- жылдам ойлау;

- ұтқыр шешім жасау;

- өз пікірін дәлелдеп, дәйектеп айта алу.

Мысалы, оқушыларға өздеріне берілген мәтінді ашып, көзін жұмып тұрып, саусағымен екі сөзді түртіп белгілеу ұсынылды. Осыдан кейін оқушылар өз

ойларын жазу үшін қалам мен бос парақ алды. Сөздерді сәйкестендіріп, олардың байланыс нүктелерін іздеу, талдау, ойларына келген барлық ассоциацияларды жазып алу тапсырылды. Осы екі сөздің байланысының себебі туралы ойлау, тек қиялына ерік беру керек екені нақты мысалдар арқылы дәлелденіп түсіндірілді:

«Мысалы, «қалам» мен «көркем» деген сөздердің арасында ортақ нәрсе бар ма?

- «Әдеби шығарма»!

Немесе «ескерткіш» пен «ауыл» сөздерінің арасынан қандай байланыс табуға болады?

- «Тарих» деген ассоциация келе ме ойыңа?».

Бұл тапсырманы ұсынуда шығармашылық қабілет әртүрлі заттарды салғастырып ондағы ортақ нәрселерді көре білу дағдысы арқылы туындап дамитыны ескерілді. Заттардың бірден ойға түсе қоймайтын, көзге көріне бермейтін ұсақ детальдары мен байқалмайтын белгілерін өзара салыстыру, салғастыру, шендестіру, байланыстыру талап етілді. Сол кезде ерекше ойлар туындайды. Адам жаңа нәрсе таппайды, ол өзінің тәжірибесін, қоршаған ортаға деген көзқарасын жаңаша жаңғыртады. Әлемдегі жаңа технологиялардың жетістіктерімен қатар дүниеге келіп жатқан көптеген ірілі-ұсақты заттардың, тұрмыстық құралдардың барлығы да сондай адамзат баласының креативті ойлауының арқасында дүниеге келгені айтылды. Бұл оқушылардың мотивациясын туғызды.

Тапсырманы орындау барысында оқушылардың қызығушылықтарының артқаны қиял ұшқырлықтарының деңгейі бір демде адамның ойына келе қоймайтын түрлі ассоциацияларды ойлап табуынан айқын көрінді.

Мысалы:

Кітап – айна – ПЛАНШЕТ;

Сурет – жарық – ЭКРАН;

Мазмұн – сілтеме – УИКИПЕДИЯ;

Таңба – жол – КИЕЛІ ЖЕРЛЕР;

Батыр – әлем – АТИЛЛА;

Жаналық – орын – ЖАРНАМА;

Өзен – сөз – АҚЫН т.б.

Кейде тіпті ақылға сыймайтын шендестірулер де ұсынылса да, олардың барлығын тындап, пікірлерін қолдап, талқылап, әркімнің пікірімен санасып отыру олардың өзіне сенімділігін арттырды. Себебі білім алушының өз ойын тілдік қатынаста еркін жеткізуіне қолдау көрсету де аса маңызды фактор екені есте болды. Өйткені оқушы шығармашылық жұмыс үстінде өзін еркін ұстап, ойына келген жасампаздық идеяларын жасқанбай ашық айтып үйренуге дағдыланса ғана олардың креативтілігі дамытылады. Сол кезде ғана креативті ойлар ашық қарым-қатынас үдерісінде еркін жарыққа шығады.

«Буриме» тапсырмасы – оқушылардың тілдік-шығармашылық қабілеттері мен креативті ойлауын өзара бірлікте дамытуға арналған тапсырма түрі. Француз тілінен аударғанда «Буриме» берілген ұйқастар бойынша

құрастырылған өлең дегенді білдіреді. Бұл тапсырманы кез келген сабақта еркін қолдануға мүмкіндік мол.

Тапсырманың мақсаты: оқушылардың сөйлесім қабілеттері мен креативті ойлауын өзара сабақтастықта дамыту.

Тапсырманы орындауға қойылатын талаптар:

- белгіленген қалып аясынан шықпай отырып, нақты берілген сөздерді ғана пайдаланып, әдемі ұйқасты өлең тармақтарын тудыруы керек;
- оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін көрсетуі тиіс.

Күтілетін нәтижелер:

- өлең сөзде өзгеше тіл қолдануға үйренеді;
- ұтқыр сөйлеуге төселеді;
- ана тілінде өлең құрап, сөзді шеберлікпен жұмсауға төселеді.

Оқушыға ұйқастатын бірнеше сөздер жұппен ұсынылады. Тапсырманың талабы бойынша берілген сөз жұптарын басқаша құруға немесе өзгертуге болмайды. Оқушы осы берілген сөздерден шектеулі уақыт ішінде (5-7 минут) мазмұнды өлең мәтінін құрастырып шығуы қажет.

«Шешендік сөз түрлері» тақырыбына қатысты материалдарды өту кезінде осы ойын-тапсырма ұйымдастырылды. Оқушылар екі топқа бөлініп, «іскер - әскер», «хат – зат», «көркем - өркен», «сөз бедері – ой тереңі», «қысқа – нұсқа» т.б. берілген сөздердің жұбымен өлең тармақтарын құрастырып жарысты (№8 кесте). Оқушылардың бұл тапсырманы орындау нәтижесінде олардың тілді өз мақсатына ғана емес, кез келген жағдаятқа және қатып қалған «клишелерге» орайластырып та ұтқырлықпен қолдануға болатынына көзі жетті (кесте 5).

Кесте 5 - Эксперимент тобындағы оқушылардың «Буриме» тапсырмасы бойынша құрастырған тармақтары

1-топ	2-топ
Байқасам, нағыз іскер Болады біздің әскер.	Міне, нағыз іскер Сапта тұрған әскер.
Алдың ба жазған хатымды, Таныдың ба затымды?	Жазғаным – ойлы хат, Жолдағаным – құнды зат.
Өскен өркен, Сөзі көркем.	Жас өркен, Ойы көркем. Өркендетер Елімді ертең!
Өзгелеу болса сөз бедері, Көрінер еді ой тереңі.	Шешеннің сұлу болса сөз бедері, Батады тұңғиыққа ой тереңі.
Болсайшы сөзің қысқа, Айтатын ойың нұсқа!	Құрасаң сөз қысқа – Болады ой нұсқа!

Оқушылар құрастырған мысалдардан көрінгендей, «іскер - әскер», «хат – зат» тәрізді құрғақ ұйқасқа құрылған сөздерден мән-мағынасы төмен тармақтар туындады. Ал керісінше, «көркем - өркен», «сөз бедері – ой тереңі», «қысқа – нұсқа» деген сөздерден оқушылар өздері оқып жатқан «Шешендік сөз түрлері»

тақырыптарының мазмұнын ашатын, сабақта айтылған ойларды тұжырымдай түсетін өлең жолдарын құрастыра алды.

Өлеңді жалғастыру тапсырмасы – «Буриме» тапсырмасының күрделенген түрі. Аталған тапсырма 11-сынып оқушыларының арасында жүргізілді.

Тапсырманың мақсаты: сөйлеудің нақты талабын орындату арқылы оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын сабақтастықта дамыту.

Тапсырманы орындау талаптары:

- оқушылар тапқырлық танытуы тиіс;
- әр жауап берген білім алушының өлең жолдарында кемінде бір-бір фразеологизмнен болуы керек;
- өлең тармақтары ұйқасқа құрылуы керек.

Күтілетін нәтижелер:

- көркем сөйлеуге төселеді;
- тапқырлыққа үйренеді;
- ұтқыр ойлауға дағдыланады.

Оқушыларға, алдымен, ойын-тапсырманың шарттары айқын түсіндірілді. Бұл тапсырма жұптық жұмыс түрінде жүргізілетіні және оның талаптары туралы айтылды. Әр жұптағы оқушылар бір-бірімен 2 тармақтық өлең шығарып, жарысатыны түсіндірілді. Мұндай сөз саптау үлгісі қазақ халық ауыз әдебиетінде қайым айтыс деп аталатыны ескертілді.

Бір оқушы тұрақты сөз тіркесін қатыстырып, жұбына арнап екі жол өлең шығарады. Келесі оқушы осы өлеңнің ұйқасына салып, тағы да фразеологизмді қатыстырып, өлеңді жалғастыруы шарт. Кей жағдайда тура сол ұйқасты қайталамаса да, өзара ұйқасқан екі жол ұсынуына да болатыны ескертілді.

Бұдан бұрын да бірнеше рет «Буриме» тәрізді шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындап дағдыланған оқушылар бұл тапсырманы орындауға біршама дайындықпен келгендіктен, біраз жеңіл болды. Тапсырманы орындау аса қиындық тудырмады деуге де келмес. Дегенмен, өлең шығарудан жасқанып, тартынған оқушылар болмады. Бұл айтысу өнері, ұйқасын келтіріп, сөз саптау қабілеті бүгінгі ұрпақ үшін де құнды саналатынын дәлелдейді.

Тапсырманы ұйымдастыру барысында алдымен өлең жолдарына қатыстыратын фразеологизмдерді таңдап алулары керек екені ескертілді. Өйткені бірден сөз тауып айту оңай болмағандықтан, оқушылардың тауын шакпай, ұтымды сөз, ұтқыр ой танытуына алғышарт қалыптастыра отырып үйрету көзделді. Одан кейінгі кезекте әрбір білім алушының жазған ұйқасты сөздеріне барлау жасалып, өлең ұйқастарының сәтті шығуына бағдар берілді. Сыныптағы 8 жұп құраған 16 оқушының суырып салып айтқан өлең тармақтары ұсынылды.

Асхат:

«Каникулды күте-күте
Нұрғазының екі көзі төрт болды»

Нұрғазы:

«Осыны ойлап кеткенде,

Асхаттың іші өрт болды».

Диас:

«Бексұлтанның жүрегiнiң түгi бар.
Арқасында батпандай бiр жүгi бар».

Бексұлтан:

«Жаман айтпай, жақсы жоқ,
Сол жүктiң орындалмайтын түрi бар».

Сәуле:

«Сәулемiн, айтқан әнiм – «Құмған алды-ай»!
Жүзiм бар он бесiнде туған айдай!»

Нұрмухамед:

«Сұлу болсаң, бұйрығы Жаратқанның,
Қурай сынса, оған да себеп - Құдай!»

Жасұлан:

«Әдемі қыз, ақ дидарың көктемдей,
Пысықтығың: ине көзінен өткендей».

Әдемі:

«Сөздеріңнен, Жасұлан, төбем көкке жеткендей,
Сипаттауың жағымды көңілге нұр сепкендей».

Абылай:

«Асығым алшысынан түсті менің,
Достығың болды адал, Мерей, сенің».

Мерей:

«Талай жылғы достық пен сыйластықтың,
Қаймағы бұзылмасын - бір тілегім».

Сейітжан:

Үріп ауызға салғандай,
Менің көршім Нәзкен-ай!

Нәзкен:

Жүректен шыққан мақтауың
Құлаққа майдай жаққаны-ай.

Бекзат:

«Нәзіктігің гүлдей ғой ашылмаған,
Жансың сен басыңнан сөз асырмаған»

Камила:

«Бойымда асаулығым басылмаған
Басымнан ешқашан сөз асырмағам,
Осылай талайларға асыл бағам!»

Ислам:

Әсемжан, достығымыз арылмасын,
Пейіліміз ешқашан да тарылмасын!

Әсем:

Достығымыз алаулап жалындасын,
Қуаныштан жүрегіміз жарылмасын!

Тапсырма шарты бойынша жұптар шығарған өлеңдерін оқыған сайын сыныптағы оқушылар олар қолданған фразеологизмдерді тауып, мағынасын айтып отырды. Тапсырма өте үлкен қызығушылықпен, ынтамен орындалды. Тапсырмаға тартылмай қалған оқушы болған жоқ.

Қалыптастыру эксперименті барысында орындалған бұл тапсырманың нәтижесінде келесідей оң нәтижелерге қол жеткізілді:

- буын саны, ұйқасы жағынан біраз кем-кетігі болғанымен, ең бастысы, оқушылардың барлығы да тапсырманы орындап, әрқайсысы өз өлең шумақтарын ұсынды;

- оқушылардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімдері қалыптасты;

- өзара әзіл-қалжыңға құрылған шағын айтыс түріндегі тапсырманы орындау арқылы ұлттық өнерді өз тәжірибелері арқылы сезініп, бағалау сезімдері арта түсті;

- оқушылардың креативті ойларын өлең шумақтары түрінде әсемдеп ұсынуы тілдік қатынастың жоғары деңгейінің мысалы бола алды.

Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту үшін тілдік бірліктердің коммуникативтік мәніне байланысты мәселелердің дидактикалық әдіс-тәсілдерге бейімделуіне де назар аударылды. Сөздің коммуникативтік қызметін пайдаланып, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға *әрбір сөзді таңдап ұтымды қолдану* қағидасы негіз болды. Бұл ұстаным жаңартылған білім бағдарламасында берілген «10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу», «10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау», «10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру», «10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу», «10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу», «11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)» [3,б. 1] сияқты оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін талғап қолданылды.

II. «Креативті тапсырмалар шоғыры». Жоғарыда аталған оқу мақсаттарына сәйкес профессор Алма Қыраубаева ұсынған әдістер бойынша іріктелген шоғырлы тапсырмалар да экспериментке қойылды. Айта кететін бір мәселе – зерттеу жұмысында бұл топтамаға енген тапсырмалар қосалқы әдіс-тәсілдер арқылы кеңейтіліп жүргізілді. Шындығында да, отандық білім мен ғылым саласында өшпес із қалдырған профессор А.Қыраубаеваның енгізген әрбір әдісі ұлттық нақышының қанықтығымен, оқушыларды креативті ойлауға жетелеуімен, санасының ашық болуына, адам ретінде дұрыс қалыптасуына орасан зор ықпал етуімен ерекшеленіп тұрды. Анықтау және қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыру барысында бұл әдістер профессор көрсеткен қалпынан сәл өзгертіліп қолданылды. Себебі ол кісінің әдістері орта

сыныптарға ыңғайлырақ болса, зерттеу нысанына қарай олар «өңделіп» қолданылды. Балалардың зерттеу жұмысына қатысуға деген қызығушылығын арттыру, зейінін аудару мақсатында бұл тапсырмалар шоғыры өз пайдасын көп тигізді. Сондықтан олардың кейбіріне шолу түрінде тоқталуды жөн көрдік.

А.Қыраубаева негіздеген *тапсырмалар шоғырын пайдаланудағы мақсат*: оқушылардың тосын тапсырмаларды орындау арқылы өзінің креативті ойлауға бейімділігін сезінуіне ықпал ету, тілдік қатынас дағдыларын дамытуға деген ұмтылыстарын ояту.

Күтілетін нәтижелер: әр әдістің мазмұндық ерекшеліктеріне сай жүйеленді. Бірақ олардың қайсысы қолданылса да, басты критерий оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуы, креативті ойлауға дағдыландыруы болды.

Ғалым ұсынған «**Үшбу хат**» әдісі кеңінен қолданылды. Бірақ эксперимент барысында оның мақсаты профессор көрсеткен нұсқадан өзгертіліп берілді. Егер ғалым: «хат жазысу шәкірт пен ұстаз арасында терең байланыс орнатуға, түсіністікке, достық қарым-қатынасқа жол ашады деп талдаса. Біз бұл әдіс баланың креативті-шығармашылық мүмкіндіктерін ашады дегіміз келеді. Эксперимент кезінде үшбу хаттар оқушылардың өзара қарым-қатынасын жақсарту мақсатында қолданылды. Оқушылардың бір-біріне әлі де ашық айта алмайтын мадақсөздерін немесе көңілде сақталып қалған өкпе-наздарын хат түрінде жазуына рұқсат етілді. Бірақ ол хаттың тілі көркем, ой жүйесі ерекше болуы талап етілді. Егер хат алған адам оның иесін тауып, оған өз жауабын беруім керек деп шешсе және жауап хатын шешендік сөз құрау тәсілімен жолдаса, олардың екеуіне де бонус ұпай беруге уәде етілді. Бұл да оқушылардың креативті шешім жасап, сөз шеберліктерін жетілдіруіне мотивацияны күшейтуге әсер етті.

«**Әуенді өрімдер**» әдісі. Алма Қыраубаева сөзді сазды иіріммен айту, бір-бірімен әуендете өру – тамаша көмек көзі» деп бағалаған. Ғалым бұл әдісті сабақта емес, негізінен, қазақ мектебіндегі үзіліс уақытында ойналып тұруының бала жүрегіне нұр құятыны» қаперде болуына мән берген. Зерттеу тақырыбы мен мақсатына сәйкестендіріп, бұл тапсырма эксперимент барысында оқушылардың өз креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын жетілдіруінің құралы ретінде басқаша қолданылды. Бұл орайда, халық әуендерін ғана емес, өздеріне ұнаған кез келген жанрдағы әуендерді таңдауға рұқсат берілді. Сөйтіп, білім алушылар өзіне ұнаған әуенге өзі қалаған шумақтар жазуына, оларды сабақ үстінде ретіне қарай әуенмен өзі орындауына рұқсат берілетінінен хабардар болды. Оның да оқушылардың шығармашылығы ретінде бағаланатыны және қосымша бонус ұпай жинауға мүмкіндік берілетіні жария етілді. Сөз мағынасын түсінетін балалардың ән сазын өзінің жан дүниесінің толқынысты сәттерін жеткізу құралы ретінде қолдана алатынын түсінгендіктен, олардың арасында бұл тапсырма да өзгешелеу ұмтылыс тудырды. Бастапқыда шәкірттердің көпшілігі сынып алдына шыға алмайтын ұяңдығы басым, керісінше, өзіне деген сенімі аз болғандықтан, тілек

білдірушілер саны да мардымсыз болды. Кейін олардың бұл мақсаттағы өзін жаңа қырынан көрсету ниеті өсе түсті.

Эксперимент барысында оқушылардың ынтасын арттыру үшін хип-хоп (ННВЕ) жаңа бір тәсіл ретінде қолданылды. Оған шектеулі екі сабақ қана арналғанымен, сабақтағы формалық жаңалығы оқушылардың белсенділігін арттыруға, ізденімдік сипаттағы оқу тапсырмасын орындауға қызығушылықтарын өсіргені байқалды. Жоғары сынып оқушыларына заманауи әнші Ерболат Құдайбергеновтің реп жанрындағы әндер жақсы әсер етті. Әншінің орындаған «Мен – қазақпын», «Жігіттер» тәрізді ерекше жанрдағы стильді әндерді тыңдау ұсынылды. Мәтіні де мазмұнды, әні де жағымды бұл туындыларды оқушылар ықыласпен тыңдап, оның мәтінін өзгертіп, өз ойларын жеткізуге ұмтылыс жасады. Заман ағымына қарай, қоғамда болып жатқан алуан түрлі өзгерістермен байланысты өз тараптарынан туындаған жаңа идеяларды өздеріне таныс әуенмен жеткізуге талпынды. Олар туған жер, туған тіл тағдыры, жастардың түрлі проблемаларын әуенмен айтуға талпынды. Бұл әдіс те мектеп бітіргелі тұрған оқушылардың креативті ойлауы мен сөз саптаудың ерекше тәсілдерін меңгеруіне оң ықпалын тигізді деп сеніммен айтуға болады.

«Ғажайып көрме» әдісі. «Оқушы өз суреттерінің тіл сабағының қай тақырыбы, қандай ұғым-түсінікке байланысты салынғанын баяндап беруі керек. Өлең, жұмбақ, ертегі, шығарма, сыр-пікірлерін дайындаған оқушылар өз шығармашылықтары жайлы тіл сабағына қатыстыра әңгімелеп, тілге қатысты пікірлерін би тілімен, шахмат тілімен, өзге пәндер терминдерімен т.б. тосын тапқырлықтарымен танытар қиял еркіндігіне жол береді» деген профессор А.Қыраубаеваның түпкі мақсаты зерттеу жұмысының мақсатымен толықтай үйлесіп тұр. Дегенмен, эксперимент тобындағы оқушылардың бейіндік мектеп түлектері екенін ескеріп, тапсырмалар да күрделендіріліп ұсынылды. Оларға негізінен өздері қалаған ғылыми-публицистикалық, көркем-әдеби стильдердегі жазбаларын жинақтап, «Шығармалар көрмесіне» ұсыну талап етілді. Бұл орайда басқа сыныптардағы үздік оқушылар мен пән мұғалімдерінен Бағалаушы комиссия құрамы бекітілді. Олар белгіленген уақыт аралығында келіп түскен жұмыстарды іріктеуден өткізіп, көрмеге ұсынылатын жұмыстарды анықтады. Оқушылардың көбі ізденімдік жұмыстарды орындауға, үлгі бойынша тапсырмаларды түрлендіріп орындауға ықылас танытты. Көрмеге қатысушылардың арасынан жеңімпаздарды анықтау сол комиссия мүшелеріне тапсырылды. «Ең үздік мақала авторы», «Тілі шұрайлы автор», «Креативті автор» секілді номинациялар белгіленді. Оны салтанатты тапсыру рәсімдерінің ұйымдастырылуы да оқушылар тарапынан белсенді қатысуға мүдделілік тудырып отырды.

«Ой күмбезі» әдісі. «Ой күмбезі» – оқушылардың пікірлері мен ой түйіндерін жинақтап, салыстыру, дәйектеу, дәлелдеу, өзге ұқсайтын (ұқсамайтын) құбылыстармен салыстыру, ой көркемдігі мен құрылымдық сипатын ашуға, ізденіске бағдар беруді көздейді. «Ой күмбезі» – шығармашылық және ізденіс нәтижесінде ойдың маңызы мен мәнін ашуға, олардың қажеттілігі мен орнын айқындап, баға беруге жетелейді»-деп жазды

А.Қыраубаева. Зерттеу жұмысында оқушыны креативті ойлауға үйретудің сатыларына сай бұл әдістің мәнін аша түсу мақсатында. ойлау өрістілігі, ой тереңдігі, ой дербестігі, ой икемділігі, ой жүйріктігі, ой сындарлылығы сияқты сапалы ойлау қабілеттерін арттыруға бағыттау мақсаты қойылды. Онда жеткіншектердің психологиялық ерекшелігі ескерілді. Сондықтан кез келген мәселені тұтастай түсініп қабылдауын қамтамасыз ететін *ойлау өрістілігін* дамыту мәселесін шешу көзделді. Онда жеткіншектердің күрделі мәселелерді өздігінен шешуге ұмтылысының күшейе түсетіні қаперде болды. *Ой тереңдігіне* қызмет ететін ресурстарды, яғни танымдық материалдармен жұмыс жасатуға айрықша көңіл бөлінді. Алға қойған міндеттерді, өздігінен шешуге құмар келетін жеткіншектердің *ой дербестігін* танытуға арналған тапсырмаларды да дұрыс іріктеу талап етілді. Әрине, ой дербестігін қалайтын жоғары сынып оқушылары мәселені шешуде бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдердің құрсауынан шығып, қалыптан тыс шешім шығарудың жолдарын іздестіруге бейім келетіні сөзсіз. Сондықтан оларға таңдау еркіндігін бере отырып, жаңаша идеялар туғызатын креативтілік талап етіледі. Бұл орайда оқушылардың *ой икемділігін* дамытатын жұмыстар көбірек қамтылды. Әрқилы ой-пікірлерді талдап, бағалауды ұнататын жеткіншектің *ой сындарлылығын* дамыту мақсатында оларға талдау, бағалау сипатындағы тапсырмалар ұсынылды. Себебі ойлаумен байланысты бұл деңгейлерге сай келетін тұлғалық қасиеттер креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға өзек болатын негізгі белгілер екені ойда тұрды. Нәтижесінде жоғары сынып оқушылары материалдардың сыртқы түріне ғана емес, олардың ішкі мазмұнының артықшылықтарына ой көзімен қарай бастады.

«Еркін пікір» алаңы. Жоғары сыныпта өз қабілеті мен мүмкіндігін танытуға ерекше жол ашатын бұл әдіс балалар үшін таныс десек те, көп арасынан суырылып шығып, өзгеше оймен елең еткізу міндеті қойылған кезде олардың арасында алғашында тосырқау болды. Сондықтан пікірталастардың тақырыбын таңдауда оқушылардың өзіне қызықты мәселелер, оларды толғандырып жүрген күрмеулі проблемалар тақырып түрінде алынып, түрлі пікірталастар ұйымдастырылды. Мұндай мақсаттағы пікірталастарды ұйымдастыру көп ізденісті талап етті. Өйткені бұл жұмыстарға оқушылар алдын-ала жазбаша түрде дайындалып келуі міндеттелді. Сол арқылы оқушылардың білім қорын, ізденісін көрсетумен қатар, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін сапалы меңгеруі көзделіп отырды.

Жеткіншектердің ең бір қиналатын тұсы – қазіргі жағдайда баса-көктеп еніп келе жатқан батыс әсері мен ұлттық құндылықтар арасындағы қайшылықтарды қалай шешу жолы. Әке-шешесімен, ата-әжелерімен келісе алмайтын тұсы да осы. Әсіресе, киіну, өзін ұстау, құндылық мәселелері балалардың ойын әр тарапты етеді. Заманына да сай болғысы келеді, ата-ананың сөзінің де дұрыстығын түсінеді. Сондықтан жоғары сыныптарға ұсынылатын пікірталас тақырыптары олардың өз өміріне қатысты алынып, дұрыс шешімге өздері келулеріне жағдай туғызылуы абзал [131].

«Қиялға қанат бітіру» әдісі. Кез келген затқа «мұны басқаша тағы қалай пайдалануға болады?» деген сұрақ қою арқылы жаңа нәтижелерге қол жеткізетін ең ұтымды әдіс болып саналады. Өйткені онда шын мәнінде, оқушылардың креативті ойлауы мен өз ойын сауатты әрі таңғаларлық шеберлікпен жеткізуіне нақыт аталаптар қойылады. Мысалы, қалта телефоны тек жағдай білісу, жөн сұрау құралы ма? Оның басқа қандай функциялары бар? Немесе кітап тек оқу үшін қолданыла ма? Балалар үшін мұндай сұрақтар қандай тосын болса, оған берілетін жауаптар да соншалықты тапқырлығымен ерекшеленді. Мысалы, телефонның оятқыштық, гугл арқылы бүкіл ақпаратпен қамтамасыз ету қызметтері туралы ойлар елең еткізбесе де, телефонның қажет жерінде қорғану құралы болатыны, керек болса, бірде сызғыш, бірде жазалау құралы, енді бірде дәптер ретінде де қолданылатыны айтылды.

«Ұқсастықтар ұстаханасы» тәсілі. «Ол екі әдістен тұрады: 1) кез келген затты оған еш ұқсамайтын затпен салыстыра білу. Ол үшін үнемі жаттығып отыру керек. Жаттығу барысында олардың ерекшелігіне қатысты емес, тек жалпы белгілерін ескеру керек екенін ұмытпау керек; 2) мәселенің шешімін таба алмаған жағдайда, «мұны басқа жағдайда қалай шешкен?» деген сұрақ қоя отырып, салыстыру. Мысалы, көңілдің шалқуы мен құстың шарықтауы, тығырыққа тірелген ойлар мен үңгірден шығар жолды іздеген адам т.б.» -деп көрсеткен ғалым А.Қыраубаеваның анықтамасын басшылыққа ала отырып, оқушылардың Абай айтқан суық ақыл мен мұзды шыңдарды; ыстық қайрат пен өртенген орманды; жылы жүрек пен мамық ұлпаны; саусағы бар жүрек пен айға шапқан арыстанды және т.б. салыстырған жауаптар өзінің тосындығымен таңқалдырды.

«Кейіпкермен сұхбат» әдісі. Бұл жұмыс зерттеу жұмысында «Синектика» әдісі түрінде кеңейтіліп ұсынылды. Синектика ой шақыру әдісінің дамытылған түрі деп есептеледі. Грек тілінде «Synectics» терминінің беретін мағынасы – әр текті элементтерді біріктіру [117,б. 14]. Синектика әдісі мен ой шақыру әдісінің ұқсастығы – екі әдіс те топтық жұмыс түрінде ұйымдастырылады. Алайда, синектика әдісінің өзіндік ерекшеліктері де бар. Синектика әдісінде креативті ойлау төрт түрлі тәсіл арқылы жүзеге асырылуы керек:

1. Тікелей ұқсастық (аналогия);
2. Жеке ұқсастық;
3. Символикалық ұқсастық;
4. Фантастикалық ұқсастық.

Яғни ой шақыру әдісінде оқушыға қиял еркіндігі берілсе, синектика бойынша аталған төрт тәсіл аясында шектеу болады. Оқушы берілген тапсырманы тікелей немесе жеке, символикалық яки фантастикалық аналогия жүргізу арқылы орындап шығуға тиісті болады.

Бірде дербес, бірде жұптық, бірде топтық формада орындатылған синектика тапсырмаларының оқушының қиялы мен ойлау дағдыларын дамытуда орны ерекше болды. Әсіресе, ауыз әдебиетіндегі батырлармен, арулармен, ертегілердегі кейіпкерлермен сұхбаттасуға бүгінгі күннің заманауи кейіпкерін (оқушының өзі немесе таңдаған замандас адам бейнесінде)

шығарып, олар ешқашан маңызын жоғалтпайтын өзекті мәселелер, құндылықтар хақында диалог құрады. Оған тақырып ретінде қыздар тәрбиесі, ұлдардың азаматтық келбеті, адалдық, елжандылық, отаншылдық, еркіндік және т.б. құндылықтар туралы мәселелер алынды. Сол сұраққа әр кейіпкер өз кезеңіндегі ұғым, түсініктер бойынша жауап беруі тиіс болды. Бұл көтерілген мәселелерді әр заман тұрғысынан түсіндіруге, ең бастысы сол арқылы оқушылардың ойын дамытуға мол мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, синектика әдісін басқаша түрлендіріп беруге де болады. Эксперимент барысында орындалған бір тапсырма былай болды. 10-сынып оқушыларымен «Қазақ жазуының тарихы» тақырыбы бойынша синектикалық талдаулар жүргізілді. Тапсырманың орындалу реті:

1. Тікелей ұқсастықтарға сүйене отырып сөйлеуге байланысты суретті (пиктографиялық) жазуларға талдау жасау, беретін мағыналарын түсіндіру тапсырмасы берілді. Оқушылар тас дәуіріндегі алғашқы қауымдық қоғамның тұрмыстық ерекшеліктері, жаугершілік, аңшылық дәстүрлер, қолданған қару-жарақтар мен тұрмыстық заттар т.б. жайында жүйелі талдаулар жасап, өз ойларын ортаға сала алды.

2. Жеке ұқсастықты табу тапсырмасы бойынша оқушылар оқулықта ұсынылған көне түркі руникалық әліпбиіне талдау жасап, әріп таңбаларын неге ұқсатқандары, оған қандай себеп болғаны жайлы айтып берулері қажет болды. Оқушылар көне түркі әліпбиіндегі «к» дыбысының таңбасын (↑) садақтың оғына, «л» дыбысының таңбасын (∨) ілгішке ұқсатқандарын, демек, «қ» дыбысының таңбасы «оқ» сөзінен, ал «л» әрпі «іл» сөзінен туындауы мүмкін екенін айтысып, олардың мәнін өздерінше талқылады. Әріп таңбаларының өзі кездейсоқ жасалмайтынын, оған халықтың сол кездегі өркениет жемісінің әсер ететінін дәлелдеді. Оқушылар келтірген жауаптардан интуитивтік-бейнелі ойлаудың айқын белгілері көрінді.

3. Символикалық ұқсастық тәсілін қолдана отырып, оқушылардың өздеріне суретті (пиктографиялық) немесе руникалық жазу таңбаларын ойлап табу және оның беретін мағынасын түсіндіру тапсырмасы берілді. Тапсырма өзінің шығармашылыққа бағытталуымен оқушыларды ерекше қызықтырды. Нәтижесінде көптеген жаңа таңбалар мен символдар туындап, мағыналары талқыланды. Болашақ жас суретшілер мен дизайнерлер бір-бірлеріне қолдау көрсетіп, пікірлерін тыңдап, өз көзқарастарын білдіріп отырды. Оқушылар, әсіресе, ұлттық ерекшеліктері басым түсетін, өзіне дейінгілерді қайталамайтын таңбаларды жоғары бағалады. Жүргізіліп отырған бірінші тәжірибе болғандықтан, әлемдік әліпбилер жүйесінде кездесетін таңбаларды қайталап ұсынған оқушылар да болды. Оларды байқаған топ мүшелері өз дәлелдерін келтіріп, сындарын ашық айтып отырды.

Аталған үш тапсырма бастапқыда орындалуы ауыр көрінгенімен, мұғалімнің көмегімен және топ ішінде өзара талқылаулар нәтижесінде барлығы да қызығушылықпен орындалды. Синектикалық талдауға қатысушылардың оқу-ізденістік және ұжымдық-шығармашылық тұрғыдағы әрекеттері интуитивтік-бейнелі, метафоралық ойлау қабілетіне сүйене отырып, жоғары

деңгейде жүзеге асырылды. Оқушылардың өзара өте тығыз байланыс жасап, ізденіс жұмыстарын бірлесе жүргізуінен, эмоциялық-бейнелі, метафоралық ұқсастықтарды бірге талқылап іріктеуінен синектикалық әдістің тиімділігі айқын көрінді.

4. Фантастикалық ұқсастық тәсілін қолдану арқылы Монғолиядағы Орхон өзенінің жағасында орналасқан Күлтегін ескерткішіне жан бітіртіп, бүгінгі заманға әкелу, Күлтегіннің атынан бүгінгі жастарға арналған монолог жазып, оқып беру тапсырмасы берілді. Тапсырма ұзақ уақытты талап ететін болғандықтан, үй жұмысы ретінде орындап келу тапсырылды. Тапсырманы орындау үшін алдымен қосымша әдебиеттерден Күлтегін ескерткішінің кіші жазуы мен үлкен жазуларын оқып, мазмұнымен танысу керек екендігі ескертілді.

Осылайша, «Тапсырмалар топтамасы» деп аталатын оқушыны креативтілікке үйретуде аса маңызды рөл атқарған жұмыстардың пайдасы мол болды. Олар оқушының әр сөзге, әр тұжырымға мән бере қарау дағдыларын қалыптастырды. Өйткені ондай дағдылардың ойлау мен сөйлеу қабілеттерін ұштауға ықпалы қашан да ерекше.

III Дайын ақпараттарды «өңдеп» қолдану арқылы ойлау мен сөйлеуге үйретуге бағытталған тапсырмалар

Жоғары сынып оқушыларына берілетін тапсырмаларды орындау сапасын арттыру мақсатында оларға алдымен, жалпы креативтіліктің мәні мен рөлін таныту көзделді. Ол үшін төменде берілген мәтіндегі негізгі ойды анықтау, онда берілген оқушы үшін тың ақпараттар туралы ойын жинақтай алуы үшін мәтін мазмұнын модель түрінде тиянақтау және оны қысқаша дәйектеп айту тапсырылды. Тапсырманың күрделілігі ескеріліп, жұптық жұмыс түрінде орындатылды. Сонымен қатар, бұл тапсырмада сөйлесім әрекетін кешенді қамту көзделді. Білім алушылар, алдымен, оқылым жұмысын орындайды, одан соң идеяны анықтап, жинақтау мәтінін – модельдеу формасында жазады. Олар өздері құраған модель бойынша тапсырма нәтижесін дәйектеп айтады.

Тапсырманың мақсаты: оқушыларға мәтінді талдата отырып, олардың креативті ойлау туралы түсініктерін кеңейту, жаңаша ойлауға талпындыру және өз ойын жазбаша модель түрінде жинақтап жеткізуге баулу.

Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

- оқушылар барынша мол ақпарат қамтылған мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;

- ой тұжырымдауға үйренеді;

- мәтіндегі ойды жинақтау, модельдеу дағдылары дамиды;

- дереккөздерден жинаған ақпараттарды өңдеп қолдануға үйренеді;

- өз пікірін дәлелдеп айтуға төселеді.

Мәтінмен жұмыстың алдында оқушыларға мынадай сұрақтар қойылды:

Данышпан деген кім?

Оларды қарапайым адамдардан ерекшелейтін не?

Данышпандардың өзгеше ойлауының, бүкіл дүниені өзгертетін жаңалықтар табуының сыры неде?

Данышпандықтың белгісі - креативті ойлауға бейімділік туа бітті қасиет пе?

Тапсырма. Жұптық жұмыс. *Мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұнындағы ең маңызды деген ақпараттарды жинақтап, «Данышпан моделі» тақырыбында жинақтау мәтінін жазыңыздар. Өз пікірлеріңізді дәйектеп айту үшін қосымша дереккөздерден мәтінде аты аталған тұлғалар мен олар ашқан жаңалықтар туралы мәлімет жинаңыздар.*

Аристотель «табиғатына жұмбақтылық тән» метафораны данышпандық белгісі деп танып, егер адам әртекті екі түрлі дүниенің байланысын көре білсе, онда ол жеке тұлғаның ерекше қасиетінің дәлелі екенін айтып өтеді. Егер біріне-бірі ұқсамайтын заттар бір кезеңдерде сәйкестенетін болса, онда кей жағдайда олар бірін-бірі алмастыратын да шығар?

Александр Грэхем Белл адам құлағының ішкі құрылысы, жұмыс істеуі мен қатты мембрананың қабілеттерінің ұқсастығын көріп, телефонды ойлап тапқан. Томас Эдисон ойыншық тұрба мен қағаздан жасалған адам және дыбыс толқындарын ұқсастыра отырып, фонографты ойлап тапқан. Эйнштейн жанынан пойыз өткен сәтте теміржол платформасында тұрған кез бен қайық қозғалысын салыстырғаны сияқты, көптеген күнделікті жайтты ұқсастыра отырып, өзінің біршама абстрактілік қағидаттын түсіндіре білген.

Данышпандар өзін кенеттен туындайтын оқыс жағдайларға дайындайды. Біз ісіміз сәтсіз болған жағдайда, екінші бір жұмысты орындаймыз. Қарапайым көрінгенмен, бұл – кенет шығармашылық қағидаты. Біз ойлаған ойымыз неге орындалмағанын, ол нағыз керек дүние екенін ойлаймыз. Ал кенеттен орындалған шығармашылық жұмыс «Ал бұл жұмысты не үшін жасадық?» деген сұрақ туғызады. Міне, осындай сұрақ туындауы – шығармашылық актісінің кілті. Ол жұмыс тек сәттілік қана емес, Сіздің шығармашылық өрістеуіңіздің басы болуы мүмкін. Көптеген адамдар мұны сезіне алмауы мүмкін, өйткені ол өзінің жоспарының орындалуын ғана ойлайды. Ал данышпандар маған сәттілікті тағдыр қашан сыйлайды деп ойламайды, олар әр қадам, әр әрекеттен белсенді түрде тың жаңалықтар күтеді. Данышпандардың шығармашылық ойлау стратегияларымен таныс болу Сіздің барынша креативті ойлауыңыз бен тың жетістіктерге қол жеткізуіңізге мүмкіндік тудырады. Шығармашыл данышпандар кұр ойланбай, қалай ойлана білетіндігімен ерекшеленеді.

Әлеуметтанушы Гэрриет Цукерман 1977 жылы АҚШ-та тұрған Нобель сыйлығының лауреаттары туралы қызықты зерттеулерін жариялады. Ол Энрико Фермидің алты шәкірті сыйлық алғанын анықтады. Эрнст Лоуренс пен Нильс Борда төрт-төрттен, Д.Д. Томпсон мен Эрнест Резерфорд бірлесіп он жеті Нобель сыйлығының лауреаттарын даярлапты. Ал бұл кұр сәйкестік емес. Демек, лауреаттар өздері креативті ойлап қана қоймай, өзгелерді креативті ойлауға үйрете білуге де қабілетті екен (Дереккөз: <http://www.creativitypost.com>)

Төменде ұсынылған тапсырма бойынша да тілдік қатынасты дамытуға қажетті сөйлесім әрекетінің түрлері кешенді қамтылған: оқушы, алдымен, оқылым жұмысын орындайды, одан соң өзі таңдаған тақырыпта шағын монолог

мәтінін жазды. Оқушы тек жазып қана қоймайды, ол өз таңдауы мен тапсырма нәтижесін дәйектеп айта алуы талап етілді. Монолог мәтінін жазуға қажетті теориялық бағдар мен жазу талабы қоса ұсынылды.

Келесі тапсырма 10-сыныптың қазақ тілі пәніндегі «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет пен өркениет» атты 1-бөлім бойынша «Қазіргі қоғам құндылықтары» деп аталатын 1-2-сабақ материалдарына қосымша ұсынылды. Көзделген мақсат: оқушының заманауи өзгерістерді талап етіп отырған бүгінгі қоғамның көкейкесті мәселелерін шешу үшін ұлы тұлғалардың ой-пікірлеріндегі ешқашан мәнін жоғалтпайтын іргелі ойлардың астарындағы тұжырымдарды саралай отырып, креативті ойлауына және оны ұтымды жеткізудің бір тәсілі ретінде дәйексөз талғап қолдануына мүмкіндік беру.

Тапсырма. *Төмендегі екі мәтінді оқыңыз. Оларды құндылықтарға қатысты қандай тақырыптағы монологтік сөзге қалай үйлестіріп қолданар едіңіз? Монолог мәтінін жазыңыз. Сөйлемдерді дәйексөз етіп алуыңыздың себебін түсіндіріп айтыңыз.*

I. М. Әуезов: «Жапония Еуропа не істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ... Жапония да әртүрлі өнерліге, әртүрлі білгіштерге мұқтаж болды. Ол мұқтаж адамдары Еуропада мол. Сол себепті олар күнбатыстың профессор, өнерлілерін де шақырып әкеле бастады. Бірақ шеттен келген адамдарға шарт қойып отырды. Ол шарттары: Оқытып жүрген шәкірттерінің жүрегіне Жапонияның ұлттығына зиян келтірерлік нәрселерді сіңірмеулері керек. Мұндай мінездері байқалған болса, қызметтеріне кіргізбеді».

II. Түрік ойшылдарымен, Абаймен сабақтас, Шығыс пәлсапасы қайнарының бірі – Конфуцийден (б.д.д. VI–V ғғ.) бір шәкірті мемлекетті ұстап тұру үшін не қажет екенін сұрағанда, үш нәрсені айтқан: елді тойындыру, қару-жарақ, сенім.

– Егер ел басына күн туып, мәжбүрлік болса, қайсысын қалдырар едіңіз? – дегенде:

– Сенімнен айырылуға болмайды! – депті.

Тапсырманың мақсаты: оқушыны креативті ойлауға үйрету, өз ойын дәйектеп айту дағдыларын дамыту.

Оқушыға қойылатын талаптар:

- екі бөлек мәтіндегі ортақ ойды таба білуі;
- бір мақсатта екі түрлі ойды орайластырып қолдана алуы;
- өз пікірін дәйектеп айта алуы;
- нақты мақсатта сауатты монологтік мәтін құрай алуы тиіс.

Күтілетін нәтижелер:

- оқушы мәтіндегі ақпаратты өз мақсатына қарай саралап алуға үйренеді;
- әр мәтіндегі негізгі ойды сабақтастырып айтуға дағдыланады;
- төл сөзді төлеу сөзге айналдыра отырып, ішінен дәйексөзді дәл таңдауға үйренеді;

- жазбаша және ауызша сөз шеберлігін меңгереді;
- өзіндік ой түйе, оны кративтілікпен жеткізуге төселеді.

Бағалау критерийлері:

- екі түрлі ойды ұтқырлықпен қабыстыра пайдалана алуы – 2.
- өз ойын жеткізуде дәйексөзді талғап ала білуі – 1.
- монологтік мәтінді жазу сауаттылығы – 2.
- өз пікірін ауызша дәйектеп жеткізе алуы – 2.

Келесі тапсырма 11-сыныптағы «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі» атты 1-бөлімнің «Ұлы Даланың 7 қыры» деп аталатын 3-4-сабақтарына қосымша ұсынылды.

Мұнда оқушыларға Ұлы Даланың ұлы тұлғаларының өз халқын шексіз сүюдегі және оны құрметтеуіндегі перзенттік сезімдерді таныту және солардың үлгісінде тапқыр сөйлеу дағдыларын дамыту көзделді. Сонымен қатар, оқушыларға ата дәстүріндегі киелі ұғымдарды таныту жолымен қазақ халқының сакральді дүниетанымын қастерлеуге, оны сақтаудағы өз жауапкершілігін сезіндіруге ықпал ету міндеті қойылды.

Тапсырма. *Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз. Мәтіндегі аса құнды деген қай пікірді қандай тақырыптағы монологтік сөздерде дәйектеме ретінде қолдануға болатынын дәлелдеп жазыңыз.*

«Киелі», «қасиетті» деп саналатын құстардың ішінде үкінің қауырсыны жиі қолданылады. Қазақ шаңырақтарында бесікке, домбыраға, бөрікке, жаңа түскен келіннің орамалына, жастардың оңаша отау шымылдығына, үйдің төріне қадалған үкі қауырсынын көзіңіз шалады. Халық ұғымында үкі – «жын періні қуатын құс». Сондықтан да үкі қауырсыны сәбидің ұйқысы тыныш болсын, жын-шайтаннан қорғасын деп бесікке, тіл-көзден сақтасын деп сүндетке отырғызғанда және ашамайға мінгізгенде ұл баланың тақиясына, ұзатылып бара жатқан қыздың сәукелесіне, жаңа үйленген жас жұбайлардың шымылдығына тағылған. Ұлы Даланы ән-күйімен тербеген сал-серілер де бас киімі мен домбырасына үкі таққан.

Қазыбек бидің айтуынша, «Біз – қазақ деген мал баққан елміз. Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз». Сонда біз қандай елміз? (ERNUR.KZ сайтынан)

Сұрақтар:

1. Қазақтың үкіні киелі санауының себебі не? Ақпарат көздеріндегі материалдарды пайдаланып, өзіңіз дұрыс деп санаған үш себебін анықтаңыз. Ойыңызды дәлелдеңіз.

2. Қазыбек бидің «найзаға үкі таққан елміз» деген сөзінің мәнісін түсіндіріңіз.

3. Қазыбек бидің «найзаға үкі тағу» сөзінің үлгісімен дереккөздерді пайдаланып, қарама-қайшы ұғымды білдіретін сөздер қамтылған фразеологизмдерді, сөз тіркестерін тауып жазыңыз. Мысалы: «жұмсақ тас», «ақ қарға», «жаңбыр жаумай су болу» (мәтел), «тоқ тіленші» (Абай), «су астынан құрғақ шығу»...

Тапсырманың мақсаты: оқушыны креативті ойлауға, тапқырлыққа баулу.

Тапсырманы орындауға қойылатын талаптар:

- бір-біріне мүлде қиыспайтын («найза», «үкі») ұғымдардың арасындағы байланысты ашып, өз ойын дәлелдей алу;

- ақпарат көздерінен алынған материалдарды саралап, «өңдеп» қолдана білу;

- тосын тіркестердің мағынасын түсіндіре алу;

- өз мақсатына сай монологтік мәтін құрай алу.

Күтілетін нәтижелер:

- оқушы нақты нысанға қатысты негізгі ақпаратты іріктей алуға үйренеді;

- өз ойын жеткізуде тосын тіркестерді талғап қолдануға үйренеді;

- сөз шеберлігіне төселеді.

Оқушылардың креативті ойлауы мен қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуда оқулықтарда берілген мәтіндерді қосымша талдау тапсырмалары да орындалатылды. Мысалы, 11-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығындағы «Ұлы Даланың жеті қыры» деп аталатын сабаққа қосымша төмендегідей тапсырма үйге берілді. Оқушыларға ақпарат көздерінен қызғалдақтың отаны Қазақстан екенін дәлелдейтін мәтіндерді тауып, қажетті ақпараттарды жинақтау тәсілмен (кесте, диаграмма, постер) түйіндеп жазу тапсырылды.

Тапсырма рөлдік ойын түрінде ұйымдастырылды. Оқушылар бөлінген топтары бойынша арнайы телехабарға қатысушы рөлінде өз ойын айтып беруі тиіс болды. Сонымен, сабақ мақсатына сәйкес сынып оқушылары екі топқа бөлінді. Оқушылар құрап айтатын материалдар қайталанбас үшін әркімнің орындайтын рөлдері алдын-ала айтылды. Балалар өз ішінде:

1) журналист;

2) биолог;

3) тарихшы;

4) тілші ғалым;

5) этнограф;

6) саясаткер;

7) жарнамашы;

8) суретші;

9) 2 ақын;

10) режиссер рөлдерін бөлісіп алды.

Тапсырманың мақсаты: рөлдік ойын түрінде тапсырманы орындату арқылы оқушылардың креативті ойлау дағдыларын дамыту, топта өз пікірін дәлелдеп айту білігін жетілдіру.

Тапсырманы орындауға қойылатын талаптар:

- өз рөліне сай кәсіби лексиканы қолдана алу;

- ақпарат көздерінен алынған материалдарды саралап, «өңдеп» қолдана білу;

- өз пікірін тұжырымдап жеткізе алуы;

- полилогте өз мақсатына сай тілдесім қабілетін таныта алу.

Күтілетін нәтижелер:

- оқушы БАҚ құралдарындағы арнайы хабарлардың ерекшелігіне сай өз рөліне лайық сөйлеудің амал-тәсілдерін меңгереді;

- негізгі ақпараттарды талғап, саралай алуға үйренеді;
- өз ойын ұтқырлықпен жеткізуге үйренеді;
- публицистикалық стильде сөйлеу машығын жетілдіруге талпынады;
- полилогтік сөз шеберлігі талаптарын сақтауға төселеді.

Талап бойынша әр топтан бір оқушы телехабарды жүргізуші журналист болып тағайындалды. Сыныптағы әр оқушы өз рөліне сәйкес пікірін айтып, өзгелермен ой бөлісіп, сөйлесуі қажет. Шығармашылық ізденіске құрылған бұл жұмыста оқушылар өздеріне берілген уақытқа сай өз пікірлерін ортаға салатын болып келісілді.

Оқушылар қажетті материалдарды үйден зерделей оқып, алдын-ала дайындалып келгендіктен, ешқандай қағазға қарап сөйлеуге рұқсат етілмеді. Себебі олардың ойлауы мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін, жадын шынықтыру көзделді.

Дайындыққа берілген 5 минут уақыттан кейін топтағы оқушылар кезекпен ортаға шығып, имитациялық жоба жұмысын орындады.

Журналист: «Қызғалдақ гүлін Қазақстан жерінде молынан өсіру үшін қандай шарттар орындалуы қажет?» деген сұрақ қойды. Оқушылар сұрақты нағыз проблемалық мәселені көтеріп отырған жақсы сұрақ деп бағалап, қызу талқылап, өз пікірлерін айтты. «Қазақстан жерінде қызғалдақ өсіруді қолға алу өте қажет және оған барлық шарттар мен мүмкіндіктер бар» деген пікірге келді.

Биолог оқушы қызғалдақ гүліне берілген ғылыми сипаттамаларды айтып өтті. Тарихшы рөліндегі оқушы Ұлы Жібек жолы арқылы Қазақстаннан Түркияға, одан кейін Голландия жеріне жеткен тарихи жолы жайлы баяндап берді. Ғаламтор желісінен тапқан ақпараттарына сүйене отырып, қызғалдақ гүлінің тарихи Отаны – Қазақстан жері екенін ғалымдар да мойындап отырғанын айтты.

Тілші ғалым «Тюльпан» сөзінің беретін мағынасы мен шығу төркінін талдап, «қызғалдақ» сөзінің толық нұсқасы – «қызылғалдақ» екені жайлы қызықты пікірлерін айтты.

Этнограф болған оқушы қазақ өнеріндегі қызғалдақ гүлінің бейнесі теріден, ағаштан, қыштан жасалған заттарда кездесетіні туралы деректермен бөлісті.

Журналист хабар басында талданған проблемалық сұрақтан туындаған ойларды ары қарай жалғастырып, Қазақстанда гүлдерді өсіру қажеттігі туралы ойын ортаға салды.

Саясаткер қызғалдақ гүлін ұлттық бренд ретінде дамытудың саяси-әлеуметтік тұрғыдан маңызды екендігін дәйектеп жеткізді.

Суретші, ақын және режиссер рөліндегі оқушыларға берілген тапсырма бойынша олар мәтін мазмұнынан тыс, ақылтылған пікірлерге сүйеніп, қиялына ерік беріп, таңдаған рөлдеріне сәйкес өз шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Журналист талдауға ұсынған шағын мақала, жарнамашының «Қызғалдақ» фестивалі ұйымдастырылатыны жайлы жарнамасы, екі ақынның өлеңдері – бәрі үлкен әсер қалдырды. Ең соңында суретші бір параққа салған суретін ортаға

алып шығып, оқушыларға көрсетіп тұрып, өз ойы мен қиялын қалай бейнелегенін айтып берді.

Эксперимент барысында рөлдік ойынның білім алушылардың креативті ойлауы мен сөз шеберліктерін дамытуға ықпалы өте ұтымды болғанын көрсетті. Жұмыс барысында орындалған әрекеттерге сай қол жеткізілген нәтижелер төмендегідей болды:

- ұжымдық жұмысқа сыныптағы барлық оқушылар толық жұмылдырылды;
- шағын ғана мәтін құрай отырып, ғаламдық проблемаларды талдауға үйренді;

- заманауи келелі мәселелерді көтеруге және оған қатысты ой түйінін сауатты айтуға төселді;

- бір мәселені рөлге сай әр аспектіде, жан-жақты қырынан талдауға үйренді;

- тапсырма оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерінің дамуына ықпал етті;

- тапсырма оқушыларды проблемалық тұрғыдан ойлауға, проблеманы шешу жолдарын іздеуге жетеледі;

- сыныптағы ортақ атмосфера әрбір білімалушының ұлттық мақтаныш, патриоттық сезім тұрғысынан ойлануына мүмкіндік берді;

- әрбір білімалушының берген жауабы мен ұсынған шығармашылық жұмысы креативті ойлаудың жоғары дәрежедегі үлгісі бола алды;

- әрбір білімалушының өз жұмысын ортада еркін талдай алуына мүмкіндік туды;

- телехабарға қатысушы ретінде оқушылардың бірін-бірі тыңдау мәдениеті қалыптастырылды;

- полилог барысында оқушылар модальдік диалог (бірін-бірі құптай отырып, мадақ сөз айтып, көтермелей отырып тілдесу) талаптарына сай өзара сыйласымдылық танытуға төселді.

Алдын-ала белгіленген шарт бойынша әр топтан «Өз ісінің шебері» номинациясы бойынша үш маман таңдалуы қажет болды. Оқушылар мынадай критерий бойынша үздік мамандарды анықтады:

- айтылған пікірдің ғылыми тұрғыдан сенімділігі;
- өз ойын дәйектеп жеткізе алуы;
- өзгелердің ойына қозғау салу деңгейі;
- сөз шеберлігі.

Қорыта айтқанда, оқушылардың әрбір тобы жүргізген рөлдік ойын олардың белсенді тілдік қатынасқа түсуіне ықпал ете алды және сабаққа деген қызығушылығын арттырды. Сондықтан мұндай тапсырма тәжірибеге тартылған эксперимент сыныптарында 2-3 реттен жүргізілді. Әр жүргізілген сайын оқушылардың креативті ойлаулары мен ауызша және жазбаша тілдік қатынасқа еркін түсе алу мүмкіндіктерінің арта түскеніне көз жеткізілді.

Тапсырма. *Мәтінді оқыңыздар. Қарамен жазылған бөлікті жаттаңыздар.*

Бір күні қарақшылар ғұлама әулие Әзірет Әліні ұстап алып:

- Егер сен «Ғылым артық па? Мал артық па?» деген сұраққа он түрлі жауап айта алсаң, біз сені босатамыз. Ал айта алмасаң, біз сені өлтіреміз,»- дейді. Сонда Әзірет Әлі былай деп жауап беріпті:

- Біріншіден, ғылым артық. Өйткені ғылым – әулие-әнбиелердің мұрасы, мал – перғауын мен Қарынбайдың мұрасы.

Екіншіден, ғылым сені сақтайды; малды сен сақтайсың.

Үшіншіден, ғылымның досы көп; малдың дұшпаны көп.

Төртіншіден, ғылымды жұмсаһаң көбейе береді; малды жұмсаһаң, азая береді.

Бесіншіден, ғылым саған құрметті атақ береді; мал сараң деген атқа қалдырады.

Алтыншыдан, ғылым өзін-өзі сақтайды; малды үнемі бағып, күтуің керек.

Жетіншіден, ғылым қиямет күні шапағатын тигізеді; мал иесіне сансыз жауап бергізеді.

Сегізіншіден, ғылым тозбайды, жоғалмайды; мал өледі, жоғалады.

Тоғызыншыдан, ғылым көңілді нұрландырады, адамға ақыл-ой қосады; мал адамды масаттандырады, дүниеқоңыз етеді.

Оныншыдан, ғылым құдайға ғибадат қылғызады; мал өз иесінің көңіліне төкаппарлық салады.

Қарақшылар таң қалып, Әзірет Әліні еріксіз босатады («Шешендік шиырлары» кітабынан)

Тапсырманың мақсаты: оқушыларды мәтіндегі ой тұжырымдарды таратып айтуға үйрету, дайын үлгі негізінде креативті ой түюге және оны шеберлікпен жеткізе білетін тапқырлыққа баулу.

Тапсырманы орындау талаптары:

- мәтіндегі көнерген сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтауы тиіс;

- ғұламаның әрбір тұжырымының мәнін түсіндіруі керек;

- үлгі бойынша өзі таңдаған тақырыпта мәтін құрап жазуы қажет.

Мысалы: елде оқу мен шетелде білім алу; диплом мен тәжірибелік білім; еңбекқорлық пен жалқаулық; шындық пен жалғандық; мейірімділік мен қаталдық; сүю және сүйікті болу және т.б.

Тапсырма. Қою қаріппен берілген сөздердің орнына оның синонимін қой. Автордың стильдік қолданысы қалай өзгергенін түсіндір. Сөздің қатысымдық бірлік ретінде қандай қызмет атқарғанын дәйекте.

1. Қазақстардың тілі **әуезді** де әсем, шебер де **шешен**, әсіресе сөз **сайысына** келгенде олардың алғырлығы мен **өткірлігі**, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады (В.В.Радлов). 2. Ғылыми, әдеби тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі өте **әсем**, өте **бай** тілдердің бірі (И.Бенцинг). 3. Халықтың мәңгі **ғұмыры** – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін **ұлы** (Ш.Айтматов). 4. **Жыр деген** біреуге – оқ, біреуге – **бал** (Жамбыл). 5. **Түрлі-түрлі** байлық бар. Тіл байлығы – бәрінен де **сенімді** байлық (Ғ.Мұстафин).

Сонымен қатар, тіл туралы айтылған пікірлердегі кейбір сөздердің орнына басқа сөз қою тапсырмасы да берілді.

- *Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ* (Ғ.Мүсірепов).
- *Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Егер қазақ тілін білсең, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында* (Мәшһүр Жүсіп).

- *Сырлы тіл, қырлы тіл, нұрлы тіл – қазақ тілін ғасырлар бойы қастерлеп сақтағандарыңыз үшін, қазақ бауырлар, сіздерге бек зор рақмет* (Х.Туфан). Оқушылар қою қаріппен берілген сөздердің орнына өз нұсқаларын қойды. Нақыл сөздердің мағынасы қалай өзгергенін айтты. Өкінішке орай, көптеген оқушылар күнделікті қолданыстағы сөздерді ғана қойып, кейбір сөздердің мәнін түсінбеді. Бұл оқушылардың сөздік қорының таяздығын байқатқанмен, олар әрбір сөздің мағынасын түсінуге, оны орынды қолдануға талпындырды. Оқушылар осы тәрізді тапсырмаларды орындау арқылы сөздің қатысымдық мәнін түсінетіні ескерілді.

Қол жеткізілген нәтижелер: оқушылар тілдік қатынаста баяншының әрбір айтқан сөзінің қолданысын терең түсінуге талпынды. Олар тілдегі әрбір сөздің қолданысын білу үшін теориялық білім болуы қажеттігін түсінді. Теориялық тұрғыдан дәлелденген, ғылымда орныққан фактілер ғана оқушының ой-өрісін дамытатыны дәйектелді.

Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытатын танымдық-коммуникативтік әдістің келесі бір жолы – оқушының шешендік қабілеттерін дамыту.

Шешендікті дамыту тапсырмалары 10-11 сыныпқа арналған оқу бағдарламасындағы «10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу», «11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау», «11.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру», «11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау», «11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу», «11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу», 11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану» т.б. [129,б. 1] сияқты көптеген оқу мақсаттары бойынша сабақ өтуде қолданылды.

Бұл сөздің құдіретін, сөздің қабылдаушыға тигізетін әсер-ықпалын, сөздің қуаты мен сұлулығын игеріп, мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, көркем сөз орамдарын қолдану жолымен жүргізілді. Коммуникативтік лингвистикада фразеологизмдер жаңа қырынан қарастырылады. Адамның қандай коммуникативтік жағдайда фразеологиялық тіркестерді қолданады,

қалай қолданады, не үшін қолданады? Фразеологизмдер қабылдаушыға қалай әсер етеді? Жаңа фразеологиялық тіркестер қалай пайда болады, дайын фразеологиялық тіркестерді баяншы қалай пайдаланады? т.б. сұрақтар төңірегінде зерттеулерге сүйеніп түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Негізінен, тіл барлық ғылым саласымен сабақтастықта қаралатындықтан, эксперимент жүргізілетін сыныптарға коммуникативтік лингвистика бірнеше ғылымдарды тоғыстыратыны туралы түсінік берілді (логика, психология, когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, психолінгвистика және т.б.).

Оқушыларға фразеологиялық бірліктерді меңгертуде төмендегідей тапсырмалар орындатылды:

1) Берілген фразеологизмдерді пайдаланып, сұқбаттасыңыздар (басы қату, шын көңілмен, көзбе-көз, сақадай сай, бетпе-бет).

2) Фразеологизмдерді пайдаланып, сыныптағы үш оқушыға сипаттама жазыңыз. Не себепті ол фразеологизмдерді қолданғаныңызды дәлелдеңіз (бота көз, қолаң шаш, ақ саусақ, қалқан құлақ, ат жақты, үріп ауызға салғандай, он саусағынан өнер тамған, көзі қырағы, еті тірі, жүзіктің көзінен өткендей) [125,б. 32].

Тапсырманың мақсаты – оқушыларға фразеологизмдерді қатысымда ұтымды қолдану жолдарын үйрете отырып, олардың креативті ойлауын қалыптастыру. Бұл бағытта мынандай жағдаяттық тапсырмалар да берілді: Бір аулада тұратын баланың кішкентай күшігі жоғалып кетті. Мына фразеологизмдерді қолданып, сол оқиға туралы досыңмен сұқбат құр (қасынан бір елі тастамау, айдың, күннің аманында, аяғынан тік тұрғызды, көңілі су сепкендей басылды, көз байланды, көзге түрткісіз қараңғы, өлердей қорқу, құлқын сәріде).

Күтілетін нәтиже: бұл тапсырмалар оқушының сөздік қорының баюына көмектеседі, олар тілдік қатынаста қабылдаушының назарын өзіне аудару үшін көркем образды сөздерді қолдануды үйренеді.

Тілдік қатынасты дамыту үшін **мәтін имплициттілігі** бойынша бірқатар тапсырмалар орындатылды. Бұл оқу бағдарламасындағы «10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау», «10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру», «10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу», «11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау», «11.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу», «11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу» [124,б. 1] сияқты көптеген оқу мақсаттарымен сабақ өтуде басшылыққа алынады.

Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін білім алушыларға мынадай тапсырмалар орындатылды:

Мәтінді мәнерлеп оқыңыз. Мәтінге тақырып қойыңыз.

- Мәтінді ой бөліктеріне бөліп, тірек сөздерді табыңыз.

- Қай сөйлемде мәтін мазмұны ашылып тұрғанын дәйектеп айтыңыз.

- Мәтіндегі ой бөліктері бір-бірімен қандай тілдік бірліктер арқылы байланысқанын айтыңыз.

- Мәтіндегі сөйлемдерді соңғы сөйлемнен бастап жоғарыға қарай оқыңыз. Мәтіннің мазмұны қандай өзгеріске ұшырағанын дәлелденіз.

- Автордың туған жер туралы ойлары оқырманға қалай әсер еткенін айтыңыз. Мәтінді бірнеше сөйлеммен толықтырыңыз. Мәтін мазмұнының қалай өзгеріске ұшырағанын айтыңыз.

- Мәтін мазмұны қазіргі таңдағы қандай қоғамдық-әлеуметтік жобаман сабақтасады? Ойыңызды дәлелдеп айтыңыз.

Автор мен оқырман арасындағы қатысымдық үдеріс автор мен оқырманның, яғни айтушы мен тыңдаушының қатысымдық қызметтеріне тәуелді деуге болады. «Осы қатысымдық үдеріс барысында оқырман қабылдауының маңызды рөл атқаратыны анық. Ал көркем шығарма мәтіні оқырманның жас ерекшелігі, дүниетанымы, әлеуметтік деңгейі, аялық білімі тұрғысынан әртүрлі қабылданады» [122,б. 31].

Мәтінді танымдық-коммуникативтік әдіспен оқытуда білім алушының тілдік қатынастағы сөйлесім әрекетін дамытатын эксперимент тапсырмалары былайша түрлендіріліп берілді:

Тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді жүйелі мәтін етіп қайта жазыңыз. Оның себебін дәлелдеп көрсетіңіз.

Сырым шөлдеп келе жатып, бір үйден сусын ішіпті. Ел аузындағы аңызға қарағанда Байдалы шешен бай бола алмапты. – Япырай, бір аяқ сусын бір кісінің құны екен ғой! – депті Сырым маңдайының терін сүртіп. Дүние құрастырып, дәулет жинауға, сірә, ол кісінің қолы тимесе керек. – Жоқ, батыр, бір аяқ сусын бір емес, екі кісінің құны. Ол ақылын азық, асыл сөзін сусын етіп, дүниеден өткен адамның бірі екен. Бұл сусын табылмаса шөлдеп сіз де өлер едіңіз, ұялып мен де өлер едім, – депті үй иесі.

Сонымен, мәтіндермен жұмыста көп нүктенің орнына фразеологиялық тіркестерді қою, мәтіннен авторлық қолданыстағы фразеологиялық тіркестерді табу, әртүрлі топтағы адамдар арасындағы диалогтарды ажырату, негізгі ойды анықтау, идеяларды айқындау және т.б. тапсырмалар оқушыларға тілдік қатынастың теориялық жағын да, практикалық қырын да терең игеруге көмектесетіні сөзсіз. Сондықтан эксперимент барысында әртүрлі стильдегі мәтіндермен жұмыстар тиянақты жүргізілді.

Тапсырма. Төмендегі ҚР Еңбек сіңірген әртісі, радиожурналист Сауық Жақановадан алынған сұхбат бойынша мәтіндегі пікірді талдап, ойбөліс өткізіңіздер: **Тапсырма.** Төмендегі ҚР Еңбек сіңірген әртісі, радиожурналист Сауық Жақановадан алынған сұхбат бойынша мәтіндегі пікірді талдап, ойбөліс өткізіңіздер:

– Мамандық адамның өмір бойғы серігі зой. Сіз – даусыңыз арқылы мұқым қазаққа танымал болған дикторсыз. Артыңыздан ерген, сосын мамандықты таңдап, ел алдына шығып жүргендер жайлы не дер едіңіз?

– Қазіргі жас мамандар ақпаратты сауатты жеткізуге емес, өзін көрсетуге көп көңіл бөлетін сияқты. Бірақ осы әдеттің кесірінен ұлттың үніне айтарлықтай нұқсан келіп жатыр. Бұл жай менің жаныма сондай батады. Дыбыс шығару аппараттарымен қалай жұмыс жасауды білмей, міндетсіп сөйлеу, ұрысып тұрғандай екпін түсіріп сөйлеу әдетке айналды. Ал қазақтың сөзі мен үні қандай керемет, қоңыр зой. Үн тура ұлттың мінезі секілді жайдары, дархан болуы керек. Оның үстіне біздің заманымыздағыдай арнайы дайындалған дикторларды емес, ортақ журналистиканы бітірген мамандарды жұмысқа алады. Олар қазақтың үн шығару заңдылықтарынан бейхабар күйінде эфирге шығып жатады. Телеарналар мен радио басшылары қазаққа шындап жаны ашыса, осы мәселені қолға алуы тиіс. Әр ұлттың өз мінезі, соған сай дыбыстарды шығару ерекшелігі бар. Өзге, дамыған елдердің эфир тізгіншілеріне ұқсап, жұлқынып, сөздерді қатаңдандырып айтуға болмайды.

– Қазір эфирге шығып жүрген дикторлардың қайсысына іштей риза болып отырасыз? Барлығы тегіс нашар сөйлемейтін болар. Ілуде біреуі бар шығар.

– Журналистерден Дана Нұржігіттің кәсібилігі ұнайды. Ол өзін көрсетуге тырыспайды. Жүргізіп отырған бағдарламасына жаны ашиды. Жоба жұртшылыққа жетіп, діттеген үдеден шықсам деп ойлайтыны көрініп тұрады. Қайсыбіреулер секілді тістеніп, қатқыл сөйлеп аузынан шыққан сөзді үркітіп, қазақтың құлағының етін қажап жатқан жоқ. Байсалды дауыспен жүргізеді. Енді қалыптасып келе жатқан жас мамандар Данаға еліктесе болады. Біз қазір эфирде жүрген жоқпыз. Алтын қордағы дауыстарды жастар тыңдамайтын шығар

(«Алматы ақшамы» газетінен)

Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға арналаған келесі тапсырмаларда сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне қатысты ойлау мен сөйлеудің интеграциясын жүзеге асыра отырып оқушылардың сөйлесім дағдыларын дамыту көзделді. Айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым, тілдесім әрекетіндегі ойлаудың өзіндік ерекшеліктеріне ерекше мән берілді. Олардың жүргізілу реті мен нәтижесін төменде орындалған тапсырмалардан көруге болады.

Тапсырма. Оқылым.

Кімнен көрем!

Білмеймін. Кінәлі кім?

Ой түбіне жете алмай шын арыдым.

Махаббат та, достық та, тірлігің де

Болып бара жатқандай мұнар ұғым.

Атық сөзім жоқ еді жанға тірі,

Адалдығым – жаңартау...

Жанды ақыры...

Адамзаттың біразы ез боп шықты,

Бүгінгінің деп жүрген хан, батыры (Н.Оразалин).

Өлеңді мәнерлеп оқыңыз. Өлеңге тақырып қойыңыз

Айтылым. Ақын өзінің ішкі монологін кімге арнаған? Қабылдаушы кім? Өлеңдегі көп нүкте қандай қызмет атқарып тұрғанын айтыңыз.

Жазылым. «Шын арыдым», «мұнар ұғым» сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңыз.

Тілдесім. «Адамзаттың біразы ез боп шықты, Бүгінгінің деп жүрген хан, батыры» деп ақын кімдерді айтып тұр деп ойлайсыз? Осы күні хандар мен батырлар бар ма? Ой бөлісіңіздер.

Мәтінмен жұмыстардың басым бөлігінде берілетін тапсырмаларда оқушылардың ұлттық болмысқа қатысты ой-өрісін дамытып, соған қатысты сөйлеу тілін дамыту міндеті алға шығарылып отырды.

Тапсырма. Мәтіндегі реалийлерді тауып, оның тек қазақ тілінде ғана кездесетінін дәлелдеңіз.

Kuiz үйді бір күнде, бір ғана адамның даналығы дүниеге әкелген жоқ. Ол көшпелі өмір салтымен бірге туып, біте қайнасты.

Kuiz үйдің үш қанаттан бастап, он екі, он сегіз, отыз қанатқа жететін үлгілері болған.

Kuiz үйдің сүйегі қайың, мойыл, тал, терек, қарағай сияқты ағаштардан жасалатын жабдықтардан (кереге, уық, шаңырақ, маңдайша, табалдырық, жақтау немесе таяныш, сықырылдауық, бақан және т.б.) тұрады.... («Ата салты – ұрпаққа мұра» кітабынан.)

Экстралингвистикалық бағыттағы мәтіндермен де жұмыс жүргізілді. Ғалымдар коммуникацияның жүзеге асуына көп жағдайда экстралингвистикалық, яғни тілден тыс факторлардың әсер ететінін айтады. Оған мамандар сөйлесуге деген қажеттілікті, сөйлесімге түсуге қажеттілікті, тыңдаушы мен сөйлеушінің жақындығын, қабылдаушының көңіл-күйін, этикеттік нормаларды, білім деңгейін және т.б. жатқызады. Яғни сөйлесім нәтижелі болу үшін тек қажетті қатысымдық бірліктерді таңдап қолдану жеткіліксіз оған тілден тыс экстралингвистикалық факторлар да әсер етіп отырады. Сондықтан мұғалім сабақ үрдісінде әр баланың білім, білігіне де емес, оның сол кездегі көңіл-күйіне, ортасына да назар аударғаны жөн.

Тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп, дауыс сазын сақтап оқыңыздар. Дискурсқа қатысушыларға қандай экстралингвистикалық фактор әсер еткенін анықтаңыз. Мәтіндегі қатысымның жүзеге асуына ықпал етіп тұрған қатысымнан тыс экстралингвистикалық бірліктерді табыңыз. Мәтіннің толық нұсқасы қосымшада берілді (Қосымша В).

Бұл бағытта жүргізілген жұмыстардың оқушының лингвомәдени құрызиреттіліктерін қалыптастыруда алатын рөлі айрықша.

Қатысымдық бағдарлы әдістердің ішінен оқушылардың критериалды ойлауы мен қатысымдық құзыреттіліктерін арттыра түсетін жаңашыл әдістер ретінде таңдап алынды. Олардың қатарында:

- Ой шақыру әдісі;
- ТРИЗ әдісі;
- «ТСМС» формуласы арқылы тұжырым қорғау әдісі бар.

Төменде тәжірибе барысында қолданылған осы әдістердің толық сипаттамасы мен қолданылу тәжірибесінен мысалдар келтірілді.

Ой шақыру әдісі - адамның креативтік ойлауына қозғау салу мақсатында туындаған әдістердің көш басында тұрады. Бұл әдісті 1940 жылы белгілі Америка геологы, палеонтологы А.Ф. Осборн ұсынған. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс кейін оқу үдерісінде де үлкен қолдау тапты.

Ой шақыру топ мүшелерінің достық алаңында, белгілі бір тақырып аясында белсенді жұмыс атқара отырып, идеяларын ортаға салу, қызу талқылаулар арқылы ортақ келісімге келу әрекетінен тұрады.

Бұл әдістің кезеңдері:

- Мақсатты анықтау (тақырыптың басты идеясын айқындау);
- Қатысушыларды өз идеяларын айтуға үндеу;
- Әрбір идеяны постерге / тақтаға жазып отыру;
- Айтылған ортақ идеяларды жетілдіріп, дамытып, толықтырып отыру;
- Идеялардың дұрыс құрастырылуын, қайталанбауын қадағалау;
- Идеяларды жіктеп, жинақтап, топтастыру.

Мысалы, 10-сыныпта өткен «Көне түркі жазба ескерткіштері» тақырыбындағы сабақта ой шақыру әдісі қолданылды. Оқушыларға, алдымен, көне түркі жазба ескерткіштерінің табылуы адамзаттың ең жоғарғы табыстарының бірі болғандығы жайлы мағлұмат берілді. Дүние жүзінің назарын көне түркі жазба ескерткіштері өзіне 1662 жылдан бастап аударып бастағаны жөнінде, Орхон-Енисей жазуын зерттеу барысында осы жазуды кім, қай халық, қай тілде жазған деген мәселеге келгенде, көп жорамалдар болғаны туралы баяндалды. Бұл ұлы мұралар қай халықтікі екені дәлелденген күнде, сол халықтың рухани-мәдени даму деңгейінің өте жоғары дәрежеде болғандығын көрсететін тарихи фактілер екенін түсінген әр елдің ғалымдары өз жазуымыз деп дәлелдеп, еншілеуге тырысқаны жөнінде айтылды.

Ескерткіштердегі жазуды оқу, талдау Дания елінің ғалымы Вильгельм Томсеннің үлесіне тигені, ол жазудың консонанттық негізге құрылғаны, оңнан солға қарай оқылатыны және ең алдымен ескерткіште жиі кездесетін «түрік», «тәңірі» деген сөздерді оқығаны жайлы балаларды қызықтыра отырып баяндалды.

Одан кейін оқушылар қазақ тілі оқулығындағы [132,б. 304] көне түркі жазуы жайлы белгілі түркітанушы ғалым А.С. Аманжоловтың пікірін оқып шықты.

Оқулықта берілген көне түркі руникалық әліпбиі ғалымның «Түркі филологиясы және жазу тарихы» кітабынан алынғанын айтып, оқушыларға

кітап көрсетілді [133]. Көне түркі тас жазуының әліпбиі үлкен экраннан көрсетіліп тұрды.

Келесі кезекте оқушыларға «Егер сендер В. Томсеннің орнында болсаңдар, көне түркі жазба ескерткіштерін оқудың кілтін қалай табар едіңдер?» - деген ой шақыру сұрағы қойылды.

Оқушылардың өз пікірлерін ортаға салып, топ ішінде талқылауына үш минут уақыт берілді. Көне түркі жазба ескерткіштерінің бірнеше ірілі-ұсақты үлгілерінің суреттерін салыстыра қарай келе, оқушылар жазудың оң жақ шеттері сызғышпен сызғандай түзу, ал солға қарай жазу жолдары бірде қысқа, бірде ұзындау болып аяқталатынын, кей жолдарда жазулар жол соңына қарай қисайып, кішірейе түсетінін байқағандарын, осы белгісіне қарап, жазудың оңнан солға қарай оқылатынын анықтауға болатынын айтты. Жазуларда қос нүкте (:) белгісінің жиі кездесетініне назар аудара келіп, бұл сөздер мен сөйлемдердің ара жігін көрсететін тыныс белгісі болуы мүмкін екендігін анықтай алды. Көне түркі әріптерінің кейбірінің түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ру-тайпа таңбаларына ұқсас болып келетіндігін байқағандарын айтты.

Тапсырманы орындау нәтижесі: оқушылар өздерін бір сәт ғалым орнына қойып, күрделі сұрақтың шешімін іздеу барысында шындыққа барынша жақын келе алды. Тәжірибе нәтижесінде ой шақыру әдісін қолдану кезінде оған қойылатын талаптарды қатаң сақтап, дұрыс пайдаланған жағдайда білім алушының стандартты емес, шығармашыл ойлауына ықпал ететініне көз жеткізілді.

ТРИЗ әдісі. Осы әдіс арқылы адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің кең ашылу себебі: балалық кездегі елестету деңгейі жоғары болады; осы кезеңде жеткіншектердің ойлау жүйесінің танымдық бағыты тереңдей дамиды.

Зерттеу барысында оқушылардың креативтілік әлеуетін арттырудың әдістемелік негіздерінің бірі ретінде адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту (ТРИЗ) әдісін мәтінмен, сызбамен, суретпен жұмыс істеу кездерінде жиі қолданылды. Бұл ТРИЗ теориясы Г.С. Альтшуллердің шығармашылықты дамыту әдісінің негізінде қалыптасқан [134]. Сондықтан қалыптастырушы эксперимент барысында ол жиі қолданылды.

ТРИЗ әдісі оқушы қиялына ерік беріп, елестете алу қабілетін арттырумен тығыз байланысты жүзеге асады. ТРИЗ әдісінің басты қағидасы – «Барлығын да айтуға болады!». Сондықтан бұл әдісті қолдану үшін, ең алдымен, сынып ішінде жағымды эмоциялық атмосфера орын алуы тиіс. Оқушылар мәдениет шеңберінде ой және сөз еркіндігіне рұқсат берілетінін сезінулері керек болды. Бұл жағдайда мұғалімнің қолдау көрсетіп отыруы, оқушылар ұсынған қате немесе дұрыс жауаптардың барлығын дер кезінде шеберлікпен саралап отыруы да аса маңызды саналады.

ТРИЗ әдісін, әсіресе, жаңа сабақты бастар алдында, жаңа тақырыпқа кіріспе кезеңінде жүргізген аса тиімді екеніне көз жетті. Мысалы, «Сөз әдебі, амандасу» тақырыбын өтер кезде атаған әдісті қолдану арқылы оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбына қатысты көптеген суреттер мен сызбалар

ұсынылды. Оқушылар ұсынылған әр елдің салт-дәстүрлеріндегі амандасу ерекшеліктерін бейнелейтін суреттер мен сызбаларға қарап, туындаған ассоциацияларын айтып отырды. Оқушылардың пікірлерін жинақтай келе, болашақ сабақ тақырыбы қандай болуы мүмкін екеніне қатысты болжамдар айтқызылды.

Сабақ басталған бетте ешқандай дайындықсыз, оқушыларға бірден дайын тақырыпты ұсына салмай, аталған әдіс арқылы әрі ойландырып, әрі алдағы белсенді тілдік қатынасқа психологиялық тұрғыдан әзірлеп алудың маңыздылығы жоғары болды. Аталған әдіс сабақтың кіріспе кезеңінің қызу қарқынмен басталуына, сәйкесінше келесі кезеңдерінде де осы қарқынның бәсеңдемей, жалғасын табуына зор әсер етті. Ойларын еркін айтуға машықтанған оқушылар әрбір жаңа сабақты бастар алдында осы ерекше әдісті күтіп отыратын болды.

«ТСМС» формуласы арқылы тұжырым қорғау жолы. «ТСМС» формуласының атауы «тұжырым, себебі, мысалы, сондықтан» деген төрт сөздің бастапқы әріптерінен түзілген.

Әдістің жүзеге асырылу кезеңдері:

- 1) үш-төрт адамнан топтарға бөліну;
- 2) «ТСМС) формуласы» бойынша топ ішінде рөлдерді айқындау (тұжырымды айтушылар, себебін айтушылар, мысал келтірушілер, қорытындылаушылар);
- 3) Топ ішінде кеңесе отырып, тұжырымдар бойынша жауаптарын дайындау;
- 4) Тұжырымдарды сыныптың алдында ашық қорғау.
- 5) Бағалау: Топтар бірін-бірі бағалайды.
- 6) Рефлексия: «Білемін – Білгім келеді – Үйрендім» кестесін толтыру.

Топ мүшелері өз ойларын жүйелеп айту мақсатында келесі тілдік бірліктерді қолданулары керектігі талап етілді:

Тұжырым айтушылар - «Менің ойымша..», «мен есептеймін...», «менің ойымша...», «келісемін / келіспеймін...».

Себебін айтушылар - «Мен оны былай түсіндіремін..».

Мысал келтірушілер - «Мына фактілермен түсіндіре аламын..», «мына мысалдар арқылы дәлелдей аламын».

Қорытындылаушылар - «Сондықтан мен мынадай шешімге келдім..», «Сонымен қорытындылай келе..», «тұжырымдар ұсынамын..».

«ТСМС» формуласы арқылы ой қорытып айту кезіндегі білімалушының танымдық-қатысымдық әрекетін Блум таксономиясы бойынша деңгейлерге бөліп қарастыруға болады. Білімалушының танымдық-қатысымдық әрекетінің деңгейлері көрсетілді

Кесте 6 - Білімалушының танымдық-қатысымдық әрекетінің деңгейлері

БЛУМ таксономиясы	Білімалушының танымдық-қатысымдық әрекеті	ТСМС формуласы
Білу	Ұсынылған тұжырым бойынша білімдерін ортаға салу, кеңесу.	Себебі ...
Түсіну	Белгіленген рөлдері бойынша тұжырымдарын жүйелеп, қорғауға дайындалу.	
Қолдану	Оқу үдерісінде қолдануға байланысты нақты мысалдар келтіру.	Мысалы, ...
Талдау	Мысалдарын талдай отырып түсіндіру.	
Жинақтау	Айтылған пікірлерді тұжырымдап, жинақтау.	Сондықтан ...
Бағалау	Өз көзқарасы тұрғысынан соңғы қорытынды шешімін ұсыну.	

Кестеден байқағанымыздай, оқушы тұжырымының себебін айтуы Блум жүйесіне сәйкес оның білу, түсіну деңгейін көрсетсе, мысал келтіру арқылы қолдану және талдау деңгейлеріне көтерілетінін көреміз. Білім алушының тұжырымын қорытындылауы оның танымдық-қатысымдық әрекетінің жоғарғы жинақтау, бағалау деңгейіне көтерілгенін айғақтайды.

«ТСМС» формуласы бойынша тұжырым қорғау әдісі эксперимент кезінде «Тілдік норма және стиль» тақырыбын өткен кезде жиі қолданылды. Оқушылардың топтық жұмыстар нәтижесінде ұсынған тұжырымдары мен ТСМС формуласына сәйкес оны қорғау үшін ұсынған пікірлерінің бірқатары төменде ұсынылып отыр:

1-тұжырым: «Менің ойымша, ғылыми стиль тек ғылыми ортада ғана қолданылмайды». *Себебі:* Мен оны былай түсіндіремін: ғылыми стильдің ғылыми-көпшілік стиль деген түрі тек ғылыми ортада ғана қолданылмайды, жалпы көпшілікке арналады. *Мысалы:* қарапайым танымдық энциклопедияда ғылыми мәтіндер бар, бірақ оларды кез келген адам түсінеді. *Сондықтан* қорытындылай келе, ғылыми стильдің қолданыс ортасын тарылтып, ғылыммен тек ғалымдар айналысады деген жаңсақ пікірден аулақ болған жөн.

2-тұжырым: *Менің ойымша,* ауызекі сөйлеу стилі тек ауызша қолданылмайды.

Себебі: Мен оны былай түсіндіремін, көркем әдебиет немесе публицистикалық стильдерде ауызекі сөйлеу стилінің элементтері кездеседі. *Мысалы,* әдебиеттегі көркем шығарманы алайық:

- Айына екі-ақ рет келеді.

- Автоклуб одан да сирек (*Ф.Мүсірепов «Қос Шалқар»*).

Берілген үзіндіде ауызекі сөйлеу стиліне жататын диалогтік элемент кездеседі.

Сондықтан, қорытындылай келе, мәтінді талдағанда, мәтін көркем әдебиет стилінде жазылғанымен, ауызекі сөйлеу стилінің элементтері қолданылса, дәл

солай ауызекі сөйлеу стилі элементтері қатысқан көркем әдебиет стиліне жатады деп айтуымыз керек.

3-тұжырым: Эссені көркем әдебиет стиліне де, публицистикалық стильге де жатқызып жүрміз. *Менің ойымша*, эссе – публицистикалық стильдің жанры. Әрине, онда көркем әдебиет стилінің элементтері болуы әбден мүмкін. *Себебі:* Публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стиліне ортақ белгілер бар. Бірақ, эссеге арқау болатын мәселе, автордың ой толғамы, оқырманға ой салатын сөйлемдер көркем әдебиет стиліне қарағанда публицистикалық стильде көбірек қарастырылады. *Мысалы*, massaget.kz сайтында жарық көрген "Махаббат монологы" атты эсседе автор өзіндік көзқарасын білдіре отырып, оқырманға ой тастайды. *Сондықтан* эссені публицистикалық стильдің жанры ретінде қараған дұрыс.

4-тұжырым: *Менің ойымша* көркем әдебиет стилі көп стильдердің ерекшелігін өз бойына қамтиды. *Себебі:* Мен оны былай түсіндіремін: Көркем әдеби стильді шығармаларда ауызекі, публицистикалық, ғылыми, ресми стиль элементтері кездеседі. *Мысалы:* Ауызекі сөйлеу тілінің стилінде көркемдегіш бейнелеуші тәсілдері де қолданылады. Бұл ерекшелік көркем әдеби стиліне де тән. *Сондықтан* көркем әдеби стильде барлық стиль элементтерін және ерекшеліктерін бойына жинаған стиль деген шешімге келдім.

5-тұжырым: *Менің ойымша* публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. *Себебі:* Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль бірыңғай болып келмейді. *Мысалы*, бірқатар тілші ғалымдар публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдағы мақала, очерк, т.б. шығармаларды, ал ауызша түріне шешендік сөздерді жатқызады. *Сондықтан* публицистикалық стильдің жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыратынына, жұртшылықтың санасына ықпал ететініне келісемін.

Аталған әдісті қолдану барысында оқушылардың ойларын шашыратып алмай, нақты формула бойынша, берілген тілдік клишелерді қолдана отырып, пікірлерін әрі жүйелі, әрі ұтымды, әрі жинақы жеткізуіне қол жеткізілді. Бұл әдісті қолдану, әсіресе, тарау бойынша қорытынды сабақ өткізу кезінде, уақыт үнемдеу қажет болған жағдайда тиімді болды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында оқушылардың өз білім деңгейін межелеп, енді қандай бағытта дамыту жұмыстарын жүргізу қажет екенін бағдарлай алуы үшін бағалау әдісін тиімді жүргізіп отыру аса маңызды деп саналды. Оқушыларға бағалау критерийлерін алдын-ала түсіндіру арқылы атқарылатын жұмыстың талап-шарттарын айқындап алу жүзеге асады. Оқушы тапсырманы қалай орындау керек екенін, мұғалімнің нақты нені талап ететінін, нені қалай бағалайтынын жақсы түсінген кезде жұмысты да талапқа сай орындайды.

IV Эссе жазу арқылы креативті ойлау мен тілдік қатынас дағыдалырын жетілдіру тапсырмалары

Қазақ тілі сабағында эссе жазу жұмысы жиі жүргізілуі керек. Эксперимент сыныптарында оқушылар эссе жазу арқылы өздерінің креативті ойларын

жинақтап, көркемдеп, жазбаша түрде қағазға түсінуге бейімделуі тиіс деген нақты мақсат қойылды. Сондықтан тілдік қатынастың жазбаша түріне бейімдейтін жұмыстың түрі ретінде эссе жазу тапсырмасын бір оқу жылында әр сыныпта 4-5 реттен жүргізіліп отырылды. Анықтау эксперименті кезеңінде байқалған проблемалық мәселенің бірі оқушылардың эссенің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды жете білмейтіні. Сондықтан оқушыларға эссе құрылымы туралы нақты ақпараттар берілді. Эссе жазу жұмысы өзінің нәтижесін бірнеше рет қайталап жүргізгеннен кейін бере бастады. Эксперимент кезінде оқушылар эссенің дәстүрлі шығарма жазудан басты айырмашылығы қатаң құрылымы мен аргументтердің мықты болуы екенін түсінді. Содан кейін ғана олардың жұмыстары талапқа сай бола бастады.

Эксперимент барысында жоғары сынып оқушыларының түлек ретінде емтихан тапсыратыны, онда эссе жазу талап етілетіні ескеріліп, осы бағытта жұмыстар жүргізілді. Экспериментте эссенің сипаттамалық, анықтамалық, хабарламалық, салыстырмалы немесе кереғар, дәлелдемелік, аргументтік түрлерін жаздыруға арналған жұмыстар орындалды. Бұл, бір жағынан, оқушылардың тілін ширатуды көздесе, екінші жағынан функционалдық сауаттылығын қалыптастыру барысында олардың креативті ойлау мен жазу шеберліктерін шындау мақсат етілді. 10-11-сыныптарда оқушыларға негізінен аргументтік эссе жазу талабы қойылатындықтан, эссенің осы түріне көбірек көңіл бөлінді. Аргументтік эссе жазуда басты шарт – мықты аргументтер келтіру арқылы эссе тақырыбына қатысты басты идеяны тұжырымдай алу

Эссе ұсынылған тақырыптар: «Білімді ұрпақ деген кім?»; «Жастар келбеті заманға сай өзгере ме?»; «Жаһандық сын-қатерге төтеп берудің басты шарты – елжандылық»; «Сананың ашықтығы: өзгерістерге дайын болу» т.б. Тәжірибе барысында оқушыларға эссенің құрылымы түсіндіріліп, қатаң сақталуы қажет екені ескертілді. Эссе жазу жұмысының кезеңдері қосымшада түсіндірілді.

1) Эссе жұмысының көлеміне қойылатын талаптар нақтыланып ұсынылды:

2) Эссе 180-200 сөзден тұрады. Кіріспе бөлім – 40 сөз; Негізгі бөлім – 100-120 сөз; Қорытынды бөлімі – 50-60 сөз болуы керек.

3) Эссені жазуға қажетті сөздер тізімі ұсынылды (Әр тақырыпқа қатысты 20 шақты сөз).

4) Эссені бағалау критерийлері ұсынылып, оқушылармен бірге талданды (Қосымша Г).

Қалыптастыру эксперименті барысында оқушылар әр сыныпта 3-4 эседен жазды. Әуел баста эссе мен шығарманы шатастыру, эссенің талаптарын түсінбеушілік орын алса, уақыт өте келе нақты белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес орындау, талаптарды қатаң сақтау нәтижесінде дұрыс жазуға дағдыланды.

10-сыныптың оқу бағдарламасында берілген «Білім. Ғылым. Инновация. Тілдік жүйе және норма» деген тақырып бойынша «10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)» [124,б. 2] оқу мақсатын таңдап, білім алушылардың заттар мен

құбылыстарға қатынасы тұрғысында оқытудың сатыларын жүйелеп көрсетуге болады.



Сурет 6

Оқу мақсатына жету үшін, ең алдымен, заттар мен құбылыстардың адам жадында сақталған бейнесін, заттар мен құбылыстар жөніндегі ойларын және соған қатысты қолданып жүрген сөздердің пайдаланылатынына назар аударылды. Олар: жанды табиғат атаулары және жансыз табиғат атаулары. Сол арқылы елестің функционалдық жүйесін оқыту процесіне ендірілді.

Оны нақты фактімен дәлелдеу үшін «Ат қою» деген тақырып таңдалды.

Ең бірінші педагог маман тарапынан креативті интеллектілік тұлғаны дамытуға арқау болатын педагогикалық бағдар анықталды. Әрине, ол – «Ең маңызды мәселені проблема етіп қою» бағдары. Осы бағдар бойынша мынадай тапсырмалар берілді:

- 1) заттың, құбылыстың атауыш сөздерге қатысын айқындаңыз;
- 2) заттар мен құбылыстардың белгілері арқылы атауыш сөздердің семантикалық деңгейін көрсетіңіз.

1- тапсырма бойынша «Заттың, құбылыстың аты дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздестірілді. Қолданылған педагогикалық әдіс: топпен жұмыс.

Осы педагогикалық бағдар бойынша 10-сынып оқушыларына арнайы эксперимент жүргізілді. Оның реті төмендегідей болып құрылымданды:

Эксперименттің ұйымдастырылуы. Эксперименттің дайындық фазасы 2 сатыдан тұрды:

1-саты: аудиторияны жұмысқа дайындау. Парталар 4 топтың отыруына ыңғайландырылып қойылды. Оқушылар бір-біріне қарама-қарсы отырды. Интерактивті тақта іске қосылды. Түрлі түсті маркер, қаламдар, плакаттар, ақ қағаздар таратылды.

2-саты: оқушыларға тапсырманы түсіндіру. Мәселені шешуде оң нәтиженің шығатынына күмәнданбау үшін, назарын жинақтау үшін, белсенділік көрсетуі үшін ойды сергітуге арналған психологиялық тапсырмаларды орындады. Бұл оқушылардың психологиялық тұрғыда дайын болуы үшін ұйымдастырылды.

Эксперимент жасау кезеңі ұғымдарды қалыптастыру, ассоциациялар құру, болжамдарды тексеру сатыларынан тұрады.

«Заттың, құбылыстың атауыш сөздерге қатысын шешу» тапсырмасы бойынша жасалған эксперимент жүйесі төмендегіше ретпен жүргізілді:

1) ұғымдарды қалыптастыру сатысында жанды табиғат пен жансыз табиғатқа жататын заттар мен құбылыстардың жіктелуі назарға алынды. Әрбір оқушыға арналған тапсырмалар: кесте сызып, бірінші бағанға жанды табиғатқа жататын заттар мен құбылыстардың атауын жазыңыздар; екінші бағанға жансыз табиғатқа жататын заттар мен құбылыстардың атауын жазыңыздар. Әр оқушы жадында жақсы сақталып қалған заттар мен құбылыстардың атауын жазды, оқып берді.

Оқушылардың тапсырманы орындау нәтижесі

Кесте 7 - Оқушының орындаған жұмысы

Жанды табиғат атаулары	Жансыз табиғат атаулары
Жануар	Парта
Өсімдік	Қалам
Адам	Кітап

Кесте 8 - Оқушының орындаған жұмысы

Жанды табиғат атаулары	Жансыз табиғат атаулары
Балық	Көлік
Ағаш	Киім
Гүл	Жіп

Кесте 9 - Оқушының орындаған жұмысы

Жанды табиғат атаулары	Жансыз табиғат атаулары
Шөп	Телефон
жеміс-жидек	Орындық
Арыстан	Терезе

Кесте 10 - Оқушының орындаған жұмысы

Жанды табиғат атаулары	Жансыз табиғат атаулары
Қарбыз	Желім
Бактерия	перде
Жер	Жиһаз

Әрбір оқушының жеке жұмысынан жанды табиғат пен жансыз табиғат атауларының классификациясын шығару тапсырмасы берілді. Тапсырма топтық жұмысқа арналды. Нәтижесінде жанды табиғат пен жансыз табиғатқа жататын заттар мен құбылыстардың классификациясы толықтырып, нәтижеге қол жеткізілді. Содан кейін барлық топқа «Заттың, құбылыстың аты дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздеу тапсырмасы берілді. Осы тапсырманы орындау барысында әр топ әртүрлі жауаптар берді. Барлық жауаптарды жинақтағанда мынадай қорытынды шықты: 1-топ оқушыларының жауабы бойынша «заттың, құбылыстың аты дегеніміз – жанды заттар мен жансыз заттар туралы сөз» деген қорытынды шығарылды. 2-топ оқушыларының жауабынан «заттар мен құбылыстардың аты дегеніміз – табиғат жаратқан заттардың мағынасын білдіретін сөздер»; 3-топтың жауабы «заттар мен құбылыстардың аты – олардың белгісі» деген тұжырымға негізделсе, 4-топтың жауабынан «заттар мен құбылыстардың аты – адамдардың қойған нәрсесі, яғни адамдардың танымы» деген қорытынды шықты. Осылайша төрт түрлі көзқарас пайда болды. Ассоциациялар құру сатысында барлық тапсырмалар мен қорытындыларды саралап, соның негізінде бір шешім шығарыңыздар деген тапсырма берілді. 1-топтың шешімі: «заттар мен құбылыстардың аты – адамдар ойлап тапқан сөздер» болды; 2-топ «заттар мен құбылыстардың аты табиғаттың болмысын көрсететін (жанды табиғат пен жансыз табиғатты ажырататын) сөздер» деген шешім шығарды. 3-топ «заттар мен құбылыстардың аты оларды бір-бірінен ажыратуға арналған құрал» десе, 4-топ «бір заттан екінші заттың ерекшелігін көрсететін тілдік құрал» деген шешім шығарды.

Болжамдарды тексеру сатысында кестеде (кесте 4) ғалымдар Л.О.Резниковтың, М.Д.Степанованың, М.Оразовтың, В.И.Лениннің, Н.А.Ильясованың тарапынан анықталған тұжырымдар көрсетілді. Оқушылар ұсынған қорытындылар мен шешімдердің қайсысы сол ережеге сәйкесетінін тексеру және оны дәлелдеу тапсырылды. Атау туралы ғылыми тұжырымдар көрсетілді.

Кесте 11

	Объектив дүниедегі заттардың бейнесін білдіретін сөздер	Л.О.Резников
1	2	3
	Дүниедегі заттарға, олардың қатынасы мен түрлі қасиеттеріне қаратылған, солардың атауы ретінде қолданылатын сөздер	М.Д.Степанова
	Объектив дүниедегі заттардың жалпыланған адам санасындағы бейнесі	М.Оразов

11– кестенің жалғасы

1	2	3
Заттар мен құбылыстардың	Сезімдік қабылдау предметті білдіреді. Парасат оған ат қояды. Сезімдік қабылдауда жоқ нәрсе, парасатта да жоқ. Бірақ сезімдік қабылдауда шын бар нәрсе, парасатта номиналды түрде аты жағынан	В.И.Ленин
	ғана болады. Ал аты дегеніміз не? Бірден көзге (назарға) түсетін ерекше белгі. Заттарды түбегейлі түсіну үшін сипаттайтын бұл белгіні мен заттың өкілі етемін.	
	«Сөз – заттар мен құбылыстар, олардың белгілері туралы ақпарат алуға (беруге) мүмкіндік туғызатын сөйлеу құралы»	Н.Ә. Ильясова

Нәтижесінде білім алушылардың көзқарасы мен ғылыми тұжырымдар үндес шықты. Олар өздерінің көзқарасы ғалымдардың тұжырымдарымен үндес болғанына көзі жеткенде, өзіндік «Мені» оянып, өзін тұлға ретінде сезінді. Бұл олардың білімге деген құштарлығын, ниетін оятып, жағымды мотивацияның тууына ықпал етті. Маслоу пирамидасындағы «өзін таныту қажеттілігі» мотивациясы жүзеге асты. Америкалық психолог-ғалым А.Х.Маслоу адамға тән қажеттілік иерархиясын анықтап, оларды физиологиялық, қауіпсіздік, әлеуметтік, абыройлық, рухани деп беске бөлгені баршаға белгілі. Оның ең жоғарғысы – рухани қажеттілікті «өзін-өзі тану, өзін сипаттау, өз орнын табу» деп түсіндіреді [74,б. 3].

Оқыту процесінде ғалым атап көрсеткен рухани мотивацияның орны ерекше болды. Білім алушының өзін-өзі тануына, өзін көрсете білуіне, өз орнын табуына мүмкіндік берді, өзіндік «МЕН»ін оятты, оның тұлға ретінде қалыптасуына негіз болды. Педагогикалық бағдар білім алушылардың асырын әлеуетін сыртқа шығаруды мақсат етеді. Бұл «өзін-өзі танытуды» немесе рухани мотивацияны жүзеге асыруға, әрі психологиялық, әрі танымдық іс-әрекетті сабақтастыруды талап етеді. Оны жүзеге асырудың басты тетігі психология мен теорияның тоғысуынан көрініс табады. Дәлірек айтқанда, оқыту процесінде зейін, түйсіну, қабылдау, ес, ойлау деп аталатын адамның ең жоғарғы танымдық (когнициялық) қасиеттеріне түрткі болатын білім мазмұны іріктеліп және олардың сыртқа шығуына мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер қолданылуы талап етілді. «Заттар мен құбылыстардың белгілері арқылы атауыш сөздердің семантикалық деңгейін анықтау» тапсырмасы бойынша эксперимент барысы былай жүйеленді:

Ұғымдарды қалыптастыру сатысында «проблеманы шешуде ерекше идеялар туғызатын тапсырмалар құрастыру» бағыты басшылыққа алынды. «Сан, сапа, іс-әрекет атауларын белгі атаулар ретінде тануға бола ма? Олар қандай заттар мен құбылыстардың белгісі ретінде жұмсала алады? Олардың атауы неліктен әртүрлі?» деген проблеманы шешуге арналды.

Тапсырма жұптық жұмыс түрінде орындалды.

Алдымен, мынадай ұйымдастыру жұмыстары атқарылды.

1. Әртүрлі дерексіз мәнді білдіретін біркелкі заттардың атауы ілінді.

2. Белгілі бір іс-әрекеттің ғана иесі бола алатын деректі заттардың суреті ілінді.

3. Белгілі бір сандық көрсеткіштермен ғана шектелетін деректі заттардың суреті ілінді. Мысалы: қол, үстел.

Ұсынылған тапсырма: Төмендегі берілген тапсырмаларды сызба, кесте түрінде рәсімдеңіздер:


- берілген атаулардан біртекті заттарды тауып, айырмашылығын анықтаңыздар, жазыңыздар.

- тек соларға тән қасиеттер мен қимыл-әрекеттерді анықтаңыздар, жазыңыздар.

4. Табиғи болмысында екі және төрт сандары белгі болатын заттар мен құбылыстарды анықтап, тіркес құрып жазыңыздар.

Тапсырманы орындау барысында оқушылар әртүрлі сызбалар арқылы тапсырманы орындап шықты. Іріктелген схемаларды көрсетсек:


1-тапсырма бойынша:



Кесте 12

Біртекті заттар (дерексіз)	Ақ	Сары	Қызыл	Қара
Ар	+			
Сағыныш		+		
Сезім			+	
Ашу				+

2-тапсырма бойынша:



Сурет 7

3-тапсырма бойынша:

Кесте 13

Екі саны белгі болатын заттар	Төрт саны белгі болатын заттар
Екі қол	Төрт аяқты үстел
Екі жең	Төрт аяқты орындық
Екі аяқ	Төрт аяқты жануар
Екі көз	Төрт бұрышты сандық
Екі бет	Төрт бұрышты кітап

Ассоциациялар құру сатысында «білім алушылардың өзіндік көзқарасын, идеясын айта білуге, жаза білуге, қорғай білуге үйрету» бағдары басшылыққа алынды. Бұл бағдар бойынша *сын-сапа, іс-әрекет атауларына байланысты өз көзқарастарыңызды, пікірлеріңізді ортаға салып, өзара ақылдасып, болжам жасаңыздар, олардың семантикалық деңгейі туралы шешім шығарыңыздар деген* тапсырма берілді. Барлық кестелер, сызбалар жан-жақта ілініп тұрды. Оқушылар олармен толық танысып алғаннан кейін өзара ақылдасып шешім шығарды. Оның нәтижесін жинақтап былайша көрсетуге болады:

1. Біртекке жатататын заттардың әртүрлі сапалық белгілері болады. Олар заттардың сынын білдіреді.

2. Біртектес заттардың ақ, сары, қызыл, сия көк сияқты әртүрлі түспен ассоциялануы оларға тән ерекшелік болып табылады. Сондықтан түс атауларына дерексіз заттардың мәнін анықтайтын сипаттар да тән.

3. Кейбір атаулар тек қана белгілі бір заттарға тән белгіні білдіреді. Мысалы: жылқыға тән белгіні білдіретін *жал, тұяқ*; адамға тән *ойлау, қиялдау*; итке тән ұлу сияқты сөздерді жатқызуға болады.

4. Сан атаулары белгі ретінде тілдік қолданысқа түсе алады. Олар қай заттың белгісі болса, сол зат атауымен ғана тіркесіп қолданысқа түседі. Мысалы, *бес саусақ, екі қол, екі аяқ* деген тіркестердегі *бес, екі* сөздері адамның қол-аяғына тән сандық белгі атау ретінде жұмсалып тұр.

Болжамдарды тексеру сатысында ғалымдар Қ.Жұбановтың [15,б. 340], К.Ахановтың [135], Н.А. Ильясованың [113,б. 328] тұжырымдары кесте (кесте 13) түрінде ілініп, мынадай тапсырма берілді: ***Сабақтың өн бойында өздеріңіз шығарған шешімдер мен болжамдарды және ғалымдардың тұжырымдарын пайдалана отырып, пікір-эссе жазыңыздар.***

Пікір-эссенің талаптары:

1.Өздеріңіз шығарған шешімдер мен ғалымдардың тұжырымдарын салыстырып, ең негізгі деген екі-үш пікірді таңдаңыз.

2.Не үшін сол пікірлерді таңдағаныңызды аргументке негіздеп дәлелдеп жазыңыз.

3.Эссенің жүйесін сақтаңыз. Эссенің кіріспе бөліміне оқу мақсатына қатысты жалпы ақпарат жазыңыз. Негізгі бөлімінде таңдаған әрбір шешім мен тұжырымдарыңызды жеке-жеке дәлелдеп, мысалмен бекітіңіз. Қорытынды бөлімде өз ойыңызды, пікіріңізді жазыңыз.

Кесте 14 - Ғылыми тұжырымдар

Ғылыми пікір	Авторы
Атты неге қоямыз? Оны заттардың өзі жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз. Нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызда болса, онда сөзді шығын қылмай-ақ, ымдап өте шығар едік. Сонымен де біршама хабар берер едік.	Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010.-608 б.
Тілдегі сөздердің басым көпшілігі өмірдегі сан алуан құбылыстарды (зат, сапа, белгі, іс-әрекет) белгілейді. Солардың атаулары ретінде қызмет атқарады.	К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. Алматы. Санат. 1993.-496 б.
Тілімізде шындық болмыстағы белгілі бір заттар мен құбылыстарға ғана тән белгіні анықтайтын атауыш сөздер бар. Мысалы <i>қанат</i> , <i>ұшу</i> сөздері құстың, <i>ақыл</i> , <i>сана</i> , <i>күлу</i> сөздері адамның, <i>жал</i> , <i>кісінеу</i> сөздері жылқының ерекше қасиеттері туралы ақпарат беретін қатысымдық бірліктер ретінде жұмсалады.	Ильясова Н.Ә. Тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні. Ғылыми монография. – Алматы, 2017.- 328 б.13 б.]

Осындай ретпен жүргізілген пікір-эссе жазу тапсырмасы бойынша 10-сынып оқушысы Бекарыс Лаураның жұмысын нәтиже ретінде көрсетуге болады.

Пікір-эссе

Кіріспе. Біз бүгінгі сабақта атауыш сөздердің семантикалық деңгейін анықтау үшін қызықты тапсырмалар орындадық. Бастапқыда өте оңай көрінген еді. Шешім шығаруда біраз ойланып, дауласып, таласып әрі қиын, әрі қызық жағдайға тап болдық. «Заттар мен құбылыстарға тән белгілер арқылы сөздің семантикалық деңгейін анықтау» оңай емес екен. Мен бұл мақсатқа жету үшін оқушылар тарапынан шыққан үшінші шешімді, ғалымдардың тұжырымдарынан Қ.Жұбанов пен Н.А.Ильясованың тұжырымдарын таңдап алдым.

Негізгі бөлім. Менің таңдаған бірінші аргументім – «кейбір атаулар тек қана белгілі бір заттарға тән белгіні білдіреді» деген шешім болды. Бұл шешім маған біраз ой тастады. Осыған дейін атаулар номинативті қызмет атқарады, олар заттың атын сынын, санын, қимылын білдіреді деп оқып келгенбіз. Енді оларды өз ішінен тағы да топтастыруға болады екен. Мысалы: тек қана адамға тән белгіні білдіретін атаулар; тек қана құстарға тән белгіні білдіретін атаулар; тек қана жылқыға тән белгіні білдіретін атаулар т.б.

Екінші аргументім – профессор Қ.Жұбановтың тұжырымы. Бұл тұжырымнан мынадай нәрсені байқадым. Ғалым нәрсенің өзіне ат қойылатынын және оның әртүрлі сипатына ат қойылатынын айтады. Сонымен бірге заттарға және оның әртүрлі сипатына ат қою қарым-қатынас жасауға қызмет етеді дейді. Ғалымның «сипатты білдіретін сөздер» дегенін «белгілі бір заттарға тән белгіні білдіретін сөздер» деп түсінемін. Оған сабақ барысында айтылған адамға тән белгіні білдіретін

ойлау, күлу, ақыл, сөйлеу сөздерін және құстарға ғана тән қанат, тұмсық, ұшу сөздерін, сонымен бірге, итке тән ұлу, қабу, үру сөздерін жатқызуға болады.

Үшінші аргументім – профессор Н.Ә.Ильясованың тұжырымы. Бұл тұжырымнан мынадай қорытынды шығардым: атауларды екіге бөлуге болады. Заттар мен құбылыстардың табиғи жаратылысына тән ерекшеліктерді білдіретін атаулар болады. Олардың қызметі заттар мен құбылыстардың ерекше қасиеттерін айқындау болып табылады. Осы тұжырым негізінде тағы қандай заттардың ерекше қасиеттері бар, олар қалай аталады деген ойға қалдым. Әзірше тапқаным мынау: шогыр (бутон) сөзі гүлдің ерекше қасиетін білдіретін атау; тамыр сөзі өсімдіктің ерекше белгісін білдіретін атау.

Қорытынды. *Тілдегі атауыш сөздердің семантикалық деңгейі бірдей емес екенін түсіндім. Бірқатар атауыш сөздер заттың, құбылыстың атын ғана білдіріп қоймайды екен. Олар белгілі бір затқа тәуелді болып, сол заттың белгісін білдіру қызметін де атқара алады. Ал, бірқатар атауыш сөздер тек заттың атын ғана білдірумен шектеледі. Мысалы, ит, жылқы, адам деген сөздер ешқандай заттың белгісі емес, заттың өзі туралы мәнді білдіріп тұр. Ойлау, сөйлеу, оқу, айту, кісінеу, жайылу, жал, үру, қабу, ұлу деген сөздер әрі заттың өзі туралы, ал түс атаулары деректі ғана емес, дерексіз ұғымдардың да белгісі, қасиеті туралы мәнді білдіреді екен.*

Пікір-эссе жазу тапсырмасын берудегі басты ұстаным – оқушылардың креативті ойлау қабілетін арттыру, оны тілдік қатысымда сауатты жеткізуге үйрету. Бұл оқушылардың ғылыми танымын, ой-өрісін дамытуға қызмет атқарады. Креативті ойлауға қабілеті жеткен оқушының ғылыми танымы кеңейіп, ғылыми жобалар жасауға, тіпті ғылыми жаңалықтар ашуға да мүмкіндігі болады. Оған қазіргі мектеп оқушыларының ашып жатқан ғылыми жетістіктері дәлел Сондықтан қазақ тілін оқытуда да ғылыми тұжырымдарға сай идеяларды туғызатын оқушылар дайындасақ, олардың тіл ғылымын дамытуға үлес қосуы әбден мүмкін.

Оқушылардың жазған пікір-эссесін оқу барысында тілді оқытуға, тіл ғылымын дамытуға үлес қосатын бірнеше идеяларды көруге болады. Олар өмірде көріп жүрген ақиқат шындықтағы процестер мен құбылыстарды тіл ғылымы арқылы талдауға болатынына көз жеткізді. Көптеген атауыш сөздерді белгі-атаулар деп атады. Оның себебін түсіндірді, сипаттады. Т.Кун «дүниені көруге мүмкіндік беретін белгілі бір білімдер жиынтығын ғылыми парадигма» деп таниды. Мұнда проблеманың қойылуы мен мойындалған шешімдердің шығуы маңызды» екенін айтады [136]. Ғалымның осы тұжырымына сүйене отырып, «заттың, құбылыстың атауыш сөздерге қатысын шешу», «заттар мен құбылыстардың белгілері арқылы атауыш сөздердің семантикалық деңгейін анықтау» мақсатына жету үшін тіл арқылы дүниені көруге, білуге мүмкіндік беретін функционалдық, коммуникативтік-танымдық парадигма заңдылықтары басшылыққа алынды. Бұл парадигма тілдік бірліктердің адам санасында орнығу процесін, жұмсалып мүмкіндігін, қарым-қатынастағы қызметін айқындайтын жалпы ғылыми деңгейге жатады. Жалпы ғылыми деңгей

теориялық тұжырымдардан, емле ережелерден көрініс табады. Э.Ю.Юдин әдіснамалық білімдер құрылымын былайша төрт деңгейге бөлген:

1. Философиялық деңгей;
2. Жалпығылыми деңгей;
3. Нақты ғылыми деңгей;
4. Технологиялық деңгей [137].

Ғылыми категориялар мен танымдық принциптердің қызметі философиялық деңгейге жатқызылады. Жалпы ғылыми деңгейге теориялық тұжырымдардың жиынтығы кіреді. Теориялық тұжырымдардың эмпирикалық жолмен ғылыми білімге айналуы нақты ғылыми деңгей болып табылады. Бұл деңгейде теориялық тұжырымдар арқылы білім алуды қамтамасыз ететін тәжірибе, зерттеу әдістері қолданылса, технологиялық деңгейде дидактикалық әдістер, тәсілдер қарастырылады.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижелеріне сүйеніп жасаған тұжырым: әдіснамалық білімді құрайтын бұл деңгейлер креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға да толық негіз бола алады. Креативті ойлау мен тілдік қатынасты сабақтастыратын ғылыми категориялар мен танымдық принциптер олардың әдіснамалық негізін құрайтын философиялық деңгейді анықтайды. Оған тіл мен ойлаудың бірлігін құрайтын категориялар мен принциптерді жатқызуға болады. Тіл мен ойлау бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын, лингвофилософиялық ілімдер жүйесін құрайды. Тіл ғылымында бұл мәселенің ғылыми-теориялық негізі қаланған. Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, тіл мен ойлауды сабақтастыратын категориялар жүйесін былайша көрсетуге болады: логика-грамматикалық категория, сөйлеу (речь) мен ойлау бірлігі категориясы, рефлект категориясы (сезімдік таным немесе көру арқылы қабылдау); логика-психологиялық пайымдау категориясы, т.б. Тіл мен ойлаудың философиялық деңгейі танымдық, логикалық, психологиялық ұстанымдарды басшылыққа алады.

Заман талабына сай сапалы білім алу мен білім берудің ыңғайлығын, жүйелігін қамтамасыз ету мақсатында оқушыларды белсенді әрекетке үйренуде мұғалім соған сай оқыту әдістерін де тандай білуі қажет [138]. Сонымен, жоғары сынып оқушыларына ұсынылған тапсырмалар олардың арасында белсенділіктің артуына және білім сапасының көтерілуіне ықпал етті. Өйткені креативтілік пен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағытталып берілген тапсырмаларды іріктеуде олардың оқытудың тиімділігін арттыруымен қатар, білім алушының көңіл-күйіне жағымды әсер етуі де ескерілді. Тапсырмалардың танымдық тұрғыдан ұлттық құндылықтармен сабақтастырылуы, балаларды өзгеше ойлауға төселдіретіндей болып құрылуы, сонымен қатар жас ұрпақтың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуі, практикалық маңыздылығы басты орында тұрады.

Мәтінмен жұмыс жасауда мұғалім тек түріне, тақырыбына, мазмұнына, ойбөліктеріне, қандай тілдік бірліктерді қолданғанына ғана назар аудартып қоймай, автордың мәтінде жасырын тұрған мәтін астарына да оқушыны үңілдіріп үйреткені жөн. Автордың мәтіннің астарында жатқан ойын дәл тауып,

түсіну кез келген оқушының қолынан келе бермеуі де мүмкін. Мұғалімнің шеберлігі де осы кезде танылады. Автордың діттемін оқырманға таныту, оның ішкі ерекшелігін түсініп, сараптай алуға үйрету, сол арқылы оқушының бойына тәлім-тәрбие дәнін егу де оңай жұмыс емес. Сондықтан да мұғалім тілдік, қатысымдық бірліктердің мәні мен қызметін оқушыға үйретуде нақты нені талап ететінін бірінші болып өзі ой елегінен өткізіп алғаны дұрыс [139,с. 37].

Қорыта келгенде, креативтілікке баули отырып, тілдік қатынасты дамыту мақсатын көздеген тапсырмалар бүгінгі заманның ұрпағы үшін аса қажет екеніне көз жетті. Креативті ойлап, өз ойын тілдік қатынаста еркін жеткізе алатын саналы ұрпақ ертеңгі күні жаһандық өзгерістерге жылдам бейімделетін болады, қазақ елін әлемге танытар болашақ ғалымдар мен өнертапқыштар осы буынның еншісіне тиесілі болмақ. Сондықтан креативтілікке баулитын тапсырмаларды жиі орындату аса маңызды екені дау тудырмайды.

2.3 Білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың эксперимент нәтижелері (қорытынды эксперимент)

Жалпы білім беретін орта мектептердің бейіндік сатысындағы 10 және 11-сыныптарында зерттеу жұмысының өзекті проблемаларын анықтап, зерттеу жұмысының басты міндеттеріне сай әзірленген оқу материалдарын сыннан өткізу мақсатында эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды. Эксперимент жұмыстары қалыптасқан дәстүрлі принцип бойынша үш кезеңге бөлініп жүргізілді. Әр кезеңдегі эксперименттің өзінің мақсаты мен міндеттері белгіленді.

Анықтау экспериментінде жоғары сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынастарын жетілдірудің басты факторларын анықтау мақсат етілді. Сол факторларға сүйеніп, зерттеу жұмысындағы жетекші идеяны жүзеге асырудың мүмкіндіктерін таразылау, оқушының ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыруға қатысты жұмыстардың барысымен танысу көзделді. Жоғары сынып оқушыларының креативтілік қабілеттері мен сөйлеу тілі мәдениетінің төмендігінің себептері мұғалімдердің сабақтарына қатысу, олардың күнтізбелік, шығармашылық жұмыс жоспарларымен танысу, арнайы сұқбаттасу, сауалнама жүргізу нәтижесінде анықталды.

Анықтау эксперименті кезінде пән мұғалімдерімен сұқбат жүргізілді, сұрақ-жауап түріндегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мақсат: қазіргі мектептегі білім беру жүйесінде білім алушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынасын қатар дамыту мәселесінің жайына байланысты практик-мамандардың пікірін білу, ой тұжырымдау.

«Бүгінгі таңдағы қазақ тілін оқытудың басты мақсаты қандай?» деген сұраққа жауап берген 42 мұғалімнің барлығы дерлік «сөйлеуге үйрету» деп жауап берді. Бірақ олардың басым бөлігі (71%-ы) сөйлесім әрекеті, оның компоненттері туралы сұраққа толық жауап бере алмады. Жауап берген мұғалімдердің өзі де оқу мақсаттарында айқын көрсетілмегендіктен, тілдесім әрекетінен хабарсыз болып шықты. Дегенмен, мамандар жоғары сыныптарда оқушылардың өзіндік пікірін білдіру түрғысында ашықтықтың арта түскені, сөз

мәдениетіне, сауатты сөйлеуге үйренуге деген білім алушылар тарапынан сұранымның көбейе түскенін айтты. Бұл зерттеу жұмысына қажетті табиғи ортаның барын көрсетті.

«Қазақ тілі қанша сағатпен оқытылса, нәтижелі болады? деген сауалға қатысушылар «кемінде аптасына төрт сағат берілгенін» құптады. Бірақ әңгімелесе келе олар ұтқыр ойлауға, тапқыр сөз айту үшін сағаттардың саны емес, сабақтың сапалы берілуі көбірек әсер ететінін түсінді. Жаңартылған оқу бағдарламаларымен жұмыс жасап жатқан педагогтердің көбірек қалағаны «тілді сөз шеберлігіне үйретуді теориялық тұрғыдан таныту қажеттігі» болды.

Зерттеу тақырыбына байланысты эксперимент материалдарын түсініп жұмсайтын мамандарды іріктеу үшін бейіндік мектепте сабақ беретін пән мұғалімдеріне төмендегідей сауалнама сұрақтары таратылды:

1) Бейіндік мектептегі қазақ тілін оқытудағы басты ұстаным не болуы керек?

2) Бүгінгі білім беру жүйесінде ғана емес, жалпы әлеуметтік ортада өмір сүретін адамдарға қатысты «жұмсақ дағдылары» дегенді қалай түсінесіз?

3) Креативті ойлау деген не?

4) Ойлау мен сөйлеудің қандай байланысы бар? Қайсысы маңыздырақ?

5) Жаңартылған білім беру жүйесіндегі қазақ тілі пәнін оқытудан қандай ерекшелігі бар деп санайсыз? Үшеуін атаңыз.

Мұғалімдердің басым бөлігі (85%-ы) бірінші сұраққа «оқушыларды сөйлеу сауаттылығына үйрету» деп көрсеткен; Әйтсе де мұғалімдердің сауаттылықты көбінде жазбаша тіл сауаттылығы деп түсінетіні анықталды. Олардың сөйлесім әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым сауаттылығына айтарлықтай назар аудармайтыны анықталды.

Екінші сұраққа мұғалімдердің аз бөлігі ғана (17%-ы) «жұмсақ дағды» деген атаудың мағынасын білетіні байқалды. Бірақ әңгімелесу арқылы олар термин ретінде қолданбағанымен, күнделікт сабақтарда ол дағдыларды дамытуға еңбектеніп жүргенін түсінді. Бірақ «жұмсақ дағды» қалыптастыру әлі де тек «құрғақ сөз» жүзінде жүйесіз жүзеге асырылатынын айтты.

Үшінші сұраққа мұғалімдер креативті ойлау – «өзгеше ойлау, жаңаша ойлау» екенінен хабардар екенін танытты. Оның үстіне оқушылардың креативті ойлауға үйренуге ынталылығы жоғары екенін атап көрсетті. Оқушылардың сол талабына жауап беретін оқулықта материалдардың да біршама қамтылғанын айта отырып, бірақ қазақ тілі сабағына берілген аз уақытта олардың бәрін орындатып үлгеру мүмкін еместігін тілге тиек етті.

Төртінші сұраққа берілген жауаптардың 100%-ында «ойлау мен сөйлеу өзара тығыз байланысты» деген жауаптар берілді. Бірақ қайсысы маңыздырақ деген сауалға көпшілігі, нақты жауап бере алмады.

Бесінші сұраққа жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша жазылған оқулықтарда «оқушыларды сөйлеуге үйрететін тапсырмалар көп берілген» (67%); «әр сала бойынша танымдық мағлұматтар мол» (76%); «тіл салалары жүйелі, бірізді берілмеген» (96%) деген пікірлер басым болды. Тек ішінара «сөз мәдениетін оқытуға арнайы сағат бөлінсе» (39%), «оқушыларға креативті

тапсырмалар аз» (22%) деген жауаптар берілген. Бұл мұғалімдердің білім берудіге тілдік білім мен сөйлесім әрекетінің тең қамтылуы қажеттігін, қоғамның талабын дұрыс түсінетініне дәлел болды.

Сауалнама бойынша алынған, әңгімелесу барысында біраз қажетті мағлұмат алған педагогтердің зерттеу жұмысында ұсынылатын эксперимент материалдарын жүйелеуде, оны меңгертудің әдістемелік жолдарын түзуде назар аударылуы тиіс қағидалардың маңыздылығын көрсетті.

Эксперимент алдында мұғалімдермен арнай жүргізілген тренингтерде мұғалімнің фасилитаторлық қызметі, эмпатиясы мен шынайы қарым-қатынасының маңыздылығына мән берілді. Оқушыларды шығармашылыққа және креативтілікке үйретудегі, сабақтың оқушылар тарапынан жағымды қабылдануындағы мәселелерге назар аударылды. «Фасилитация» ұғымы ағылшын тілінен аударғанда *fasilitate* – «жеңілдету, көмектесу, демеу» дегенді білдіреді. Сондықтан оқушылар айтқан қандай жауапты да оң қабылдау, оған толық сенім білдіру мен оның адами мүмкіндіктеріне үміт артуға ықпал етеді. Эмпатиялық түсінік мұғалімнің бала әрекетіндегі реакцияны байқау, сезіну қабілеті мен оқудың әрбір бала үшін маңызын бағалауынан тұрады. «Бұл Субъект – Субъект қатынасының шынайы түрде жүзеге асуының негізі саналады. Бұл процестегі педагогтің міндеті – оқушының білімді өздігінен меңгеруіне, оның жеке бас қабілеттерінің дамуына қажетті алғышартты қалыптастыру» [82,б. 167-168].

Мұндай қарым-қатынас, әсіресе, өзін ересек сезінетін, өзіндік «Мені» қалыптаса бастаған бейіндік мектеп оқушылары үшін өте маңызды. Себебі олар мұғалімнен мадақты емес, ісіне лайық шынайы қатынасты қалайды. Сол себепті эксперимент кезінде ғана емес, жалпы білім беру жүйесінде шәкірттерді өзімен тең адам деп бағалап, олардың креативтілігі мен шығармашылық қабілетін шыңдауды кәсіби парызы санау қажеттілігінің мәні мен жолдары түсіндірілді.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде зерттеу жұмысының аясында айқындалған әдіснамалық қағидалар мен жетекші идеяларға сай түзілген оқу материалдары сынақтан өткізіліп, олардың тиімділігін дәйектеу көзделді. Жаратылыстану-математика бағдарындағы мектептің 10-11-сыныптарына арнап тапсырмалар кешені даярланып, тәжірибелік сынақтан өткізілді.

Эксперимент материалдары бейіндік мектеп оқушылары үшін қосымша материалдар түрінде де, оқулықтағы бар жаттығу, тапсырмаларға қосалқы жұмыстар бойынша да даярланды. Соның бірі – мәтіндермен жұмыс. Мәтінді талдау оқушыдан үлкен шығармашылық жұмысты талап етеді. Анықтау эксперименті барысында көрсетілгендей, қалыпты оқыту әдістемесінде мәтінді талдау, көбінесе, сұрақ-жауап сипатында көбірек жүргізіледі. Мәтін соңында берілген сұрақтарға, мұғалімнің қойған қосымша сұрақтарына жауап беру түрінде жүзеге асады. Мәтін ішінде кездесетін түсініксіз сөздер ішінара талданады. Мұғалімдердің көбі лексикалық тақырып бойынша білім алушының мәтін мазмұнын меңгергенін көбірек қадағалайды да, нәтижесінде мазмұн қуалау, мәтін мазмұнын қайталап айтып беру орын алады. Білім алушының өзіндік әсері, өзіндік пікір білдіруін назардан тыс қалып жататыны байқалды.

Олардың мүмкіндігінше жазушы тіліне жақын мазмұндауы жоғары бағаланады. Нәтижесінде оқушы мәтін мазмұнын жақсы біліп шығады. Бірақ, автор пікіріне қатысты өз көзқарастары тұжырымдалмайды.

Аталған әдістеменің басты кемшілігі ретінде білім алушының танымдық әрекетінің Блум таксономиясындағы білу, түсіну деңгейінен аспай қалуын айтуға болады. Оқушы одан кейінгі қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлеріне жете алмай жатады. Кейбір оқушылар іштей түйсініп, сезіп тұрса да, өзіне ондай талап қойылмағандықтан, ойын ашық айтпайды. Осыдан келіп, біршама жасампаз ойлайтын балалардың өзі ойларын ашық айтпай, көп ішінде бұғып отырып қала береді. Сол себепті соңғы жылдарда қолға алына бастаған оқу сауаттылығы мәселесі өте өзекті болып отыр. Оқу сауаттылығы оқушылардың мәтін мазмұнын түсініп, онда айтылған өзекті ойды анықтап, өз өмір тәжірибесінде, өз мақсаттарына жету жолында қолдана алуын талап етеді. «PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады» [119,б. 11].

Эксперимент кезінде мәтінмен жұмыс жасауда мұғалімге нақты бағдар беріліп отырды. Мәтінмен жүргізілетін тапсырмаларда оның тек түріне, тақырыбына, мазмұнына, ой бөліктеріне, қандай тілдік бірліктерді қолданғанына ғана назар аудартып қоймай, мәтінде жасырын тұрған мәнді тапқызып, мәтіннің астарына да оқушыны үңілдіріп үйретудің маңызы айтылды. Автордың мәтіннің астарында жатқан ойын дәл тауып, түсіну кез келген оқушының қолынан келе бермеуі де мүмкін. Мұғалімнің шеберлігі де осы кезде танылады. Автордың діттемін оқырманға таныту, оның ішкі ерекшелігін түсініп, сараптай алуға үйрету, сол арқылы оқушының бойына тәлім-тәрбие дәнін егу көзделіп отырды. Сондықтан да мұғалім тілдік, қатысымдық бірліктердің мәні мен қызметін оқушыға үйретуде нақты нені талап ететінін бірінші болып өзі ой елегінен өткізіп, содан кейін тапсырмалар құрастырғаны дұрыс екеніне назар аударылды.

Қалыптастыру эксперименті кезінде оқушылардың мәтінді сыни тұрғыдан талдап, ондағы айтылған ойларға үнсіз бас шұлғып, келісе бермей, өз сыни пікірлерін ашық айта алуын дамытатын оқу сауаттылығын дамыту өте маңызды саналды. Экспериментке таңдалған мәтінді жан-жақты талдау әдісі осы мүмкіндікке қол жеткізуге көмектесті. Әдістің жүзеге асырылу кезеңдері мен оқушы, мұғалім әрекеттерінің сипаттамасы қосымша бетте ұсынылған.

Кесте 15 - Мәтінді жан-жақты талдау әдісін жүзеге асыру жолдары

Жұмыстың кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
1	2	3
Сабәққа дейін (бір/бірнеше күн бұрын)	1. Талданатын мәтінді таңдайды 2. Оқушыларға мәтінді жақсылап оқып келуге тапсырма береді 3. Мәтін талдаушылардың рөлдерін	1. Берілген әдебиеттен мәтінді тауып, оқиды 2. Мәтінді зерделей оқып шығады

	анықтайды	
--	-----------	--

15 – кестенің жалғасы

1	2	3
Сабақ кезінде	1. Оқушылардың бәріне мәтінді таратып береді 2. Әрбір білімалушының атқаратын рөлі мен сөйлейтін кезегін анықтап береді. 3. Бөлінген рөлдер бойынша қалай талдау жүргізу керек екендігін түсіндіреді	1. Сұрақтар қою арқылы түсінбеген жерлерін нақтылайды 2. Мәтінді өз рөлдеріне сәйкес талдауға дайындалады 3. Өз кезектерінде бөлінген рөлдерге сәйкес мәтінге талдау жасайды
Сабақ соңында	1. Оқушы жұмысын бағалайды 2. Айтылған пікірлер мен тұжырымдарды талдайды	1. Өз-өздерін бағалайды 2. Топ жұмысын бағалайды

Мәтін талдаушылардың рөлдері мәтін мазмұнына сәйкес анықталады. Мәтін мазмұнына қарай зерттеуші, тілші, заңгер, әдіскер, мұғалім, саясаткер, проблема көтеруші, журналист, тарихшы, әлеуметтанушы, психолог, суретші, ақын, жазушы, проблемалық сұрақ қоюшы, өмірмен байланыстырушы т.б. рөлдерді белгілеуге болады.

Осы аталған рөлдердің ішінен мұғалім нақты талданатын мәтінге керекті рөлдерді анықтап, оқушыларға бөліп береді. Оқушылардың саны көп болса, әрбір рөлді екі бала атқаруына болады. Ондай жағдайда оқушылар бір-бірінің жауаптарын толықтырып өтеді.

Аталған әдіс тәжірибе барысында жиі қолданылды және тиімділігі толық дәлелденді. Мәтінге кешенді талдау жасау сипатында ұсынылған тапсырмалар Үлгілік оқу жоспарындағы мынадай «оқу мақсаттарына сай дайындалды:

- 10.2. 3.3- публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу;

- 10.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу;

- 10.3.1.3 - ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру». Біріншіден, көпшілік алдында сөйленетін сөз болғандықтан, бұл тапсырмаларды орындауда публицистикалық стиль талаптарын сақтау міндеттелді. Екіншіден, оқылым әрекеті арқылы мәтіндегі негізгі идеяны анықтау, оны «өңдеп» қолдану талап етілді. Үшіншіден, шағын мақала жазуға төселдіру мақсаты көзделді. Өйткені бейіндік мектеп оқушыларына «лекция, баяндама тезистерін, аннотация» жаздыру күрделі болатындықтан, жазылым тапсырмалары оқушының жасына лайықталып ұсынылды. Ондай тапсырмаларды лексикалық тақырыптардың ішкі жүйесінде де, Нәтиже сабақтарында да орындату дұрыс деп танылды. Оған қоса мұндай тапсырмалар оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамыту жолымен

олардың тілдік қатынас дағдыларын қалыптастыруды көздейтіндіктен, бірден бірнеше тапсырмалар кешенін орындатып отыру мақсат етілді.

Нәтижесінде оқушылардың әр сөзге мән беріп қарау дағдылары қалыптасты, мәтіндерді өңдей отырып, оның ішінен өздеріне ұнаған тосын тіркестер мен көріктеуіш құралдарды, қатысымдық бірліктерді талғап қолдану деңгейі артты.

Оқушылардың тілдік қатынаста көріктеуіш құралдарды пайдаланып сөйлеу дағдыларының көрсеткіштері

Кесте 16

Сыныптары	тосын тіркестер	тұрақты тіркестер	мақал-мәтелдер	көріктеуіш құралдар
Бақылау сыныптарында	12%	23%	21%	17 %
Эксперимент сыныптарында	55%	70%	76%	68%

Сонымен қатар, эксперимент барысында оқушыларды креативті ойлауға үйретумен бірге олардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын өзара сабақтастықта жетілдіру көзделді. Мысалы, жұптық, топтық жұмыстардың оқушылардың логикалық ойлауына, тілдік қатынас жасау әдебіне, танымдық-тәрбиелік мәнге көңіл бөлуге ыңғайлылығы ескеріліп отырды. Сөйлесім әрекетінің ішінде тілдесімге басымдық беретін тапсырмаларға көбірек орын бөлінді. Себебі бұл тапсырмалар арқылы оқушының:

- 1) өзгені ықыласпен тыңдау әдебі қалыптасады;
- 2) өз сөзіне жауапкершілікпен қарау қасиеті қалыптасады;
- 3) танымдық және қатысымдық белсенділігі артады;
- 4) өзін де, өзгелерді де объективті бағалауға үйренеді, олардың өзгелермен тіл табысу дағдылары дамытылады;
- 5) тілдік жағдаяттарда қажетті сөз орамдарын қолдануға төселеді;
- 6) пікірталас мәдениеті талаптарына сай тілдесім машықтарын меңгереді;
- 7) креативті шешім жасауға, оны дәйектеп жеткізуге үйренеді;
- 8) жылдам әрі ұтқыр жауап қайтаруға төселеді;
- 9) командамен бірге ортақ мүдде үшін оң шешім қабылдауға дағдыланады;
- 10) рефлексия шарты бойынша орта арқылы тәрбиеленеді; оқытудың демократиялық сипатына бейімделеді. Нәтижесінде оқушылардың тілдесім мәдениетінің деңгейі арттырылды.

Оқушылардың тілдесім әрекеттерінде қазақ сөз әдебіне тән сөз оралымдарды этикеттік клишелерді пайдалана алу көрсеткіштері

Кесте 17

Сыныптары	Қаратпа сөздер	Этикеттік орамдар	Қыстырма сөздер	Одағай сөздер
	Іскерлік диалогта		Әлеуметтік-мәдени диалогта	
Бақылау Сыныптарында	24%	15 %	20%	26%
Эксперимент сыныптарында	52%	67%	57%	61%

Ең бастысы, тиімді деп іріктеліп алынған оқу материалдары оқушылардың бірлескен, келісілген, ынтымақтасқан оқу әрекетіне деген сұранысы мен қажеттілігін ақтай алды. Ол экспериментке қатысқан оқушылардың ойлау, оқу әрекеттерінен, қарым-қатынас жасауға деген көзқарастарының оңды сипатта өзгеруінен, тілдік қатынасқа еркін еніп, ойларын жасқанбай айту мүмкіндіктерінің арта түскенінен байқалды. Сонымен қатар, оқушылардың өз ойын дәлелдеп, дәйектеп жеткізу іскерліктері дамытылды. Оның нәтижелері оқушылардың өз мақсатына сәйкес орынды кіріктіріп қолдану әрекеттерінен айқын көрінді.

Кесте 18 - Оқушылардың өз сөзін дәлелдеу, дәйектеу дағдыларының даму көрсеткіштері

Кезеңдері	Статистикалық мәліметтер қолдану	Дәйексөзқолдануы	Сызбалар қолдануы	Ұтымды мысалдар келтіруі
Экспериментке дейін	10%	17%	10%	10%
Эксперименттен кейін	60%	58%	54 %	46%

Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар оқушылардың пәнге деген шынайы қызығушылығын арттырып, олардың топтарға бірігу арқылы тілдік қатынас дағдыларын да дамытты. Сөйтіп, білім сапасын көтеруге ықпал ететіні назарға алынды. Сонымен қатар, топтық жұмыстарда бәсекелестіктің туып отыруы оқушыларды қырағы, жылдам, ұтқыр болуға төселдіретіні байқалды.

Кесте 19 - Оқушылардың креативтілік дағдыларының қалыптасу деңгейлері

Кезеңдері	Сөзге тапқырлық	Шұғыл шешім қабылдау	Тосын идея Ұсыну
Экспериментке дейін	24%	28%	11%
Эксперименттен кейін	50%	41%	55%

Қазіргі педагогика ғылымында қалыптасқан қағидалар бойынша оқушы күзiреттiлiгiнiң негiзiнде алынуы тиiс қабiлеттер кешенi мынадай деңгейлер бойынша топтастырылды:

- бiлу: танылатын нысанды ақиқат деп санау;
- түсiну: өзiн, басқаларды, қоршаған ортаны;
- бағалау: адамгершiлiк-эстетикалық критерийлер тұрғысынан өзiн-өзi, өзара қатынастарды, басқа да құбылыстарды, оқиғаларды;
- қатынасын бiлдiру: аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау;
- қолдану: жаңа аспектiде, шығармашылықпен;
- шешу: тапсырмаларды, оқу жағдаяттарын, өмiрлiк мәселелердi;
- келiсiм және өзара әрекет ету: командада жұмыс iстей алу [46,б. 10].

Эксперимент барысында жүргiзiлген жұмыстар жоғарыда аталған қабiлеттердi өз дәрежесiнде қалыптастыруға мүмкiндiк беруiмен ерекшелендi. Тәжiрибе барысында оқушылардың өзiн-өзi бағалауы, жұптардың бiр-бiрiн бағалауы, топтық жұмысты бағалау, мұғалiмнiң бағалауы тәрiздi бағалау түрлерiмен қатар, критериалды бағалау әдiстерi де жиi қолданылды.

Қорыта келгенде, оқушылардың критериалды ойлауы мен қатысымдық құзыреттiлiктерiн арттыра түсетiн жаңашыл әдiстер ретiнде таңдап алған ой шақыру, ТРИЗ, «ТСМС» формуласы арқылы тұжырым қорғау, мәтiндi жан-жақты талдау және критериалды бағалау әдiстерi тәжiрибе барысында өздерiнiң тиiмдiлiгiн көрсеттi. Әдiстердiң әрқайсысы тәжiрибе жүзiнде бiрнеше қайталап қолданысқа түстi. Әр қолдану барысында сынып жағдайына, сабақтың тақырыбына қарай өңдеп, ұлттық психологиялық ерекшелiктерге сай бейiмделiп берiлдi.

Тәжiрибе барысында бiр әдiстiң әр жолы бiрдей тиiмдiлiкпен жүзеге аса бермейтiнiн айғақтайтын бiрнеше педагогикалық жағдаяттар да кездестi. Ондай кезеңдерде әдiстi жүзеге асыратын тәсiлдер жиынтығына өзгерiстер енгiзiлiп отырды. Iшкi элементтерi ретiнде әдiстi құрайтын тәсiлдер жиынтығын әр кезде оңтайына қарай өзгертiп қолданудың түрлi жолдары анықталды. Себебi оқу үдерiсiнде жалаң бiр әдiстiң өзiн ғана жеке-дара түрде қолдану мүмкiн емес. Сондықтан аталған стратегиялық әдiстердi ұйымдастыру мен жүзеге асыру кезiнде түсiндiру, сипаттау, баяндау, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, әнгiмелесу, көрнекiлiк тәрiздi дәстүрлi педагогикалық әдiстер тиiмдi болды. Зерттеу жұмысымызда дәстүрлi әдiстер мен жаңашылдық бағыттағы әдiстердi жүйелi түрде қатар қолданған кезде ғана нақты нәтижеге қол жеткiзiлетiнi көрiндi. Әрбiр әдiстiң орны мен маңызын дұрыс болжап, мақсатты түрде орнымен қолданған кезде тиiмдiлiгi арта түстi. Креативтiлiкке баулу әдiстерi деп айшықтап отырған әдiстер жалаң өздерi ғана қолданылмай, дәстүрлi әдiстермен байланыста, бiрлiкте, кешендi түрде қолданылған кезде ғана өз нәтижесiн бере алды.

Анықтау экспериментi кезеңiнде эссе жаздыру барысында мынадай бiрқатар кемшiлiктер байқалған болатын:

- оқушылар эссенiң құрылымын дұрыс бiлмейдi;
- тақырыптан ауытқу жиi байқалады;


- басты идеясын ажырата алмайды;
- дәлелді аргумент ретінде ұсынған мысалдары әлсіз болып келеді немесе аргумент ретінде қабылдауға мүлдем жарамайды;
- өзіндік тұжырымдарын ұсына алмайды;
- өз пікірін қорытындылай алмайды.

Осы аталған проблемалық мәселелерді анықтап алғаннан кейін эссенің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды пән мұғалімдеріне де, оқушыларға да түсіндіру қажеттігі туындады.

Кесте 20 - Эссе құрылымы

Кіріспе бөлім	
1.	Тақырыпты түсінгені туралы сөйлем.
2.	Тақырыптың өзектілігі туралы абзац.
3.	Тезис (позиция/ұстаным, негізгі идея).
4.	Кіріспе мен негізгі бөлімді байланыстырушы сөйлем
Негізгі бөлім	
1.	Тезисті қолдаушы 1-пікір.
2.	Пікірге қатысты аргумент.
3.	Талдау.
4.	Абзацты қорытындылаушы сөйлем
5.	Тезисті қолдаушы 2-пікір.
6.	Пікірге қатысты аргумент.
7.	Талдау.
	Абзацты қорытындылаушы сөйлем.
8.	Тезисті қолдаушы 3-пікір.
9.	Пікірге қатысты аргумент.
10.	Талдау.
11.	Абзацты қорытындылаушы сөйлем.
Қорытынды бөлім	
1.	Кіріспе бөлімдегі тезиске қайта оралу.
2.	Негізгі бөлім абзацтарының түйіні.
	Қорытынды сөйлем (эссе ерекшелігіне қарай ұсыныс. Шешімдер де жазылады).

Анықтау эксперименті кезеңінде алынған Торренс тесті бойынша айқындалған көрсеткіштердің динамикалық өсуін тексеру жұмысы жүргізілді. Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелерін нақтылау мақсатында оқушылардың қол жеткізілген креативтілік деңгейін айқындау көзделді. Ол үшін Торренс тестін негізге ала отырып құрастырылған сауалнама қолданылды. Зерттеу барысында «Өзіңді бағала» сауалнамасын қайта жүргізу арқылы сыннан өткізілген оқу материалдары мен тапсырмалар негізінде түпкі нәтижелерді анықтау мүмкіндігі туды. Сауалнама нәтижелері 6-суретте көрсетілді. Диаграмма көрсеткіштері сауалнамаға тартылған оқушылардың сандарын көрсетеді.




Сурет 8 - Оқушылар креативтілігінің қол жеткізілген деңгейі


Сауалнама қорытындыларын талдай келе, кейбір оқушылардың қойылған сұрақтарға өз мүмкіндіктерін асыра бағалай отырып жауап бергендері байқалды. Олар оқушылардың жүргізіліп келген тәжірибенің мақсатын жақсы түсінгендіктен, өздерінен не талап етіліп отырғанын анық білгендіктен жасаған әрекеттері ретінде қабылданды. Оқушылардың осылай өз мүмкіндіктерін барынша жақсы жақтарынан көрсетуге деген талпынысының өзі аталған қасиеттердің кейбірінің өлшеулі уақыт аралығында толық ашылып үлгермегенін, алайда, ішкі әлеуетінің жоғары және болашақта жарқырап көрінуі әбден мүмкін екеніне білім алушының өзі толық сенімді екендігінің айғағы болды. Оқушылардың бойында осындай өз креативтілік деңгейі мен тілдік қатынасқа еркін түсе алу мүмкіндігінің жоғарылығына деген сенім тудырудың өзі біздің тәжірибеміздің өз мақсатына жете алғандығын көрсетті.

Оқушылардың креативтілік, коммуникативтік құзыреттілігінің қол жеткізілген деңгейін анықтау сауалнамасының да эксперимент нәтижелерін анықтауда өз пайдасын тигізді. Қорытынды эксперименттің барысында Вильямс тестінің үлгісімен жаңаша сауалнама құрастырылды. Атап айтқанда, аяқталмаған фигуралар басқа суреттермен ауыстырылды. Бұл ретте Торренстің шығармашылық ойлау мен креативтілікті анықтау тесті қолданылды. Сауалнамада Торренс ұсынған нұсқаның суреттері ғана пайдаланылды. Ол Вильямс тестінің жүргізілу реті бойынша, нәтижелерін өңдеу жүйесіне сала отырып жүргізілді. Сауалнаманы орындау тәртібі мен жолдары оқушыларға таныс болғандықтан, оның нәтижелерін анықтау қиындық тудырмады. Анықтау тәжірибесі кезіндегідей оқушыларға тағы да сынақ, тест алу мақсаты жайлы бірде-бір сөз айтылмағандықтан, оқушылар бұл сауалнаманы да әдеттегі қызықты тапсырмаларды орындағандай қабылдады. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл арқылы сауалнама қорытындыларының шынайы, таза,

нақты болуына қол жеткізілді. Тест алуудағы мақсат оқушылардың оқу жылының басында айқындалған жылдамдық, дәлдік, ұтқыр ойлау, ерекше пайымдау қасиеттерімен қатар тіл байлығы деңгейінің өсу көрсеткіштерін бағалау болды.



Сурет 9 - 10-сынып оқушыларының креативтілік және коммуникативтік құзыреттіліктерінің қол жеткізілген деңгейі



Сурет 10- 11-сынып оқушыларының креативтілік және коммуникативтік құзыреттіліктерінің қол жеткізілген деңгейі

Жүргізілген тест қорытындысы бойынша оқушылардың креативтілік деңгейі 10 сыныпта 53 ұпайдан 127-ге дейін көтерілді (7-сурет). Сауалнама нәтижелері 11 сынып бойынша сынып оқушыларының креативтілік және коммуникативтік құзыреттіліктерінің 55 ұпайдан 128 ұпайға дейін артқанын көрсетті.

Мүмкін болатын максималды 131 ұпайдан 10, 11-сынып оқушыларының 127 және 128 ұпай жинауын өз тәжірибеміздің мақсатты нәтижесіне жеткенінің, оқу мақсатының орындалғанының дәлелі ретінде қабылдауға болады.

Зерттеу жұмысының қорытынды кезеңінде атқарылған жұмыстар рет-ретімен, жоспарға сәйкес толық жүзеге асырылып шықты. Жұмыстың атқарылмай, орындалмай қалған кезеңдері болған жоқ.

Тәжірибеге тартылған 10, 11-сынып оқушыларының креативтілік бағыттарының деңгейі мен креативтілік және коммуникативтік құзыреттіліктерінің қол жеткізілген деңгейін анықтау нәтижелері зерттеу жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттерінің толық орындалғанына дәлел бола алды.

Тәжірибе барысында тілдік тұлғаның болашақ өміріндегі тілдік қарым-қатынасқа жан-жақты дайындау мақсатында әрбір сәтті білім алушының есінде жақсы сақталып қалатындай әсерлі, жанды, қызықты, эмоционалды атмосфера тудыра отырып, креативті ойлауға, еркін тілдік қарым-қатынасқа жағдай қолайлы жағдай жасауға ұмтылыс жасалып отырды.

Оқушыларға оқу жылының басында тәжірибе жүргізу мақсатын айқын түсіндіргендіктен, олар эксперимент жүргізілетін сабақтағы креативті тапсырмаларды күтіп, әрбір тапсырманы орындауға іштей үлкен дайындықпен келетін болды. Креативті ойлауды шыңдайтын, еркін тілдік қатынасқа жетелейтін тапсырмалар оқушыларға бастапқыда түсініксіз, әдеттегіден тыс көрінгенімен, уақыт өте келе оқушылардың бойында жағымды қатынас, шынайы дағды қалыптасты.

Оқушылардың креативті ойлауының сапасын бағалауда тек ой жылдамдығы мен ұшқырлығын, дәстүрден тыс, ерекше ойлауын ғана емес, мәтіндегі және қосымша дереккөздердегі ақпаратқа қатысты талдау жүргізе алуы, ойын жинақтап, ауызша және жазбаша түрде көркемдеп ұсына алуы, өзіндік сын-пікірінің болуы, баға бере алуы ескерілді. Бағалау жүйесіндегі жаңа әдіс – критериалды бағалау бұл ретте дидактикалық тұрғыдан үлкен тиімділігін көрсетті.

Оқушылардың тілдік қарым-қатынасының сапасына баға беруде тек тілдік нормаларға сәйкестігін ғана қарастырмай, функционалдық, коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік, лингвомәдени аспектіде қарастыру көзделді.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған креативті тапсырмалар жүйесін одан әрі жетілдіріп, оқу үдерісінде үнемі қолдану керектігіне көз жеткізілді. Креативтілік ұстанымын басшылыққа алу бүгінгі ұлттық білім мазмұнын жаңартып-жаңғыртудың басты шарты болуы керек деген тұжырым жасалды.

Сонымен, жоғары сынып оқушыларына ұсынылған тапсырмалар олардың арасында белсенділіктің артуына және білім сапасының көтерілуіне ықпал етті.

Өйткені креативтілік пен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағыттталып берілген тапсырмаларды іріктеуде оларды оқытудың тиімділігін арттыруымен қатар, білім алушының көңіл-күйіне жағымды әсер етуі де ескерілді. Сабақтың позитивті болуы, эмоциялық әсерлілігі оқушының білімді жылдам әрі сапалы меңгеруіне ықпал ететіні дәлелденді. Өйткені оқытудың табиғи заңына сәйкес жалпы оқыту, үйрету процесі жағымды жағдайда өтсе, оның тиімділігі де ерекше арта түсетіні туралы ежелден-ақ айтылып келе жатыр. Сондықтан жоғары сынып оқушыларының креативті ойлауының өзі тапсырмалардың тосындылығына, ерекше қызықты етіп берілуіне тікелей тәуелді. Тапсырмалардың танымдық тұрғыдан ұлттық құндылықтармен сабақтастырылуы, балаларды өзгеше ойлауға төселдіретіндей болып құрылуы, сонымен қатар жас ұрпақтың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуі, практикалық маңыздылығы басты орында тұрады.

Креативтілікке баули отырып, тілдік қатынасты дамыту мақсатын көздеген тапсырмалар бүгінгі заманның ұрпағы үшін аса қажет екеніне көз жетті. Өйткені заман талабына сәйкес әрбір адам ашық саналы болып, жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болуы керек екенін өзгермелі дүние жағдайы айқын танытып отыр. Креативті ойлап, өз ойын тілдік қатынаста еркін жеткізе алатын саналы ұрпақ ертеңгі күні жаһандық өзгерістерге жылдам бейімделетін болады, қазақ елін әлемге танытар болашақ ғалымдар мен өнертапқыштар осылардың арасынан шығуы әбден мүмкін. Сондықтан осындай креативтілікке баулитын тапсырмаларды жиі орындату аса маңызды екені дау тудырмайды. Әсіресе, бұл тапсырмаларды орындату барысында оқушылардың өзін еркін ұстап, ойына келген жасампаз идеяларының бәрін ашық айтуына мүмкіндік беру ескеріліп отырды.

Жалпы алғанда, ұсынылған эксперименттік оқу материалдарын, креативтік тапсырмалар жүйесін оқу үдерісінде қолдану тәжірибелері келесідей тұжырымдар жасауға негіз болды:

- белгілі қалыптарға салынбаған, шынайы, өнімді, эвристикалық тапсырмаларды оқушылар жатсынбай, жылдам қабылдады;
- ұсынылған әрбір тапсырманы бар ынта-ықыластарымен орындауға ұмтылды;
- тапсырмалар жүйесі оқушылардың әрі жасампаз ойлауына, әрі белсенді қарым-қатынасқа түсуіне зор ықпалын тигізді;
- оқытудың өзара әрекетінің тәсілдері оқушылардың белсенді және үздіксіз қарым-қатынас жасауға, өзара ақпарат алмасуға жұмылуын қамтамасыз етті;
- әрбір білім алушының танымдық, коммуникативтік белсенділігі мен өздерінің жасампаздық қабілеттеріне деген сенімдері арта түсті;
- ұжым ішінде ізгілікті қарым-қатынас орнап, бір-бірлеріне еліктеп, бір-бірлеріне қолдау көрсетіп, бір-бірлерінің пікірлерін тыңдап, көзқарастарын бағалауды үйренді;
- оқушылар әрбір тапсырманы орындаған сайын саналы, жасампаздықпен ойлау, белсенді сөйлеу әрекеттері дамып отырды.

Қорыта айтқанда, эксперименттің үшінші, қорытындылаушы кезеңі өз мақсатына жетті: зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытындыланды. Анықтау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалды. Зерттеу жұмысының нәтижелері докторлық диссертация түрінде жазылды.

Эксперимент қорытындылары:

- оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуды нақты дидактикалық ұстанымдар негізінде ұйымдастыру оқушылардың пәнге шынайы қызығушылықтарын тудырды. Себебі оқушылар үшін білімнің қажеттігін сезіну жағымды әсер етті;

- креативтілікке негізделген әдістер мен арнаулы тапсырмаларды кешенді қолдану арқылы қазақ тілін когнитивтік, коммуникативтік, эмоционалдық тұрғыдан меңгерту жолымен оқытудың сапалық деңгейі көтерілді.

- креативтілікті дамытудың басты шарты ретінде алынған оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін, шығармашылық ойлауын жетілдіру түпкі нәтижеде балалардың білімге деген саналы қатынасты қалыптастырды;

- басты мақсат білім алушының креативтілік қабілеттері мен тілдік қатынас жасау мәдениетін дамыту болғандықтан, оқушылардың сабақ барысында қатысымдық, әлеуметтік және этикалық дағдыларды саналы меңгеруіне жол ашылды. Ол, өз кезегінде, оқушылардың қазақи болмысқа тән қатысымдық мәдениеттің мәнін түсінуіне және оны заманауи тілдесім талаптарымен ұштастыра жұмсауын қамтамасыз етті.

Эксперимент нәтижелері зерттеу болжамын растады. Оқушының креативті ойлауына бағытталған тілдік қатынас құралдарын қолдану жаттығулары мен ізденімдік, шығармашылық тұрғыдағы тапсырмалардың кешенді жүзеге асырылуы мектеп оқушыларының тілін ғана дамытып қоймай, олардың интеллектуалдық мәдениетін де көтеруге ықпал етті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі білім беру жүйесі оқыту ісінде белгілі бір нәтижеге жету үшін оқушылардың кешенді білім алуын мақсат етіп отыр. Кешенді білім беру мәселесі шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты талданып келеді. Қазақстан Республикасының білім беру саласы да осы мәселеге бетбұрып, білім беру жүйесіне жаңартылған білім бағдарламасын енгізді. Диссертациялық жұмыс осы бағдарлама бойынша қазақ тілін оқытудың ең маңызды мәселесіне арналды. Кешенді оқыту мәселесін зерттеу үшін оған негіз болатын интеграциялық ілімдерге баса назар аударылып, оның ішінде креативті ойлау мен тілдік қатынастың байланысы өзек болып отырды. Креативті ойлау шығармашылық қабілетті арттыруға қызмет атқарса, тілдік қатынас тілді сауатты қолданып, адамдардың өзара пікір алмасуына, ойын жеткізуіне мүмкіндік береді. Оларды ғылыми теориялық тұрғыдан негіздеп, оқыту үдерісіне енгізу функционалды сауаттылыққа қол жеткізу үшін қажет.

Диссертациялық жұмыста қазақ тілін оқытуда оқушыны креативті ойлауға, оны тіл арқылы жарыққа шығаруға негіз болатын ғылыми-теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу жолдары сараланды. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әдіснамасы қазақ тіліндегі тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативті қызметіне байланысты анықталды. Функционалдылық қызмет тілдік бірліктердің мәнін, мағынасын түсіну, таным құралы болу қызметін айқындаса, коммуникативтілік тілдік бірліктердің ақпаратты жеткізуі, қарым-қатынас құралы ретінде қолданылуын айқындауға мүмкіндік береді. Тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативтік қызметі «формадан мағынаға қарай» ұстанымына сүйеніп, онда тілдік норма, ойлау мен сөйлеу мәдениеті, дұрыс сөйлеу мен сауатты жазу заңдылықтары біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту мәселесін шешу үшін осындай кешенді зерттеулер басшылыққа алынды.

Тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативтік қызметі тіл туралы білімді жаттанды түрде емес, ақыл-ойға салып, сараптап, саралап талдауға үйретуге негізделді. Сондықтан лингводидактикалық ұстанымдар мен лингвометодикалық әдістер тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні тұрғысынан анықталды.

Тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативтік қызметіне тән заңдылықтар басшылыққа алынып, оқушының әрі креативті, әрі сыни ойлануына түрткі болатын педагогикалық бағдар анықталды. Педагогикалық бағдар проблема қоя білу мен оның шешімін іздестіру жолдарын көрсетеді. Ең маңызды мәселені проблема етіп қоюда оқушылардың аялық білімі ескерілді. Дәлірек айтқанда, заттар мен құбылыстарға байланысты оқушылардың таным-түсінігін жетілдіру басшылыққа алынды. Оқушылардың аялық білімін ары қарай дамытып, тілдік білімге жеткізу үшін идея туғызу мақсаты басшылыққа алынады. Жаңа идеялар туғызудағы мақсат – оқушының өзін қоршаған әлеммен бірлікте болып, соған қатысты ойын жүйелеуге үйрету. Оқушы көтерілген проблеманы шешу барысында кітаптан немесе басқа да дереккөздерден алған

ақпараттарға ғана сүйенбей, өзінің дүниетанымдық білімін іске қосады. Бұл оқушының білімге деген құштарлығын оятып, өзіндік «Менін» қалыптастырады. Білімге деген қызығушылығын оятады. Өзінің көзқарасын, идеясын айтуға, жазуға, қорғауға дағдыландырады. Дәлірек айтқанда, рефлексиялық көзқарасын оятады.

Зерттеу жұмысында пайдаланылған ғылыми еңбектердегі ой-пікірлерді саралай отырып және арнайы жүргізілген эксперимент жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, мынадай тұжырымдар жасалды:

1.«Қазақ тілі» пәнінде бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамыту мәселесі заманауи білім трендтерімен толық үндеседі. Сондықтан бұл тілді оқытудың басым бағыты болуы тиіс.

2.Тіл – ойлау әрекетінің шығармашылық синтезі және ол ойлау әрекетінің құралы қызметін де атқарады. Сондықтан пәнді оқытуда «Тіл – Ойлау – Тіл» үштағанының тұтастығын ұстану оқушының ойлау және сөйлеу қабілеттерін өзара сабақтастықта шындайды, жетілдіреді, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеттерін көтереді. Бұл тілдік қатынасты ойлау арқылы, ойлауды тіл арқылы дамыту қажеттігін айғақтайды.

3.Креативті ойлау мен коммуникативті лингвистиканың интеграциясы тіл мен ойлаудың философиялық деңгейін айқындайтын танымдық, логикалық, психологиялық ұстанымдар негізінде логика-грамматикалық категорияға, сөйлеу (речь) мен ойлау бірлігі категориясына, рефлект категориясына (сезімдік таным немесе көру арқылы қабылдау); логика-психологиялық пайымдау категориясына, т.б. сүйенеді. Сол себепті жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысынан бастап негізгі және бейіндік мектептерде бұл ұстаным білім берудің өзегі етіп алынуы шарт.

4.Креативті ойлау мен тілдік қатынасты байланыстыратын семантикалық тілдік айналымға ұғымдарды қалыптастыратын семантикалық белгілердің қызметі кіреді. Заттар мен құбылыстардың барлық белгілері арқылы ассоциацияланатын ұғымдарды пайдалана отырып, тілдік қатынастың барлық мақсатына сай оқушылардың сөйлеу тілін, шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға болады.

5.Тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативтік аспектідегі зерттелуі негізінде ғылыми айналымға енген тұжырымдар мен ережелер когнитивтік психологиядағы тіл және танымды дамытудың ұлттық қағидаларымен сабақтасады. Абай ілімі креативті ойлау арқылы тілдік қатынастың дамуына мол мүмкіндік беретін білім көзін анықтаудың жолын нұсқайды. Оқушыны ойлауға үйретудің психологиялық мәселелері ұлттық дәлмен сабақтастықта қаралуы ұтымды болмақ.

6.Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық бағдары «білімалушылардың заттар мен құбылыстарға қатынасы – адам мен әлемнің бірлігі идеясы – рефлексиялық көзқарас» үштігі аясында көрініс табады. Бұлар «ең маңызды мәселені проблема етіп қою», «проблеманы шешуде ерекше идеялар туғызатын тапсырмалар құрастыру», «білім

алушылардың өзіндік көзқарасын, идеясын айта білуге, жаза білуге, қорғай білуге үйрету» жүйесіне сүйеніп жасалуы маңызды саналады.

7.Тіл мен ойлауды бірлікте қарастыратын лингвофилософиялық тұжырымдар мен функционалды-коммуникативтік категорияларға негізделген «мағынадан формаға қарай» ұстанымын, функционалды-синергетикалық категорияларға негізделген «сөйлеуді ұйымдастыру» ұстанымдарын басшылыққа алу – тілдік білім, тілдік мәдениет, тілдік тұлға қалыптастырудың ең басты кепілі.

8.Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға әрбір сөзді таңдап ұтымды қолдану, шешендікті дамыту, сөйлемнің коммуникативтілігі, мәтін имплициттілігі, ауызша сөйлесу немесе тіке қатынас қағидалары арқау бола алады. Олар оқушылардың процессуалдық ойлануына, шешімдерді табуға, өз ойын дұрыс жеткізуге, қызығушылығын оятуға ықпал ететіндей болып құрылуы шарт. Бұл – әдістемелік жүйенің өн бойында тұруы тиіс қағида.

9.Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға арналған танымдық-коммуникативтік әдіс пен мәтінді жан-жақты талдау әдісі тілдік бірліктерді прагматикалық-қатысымдық мақсатқа сай қолдануға, талдауға, жинақтауға, бағалауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері тіл мен ойлаудың бірлігінен бастау алып, тілдің құрылымдық, функционалдық, коммуникативтік, танымдық қызметін өзара бірлікте, тұтастықта қарастыру барысында оқушының таным-түсінігіне ықпал ететін лингвофилософиялық және дидактикалық ілімдер жүйесінен тұрады. Оған гносеология, когнитивті психология, педагогикалық дидактика, лингводидактика іліміндегі теориялық, практикалық талдаулар әдіснамалық негіз болады. Сондықтан жұмыстың нәтижесін «креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту технологиясы» атты инновацияның қалыптасуына өзек болады деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Делор Ж. Образование: сокрытое сокровище. – UNESCO, 1996. – 37 с.
- 2 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқуағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. 3. – 384 б.
- 3 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқуағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. 1. – 384 б.
- 4 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016. - 168 б.
- 5 Гилфорд. Дж. Три стороны интеллекта. Психология мышления. - М.: Прогресс, 1965. - 14 с.
- 6 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 2019. – Т. 2. – 460 с.
- 7 Torrance E.P. Why Fly? A philosophy of creativity. - Norwood: Ablex, 1995. – 155 p.
- 8 Дәулетбекова Ж., Рай Қ. Сөйлеу білу – өнер: көмекші құрал. – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. - 98 б.
- 9 Спирмен Ч., Дружинин В.Н. Психология творчества. Психология общих способностей. – СПб.; Питер, 2007. – С. 27-28.
- 10 Дегтярев С.Н. Развивающее креативно ориентированное обучение: проектирование и реализация в старшей школе: автореф. ... док. пед. наук. - Тюмень, 2016. – 46 с.
- 11 Стернберг Р. Практический интеллект = Practical Intelligence in Everyday Life. - СПб.: Питер, 2002. - 272 с.
- 12 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 320 б.
- 13 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар зерттеулер. – Алматы: Ан арыс, 2009. – 368 б.
- 14 Сыздықова Р. Сөз күдіреті. - Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.
- 15 Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 2010. - 608 б.
- 16 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 592 б.
- 17 Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. - Алматы: ОНОН, 2017. – 340 б.
- 18 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика / жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 110 с.
- 19 Декарт Р. Сочинения // В 2 т. / сост. ред. В. В. Соколова; пер. с латинского и французского С.Я. Шейнман-Топштейн и др. – М.: Мысль, 1989-1994. – Т. 1. – 350 с.
- 20 Құнанбайұлы А. Қарасөздер. – Алматы, 2021. - 130 б.
- 21 Антология мировой философии / ред колл. В.В. Соколова и др. - М.: Мысль, 1969. - Т 1, ч. 1. - 576 с.

- 22 Хесс Р. Аристотель. Никомах этикасы. Философияның таңдаулы 25 кітабы. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 360 б.
- 23 Спиноза. Этика. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 360 б.
- 24 Кант И. Провозглашение близкого заключения о вечном мире в философии // Сочинения. - М.: Ками, 1994. - 586 с.
- 25 Никонова С.Б. Лингвистическая философия в культурной парадигме современности // Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики. - 2007. - №36. – С. 231-238.
- 26 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1994. - 448 б.
- 27 Баласағұн Ж. Құдатғу білік / аударған: А. Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986. - 615 б.
- 28 Йассауи Қ.А. Диуани Хикмет «Ақыл кітабы). - Алматы: Мұраттас, 1993. - 262 б.
- 29 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / пер. с нем. яз.; под ред. и с предисл. Г.В. Рамишвили. - Изд. 2. - М.: Прогресс, 2000. - 400 с.
- 30 Языки как образ мира. - М.: АСТ; Спб.: Тегга Fantastica, 2003. - 568 с.
- 31 Құнанбаев А. Шығармалар // 2 томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977. – Т. 2. - 254 б.
- 32 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. - 288 б.
- 33 Леви-Стросс К. Структурная антропология. - М., 1985. - 290 с.
- 34 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2004. - №1. – Б. 32-39.
- 35 Субботин А., Локк Л. Новая философская энциклопедия // В 4 т. / пред. науч.-ред. совета В.С. Стёпин. – Изд. 2-е, испр. и доп. - М.: Мысль, 2010. - 2816 с.
- 36 Байтұрсынұлы А. Баулу мектебі // А.Байтұрсынұлының алты томдық жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. 6. - 384 б.
- 37 Дәулетбекова Ж. Ұлттық тілді оқыту тұғырнамасы: Абай мен Ахмет Байтұрсынұлы идеяларындағы үндесім // А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2022. – Б. 230-237.
- 38 Нұрышева Г. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау. – Алматы: Инжу-Маржан, 2011. - 348 б.
- 39 Ясперс К. Истоки истории и ее цель / пер. М. Левиной. – М., 2010. - 215 с.
- 40 Кови Стивен Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 352 б.
- 41 Маслоу А. Мотивация и личность. - Питер, 2014. - 310 с.
- 42 Хасанұлы Б. Ана тілі - ата мұра. 2 жаңаша оқытудың трендтері айқындалды. Олар: «тануға үйрену», «әрекет етуге үйрену», «әлеуметтенуге үйрену», «өмір сүруге үйрену». - Алматы: Жазушы, 1992. - 72 б.

- 43 Абай Құнанбайұлы Өлеңдер. - Алматы, 2004. – 220 б.
- 44 Дәулетбекова Ж. Ұлт ғылымының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әдеби айтылым мәдениеті туралы тұжырымдарының маңызы // Kazak Dilinin Güncel Sorunları ve Bağımsızlık Doktrini. - Sakarya Üniversitesi Yayınları SAÜ Yayınları, 2021. - №213. – S. 51-69.
- 45 Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей. - Самара: Учебная литература, 2009. - 416 с.
- 46 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі, №115 бұйрығына 95-қосымша «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. - Астана, 2016.
- 47 Сәбет Бап Баба. Психология негіздері: оқу-анықтамалық қолданба. – Алматы: Нұр-Пресс, 2007. - 60 б.
- 48 Жұмасова К. Психология: оқулық. - Астана: Фолиант, 2006. - 292 б.
- 49 Грецов А. Тренинг креативности. – Спб.: Питер-Пресс, 2008. – 374 с.
- 50 Яголковский С.Р. Психология креативности и инновации. – М.: Издательский дом ГУ ВШЭ, 2007. – 157 с.
- 51 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2007. – 54 б.
- 52 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. Ғылыми монография. - Алматы, 2007. – 450 б.
- 53 Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В. Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: учебно-методическое пособие. – М.: АПКИПРО, 2003. – 101 с.
- 54 Bogenbayeva A., Orazbayeva F., Imankulova M., Abdrahman G., Kokanova Zh. Technologies for developing language communication through creative thinking 586 // World Journal on Educational Technology: Current Issues. – 2022. – Vol. 14, issue 5. – P. 1589-1601.
- 55 Бөгенбаева Ә.Б. Филолог – маманның қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру жолдары Культура, просвещение, литература 3 // Материалы Международной научно-практической конференции. Проблемы образования и наука в современном мире. – Виннипег; Канада: MSBooks Publishing, 2017. – С. 60-64.
- 56 Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В. Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: учебно-методическое пособие. – М.: АПКИПРО, 2003. – 101 с.
- 57 Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. – №5. – С. 3–12.
- 58 Коган Е.Я. Компетентностный подход и новое качество образования. Современные подходы к компетентностно-ориентированному образованию / под ред. А.В. Великановой. – Самара: Профи, 2001. – 174 с.
- 59 Бермус А.Г. Проблемы и перспективы реализации компетентностного подхода в образовании // Интернет-журнал «Эйдос». – 2005. - №1. – С. 17-45.

- 60 Бөгенбаева Ә., Назарбекова А. Креативтік ойлау қабілетін дамытуда жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы. – 2017. - №2(44). – Б. 3-7.
- 61 Буковский С.Л. Метод и технологии креативного обучения иностранным языкам в неязыковом вузе // Преподаватель XXI век. – 2016. - №3. – С. 136-144.
- 62 Липатникова И.Г., Паршина Т.Ю. Формирование когнитивной компетентности будущих учителей математики в процессе обучения курсу «Элементарная математика» // Вестник ТГПУ. - 2012. - №11. - С. 32-36.
- 63 Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері. Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. - Алматы: «Полиграфкомбинат» баспасы, 2011. – 316 б.
- 64 Сәтбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім): пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 55 б.
- 65 Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері. Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. - Алматы: «Полиграфкомбинат» баспасы, 2011. – 316 б.
- 66 Исмагулова Р.С. Коммуникативтік құзыреттіліктің шет тілін оқып үйренудегі рөлі // Известия НАН РК. - 2015. - №2(300). - Б. 186-190.
- 67 Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисі: коммуникативтік-танымдық аспект. Ғылыми монография. - Алматы: Ұлағат, 2012. - 264 б.
- 68 Бектаев Қ. Сөздік. - Алматы: Алтын қазына, 2001. - 556 б.
- 69 Maslov A.N. A theory of human motivation // Psychological Review. – 2020. - №50(4). – P. 370-396.
- 70 Крайг Г. Психология развития / науч. ред. пер. Т. В. Прохоренко; пер. с англ. А. Маслов, О. Орешкина, А. Попов. – М.: Питер, 2012. - 944 с.
- 71 Сәрсенов А.С. Қазақстан ауыл-селосындағы интеллектуалдық әлеуеттің қалыптасуы мен этномәдени дамуының тарихи тәжірибесі (1946-1991жж.): тар. ғыл. док. ... автореф. – Алматы: Қазақ Агр. ун-ті, 2005. - 45 б.
- 72 Бөгенбаева Ә.Б. Жамбыл Жабаев шығармаларын оқыту барысында студенттердің креативті ойлау қабілетін дамыту // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2016. - №3(57). – Б. 220-224.
- 73 10 мировых трендов образования в российском контексте <https://vogazeta.ru> › 2022 › quality_of_education 17.08.2021.
- 74 Olivia Fox Cabane7 The Charisma Myth <https://www.jakhan.kz>.03.2016 18.03.2020.
- 75 Щербакова Е.Е. Педагогическая креативность как фактор профессионального развития студентов: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.08. – Чебоксары, 2006. – 37 с.
- 76 Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениеті: әдіснама мен әдістемесі. Әдістеме – шеберлік әлемі. - Алматы: Үш Қиян, 2021. – Т. 2. - 320 б.
- 77 Қыраубайқызы А. Ұстаз жазбалары // Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 174 б.

- 78 Бөгенбаева Ә. Оқушылардың креативті белсенділігін ынталандыру тәсілдері «Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. - Тараз: Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018. - 334 б.
- 79 Краткий психологический словарь. – М.: Политическая литература, 1985. – 230 с.
- 80 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары // 3 томдық. - Алматы, 1953. - Т. 1. - 330 б.
- 81 Краткий психологический словарь. – М.: Политическая литература, 1985. – 230 с.
- 82 Оспанова Б.А. Научные основы формирования креативности будущего специалиста в условиях университетского образования. – Туркестан, 2006. – 97 с.
- 83 Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика: оқулық. – Алматы: Алатау, 2011. - 290 б.
- 84 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы, 2002. - 380 б.
- 85 Бөгенбаева Ә.Б. Креативті ойлаудың тіл дамытудағы маңызы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2016. - №2(56). – Б. 43-47.
- 86 Оклендер В. Развитие речевых умений. – М., 1999. – 213 с.
- 87 Монтень Мишель. Путевой дневник. Путешествие Мишеля де Монтеня в Германию и Италию / пер. с франц. Л. Ефимова. - СПб.: ООО "Редакционно-издательский центр "Культ-информ-пресс"", 2020. - 464 с.
- 88 Bogenbayeva A., Salamatova R., Sultaniyazova I., Sarsembayeva M., Orazbaeva F., Koyangaliyev Y. The theoretical foundations of the Future Professionals Creative thinking Man in India. - 2017. - Vol. 97, issue 10. – P. 263-273.
- 89 Кушкимбаева А.С., Аяпова Г.М. Қазақ тілін тіл үйренушілерге сыни ойлауды дамыту технологиясы бойынша үйрету // Хабаршы «Филология» сериясы.– Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2013. - №3(45). – Б. 18-27.
- 90 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017, сәуір - 12.
- 91 Whorf V.L. Language, thought, and reality / ed. J.V. Carroll. – Cambridge; Vass: Technology Press, 1956. – 174 p.
- 92 Sapir E. Language an introduction to the study of speech. – NewYork: Harcourt Brace, 1921. – 178 p.
- 93 Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесінің теориясы. - Павлодар, 2012. - 237 б.
- 94 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы. - Алматы, 2009. - 328 б.
- 95 Брунер Д.С. Психология познания. - М.: Прогресс, 1977. – 145 с.
- 96 Белаусов К.И. Синергетика текста: от структуры к форме. - М.: Либроком, 2008. - 248 с.

- 97 Герман В.А., Пищальникова В.А. Введение в лингвосинергетику. – Барнаул: Изд. Алт.гос.унив-та, 1999. - 130 с.
- 98 Корбут А.Ю. Текстосимметрика как раздел общей теории текста: автореф. ... док. филол. наук. – Барнаул, 2005. - 33 с.
- 99 Москальчук Г.Г. Структура текста как синергетический процесс. - М.: Едиториал; УРСС, 2003. - 296 с.
- 100 Саттарова А.Ф. Синергетическая теория текста // Актуальные проблемы современной науки. Научная сессия «Невские чтения»: матер. научн конф. – Спб., 2013. – С. 143-148.
- 101 Хакен Г. Можем ли мы применять синергетику в науках о человеке? // Синергетика и психология. Социальные процессы / под. ред. И.Н.Трофимовой. - М.: Янус-К, 1999. - Вып. 2. - С. 11-20.
- 102 Морен Э. Метод. Природа. Природы / пер. с фр. Е.Н.Князовой. - М.: Прогресс-Традиция, 2005. - 463 с.
- 103 Баранов М.Т. Логико-предметные категории и способы их выражения в языке и речи. Программы для общеобразовательных школ, гимназий, лицеев. Русский язык. – Изд. 2-е. - М.: Дрофа, 2000. - С. 206–218.
- 104 Парменова Т.В. Практическая функциональная грамматика русского языка. Specimina philologiae Slavicae. – Munchen: Verlag Otto Sagner, 2000. - Band 127. - 247 s.
- 105 Парменова Т.В. Функциональный подход к изучению грамматики в школе (Об одном из путей модернизации) // Русский язык. - 2002. - №24 <https://rus.1sept.ru/article.php?ID=200202408> 15.06.2019.
- 106 Медведева Е.А. Проблемы изучения словообразования в школьном курсе русского языка (5-й класс) // Тенденции развития языкового и литературного образования в школе и в вузе: Материалы международной научно-практической конференции. - СПб., 1998. – 123 с.
- 107 Шведова Н.Ю. Местоимение и смысл. Класс русских местоимений и открываемые ими смысловые пространства. - М., 1998. - С. 35.
- 108 Шерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – М., 1947. - С. 24-39.
- 109 Шерба Л.В. Преподавание иностранных языков в средней школе. Общие вопросы методики. – М., 1947. - С. 60-75.
- 110 Жинкин Н.И. Язык – речь – творчество. Цитируется по статье: Сеницын В.А. Праздник творчества на уроках русского языка // РЯШ. - 2000. - №6. - С. 18-25.
- 111 Қапалбек Б. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар: оқулық. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. - 250 б.
- 112 Қапалбек Б. Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары. Жұмсалымды грамматика: оқулық. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. - 508 б.
- 113 Ильясова Н.А. Тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні. – Алматы, 2017. - 328 б.

- 114 Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматик, дискурс, мәтін. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
- 115 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 488 б.
- 116 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 1983. – 456 б.
- 117 Оразбаева Ф.Ш., Оспанов Е.Т. Коммуникативтік мағына негіздері: оқу құралы. - Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2012. – 135 б.
- 118 Рахметова Р.Тілді оқыту: интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы. - Алматы: «Нурай Принт Сервис», 2014. – 243 б.
- 119 Ушинский К. Человек как предмет воспитания // http://az.lib.ru/u/ushinskij_k_d/text_1867_chelovek_kak_predmet_vospitaniya_tom_1.shtml 14.02.2020.
- 120 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. - М.: КомКнига, 2007. – 144 б.
- 121 Шалабай Б. Мәтінді зерттеудің ғылыми негіздері // Ұлағат. - 2007. - №10. – Б. 80-87.
- 122 Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты (І.Жансүгіровтің поэзиясының тілі бойынша). - Алматы: Ғылым ордасы, 2013. - 248 б.
- 123 Әмір Р.С., Дәулетбекова Ж.Т., Қалиев Ғ.Қ., Қосымова Г.С. Қазақстан Республикасы қазақ тілінен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Алматы: РОНД, 2002. – Б. 4-23.
- 124 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі, №115 бұйрығына 95-қосымша «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. - Астана, 2016.
- 125 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Жұмекенова Л. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Атамұра, 2019. - 96 б.
- 126 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Жұмекенова Л. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Атамұра, 2019. - 96 б.
- 127 Выготский Л.С. Педагогическая психология / под ред. В.В. Давыдова. - М.: Педагогика, 1991. – 480 с.
- 128 Orazbayeva F., Bogenbayeva A., Yerkiyayeva G., Orazaliyeva E., Imankulova M., Akhmetzhanova G., DodiIlham, Zeinab A., Movahede Sadat Mousavi, Anamagh Amir Nazari. Development of Students Speech Using the Method of Creative Thinking // Education Research International. – 2020. - Vol. 20. – P. 10-13.

129 Atabayeva M., Bogenbayeva A., Yerkegaliyeva G., Bissenbayeva M., Nazarbekova A. Reflection Of The Kazakh Traditional Culture In Language Opсіón. - Venezuela, 2019. – Vol. 35, №88. - P. 977-994.

130 Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 278 б.

131 Бөгенбаева Ә. Креативтік ойлау қабілетін дамытуда жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы. - 2017. - №2(44). – Б. 3-7.

132 Бөгенбаева Ә. Жоғары сынып оқушыларының пәнді игерудегі тілдік қатынастың рөлі мен маңызы // Proceedings of the XIII International Scientific and Practical Conference Social and Economic Aspects of Education in Modern Society.- Warsaw; Poland, 2019. - Vol. 3, №25.- P. 29-37.

133 Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.

134 Альтшуллер Г.С. Найти идею. Введение в ТРИЗ – теорию решения изобретательских задач. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2007. - 400 с.

135 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. - 496 б.

136 Кун Т. Структура научных революций. - М.: Прогресс, 1975. - 300 с.

137 Юдин Э.Ю. Методология науки. Системность. Деятельность. - М.: УРСС, 1997. - 444 с.

138 Бөгенбаева Ә. Креативті оқыту әдістері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл // Білім және ғылым – болашаққа бастар жол» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. - «Сырдария» университеті, 2016. – 107 б.

139 Бөгенбаева Ә. Жоғары сынып оқушыларының пәнді игерудегі тілдік қатынастың рөлі мен маңызы // Proceedings of the XIII International Scientific and Practical Conference Social and Economic Aspects of Education in Modern Society.- Warsaw; Poland, 2019. - Vol. 3, №25.- P. 29-37.

ҚОСЫМША А

10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының жүйесі

Кесте А 1

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 - . мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
3. Негізгі ойды анықтау	10.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық – саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	11.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық – саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
5. Сөйлеу мәдениетін дамыту	11.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу;	

Кесте А 2

1 2) оқылым

Білім алушылар...		
	10 - сынып	11-сынып
1	2	3
1. Ақпаратты түсіну	10. 2.1.1 - әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау	11.2.1.1 - әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10. 2.3.1 - әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу	11.2.3.1 - әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу
	10.2. 3.2 - ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану	11.2. 3.2 - ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану
	10.2. 3.3- публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу	11.2. 3.3 - публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу
	10.2.3. 4.- ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу	11.2.3. 4- ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру

А 2 – кестенің жалғасы

1	2	3
6. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10. 2.6.1- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	11.2.6.1- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру

Кесте А 3

3) жазылым

Білім алушылар...		
	10 – сынып	11-сынып
1. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.1.1- ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру	11.3.1.1- ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру
	10.3.1.3 - ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру	11.3.1.3 - ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру
	10.3. 1.4- публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу	11.3.1.4- публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу
3. Эссе жазу	10. 3.3.1- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.3.1- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
5. Шығармашылық жұмыс	10.3.5.1- әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	11.3.5.1-. әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу

Кесте А 4 - 10, 11-сынып оқулықтарына сандық талдау

№	10-сынып оқулығы бойынша (авторлары: Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Л.Жүмекенова)	11-сынып оқулығы бойынша (авторлары: Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Ф.Юсуп, А.Сарыбаева)
1	2	3
1	Оқулықта ұсынылған жалпы тапсырмалар саны	
	Барлығы – 262	Барлығы – 274
1- бөлім	«Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет» (Интонацияның құрамдас бөліктері:	«Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен бүгіні» (Шешендік сөз, Ойталқы, Ғылыми стиль) – 53 тапсырма

А 4 - кестенің жалғасы

1	2	3
	әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс. Орфографиялық нормалар) -84 тапсырма	
2-бөлім	«Индустрияландыру: ұлттық өндіріс» - 50 тапсырма	«Экология: ядролық және мұнай өндірістері» (Айтыс, Сыни пікір) 70-тапсырма
3-бөлім	«Адамзат дамуының жаһандық мәселелері» (Өлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясындағы сөз әдебі) - 42 тапсырма	«Қазіргі қоғам:көші-қон және зияткерлік миграция» (Сөзталас, Ресми іс-қағаздар стилі) - 44-тапсырма
4-бөлім	«Адам өмірін сақтау» (Синтаксистік нормалар) - 40-тапсырма	«Әлемді өзгерткен өнертабыстар (Публицистикалық стиль, Пікіралмасу) - 50 тапсырма
5-бөлім	«Адам өмірін сақтау» (Синтаксистік нормалар) - 46 тапсырма	«Туризм: экотуризм» (Өңгіме және Дөңгелек үстел. Сөз дәлдігі. Пікірталас мәдениетіндегі сөзқолданым) - 57 тапсырма
2	Оқушылардың креативті ойлау арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырма түрлері	
Айтылым	Көрнекі сызба жасау, ойын дәлелдеу (1.3.15); Ойкөкпар (1.3.19); Айтылым (1.7.15); (2.1.13); Тұсаукесер (1.9.1); «Ойшыл қалпақтар (1.9.5); Оймоншақ (3.5.5);	Мазмұнды толықтырып баяндау (3.5.4), (5.3.2); болжау (5.3.1), Жарнама (1.7.8); (4.3.10); (4.3.12) Тұсаукесер (4.3.13); (4.5.4); (5.1.14); (5.3.11) Оймоншақ (3.3.11), монологтік сөз (5.3.2)
Жазылым	Эссе жазу (1.3.20); (1.5.18); тезис, жоспар (1.5.2); (2.3.14); (2.3.16); (2.3.13); (1.5.7); (2.5.10); Сөзжұмбақ (2.7.1); Кластер (1.9.4); Постер (3.1.15); (3.3.1); Жарнама (4.1.6);	Эссе жазу (3.1.16); (4.1.14); тезис, жоспар (5.3.7); (2.3.14); (2.3.16); (2.3.13); (1.5.7); (2.5.10); Сөзжұмбақ (5.8.6); диаграмма (5.1.1); (5.1.8); (5.3.12); (5.3.6); дреккөздермен жұмыс (5.3.5); (3.3.1); ізденімдік (5.3.10); синектика (5.8.3); шығармашылық сипаттау (2.3.13)
Тілдік есім	«Аквариум». Жағдаяттық тапсырмалар (1.1.18); (1.7.5); (4.1.8); Полилог (1.1.20); Ойталқы (3.3.17); «Сөзмоншақ» (1.3.1); «Аквариум». Диалог (1.3.3); (3.3.15); Рөлдік ойын. (1.5.15); (5.5.13); Диалог (1.3.7); Топтық жұмыс-«Бөлшекте, жинақта» (2.3.9);	«Аквариум». Жағдаяттық тапсырмалар (1.1.13); (4.1.18) (4.3.12) (5.3.10); (5.5.9); (5.5.10); диалог (5.3.2); (3. 5.8); үздік жоба (5.3.14); Үздік жоба (1.3.3); (2.1.10);интервью (4.3.14), Рөлдік ойын (2.1.13), (4.2.11) (5.3.14) (5.7.8); полилог (2.1.2); Оймоншақ (3.3.3)
Оқылым	талдау (2.5.9); (4.1.2); сызба (2.3.8); (2.3.14); ЖИГСО (2.3.9); Ойбөліс (2.3.10) Мәнерлеп оқу «2.3.12),	Мәнерлеп оқу «1.1.14), Ойталқы (2.5.12), Рөлдік ойын (2.5.4); жинақтау кесте (5.1.7); (5.1.8) диаграмма (5.1.4)
Ескерту - кестеде тек қалыптастырушы эксперимент кезінде оқушылардың креативті ойлауы мен тілдік қатынас дағдыларын дамытуға қолайлы, жетілдіруге сәйкес келетін тапсырмалар ғана іріктеліп алынды		

ҚОСЫМША Б

«Өзіңді бағала» сауалнамасы

Тапсырма: «Жоғары», «біршама», «жоққа тән» деген өлшемдер арқылы өз бойыңдағы қасиеттерді бағала

Кесте Б 1

Қасиеттер	Менің бағам
1. Ақынжандылық	
2. Қиялдауға бейімділік	
3. Тәуекелшілдік	
4. Өзіне сенімділік	
5. Ашықтық	
6. Прагматизмдік	
7. Музыканы сүюшілік	
8. Есте сақтаушылық	
9. Көпшілдік	
10. Бағдарлау мүмкіндігі	
11. Ойшылдық	
12. Әдемілікке құмарлық	

ҚОСЫМША В

Мәтін

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

– Ассалаумағалайкум!.. – деп сәлем берді.

... Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайлыққа Бөжей оң назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

– Уағалайкүмәссалам, балам!.. – деп тоқырай қалды.

Байсал Абайды жаңа таныған еді. Жақтырмай, мұрнын тыржитып:

– Әй, мынау екен зой, жә, жүрші! – деп, атын қозғай беріп еді, Бөжей:

– Тоқташы!.. – деді.

– Ей, сол антұрғанның баласының сәлемін алушы ма ем?.. – деп, Байсал Абайға қабағын түйе қарады.

Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарпып өткендей. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады.

Бөжей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыптап қарап алып:

– Балам, жөніңді айтшы, бізді көрсең, сәлем бер деп әкең айтып па еді, жоқ өздігіңнен істедің бе? – деді.

– Бәжіке, әкем емес, өзім беріп тұрған сәлемім сізге!..

... Абай жауабын естіген соң, Бөжей ықыласпен қарай түсіп, жақындады да:

– Әкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім зой, шырағым!.. – деді.

Байсал бұл сөзді де жақтырмай, сырт қарай беріп еді, Бөжей оның қозғалысын танып:

– Ей, Байсал, сен бата бермегенмен, мынау болайын деп тұрған бала зой, – деді де, Абайға бұрылып:

– Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын!.. Жалғыз-ақ өзгені берсе де, әкеңнің қаттылығын бермесін! – деп бетін сипады. Абай да Бөжейге қадала қарап тұрған қалпында бата қылып, бетін сипап еді... (М.Әуезов).

ҚОСЫМША Г

Эссені бағалау критерийлері

Кесте Г1

Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпай саны
	Көтерілген проблеманың мәнін айқын түсінуі	1
	Көтерілген мәселеден ауытқымауы	1
	Көтерілген мәселеге қатысты қосымша ақпараттарды білуі	1
	Келтірген аргументтерінің тақырыпқа сәйкестігі	1
В (мақ 5) Қолдану	Қазақ әдеби тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық, стильдік нормаларын талапқа сай орынды қолдануы	1
	Қазақ тілінің орфографиялық және пунктуациялық емле ережелерін сақтауы	1
	Жазба тіл сауаттылығы	1
	Терминдерді, атауларды, есімдер мен мәліметтерді сауатты, дұрыс қолдануы және жазуы	1
	Жұмыстың басты құрылымдық бөліктерін қатаң сақтауы (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері)	1
С (мақ 3) Креативті ойлау және рефлексия	Көтеріліп отырған проблемалық мәселені талдай, сараптай алуы	1
	Негізгі өзекті идеяны нақты аргументтер келтіру арқылы дәлелді түсіндіре алуы	1
	Дәлелдерге сүйеніп өзіндік тұжырым жасай алуы	1
Д (мақ 6) Тілдік қатынас	Мәселеге дербес баға бере білуі	1
	Дәлелдердің логикалық жүйелілігі	1
	Өртүрлі көзқарастарды қамтуы және олардың дербестік деңгейі	1
	Өз тұжырымдарының жаңа, соны екенін айқын сезінуі	1
	Білім алушының авторлық ойының эссе мазмұнынан айқын көрінуі	2